



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана 2013

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбай Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамәдиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Ән-өлеңдер

99 ТОМ



УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Әлбеков Т.,
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У.,
Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Қалижанов У., Қирабаев С., Күзембай С., Қорабай С.,
Әлбеков Т. (*жауапты редактор*), Қосан С., Алпысбаева Қ., Рақышева Ж.,
Орынғали Қ.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Әлбеков Т., Орынғали Қ. (*жауапты шығарушы*), Оралбек А., Байғазы А.

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2013.
Т. 99: Өн-өлеңдер. — 440 бет.

ISBN 978-601-292-756-6

«Бабалар сөзі» сериясының 99-томына музыкатанушы А.В. Затаевич жинаған, құрастырған ғылыми жинақтарда, хрестоматияларда, антологияларда, сондай-ақ Орынбор, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау өңірлеріне ұйымдастырылған ғылыми экспедициялардың барысында жазып алынған халық өн-өлеңдері енді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-292-756-6 (т. 99)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2013
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2013

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан өрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған тоқсан сегіз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді бөлігі болып саналатын эпостық шығармаларға, ертегілерге, шетелдердегі қазақ фольклорына, қара өлең, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер т.б. жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, «Ғұрыптық фольклордың» — екі томы және «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолия қазақтарының фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Аңыздық шежірелердің», «Аңыздық жырлардың», «Өтірік және мысалдардың», «Магиялық фольклордың», «Түс жору және ырымдардың», «Хикаяттардың» — бір-бір және «Ауыз-екі әңгімелердің» — үш томы (*тарихи, новеллалық және күлдіргі әңгімелер*) баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы, біреуінде Моңғолиядағы қазақтардың фольклорлық мұралары қамтылды.

Серияның соңғы, аяқталатын екі жинағы — 99, 100-томдар ұлттық мәдениетіміздің, оның ішінде халық әдебиетінің шуақты, шұрайлы салаларының бірі — халық әндеріне, ән-өлеңдер жанрына арналып отыр. Халық әндері синкретті жанр ретінде фольклортану саласында да, музыкатануда да біршама зерттелгенмен, оларды ел арасынан жинау, жариялау, текстологиялық тұрғыда жаңаша зерделеу, насихаттау мәселері күн тәртібінен түскен емес. Ән-өлеңдер — әлемдегі бар қазаққа ортақ рухани қазыналардың бірі. Олардың бастапқы авторлары болғанмен, жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысу барысында бірте-бірте есімдері ұмытылғандығы белгілі. Ауызша таралу үрдісінде ән мәтіндері түрлі өзгерістерге түсіп, қосылып-қысқартылып, еленіп-екшеліп, сұрыпталып үнемі қозғалыста болады. Олардың композициялық құрылымы ықшам, айтуға ыңғайлы, тілі — көркем, орамды болып келеді. Әуелгі мазмұнында алғашқы автордың, болмаса кейінгі жекелеген жеткізушілердің басынан кешкен оқиғасы, тағдыр-талайы арқау болып, уақыт кеңістігінде әнші-орындаушылар арқылы халықтық сипат алады. Сөйтіп, әнге деген сұраныстың ұлғаюы, соның негізінде таралу аясының кеңеюі — оларды көпнұсқалық деңгейге көтереді.

Ән-өлеңдерде шығармадағы лирикалық кейіпкердің, адамның, жануардың есімі, атауы, оның бейнесі, сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, киім-кешегі, құрал-жабдықтары, қоныс-мекені, табиғат көріністері, әуе райының құбылысы т.б. молынан көрініс береді. Сондықтан өзге фольклорлық мұраларға қарағанда этнографизмдер, архаизмдер, жергілікті, кәсіби, диалекті сөздер мен тіркестер, мақал-мәтелдер, нақылдар жиі қолданысқа түседі.

Оқырман назарына ұсынылып отырған «Бабалар сөзінің» 99-томына ХХ ғасырдың 20-50 жылдары КСРО-ның ірі қалаларында, ғылыми басылымдарда, хрестоматияларда, антологияларда жарияланған, сондай-ақ 1960-1980 жылдары

Қазақ КСР ҒА-сы ұйымдастырған ғылыми экспедициялардың барысында жиналған ән мәтіндері енгізілді. Атап айтқанда, қазақтың музыкалық мұрасын жинаушы А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (1925), «Қазақтың 500 әні мен күйі» (1931), «Песниразных народов» (1971), С.Қашқыновтың «Өлең-әндер» (1939), Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақстанның халық әндері» (1955), «Қазақтың лирикалық халық әндері» (1955), «Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясы» (1994); Б.Ғизатовтың «Қазақтың халық әндері» (1958), «Қазақтың халық әндері» (1960) жинақтарының және Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағатындағы А.В.Затаевичтің, Ғ.Құрманғалиевтің, Б.Г.Ерзаковичтің жеке қорларының, «Ғылым Ордасы» мекемесі Ғылыми кітапханасындағы, Мәскеудегі Мемлекеттік орталық музыкалық мәдениеті мұрағатындағы А.В.Затаевичтің жарияланбаған қорларының, сонымен бірге М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы Орынбор (1963), Қостанай-Орынбор (1965), Шығыс Қазақстан (1971), Маңғыстау (1987) экспедицияларының т.б. материалдары пайдаланылды.

Жүйелеу барысында ән мәтіндерінің мазмұндас, кейбір жағдайда бірін-бірі толықтырып отыратын нұсқалары да қаперге алынды. Себебі, олар түрлі ән жинақтарында жарияланғанмен, ғылыми тұрғыда жүйеленіп, жанрлық сипаты айқындалмаған. Сондықтан топтаманың бұл томын баспаға дайындауда халықтық ән-өлеңдерінің лирикалық сипаттағы, әсіресе ғашықтық-сүйіспеншілік, жастық шақ, өмір-дүние және адам тағдыры туралы халық туындыларына айырықша мән берілді.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес, томға енген мәтіндерге алғы сөз ретінде академик А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» еңбегінен үзінді алынды, әліпбиі бойынша жүйеленіп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшасына:

томға мәтіндері енген жинақтар мен қолжазбалар туралы мәліметтер, мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер, мәтіндердегі түсініксіз сөздердің сөздігі, жер-су атаулары, шартты қысқартылған сөздер мен атаулардың тізімі, пайдаланылған әдебиеттер және томның орыс, ағылшын тіліндегі түйіндемесі енді.

Томның жалпы көлемі — 27,5 б.т.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ ТУРАЛЫ

...Қазақ халқы әнге бай. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді» деп, қазақ халқының әдебиеті мен өнерін көп зерттеген Шоқан Уәлихановтың досы Г.Потанин айтқандай, қазақта әнсіз өмір жоқ. «Тойбастар» айтқан жігіт, кешкі ауыл сыртында алтыбақан тепкен қыз-бозбала, шілде-хана күзеткен жас, кәрі, «Жар-жар» айтқан екі топ, елінен еріксіз алысқа ұзатылып бара жатқан қыз, өлген жұбайын жоқтаған жесір, түйеге мініп әр үйдің сыртында қақсаған жарапазаншы, ақ киім киіп, өгізге мініп ауыл аралаған дуана, «жынын» шақырып, зікір салған бақсы — бәрі де әндетеді. Бәрі де жәй сөзбен айтқанда жетпейтін сезім тасқынын ән арқылы шығарады.

Әннің осы қасиетін қазақ халқы: «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер», «Ақылың болса, жыр тыңда» деген сөздер арқылы жақсы айтты. Данышпан Абай:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең, —

деген жолдарында әннің өмірдегі орнын нақ суреттеді. Халық аузындағы: «Бір әнді сатып алдым құнан нарға» немесе «Сұрасаң менің атым, Таңжарбаймын, болсам да малға жарлы, әнге баймын» деген әннің аса жоғары бағаланғанын, әншілердің өз өнерлерін сасық байлардың үйірлеген жылқысы мен қоралаған қойынан төмен санамайтын «көкірегін» көрсетеді.

Қазақтың халық әндері орыс зерттеушілерінің көздеріне ерте кезде ілікті. Әрине, бұл жөнде қазақ халқының Ресейге қосылуының үлкен рөлі болды. Орыстың этнографтары, саяхатшылары, тіпті жорық себебімен барып қалған көзі ашық офицерлері қазақтың халық әндері жөнінде көп нәрселер жазып қалдырды. Өткен ғасырдың басында бірден-саран, бірлі-жарым болса да әндер нотаға түсіп, түрлі журнал, жинақтарда басылып шықты.

Г.Потанин, А.Алекторов, С.Рыбаков, Н.Савичев, А.Эйхгорн және басқалары қазақ музыкасы жайлы айтарлықтай сүйсінгендіктен әлі күнгі ғылымдық маңызы зор небір бағалы пікірлер айтты. Соңғы жылдарда, қазақтың халық музыкасын жинауда орыстың ұлы композиторлары М.Мусоргский, Н.Римский-Корсаковтың да араласқандықтары туралы мәліметтер ашылуда. Бұл айтылғандардың бәрі де орыстың алға басушы зиялыларының қазақ халқының рухани мәдениетіне ағалық, туысқандық қамқорлық жасағандығын сипаттайды. Олар қазақ халқында әннің үлкен құрметке бөленетіндігін, әннің айтарлықтай халық өміріне тигізетін әсерін жақсы баяндап кетті.

А.Алекторов өзінің «Қазақ әні» атты бір мақаласында былай дейді: «Сыртта соғып тұрған боран, мен жылы зілмеңкеде отырып ән тыңдадым. Әнші тері тулақтың үстінде жайғасып отырып, домбырасының шегін қаға бастады. Шектің баяу дірілі, орындаушыға жақындай түскен адамдардың қозғалыс дыбыстары, домбыраның күмбірлеген, қайғылы дыбысы маған ерекше бір әсер етті. Мына сияқты қарапайым әнге — қарапайым музыкаға қанша поэзия сыйып жатыр! Қолдан істеген екі ішекті домбырада мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенде мен ешуақытта сенбеген болар едім!

Әнші шырқай түседі. Бетінен тер сорғалап, өзі бірден-бірге қызып келеді, тыңдап отырғандар тағы оған жақындай түсті, олар әннің ырғағына қосылып, бастарын шайқасады. Әнші ормалын алып бетін сүртіп, тағы шырқатты, ызыңдаған желдің музыкалы суылына үнін қосады, бұл кезде тұла бойлары шы-

мырлай бастаған тыңдаушылар көкіректерінен талай күрсінген дыбыстар да шықты».

Қазақ халқының ән өнерінен алған үлкен әсерін ол осылай суреттеді, ешбір бұрмасыз, асырып-түсірмей, шын мәнінде баяндады. Жоғарыда аты аталған Г.Потанин өзінің «Қазақтың соңғы ханының үйінде» деген мақаласында: «Сөз тапқырлығымен, әншілігімен атағы жайылған қыздың басқа қыздардан сөз салатын, соңынан қалмайтын жігіттері әр кезде де көп болады. Сондай-ақ әнші жігіт те, әрине, жасы келіп қалған немесе тым сыйықсыз болмаған күйде, қанша бай болып, Бұхар медресесінде мұсылман оқуының түбіне жетсе де, басына қаншама дарағадай сәлде орап келсе де, қожалардан бұрын қызға ұнайды», — дейді. Қысқасы, өнер иесінің қадірінің байдан, қожа-молдадан халық алдында артық екенін баяндайды. Орыстың демократияшыл зиялылары әр кезде де «бұратана» халықтардың өмірін әділ көрсетуге шақырады. В.Белинский өзінің мақалаларында осы ұранды көтерді. Ол: «Егер сіз басқа елге, олардың әдет-ғұрпын зерттеу үшін шыққан болсаңыз, сіз біраз уақыт өз жеріңіздің азаматы екеніңізді ұмыта тұруыңыз керек. Әйтпеген күнде сіз ол жат елдің әдет-ғұрпын өз еліңіздің әдет-ғұрпының өлшеуімен өлшейсіз, бірақ ол өлшеуге сыймайтындары сізге келіспейтін болып көрінеді. Адамзаттың әлемдегі тарихи өмірінің жалпы аккорд болып қалыптасуы; сол халықтардың әрқайсысы бір-бір ерекше дыбысты болуынан, ал бәрі бірдей дыбыстан ешуақытта аккорд шықпайды», — дейді.

В.Белинскийдің бұл сөздерінде терең мән жатыр. Ол әр халықтың өзіне тән рухани бояуын түсіну керек дейді. Қазақ музыкасын зерттеген орыс оқығандары осы бір ережені қатты ұстады. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Ташкентте болып, одан қазақ музыкасының, музыка аспаптарының үлгілерін жинауға шыққан А.Эйхгорн (*ұлты неміс, орыс білімпазы А.Федченконың жұмсауымен шыққан. — А.Ж.*) қазақтың халық әндерін айтарлықтай мақтайды. Қызыққаны сондай, ол неміс тілінде, 196 бет «Қазақ музыкасы» деген үлкен зерттеу

жазған. Оның ішінде әндердің де, күйлердің де ноталары, өзінің пікірлері бар. А.Эйхгорн еңбегі қазақ музыкасының тарихын зерттеуге үлкен мәнді зерттеу (*Мәскеу профессоры В.Беляевтің жеке мұрағатында сақтаулы.*—А.Ж.) А.Эйхгорнның еңбегі марқұм Г.Шомбалованың кандидаттық диссертациясында толық пайдаланылды.

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде қазақ музыкасы жөнінде еңбектер көбейе түседі. Орынбордың мұрағат комиссиясы, Императорлық география қоғамының Батыс-Сібір бөлімі, тағы басқа жерлердегі ғылыми қоғамдар, комиссиялар бұл жұмысқа қызу кіріседі. 1906 жылы наурыздың 23 күні, Орынбор мұрағаты комиссиясының толық мүшесі В.Карлсон өзінің «Қазақ халық әншілері мұрағат комиссиясында» деген мақаласында былай деп жазды:

«Наурыздың 23-інде бейсембі күні орынборлық ғылыми мұрағат комиссиясының мәжілісі бұл мекеменің өмірінде бір жаңа іске бағысталды, атап айтқанда халық әншілері Қазанғап және Көшелектің орындауында қазақтың ескі өлеңдерімен танысу кеші болды. Екі қазақтың екеуі Орал облысы, Орал уезі, Жиренқопа болысынан келді. Бұлар қар еріп, су тасып, көп жерлерде өткелдің жағасындағы кітапхана орнаған кішкене, бірақ мұрағат комиссиясының жайлы бөлмесінде қазақ мелодияларының тәтті үні шалқыды. Алдымен әншілер, өздерінің бұрын үйренбеген жағдайы—орындыққа отырулары біраз ыңғайсыздық жасаса да, домбыраның сүйемеліне қосылып, отырған жұртқа өздерінің осы сапарларының жайларын, мақсаттарын айтып, құттықтады. Аңыз әңгіме айтар алдында да әр кезде де қажетті және әдетке енген қазақ әншілерінің бұл сияқты сол арада ойдан шығарып айтқан кіріспелерінен кейін, олар қазақтың халық шығармаларынан бірнеше әндер орындады. Қазанғап домбырада «Аққу» күйін тартты. Бұл сөзсіз, домбырада ғана орындалады. Онда аққудың ұшқандағы қанатының суылдаған дыбысына еліктеу бар және ол еліктеуінің сәтті шыққаны сондай, отырғандардың құлағына шынын-

да да аққудың асықпай қаққан қанатының дыбысы келгендей болды. Осының бәрі екі-ақ шегі бар аспапта орындалды! Қазанғаптың екінші орындаған «Сөзі жоқ әні» — «Ақжелең» де ұнады. Екі әнші де өздерін үйреткен ұстаздарының аттарын үлкен құрметпен атайды».

1909 жылы Орыс Географиялық қоғамының мәжілісінде Торғай облысының шаруа бастығы С.Рыбаков «Торғай облысының қазақтары және олардың ән, музыка шығармалары» деген тақырыпта баяндама жасады. 1889 жылы шыққан «Этнографиялық шолу» журналында басылған Г.Пфеннигтің нотаға жазған екі әнін осы мәжілісте Боярова мен Рейман орындады. Басқа бір еліктеу әнін Гольтинсон айтты. Соқыр қыз Айшаның әні мен «Не болды-ау, еркем» деген әнді өртістік шеберлікпен Янова орындап шықты. «Іңір күйін» домбырада Глушков тартты. Қорытындыда баяндамашы қазақ музыкасын зерттеудің орыс музыкасына жаңалық енгізуге әсері болатынын, ал данышпан Бородиннің өзінің «Князь Игорь» операсында біздің шығыс халықтары музыкасының ерекшеліктерін таңқаларлықтай түсінген деген ойларын ортаға салды» деп жазылған. Бұл екі мәжілістің ерекшелігі — онда баяндама, әңгімемен қатар, қазақ әндерінің, күйлерінің орындалып көрсетулері.

1915 жылы шыққан «Орынбор өмірі» (*орыс тілінде*) атты газеттің 370-і санында басылған: «Орынбор мұсылмандарының арасында» деген мақалада да қызықты мәліметтер берілген.

«11 сәуірде, — дейді мақалада, — қалалық театрда, жаралылар және оқып жатқан мұсылман жастарының пайдасына жәрдем спектаклі қойылды. Спектакльге Ресейлік үш мұсылман ұлтынан өкілдер қатысты: татарлар, башқұрттар және қазақтар. Сауық кеште халық көп болды, билет жетпей қалды, театрда бір де бос орын болмады. Бұл кештің тағы бір қызықтылығы — мұнда бірінші рет сахнада көрініп отырған қазақтардың шығуы болды. Қазақ ханымдарының орындаған нөмірлері ойдағыдан артық болып шықты. Ғайни-Жамал, Жаңыл ханымдар сахнаға неше түрлі алтын зер

төккен, неше түрлі әдемі оюы бар қызыл бешпет киіп шықты. «Ханикейлердің» (*қыздардың*) киімдерін киіп шыққан ханымдарды көрермендер шын ықыласпен ду қол соғып қарсы алды. Күмістей таза әйел даусымен орындалған дуэт халыққа айта қалғандай әсер етті. Ханымдардың әндерінің жақсы шыққаны сондай, тіпті, оларды қаламмен жазып, ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Халық жас ханымдарға шыққанда да, сахнадан қайтқанда да үнемі ду қол соғумен отырды. Жақында Семейде болып өткен әдебиеттік жәрдем кеші де үлкен әсер қалдырды. Ал мұнда Орынборда қазақ әртістері халық алдында өздерінің абыройларын түсірмей, керісінше, халықтың сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болды. Біз қазақ актерлерінің бірінші рет сахнада көрінуін құттықтаймыз, олардың бірінші табысына қуанамыз және бұл ұландардың аса сүйкімді іздену жолдарында бұдан әрі де табысқа жете берулеріне тілектестігімізді білдіреміз».

1914 жылдың 10 ақпан күні Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Омбыда болған мәжілісіне қоғамның құрметті мүшесі Г.Потанин: «1913 жылдың жазында Қарқаралы уезіне барып қайтқаны» жайында баяндама жасады. Мұнда Г.Потанин қазақтың музыка өнері жайлы тоқтала отырып, бұл кездерде орыс мәдениетінің қазақ арасында кең өріс алуы, орыс тілінің кеңінен жайыла бастауы, қазақтың аз да болса да, осы жағдайдың нәтижесінде, оқыған адамдарының көріне бастауы жөнінде әңгіме қозғайды. Жер-жерде әдеби-музыкалық кештер болып, онда орыс жазушыларының, ақындарының шығармаларын гимназияда оқитын қазақ қыздарының тақпақтап айтып бергендерін айтқан Г.Потанин — сол баяндамасының ішінде: «Орыс тілі жайылып барады, балалар орыс мектептеріне ұмтылуда. Қазақтың зиялылары туып келеді, мұғалімдер, фельдшерлер, акушеркалар біраз бар. Баяндамашы бір ауылға қонғанда, онда әдеби-музыкалық кеш болып, гимназияда оқып жүрген қазақ балалары ән салып, домбыра тартып, көркемсөз оқыған. Некрасовтың өлеңдерін

гимназия оқушысы, бір қазақ қызының оқып бергені ерекше жаңалық болып көрінді...

«Табиғатты, ескі уақытты және музыка, поэзия, бейнелеу өнері сияқты халық шығармашылығын зерттеуде, қазақ халқы үлкен қолқабыс беруі мүмкін. Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты, өлең шығарушы бір жағынан композитор, ол шығармасына әуенді де, ырғақты да өзі береді. Поэзия мен музыка қолы бос жүретін еркектердің қолында. Бейнелеу өнері негізінде ою-өрнек болуы себепті, онымен әйелдер шұғылданады. Үй ішінің бәрі де өрнекті. Тері де, киіз де, шүберек те, ағаш та өрнектелген, оюланған. Өрнектің мазмұны айналадағы көріністерден алынған, дөңгелек сызықтар, хайуанның мүйіздері, шөптің жапырағы, гүлі, уық, керегелердің түрлері кездеседі... Қазақтар арасында ақындық шығармашылық аса дамулы, ақын деген сахнаға сыймайды.

«Қазақтар өздерін музыкантпыз деп есептейді. Ол қабілеттің тууы жөнінде олардың аңызы да бар. «Ән аспаннан қалықтап ұшып жер бетіне жақын келеді. Оның жерге ең жақындаған кезін байқаған халық әнді ұстап қалған, ал жоғары қалықтаған жердің адамдары ешнәрсе үйрене алмаған. Құдайдың құдіретімен келген ән қазақ жерінде тіпті төмен ұшқанда қазақ халқы оны естіп, әнді жақсы айтатын болған. Қазақтардың басқа халықтардан әнді жақсы айтатын себебі осы» (*Шоқан Уәлиханов айтуынан*). Шынында да қазақтардың дауыстары таза, үні үнді, құлақтарының естуі тамаша. Құрметті баяндамашының пікірі бойынша, «Елу жылдан кейін қазақтар орталық қалалар театрларына әншілер, музыканттар жіберуі мүмкін, олардың ұлттық дамуларының ол басы да болып қалар» дейді.

Баяндамашының ойынша, «бір ұлттың есебінен екінші ұлттың көгеруінің дұрыс емес екендігіне отырғандардың бәрі де қол қоюлары керек, аз халықтың халдеріне, жағдайына қарамау болмайды. Орыс зиялыларының борышы — аз ұлттарды қорғап, олардың өмірлерін сақтап, қорғануға шамаларын

келтіру. Мұның ең дұрыс жолы — білім. Мені (*деді құрметті баяндамашы*) Екінші Мемлекеттік Думаның мүшесі Марков «түкірігі шашыраған гуманист» деп атаса да, менің отанымның бақытын, бұл жерді жайлаған аз ұлттардың бақытсыздығы негізінде көргім келмейді-ақ».

«1909 жылы Томск қаласында Г.Потанин ұйымдастырған бір кеште қазақ музыкасы да көрсетілді. Онда қазақтың «Ай астында» деген мелодиясы орындалды... Сахараның еркін ұлдары өздерін көрсеткісі келді, Ақмола облысының бірнеше қазақтары жиналып, біздің естуімізше, «үйірме» ұйымдастырып, қазақтың халық шығармашылығының туындыларымен еуропалық халықтарды (*орыстарды деген мағынада болу керек—А.Ж.*) таныстыру үшін, жақында әртістік саяхатқа шыққан. Қазақ әртістері жеке әндерін, дуэттерді, ертек, аңыздарын қазақ тілінде және орыс тіліне аударып та орындайды, олардың бәрін өздерінің ұлттық аспабы — домбырада сүйемелдейді. Үйірмеде ұлттық киіммен әйел-қыздар да шықты. Орыс азаматтығын жақында ғана алған қазақ халқы — ақылды, ұғымды, мейірімді халық, оның болашағы жарқын. Әуелі бірінші Мәскеуге, одан Санкт-Петербургға, ақырында осы кездің Вавилоны болып есептелетін Парижге бара жатқан жержүзілік Көрмеде сахаралықтардың әндерін есіту бізге тіпті сүйкімді (*Париж көрмесі 1900 жылы болу керек еді*). Көп ұзамай біздің сахаралықтар Орынборға келу керек. Орынборлықтар бұрын-соңды болмаған әртістерді, олардың бағдарламаларының орындау техникасына кешірімділік көзбен қарап, сахарада көшіп жүрген халықтың қараңғыдан жарыққа талпынған құлаштарын үлкен назармен қарсы алар деп сенудеміз».

«1913 жылы мамыр айында Г.Потанинның Омбыға келу құрметіне Қоғамның әдейі мәжілісі болды. Оның екінші бөлімінде дуананы, бақсыны, қазақтардың ән шығармашылығының үлгілерін тыңдау болды»...

«Қарқаралы уезінің Едірей болысынан келген Дуана Сүлеймен Жұбандықұлы әулиелерді шақырып, жын-шай-

танды қуып, айқайлай бастады. Семей облысынан келген халық әндерін орындаушы Сейсенбай Жиенбайұлы қазақтардың өздерінің әншілерін құрметтеуін көрсететін «Файзулла» атты (*Фазиздің әні болу керек.— А.Ж.*) ескі әнді, өлген атқа арналған «Құлагер», сүйгеніне қосыла алмаған қыз туралы шығарылған «Қорлығайын», ат қуып кеткен жігітке арналған «Ақжан», қыз алып қашқанды көрсететін «Дариға» әндерін айтты. Мақтаншақ палуан жайлы, қазақтың жыршылық шығармашылығын көркемдік негізде термелеп орындап берді», — дейді.

Осы келтірілгендердің бәрі де орыс оқымыстыларының қазақ халқының рухани өмірін үлкен құрметпен зерттеп, үлкен қолқабыс тигізетінін көрсетеді. Сонымен қатар ХХ ғасырдың 10-жылдарында қазақша баспасөз беттерінде де музыка туралы мақалалар көріне бастайды. Ол мақалаларда халық музыкасын жинаудың, қағазға (*нотаға*) түсірудің керектігі жөнінде сөз болады. «Айқап» журналының 1913, 1915 жылғы кейбір сандарында үш автордың қазақ музыкасы жайында жазған мақалалары бар. Олардың бірқатары музыка туралы айтқанда, алыстағы араб халқының музыкалық дәстүрін өңгіме қылады. Мұсылман дінін ұстағандарға осындай жағынан келсем, айтқан сөзімді тыңдатам деген ой болу керек. Өйткені қазақ халқының тарихи жағынан да, этнографиялық, географиялық, саяси-экономикалық жақтарынан да арабтарға ешбір қатынасы жоқ. Олардың бұл әдістері мұсылман дінінің теориялық жағынан түк білмейтін дүмше молданы, аузына шөп өлшеп алып, дін сөздерімен діңкесін құртып, домбыраны ақтаған Қашаған ақынның әдісіне жақын сияқты. Мысалы, Мұхаммед-Сәлім Кәшімов деген кісінің мақаласында: «Әр милләт (*ұлт.—А.Ж.*), әр жұрт музыкасыз тұра алмайды. Бұл анық болған нәрсе. Қай халыққа көз салып қарасаң да, бұл музыка бұрынғы және жаңа заманда болып, ойналып келе жатқан. Бұл музыканы ешкім өтірік, бекер дей алмайды, арабтарда мұсылмандық болмастан бұрын бұл музыка ойыны бар еді. Мұсылмандық-

қа кірген соң да бұл ойынды тыймайды, қайта Рим, Парсы сияқты реттірек жұрттарға араласып, олардан әртүрлі керек-жарақ музыка саймандарын алу себепті мұсылмандардың арасында көбейіп, өршіп кетті.

Бұл музыка, ойнап-күлу, жырлап, өлең айту турасында дүния уа ақырет басшымыз болған — Мұхаммед саллалаһу ғайхессалам хазратләрінің ашық рұқсат еткен хабарлары әр жерде бар. Соның үшін мұсылмандар бұл ойынды іркілмей ойнап көп ләззат алатын еді. Ғараблар түрлі милләтлардың музыка саймандарын жиділер, ғылым, мәдениетке кіріп өнер тапқан сайын музыкалары да, музыкаға құмар ойнаушылары да көбейіп өрши берді. Өздерінде бұрыннан болған үстіне шеттен де алып, түрлі құрал-саймандарын түзетіп тұрды. Мұсылмандардың арасында музыка қатты сүйкімді болды, музыка ойнай білушілерге үлкен құрмет-сый, көрсетісіп тұрды...

Бұл музыка күй күйлеп, ашынтып, күлдіртіп, мұңайтып, жылататын, адамға рух беріп көтеретін, қайғылы уақытта көңіл ашатын, жалғыз уақытта серік болатын, осы... домбыра деп айтуға болады. Біздің қазақта домбыраны жақсы, таза тарта білуші аз емес еді. Бұрынғы қария, үлкендердің бәрі де деп айтарлық зарлы, мұңды жақсы күйлерді білушілер көп еді. Өзім көзім көрген қарияларда Ақмолаға қараған Қалутан өзені бойында марқұм Есім деген кісінің тартқанын көрдім, әлі құлағымнан кетпейді. Қазіргі уақытта солардай домбыраны күйлеп тартып, шертушілер азайып бара жатқан сияқты көрінеді... Соның үшін қолынан келетін өнерпаз мырзаларымызға ескертемін: біздің нотаға келетін қазақ күйлерін, қазақша әндерді нотаға салдырып ала алсақ жақсы болар еді, ұмытпас үшін», — дейді.

Сол журналда Ғалауатдин Мамиков деген кісі де қазақ музыкасы жөйлі айта келіп, әндердің қазақ сөздерін сақтаудағы рөліне тоқтайды, оған өлеңдерден мысал келтіреді. Оның да қоятын мәселесі өлеңді, ән-жырды жинау, қағазға түсіру. Бұл да осы ойларын айтуда арабтарды үлгіге алады.

«Айқап» журналында басылған музыка жөніндегі мақаланың көлемдірегі «Өлең және айтушылар» деген атпен басылған Сұлтан Махмұт Торайғыровтың мақаласы. Басында автор қазақ халқында ән, өлең, сауық азайып бара жатыр, әншілер сиреп барады, қазақтың «шылығы» басым болып кетіп барады, ол өзінің кеткенімен қоймай ән-күй, сауық, салтанатты ала кетіп жатыр деген сияқты бірқатар өкініш кейіптер көрсетеді, кейде тіпті арылмас қайғы құшағына да еніп қалады. Бірақ музыканың рөлін айтқан жерде: «Бір халықты... жаңа рухпен қандыратын, таза бейілмен жандандыратын машина — шын жүректен шып-шып болып шырқап шыққан өлең-жыр, әдебиет болады. Ол машинаның тетігін біліп сайратып, есіткендердің аузының суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығаратындар кім? Ол — неше түрлі әуез білетін әншілер, жыршылар. Халықтың көңілі машинаның тетігін білетін ұста адамдар сайраса жібиді. Қысқасы — сырнай яки домбыраны тарта білмей, құр перне басып барқырау қандай сүйкімсіз болса, әнімен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады. Маған салса, майы тамып тұрсын, әнсіз құр өлеңмен жақсылық сездіргенің — сол, жұртты өзіңнен бездіріп аласың. Соның үшін, бізден басқа бақытты, талайлы жұрттардың өнерпаздары өнегелі өлең, үлгілі тақпақтарды жаттап алады. Сонымен шаһар-шаһарды кезіп жүріп, халыққа естіртіп, жүрек қозғап; буын босатады. Халық оған қалыпты театрға келген секілді билетпен жиналады. Халықтың арғы-бергісін қозғап; естеріне түсіріп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі дауыспен құйқылжытып тұрғанда, қандай тас көңіл болса да, жібімеске еркіне қоймайды. Халықтың қайдағы-жайдағысы ойына қозғалып түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қызып кетеді. Әркімнің көңілі босап, көздерінен жастары моншақтап, бойлары балқығандай шартта-шұрт қол соғып, ақшасының үстіне мың қайтара «тәңір жарылғасын!» айтып тарқайды. Медреселердегі әдебиет кештері де осы мақсатпен жасалады...»

«Байқаймын, біздің қазақ әнқұмар халық... Біреу қолына домбыра ұстап, ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиылып, сегіздегі бала, сексендегі шалына шейін қалмай қаумалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтіреді... Бір халықтың әні, әдебиеті жесір қалады, сәні кетсе, жаны кетеді... әнді сақтаудың қамын қылыңдар!

«Молдалар! Жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар! Жаңа шыққан өлеңдердің жүректі жандыратындарынан үні жақсы балаларға ән салғызып қойсаңдар, о, шіркін, қандай ұтымды! Өлең айтушы әнқұмар адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп, қадірлі етіп көрсетуге тырысыңдар!..» — дейді. Сайып келгенде Сұлтанмахмұт та халықтық музыка шығармашылығын жинау, оларды орындату, жас буынға қазақтың әншілік дәстүрін үйрету мәселелерін қозғайды. Әрине, қазақ арасында Ыбырай Алтынсарин сияқты ағартушылар ашқан орыс мектептерінде болмаса, басқа мектептерде ән үйретеді, музыканы уағыздайды деп сену қиын кез болатын. Ән жинаудың жолдарын айтып бере алмаса да, біз бұл авторлардың осы бір мәселені көтергенінің өзін о бір заман үшін үлкен жетістікті көрініс дейміз. Ұзын-ұзын шығармаларынан үзінді келтіріп отырғанымыздың себебі де сол.

Жоғарыда айтылған орыс оқымыстылары, этнографтары қазақтың ән байлығын әйгілі етіп қағазға түсіріп, әлемге жаюмен қатар, әншілер туралы да көптеген мәліметтер қалдырып кетті. Жетісуда болған бір экспедиция адамдары қазақ аулында болып, онда Ыдырысқұл деген әншіні тыңдаған. «Өзінің сахна киімінде бұл қазақ жанған оттың жарығы түскенде аса көрнекті болып көрінді. Оның қозғалыстары жұмсақ, жасанды емес, ырғағы нәзік, бет пішіні өте сүйкімді. Ол шатырдың есік алдына отыра кетті де, домбырасын бұрап, минор тонды бір әуен тартты, ырғағы байсалды, кейде үзіліп-үзіліп кетеді. Оның құлағының есітуі айта қалғандай, аспаптың зәредей келмей тұрған жері болса, сол минутта байқап қалады. Ол әнді о баста алған тақырыбын неше саққа жүгіртіп құбылтып, әлде қандай әшекейлермен безендіреді. Өзі ойынға беріліп кетеді,

екпін тездеді, ойын бірден-бірге жалындай бастады, ақыры кезек әнге келді. Ол әуелі айттырулы жексұрын бай күйеуін жақтырмаған, кедей де болса өзінің сүйген жігітін айтқан қыздың әнін шырқады, одан әрі «Бұхар — арандатушыларын» соғысып жеңген орыс күшін мадақтады... Ыдырысқұл (*бұл біздің трубадурымыздың аты*) шын мәнісіндегі әртіс... Техникалық жағы сондай жетіскен дәрежеде тұрған аспаптағы ойынына таңқаласың ба, жоқ әнінің әсемдігіне ме, қайсысына ұйитыныңды біле алмай қаласың. Мен қазақтың мелодияларының өзіндік кейіпті, асқан сұлулығына бұрын да талай таң-тамаша қалғанмын. Ал олардың ішінде опера театрының сахнасын да көркейтіп жіберетін тенорлар аз кездеспейді», — дейді.

Қазақстан жерін аралаған орыс және еуропалық этнографтардың, оқымыстылардың қазақ әншілері жөнінде осы мақсатта жазғандары көп. Олардың бәрі де қазақтың ән байлығымен қатар, әншілік өнердің жоғарғы сатыда екенін айтады. Кейбіреулері қазақтың ән салу ырғағын (*дауыс шығару техникасын*) басқа Азия халықтарының ішінде жетістіктік ерекшелігі бар деп мақтап та қояды. Қазақтың ән дәстүрін жақсы зерттеген А.Затаевич кейбір әншілердің орындаушылық дарынын көтере келе, біреулерін: «Қарқаралының Карузосы» (*жержүзіне аты шыққан итальяндық әнші.— А.Ж.*), «Вагнер операларын да айта алатын әнші» (*неміс композиторы Р.Вагнер өзінің операларында әншілерге аса қиын ариялар жазған.— А.Ж.*) және сол сияқты салыстыруларды көп келтіреді. Ал қазақ әндерін мақтаған жерде А.Затаевич: «Люэнгрии мелодиясы» (*Р.Вагнердің операсының аты*), «Рубинштейн мелодикасы», «Руслан — Людмила» операсындағы «Баянның әні», «Садко» операсындағы «Варяг қонағының әні», «Француз халық әндері жинағының» ішіндегі «Бретон әні» деп, басқа халықтардың кәсіпкер композиторлары жазған опералардағы әндермен салыстырады.

Қазақ әндерінің тақырыптық жан-жақтылығына орыс музыка мамандарының көбі таңқалып, оған үлкен баға берді.

Баста айтылғандай, біздің әндеріміз, өмірдің тарихы, сәулесі сияқты Н.В.Гоголь өзінің «Малоростардың әндері жөнінде» деген мақаласында: «Халық әндері — халық өмірінің барлық жағын көрсететін, шындыққа, сырға толы, жарқын, көзі тірі халық тарихы. Егер оның өмірі оқиғаға толы, сан түрлі, еркіндік іздеген поэзиямен толы болса, оның барлық жігері, сыртқа шығар күші, таза қалпында тұрған болмысы халық әндері арқылы тасқындап сыртына шығады. Тарихшы одан соғыстың болған күнін, айын, нақ жерін іздеуі керегі жоқ; бұл жөнінде бір нәрсе айта алатын әндер аз-ақ болады. Бірақ ол шын өмірін, мінез-құлқын, сезімнің, толқуының, қасіретінің барлық бояуларын, ол халықтың ойын-тойын, өткен ғасырдың рухын, барлық жағдайларының жалпы көрінісін олардың жеке-жеке түрлерін білгісі келген адам іздегенін табады: халықтың тарихы оның алдында айдан анық болып көлденең тартылады...»

«Қай уақытта кім шығарғанын құдайдың өзі білетін — халық музыкасында адам таңқаларлық көркемдіктер аяғыңды аттап басқан сайын кездеседі. Олар даладағы ешкім сеппей, ешкім бақпай өзінен-өзі өскен гүл төрізді. Алғыр музыкант осы бір адам табиғатының үнінде не бір үлкен қорытынды беретін деректер жатқанын біледі», — дейді.

Біз тек қазақтың халық әндері туралы, әншілері туралы жазылған пікірлерді келтірдік. Оның бәрі де қазақтың халық шығармашылығын зерттеудегі тек ең алғашқы қадамдар. Терең үңілген адамға қазақ әндерінде, Гоголь айтқандай, толып жатқан тарих бар. Біздің әндеріміздің тарихы әлі тексерілген жоқ. Бұл жөнінде біздің музыка зерттеу ғылымымыз әлі жас.

Жоңғар жорығы кезінде «Ақтабан-шұбырындыға» кездесіп, босқан ел, Қаратауды басып, көшкенде:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Туған жерден айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді, —

деген өлеңді сарнаған «Елім-ай!» әніне қосқаны жөнінде біз бұрынғы еңбектерімізде айтқанбыз. Сондай-ақ Мұхиттың «Алпыс тоғыз» атты әні де өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғындағы ел билеудің жаңа түріне арналған екендігі белгілі. 1902 жылы Жетісуда болған Тәуке батыр «ақ патшаға қарсы болғаны үшін» Сібірге айдалып бара жатып, туған жерін есіне алып. «Ел қайда, туған жер қайда?» деп ән шығарған.

Сәлем де барғандарың Мәрияға
(жұбайының аты),
Тәуекел салдым қармақ дарияға.
Айдалып бара жатып Сібір жаққа,
Ән екен Тәуке салған жарияға.
Жетісу өлкесінде тауларым бар,
Көк майса, қоңыр самал жайларым бар.
Қана алмай жеті өзеннің бұлағына,
Суындай көлбей аққан арманым бар, —

деген өлеңнің жүрегінді қозғайтын әні бар. Ол ән тек Тәукенің емес, өмірі құлдықта, азапта болған кешегі замандағы қазақ халқының бейнесін жақсы келтіреді.

Осы кезде үнемі орындалып жүрген, «Жалбыр» операсында Қайрақпайдың әні болып енген «Әмірқанның» тарихы да айта қалғандай. Әмірқан — байдың баласы, малынан басқа қасиеті жоқ, нас, күндіз қой соңында жүріп, кешке шуаш иісі аңқыған байпақтарын пешке жәйіп, үйдің ішін сасытып, көжеге тойып алып, қорылдап ұйықтағаннан басқа ешнәрсемен жұмысы жоқ адам. Әмірқанның әкесі балаңызды айттырады. Ажар ұзатылып келгесін жеті-сегіз айдан кейін кішкене қыз туып, оның атын Мәрия қояды. Сұлу Ажар кешкітұрым кішкене бөбегін алдына алып, мезгіл-мезгіл көзін айырмай қарап отырып, зарланып, әндетеді:

Әмірқан не ғып жүрсің қойың жимай,
Мен жүрмін қайныатамның көңілін қимай.

Он аяқ, отыз қасық көжеңді ішіп,
Жатасың кең төсекте кеудең сыймай.
Болғанда атым Ажар, сіңлім Айша,
Аяқты мен басамын жорға тайша,
Қайнайды қай-қайдағы зығырданым,
Өмірқан қойдан келіп байпақ жайса.

Ахау, Кідіге-ай,
Қайран қызық-ай!
Қаралдым Мәрия-ай! —

деп қайырмалап бітіреді. Ажардың осы бір күн батып бара жатқандағы зары атасының назарын аударады. Көпті көрген қарт, Ажардың зарында бір сыр барын сезіп, келінінен әңгіменің бар шындығын айтуды өтінеді. Таза жанды Ажар, Өмірқанның ауру екендігін, оның «жұбай» деген ардақты атқа тіпті лайық емес екендігін, мына қолында уілдеп отырған бөбектің Өмірқаннан емес, қыз күнінде көңлі қосылған Кідіге деген жігіттен туғанын, осы қасіреттің бәрі ішіне сыймай, өлең-ән болып ылғи кешкітұрым сарнайтынын ешбір жасырмастан айтып береді. Қарт атасы өзі де бір сұмдықты сезетінін ақ көңіл келініне білдіреді. Ақыры Ажарды аяп, қазақ әдетінде, «бата бұзу» шарифатқа қайшы келетінін білсе де, берген қалыңмалды қайтарып алмай-ақ Ажарға ұлықсат беретінін айтады. Ажардың зары қарттың сүйегінен өтіп, жас кезінде басынан өткен бір қайғылы халдерін есіне түсіреді. Бірақ Ажар атасының ұсынысын қабылдамайды. Өйткені бұл екі арада Кідіге малы жоқтықтан Ажарға қалың төлей алмай, ала алмағасын, соған құса болып, ауруға шалдығып, қайтыс болады. Ажар Кідігемен өткізген аз да болса бақытты күндерін ешкімді ортақ еткісі келмейді. Ол атасына: «Қолымда мына бір Мәрия бар ғой, сырттағы жұрт не біледі, Өмірқаннан тумады деп ойлай ма, ұлықсат етсеңіз, осы үйде жүре берейін. Онда әкешемді, мұнда сіздерді жер қып қайтемін. Әңгіменің анығы ашылып, менің зарымды түсіндіңіз ғой, рақмет!» деп, адамды

бетіне қаратпайтын, қаһарлі де, қадірлі де болып аты шыққан атасының мұндай егілген көңіліне риза болып, сол босағада, мезгіл-мезгіл Мәрияны алдына алып:

Әмірқан не ғып жүрсің қойың жимай,
Мен жүрмін қайныатамның көңілін қимай,

деп, қайырмасында: Ахау Кідіге-ай, Қайран қызық-ай, қаралдым Мәрия-ай! — деп қала береді.

Осы сияқты байдың қызын алып қашып, қуғыншының бұғалығы мойына түсіп, атқа сүйретіліп өлген жылқышының тағдырын жырлайтын «Жылқышы» әні, тағы сондай бағдарламалы, астарлы, мағыналы әндер сансыз көп. Әр әннің әлі күнге ашылып болмаған сыры, аңызы, шежіресі бар.

Қазақ тарихында ауыр жылдардың бірі болған 1916 жыл жайлы да әндер көп.

Жасым бар он тоғызда, жылым тауық,
Солдаттық ала ма деп бар ғой қауіп, —

деп келетін, бай балаларының орнына айдап жіберетінін білген кедей жігіттің өлеңі мен әнін осы жолдардың авторы өз құлағымен есітіп, жазып алған. Сондай-ақ Албан көтерілісі, Аманкелді бастаған Торғай көтерілісі кездерінде көптеген әндер туды. Қазақтың ән теңізі ішінде осындай көтеріліс әндері, бүлікші әндері атын, құсын мақтаған әндер кездеседі. Олардың бәрінде де адамның күнгей өмірін күткен арман, әйелдің теңсіздігі, кедей мен байдың арасындағы алшақтық, жақсылықты алдан күткен үміт елестейді. Олар өздерінің орындап отырған ұзақ дастандарының арасында, соның оқиғасының бір жеріне «қыстырып», отырған әлеуметке: «Мың күн жұмақтан, бір күн тіршілік» деген мәтел айтып, немесе:

О дүние бұ дүниеден не өтер еді,
Көңілді өлең айтып көтереді.

О дүние бұ дүниеден болса артық,
Жиылып қожа-молда кетер еді, —

деген өлең шумақтарын әнмен айтып, қызық та, жақсылық та адамның өз қолымен жеңіп алатын нәрселері екендігін түсіндіреді. Қазақтың әншілері, ақындары өздерінің қолдарындағы рухани құралдарын халықтың басын айналдыратын соқыр сенімге қарсы емес, таптық жіктерді теория жағынан айырып білуге саяси өрелері жетпесе де, өздерінің өткір сезімдері арқылы бай мен кедейдің қосылып ән сала алмайтынын көрсетеді. Әрине, оның бәрін де тікелей, кітап сөзімен емес, сол дінді жақтаған болып, соның ішіндегі айтқандардың келгендерін көзімен көргендей етіп айтады. Кердері Әбубәкір белгілі феодал Қоңырбайдың Сейітінің үйіне келіп түседі. Сейіттің үй-ішіндегілері Әбубәкірді қонақ үйіне түсірмей, басқа есік алды бір бөлмеге түсіріп, тамақты да оңды бермейді. Әбубәкір ерте тұрып, шайға қарамай кетіп қалады. Сейіттің ақынмен келіп сәлемдеспеуі, осылай қарсы алуы Әбубәкірдің намысына тиеді. Соның алдында аз уақыт бұрын Сейіттің әкесі Қоңырбайдың қаза болғанын есіткен, оның ешуақытта жалданған малайларға, шөпші, егіншілерге ақыларын дұрыс бермейтінін бұрыннан білетін Әбубәкір, Сейіттен өлеңмен өшін алғысы келіп, қағаз жазып тастап кетеді. Сәске түсте керіліп, ұйқыдан тұрып жатқан мырзаға малайларының бірі әлгі қағазды «қонақ тапсырып кетіп еді» деп, ойында ешнәрсе жоқ, «жерден жеті қоян тапқандай» алып барып береді. Сейіт қағазды оқиды. Онда:

Бүгін көрген түсімде,
Бір Алланың ісінде,
Ғаламат бір сыр көрдім,
Көп моланың ішінде.
Ақ кебін сүйретіп,
Біреу шықты моладан.
Кім екен деп қарасам,

Қоңырбай екен ол адам.
Оттан киген тоны бар,
Біреу шықты оңынан.
Темір шоқпар қолында,
Біреу шықты соңынан.
Шырқыратып, шырлатып,
Жетектеп жүр қолынан,
Бірталай адам еріп жүр,
«Ақымды бер!» деп соңынан.
Санап келіп қарасам,
Бес жүз болды молынан.
Әлгі топтың қарғысы,
Тиіп жатыр кесектей.
Отқа күйген жерлері,
Қалың шыққан шешектей.
Гүрзінің тиген жерлері
Қағазға басқан пешеттей.
Сенің әкең — Қоңырбай,
Бақырады есектей.
Мен білсем, сол әкең,
Бере алмай жатыр есепті-ай, —

деп жазылған екен. Әбубәкірді өлтіремін деп, артынан қуып, бірақ таба алмай, кейін қайтады.

Қазақтың сал-серілері де ол кездің кертартпаларына ұнамаған. Олардың киімдерінің алабажақтығы ерсі болып көрінген. Шынында, салдар мен серілер — ол замандағы өнердің өкілдері. Бұл күндегі әртістерше сахнаға киетін киімін чөмоданға салып алып келіп, әдейі оларға арналған бөлмеде қайта киінетін жағдай сал мен серіде болған жоқ. Олар ат үстінде де, ауыл сыртында да, базарда да, жәрмеңкелерде де өнерлерін көрсетті. Сондықтан басқа кісіге алабажақ, әсіреқызыл көрінетін олардың киімдері сол сахнада киетін киімдер. Ал олар өмірде де солай киініп жүреді. Өйткені оларда өмір мен өнердің екеуі бірімен-бірі қосылып, ұласып кеткен. Бірқатар

ескіліктен әлі құтыла қоймаған адамдардың аузынан жазып алған А.Затаевич салдар жөнінде қате пікірлер айтқан. Ол оларды мақтаншақ, ерсі деген сияқты әңгіме айтқан. Көркемөнер өкілдерінің басқа еңбеккерлерден қызмет бабы басқа түрлі. Олар сахнада ән салғанда (*осы кезде*) өзінің қызметтік міндетін атқарады. Бірақ сол «қызметін атқару» үстінде халық оларды қошеметтеп, дуылдаған қол соғумен қарсы алады. Кейбір концерттерде тыңдаушылар қошаметі салқын болса, әртістер кәдімгідей ренжіп қалады. Ал басқа мекеме қызметкерлерінің қайсысында ондай жағдай бар? Сондықтан сал, серілерде әртістерге тән жәй адамнан өткірірек сезім, мақтаншақтық болып көрінетін өзінің өнерінің бағасын білу болмауы мүмкін де емес. Олардың өнерінің бағалығын халық түсінді, оларды құрметке бөледі. Оларды аттан көтеріп алу, қыз-келіншек қана шай құйып берулері, күйеуінің көзінше ұзатылатын қалыңдықтың шымылдығының ішіне кіріп отыратын еркіндігі — бәрі де ол күндегі заң жинақтарының тармағында қаралған емес, сал-серінің халықтан алған құқығы. Осы жолдардың авторы салдардың соңы — Мөңке Төлеген деген кісіні көрді. Ол ұзын бойлы, сұлу денелі, аса сүйкімді бет пішінді, әдемі қара мұртты, киімді үлкен талғаммен киетін, жаз болса жылтылдаған фозтонда, қыс болса бұзаулық шанада қараған доға мен шлеясыз, бауырынан бір тартып, желгіш ат жегіп жүретін. Өзінің сол ат пен арбадан басқа не дүниесі, не малы болмайтын. Бірақ халық оны хан келе жатқандай қарсы алатын. Әңгіме айтса, майын тамызады, ән салса, таңдайыңды қақтырады. Ол кеңес тұсында да сол беделінен төмендеген жоқ. Өйткені ол кеңестік құрылыстың артықшылығын уағыздады. Бірінші қараған кісіге ол еңбек етпейтін, тек қасына сұлу Зұбайнасын ертіп алып, ел аралап, «халық үстінде» жүретін адам сияқты болып көрінгенімен, оның аузынан шыққан сөз халық үшін аса «дуалы», халықтың өз тілінде, асықпай, баппен отырып-ақ жеткізетін. Өзі сауатты, көп жаңалықты біліп отырады, өлеңді жазып шығарады, әнді де өзі шығарады. Сонымен қатар ол бұрынғы кездегі халық әншілерінің өмірінен,

шығармашылығынан хабарлы болатын, сол кездегі еңбекші елдің сойылын соққан демократиялық музыка мен поэзияның жақсы үгітшісі болатын. Төлеген бері келіп, отызыншы жылдардың аяғында Берсүгір көмір кенінде, баласының қолында қайтыс болды. Көзі жұмылғанша халық алдында сол қадірі түспестен кетті.

Қазақтың халық әндері бұрынғы кезде нотаға аз түсуі былай тұрсын, граммофон ұнтаспасына да тіпті аз жазылды. 1914 жылы Сыр бойында аты шыққан, кейін өзінің кішкеленігі, қараторылығы, әнші құстай сайраған өткірлігі арқасында «Қараторғай» атанып кеткен келіншек ұнтаспаға Сырдың «Қараторғайы» мен «Ақау Семей» әндерін берген. Ол келіншекті Құрманбек Жандарбеков көрген, ән орындауын есіткен. Қараторғай жөнінде А.Затаевич те жазып кетті. Әрине, қазақ халқының мыңдаған әндерінің ішінен екі әннің ғана ұнтаспаға түсуі теңіздің тамшысындай ғана көрініс. Екі ән арқылы қазақтың халықтық музыка қазынасы қанша үгіттеле қоймақ?!

Қазақтың ән қазынасы, сөзсіз, қомақты түрде, тек кеңес үкіметі тұсында ғана жиналды. Жиырмамыншы жылдардың басында А.Затаевич Орынборға келіп, Қазақ Халық ағарту комиссариаты арқылы елге шығып, бірнеше жыл бойы музыкалық этнографиямен шұғылданады. Ол сол жылдар ішінде қазақтың екі мыңнан астам ән-күйін нотаға түсіріп, оның мың жарымын екі том етіп, 1925 және 1931 жылдары бастырып шығарды. Ол ән-күйдің ноталарын жазумен қатар, олардың кейбіреулерін фортепиано сүйемеліне икемдеп, оркестрге түсіріп, орындау арқылы уағыздады. Орындаушының бірі өзі болды. А.Затаевичтің бұл еңбегі жер жүзіне жайылды. Ол сол жинақтарының соңында қазақ музыкасы туралы, әнші-күйшілер жайлы аса құнды пікірлер айтып жазды. Қазақтың көптеген әншілерінің аттары тарихта бірінші рет сол А.Затаевичтің аузымен халыққа тарады. Абай, Біржан, Мұхит, Ақан, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Мәди, Майра тағы солар сияқты халық композиторлары жайлы бірінші рет баспасөз

бетінде А.Затаевич мәлімет берді. Олардың шығармашылық ерекшеліктерін баяндады.

Осы 20-жылдардың басында Орынборда, Семейде, Ташкентте, Алматыда музыка үйірмелері ашылып, өнерпаздық етек ала бастады. Осы қалалардағы Халық ағарту институттары жандарында ұйымдасқан өнерпаздар топтары хор ұйымдастырып, спектакльдер, концерттер қойып жүрді. Олар өздерінің музыкалық шығармаларында үкіметтің саясатын үгіттеді. А.Затаевич Адай округінен келген Құрмаш Нұрханов деген кісінің оған татардың жаңа әні «Яшасын!» және «Интернационалды» орындап бергенін жазады. Сонымен қатар Орынбор жұмысшы пәбрикенің оқушылары «Қайдаржан» атты жаңа өлең шығарады. Қазақтың «Ай-хай, жаздың күні» деген әнін, жаңа сөз жазып, «Ай-хай, майдың күні!» деп айтады. Әр жерден біртіндеген жаңа әндер шыға бастайды. Олардың бәрінде де өкімет құрылысының артықшылығы жырланады. Өзгерген халық тұрмысымен байланысты әндердің тақырыптары, мазмұны да өзгеріп, жаңа заманды мадақтайды...

Ахмет Жұбанов
Қазақ КСР ҒА академигі,
өнертану ғылымдарының докторы, профессор



МӘТІНДЕР



1. АБАЙКӨК

(1-нұсқа)

Абайкөкті жараттым әдейі арнап, Абайкөк.
Көңлім менің қалқатайым түнде бармақ, ояу деп.
Тәуекелге белімді бекем байлап, Абайкөк,
Суда жүрген ақ қайраңға салдым қармақ,
ай-ау, деп.

Қайырмасы:

Ай-ай сәулем, қыз-ай деп.
Мен тілеймін Алладан-ау,
Бір сүйгенім сіз-ай деп.
Болса болар, болмаса қояр,
Көңілім алаң сіз-ай деп.

2. АБАЙКӨК

(2-нұсқа)

Сылаң қаққан сипатын көрмегендей, Абайкөк,
Денесі мен мүсіні сөйлегендей, ай-ай деп.
Сұлу сымбат жайдары балбыраған, Абайкөк,
Еш адамға көз қиып бермегендей, ай-ай деп.

Қайырмасы:

Бар тілеуім көңілімдегі
Жалғыз ғана сіз-ай деп.
Ойдан өмір кетпейтұғын
Сіздің ақша жүз-ай деп.

Иығына жамылған жібек шоқа,
Жағасы мен етегі тіккен оқа.
Көз тойғандай қараса келбетіңе,
Ондайлы денесіне киім жұқа.

Қайырмасы:

Бар тілеуім көңілімдегі
Жалғыз ғана сіз-ай деп.
Ойдан өмір кетпейтұғын
Сіздің ақша жүз-ай деп.

3. АБАЙКӨК

(3-нұсқа)

Қарағым, айналайын, мінезіңнен-әй, Абайкөк!
Келмесең шақырғанда, кінә өзіңнен,
Әй, бір көрсем сені, арманым жоқ!

Толғатып тоқсан әйел ұл тапса да, Абайкөк.
Садақа соның бәрі бір өзіңнен,
Әй, бір көрсем сені, арман жоқ!

Жапалақ жалбаң-қалбаң ұшар сайдан, Абайкөк.
Лашын құс қуып жетер әлде қайдан,
Әй, бір көрсем сені, арман жоқ!

Шырқаған еркін даусың жүрегімде, Абайкөк,
Ауылың алыс кеткенде-ай, қарағым.

Аршын төс, алма мойын келдің қайдан?
Әй, бір көрсем сені, арман жоқ!

4. АГАГИ, ҚАЛҚАШ

Қиылған құндыз кірпік, қолаң шашты,
Көргенде туған асыл қарындасты,
Ойымда тоқсан түрлі толқын туып,
Көңілден мазам кетіп, ұйқым қашты.
Агаги, қалқаш, ага ги-гай!

Жіңішке бітер айдай сұлу қабақ,
Ақ сүттей толықсыған уыз тамақ.
Шыдасын қалай ғана, шіркін, көңіл,
Агаги отты көзін тұрса қадап.
Агаги, қалқаш, ага ги-гай!

Қалайша сонда ойда тумас жалын,
Сөндірер сол жалынды бар ма амалым.
Жасырар бар ма менің әл-қуатым,
Махаббат деген тәтті арман барын.
Агаги, қалқаш, ага ги-гай!

5. АГИ, ҚАЛҚАШ, ҚАЗИЗА-АЙ

Дайым менің мінгенім мұз көк ала-ай,
Сала алмас осы өнге өзге бала, аги-гай.
Қыл өтпес арамыздан тату едік-ай,
Арадағы айрылдық сөзге бола, аги-гай.

Қайырмасы:

Аги-аги-аги-гай,
Аги, қалқаш, Қазиза-ай.

Бір қамшым бар қолымда бұйра сапты-ай,
Сол қамшым бұйра сапты жұртта қапты, аги-гай.
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Қызыл тіл арадағы бұра сапты, аги-гай.

Қайырмасы:

Аги-аги-аги-гай,
Аги, қалқаш, Қазиза-ай.

6. АГӨЙ, ҚАЛҚАШ

Жырғылтайдай жер қайда қаралмаған-ей,
Жібек шашың желкілдеп таралмаған-ей.

Қайырмасы:

Ей, Агөй, қалқаш,
Ой, Агөй-гай.

Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Бұл өлкеде сіздей жан жаралмаған.

Қайырмасы:

Ей, Агөй, қалқаш,
Ой, Агөй-гай.

7. АГУГАЙ, ЖАМАЛ-АЙ

Дауысың бұлбұл болғанда өзің бір гүл,
ахахау,
Он бестегі толған ай кезің бір бұл айдай,
агугай, Жамал-ай.

Қайырмасы:

Жаным, саған не амал-ай,
Бірге жүрер заман-ай!

Тал бойында тарыдай бір мін жоқ, ахахау,
Тас бұлақтай дауысың шыққан сыңғыр, айдай.

Қайырмасы:

Жаным, саған не амал-ай,
Бірге жүрер заман-ай!

Үйректің өрге жүзер қасқалдағы,
Көпірдің солқылдайды басқа жағы.

Қайырмасы:

Жаным, саған не амал-ай,
Бірге жүрер заман-ай!

Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Секілді шолпан жұлдыз аспандағы.

Қайырмасы:

Жаным, саған не амал-ай,
Бірге жүрер заман-ай!

8. АҒАЖАЙ

Есігімнің алдында жусан ба екен,
Тал жібекпен белімді бусам ба екен.
Ағажай, а-ей, асыл еркем-ай.
Өтіп кеткен басымнан жиырма бесті,
Қос ат алып артынан қусам ба екен.
Ағажай, а-ей, асыл еркем-ай!

Исі жұпар болсын деп жақтым арша,
Бөзі жұмсақ болсын деп кидім барша.
Қартайған соң еске алып сан қиырды,
От басында отырмын балаларша.

9. АҒАЖАН

Қара су есік алды жусан ба екен,
жусан ба екен,
Белімді жусанменен бусам ба екен.

Қайырмасы:

Ағажан, құлынтайдай сегіз қырлым,
Сен-сен асыл-ау жан-ай еркем.

Өтіп кеткен басымнан жиырма жасты-ай,
жиырма жасты-ай,
Қос ат алып артынан құсам ба екен.

Қайырмасы:

Ағажан, құлынтайдай сегіз қырлым,
Сен-сен асыл-ау жан-ай еркем.

Дүние қызығың-ай тұрғаныңда,
тұрғаныңда,
Жиылып тақта кеңес құрғаныңда.

Қайырмасы:

Ағажан, құлынтайдай сегіз қырлым,
Сен-сен асыл-ау жан-ай еркем.

Қалқатайым, қарағым, алтындайсың,
Алтын сапты қылыштай жарқылдайсың.
Інжу-маржан аузыңнан гүл төгіліп,
Ешбір жаннан, сөйлесең, тартынбайсың.

Қайырмасы:

Жата алмаймын ағаш үйде,
Ағаш үйде терезе-ай.

12. АЙ-АУ, ҚОЙ-АУ

Келмейді алтын шашың тарақтауға-ай, ау,
Көнбейді асау сұңқар, ау, балақтауға, қой-ау.
Дарияның ортасында сіз бәйтерек-ай, ау,
Мен келдім бұтағыңа, ау, қонақтауға қой-ау.

Жайлайды Кеңбақты елім қалың жиде,
Домбыра келмей отыр ыңқыл күйге.
Қымызды үйде, қызды үйде бір жәрмеңке,
Қыз кетсе, кім барады кепкен үйге.

13. АЙ-ГОК

Мәскеуде бір қыз көрдік көзі күлген,
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген.
Сол қыздың сұлулығы жаннан асқан,
Етегін дүрия көйлек шаймен бүрген.

Қайырмасы:

Ай-гок, тағат жоқ, ой!
Көкем, еркем Ғайни,
Өтіп жалған кете ме-ай.

Әрине, айтпас па едім өлең білсем,
Шұлғытып қара арғымақ дөнен мінсем.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Сол қызбен қосылысып ойнап-күлсем.

Қайырмасы:

Ай-гок, тағат жоқ, ой!
Көкем, еркем Ғайни,
Өтіп жалған кете ме-ай.

14. АЙКЕН-АЙ

Сен де келдің өмірге, мен де келдім,
Бірге жасап қызығын келер көргім, Айкен-ай.
Кел шырқалық, кел-кел-ай.

Елестесе көлеңкең көз алдыма,
Лүпіл қақпай жүрегім төзе алды ма? Айкен-ай!
Кел шырқалық, кел-кел-ай.

Не қылайын басқаның Қыз Жібегін,
Сүйген сұлу болған соң өз Жібегім, Айкен-ай.
Кел шырқалық, кел-кел-ай.

Алтын дәурен — жастық шақ жайқап гүлдей,
Достық бізге нұр төксін өшпес күндей,
Айкен-ай!
Кел шырқалық, кел-кел-ай.

15. АЙ-ХОЙ, ЕЛІМ-АЙ

Ауылым қос арықтың жағасында,
Қолымның алтын жүзік саласында.

Қайран елім қалады, қайран елім.
Бірге өскен құлын-тайдай, құрбыларым,
Туған жер, қайран елім, қаласың да.

Қайырмасы:

Қайран елім, қалады, қайран елім.
Туған жер, қайран елім, қаласың да-ай,
Қайран елім, туған жер,
Қайран елім, қалады, ай-хой, елім.

Ауылым көшіп, қонады терең сайға, ай,
Мінезің шырын-шәрбет қызыл шайдай.
Жібердім сағынғаннан бір хат жазып,
Апырмай, жетер ме екен қалқатайға, ай!

Қайырмасы:

Қайран елім, қалады, қайран елім.
Туған жер, қайран елім, қаласың да-ай,
Қайран елім, туған жер,
Қайран елім, қалады, ай-хой, елім.

Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабан ба деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
Ауылым, туған жерім, аман ба деп.

Қайырмасы:

Қайран елім, қалады, қайран елім.
Туған жер, қайран елім, қаласың да-ай,
Қайран елім, туған жер,
Қайран елім, қалады, ай-хой, елім.

16. АЙ, КӨКЕ

Сырымбет биік адыр қатар кезең,
Жарысып таудан құлай аққан өзен.
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,
Көк орай қайың мен тал бәрі де әсем.

Қайырмасы:

Ай-ай көке, үридай,
Қалқаш-ай, үридай, үридай.

Мөп-мөлдір сынап құсар бұлақ аққан,
Маңында үш түрлі көл шалқып жатқан.
Топырағы бейне мақпал егінге жай,
Шырайы әдемі жер күліп жатқан.

Қайырмасы:

Ай-ай көке, үридай,
Қалқаш-ай, үридай, үридай.

17. АЙ, СӘУЛЕМ

Жоғарыдан келемін төмендетіп,
Бозшұбардың құйрығын сүмендетіп.
Мен қайтейін, еркем-ау.

Сен есіме түскенде, сәулетайым,
Атыңды атап қоямын өлеңдетіп.
Мен қайтейін, ай, сәулем.

Сұлу қызға сұқтанбас жігіт болмас,
Сандығында жомарттың кілт болмас.

Жақсы қыздың жауабы айдан анық,
Не дегенін жаманның біліп болмас.

Қыз-қырқынсыз жігіттік өтпейді екен,
Оған, сірә, еш қызық жетпейді екен.
Қартайсаң да сол күнің сәулеленіп,
Өл-өлгенше есіңнен кетпейді екен.

18. АЙБИ

Келмейді қара шашым қайыруға-ай,
Қас дұшпан не демейді айыруға-ай.
 Угай-гай,
 Әгу-гай,
 Заман-ай.

Жаманға шыныменен бір сөз айтсаң-ай,
Жетпейді айтқан сөздің пайымына-ай.
 Угай-гай,
 Әгу-гай,
 Заман-ай.

Бір жүйрік бір жүйріктен қалыспаған,
Жолдасым жолдасыңмен таныспаған.
Сауабын екеуінің біз алайық,
Жақсыдан жақсы болмас алыстаған.

19. АЙДАЙ

Айт дегенде өлеңді аңыраймын, ай-дай,
Көлден ұшқан аққаудай мамырлаймын, ай-ай.

Қайырмасы:

О, жалған өткенің бе, айдай-ай.

Қолда барда алтынның қадірі жоқ,
Іздесе де жаманға табылмаймын.

Қайырмасы:

О, жалған өткенің бе, айдай-ай.

Айт дегенде өлеңді аңғарар ма,
Ақын жігіт тойда өлең жаңылар ма.

Қайырмасы:

О, жалған өткенің бе, айдай-ай.

Келген жерден өлеңді қоя бермей,
Мұндай қызық күнде той табылар ма.

Қайырмасы:

О, жалған өткенің бе, айдай-ай.

20. АЙЖАН

Керуенді бастаған қызыл мая,
Таңға жақын туады, ах-оу-ай-а.
Өмір-зая, Айжан-ай.

Тіршілікте, жігіттер, ойна да күл,
Қартайғасын өмірің, ах-ау-ай,
Кетер зая-ай, Айжан-ай.

Қайырмасы:

Қадырымды білмедің,
Ойнап, күліп жүрмедің.

Сені ойлап, шөлдедім,
Айналайын, Айжан-ай.

21. АЙМАН-АЙ

Тойға мінген торының ұрыншағы-ай,
Салбырайды қыздардың тұлымшағы-ай.

Қайырмасы:

Айман-ай, білемісің Жамал-ай.

Қалжың сөзге шамданып алшаңдама,
Мен де өзіңдей біреудің құлыншағы-ай.

Қайырмасы:

Айман-ай, білемісің Жамал-ай.

Сөз айтамын құрметтеп енді саған,
Сөз қадірін сезеді білген адам.

Қайырмасы:

Айман-ай, білемісің Жамал-ай.

Таң алдында секілді шолпан жұлдыз,
Көзің қандай жақсы еді жаутаңдаған.

Қайырмасы:

Айман-ай, білемісің Жамал-ай.

22. АЙНА-АУ

Ахауға мен саламын он екі алуан,
Сөзінде бұрынғының-ау, болмас жалған-ай.

Жағалап өзен бойын келе жатсам,
Айнашқа-ай, салып келеді-ау, бір-екі-ай, адам-ай.

Өлеңім өзен-судың арнасындай,
Елімнің топқа салған жорғасындай.
Шын болса әлгі сөзің, құрбыласым,
Толықсып сары алтындай кел қасыма-ай.

23. АЙНАМКӨЗ

Салмасам Айнамкөзге ән болмайды,
Кимесең оқа бешпент сән болмайды.
Ойнасаң, өзің теңдес жаспен ойна,
О-дағы сүйген жардан кем болмайды.

Айнамкөз, сен қайдағы, мен қайдағы,
Біреудің мен де өзіңдей боз тайлағы.
Есіме, беу, қарағым, сен түскенде,
Шымырлап қан қайнайды өнбойдағы.

24. АЙША

Айналайын, қарағым, асыл айым,
Мінезімді-ей несіне жасырайын, ақ Айша.
Расыңмен көңіліңді берсең маған.
Ей, бала қаздай жем беріп асыраймын-ай,
ақ Айша.

Қайырмасы:

Қыздар мінген сары ат-ай.
Жылтырайды қояндай.
Татулықтың белгісі —
Қозы менен Баяндай.

Аяңда, сәулем, аяңда-ей,
Аяңдашы-ау, аянба-ай.

25. АЙЫМ-АЙ, КҮНІМ-АЙ

Жаз болса жердің жүзі жайнап тұрған,
Ән шырқап бұлбұл құстар сайрап тұрған.
Болғанда қырық күн шілде — саршатамыз,
Ыстық боп жердің түбі қайнап тұрған.

Қайырмасы:

Әй, айым-ай, күнім-ай,
Айхай, жаздың күні майдай-ай.

Бөленген жердің жүзі жасыл жібек,
Күлімдеп күнге қарап қылған тілек.
Қалған жоқ елжіремей тастан басқа,
Жан сәулем, тас болды ма сіздің жүрек.

26. АҚ ЖЕЛЕҢ ӘН

Мен айтамын өлеңді дал-дал қылып,
Кең жасаған бақ берген малды-ау қылып.
Әләу айдай-ау.

Сүйген жарым алдымда аман болса,
Көк мақтадан киемін дамбал қылып.
Әләу айдай-ау.

Қайырмасы:

Атым мінген астыма күрең дөнен,
Ойдан түлкі қашады, ой,

Ойпырым-ой, дәл айдау,
Сүмендеген уай.
Он бесімнен кешегі хабары жоқ,
Ойлап па едім осылай,
Ойпырымай, дәл айдау,
Жүрем деген уай.

27. АҚ ЖӘМИЛӘ

Қолыма қалам алып жаздым хатқа,
Жақсының жетер зейіні ишаратқа.
Жаманға бір сөз айтсаң, желмен кетер,
Аз сөзім көпке бірдей асылзатқа.

Жан-жаннан жатырқамай биік қармап,
Ойнайық әзіл сөзді тілмен жалғап.
Ақылды Ақ Жәмилә мінезі бар,
Жіберер сүймегенін сөзбен алдап.

28. АҚ ҚАЙЫҢ

(1-нұсқа)

Ой, қалқа, құлағың сал мына сөзге,
Жоқ еді бөтен жұмыс көңілімізге.
Айхахай! Ақ қайың!
Қат-қабат осы сөзбен болып кетті,
Аяғын құп білерсіз өзіңіз де.
Зәмзәмнің жауабым бар шырағындай,
Бір батып, бір шығасың күн мен айдай.
Өзіңді көрген адам жабысады,
Асылың тартып тұрған сенің қалай.

29. АҚ ҚАЙЫҢ

(2-нұсқа)

Еңкейіп ителгі ұшар биік шыңнан,
Жіңішке нәзік белің тартқан сымнан.

Қайырмасы:

А, ақ қайың айдай,
Өзіңнің тәрбиелі мінезіңнен.
Секілді ақ балапан тұйғын қуған,
А, ақ қайың айдай.

Қарағым, айналайын, перуайым,
Бітеді сізді ойласам сары уайым.
Өзімнің таңдап алған шолпанымсың,
Өзгенің не қылайын күн мен айын.

30. АҚ МАҢДАЙ

Ақшоқы бауыры жазық, басы биік,
Сен сонда мекендеген, ай-гүл-гой,
ерке киік, ірі-юяй.

Қайырмасы:

Ақ маңдай, інжу шаш,
Үкілі кәмшат, қиғаш қас.

Жар жолы асу екен асқар-асқар,
Жетем деп арманыма, ай-гүл-гой,
тартып күйік, ірі-юяй.

Келеді қара бұлттар меңдей болып,
Қалады кескен терек жеңдей болып.

Қайырмасы:

Ақ маңдай, інжу шаш,
Үкілі көмшат, қиғаш қас.

Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Көзіме кім көрінер сендей болып.

Қайырмасы:

Ақ маңдай, інжу шаш,
Үкілі көмшат, қиғаш қас.

31. АҚБАҚАЙ

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,
Қыз қайда құдашадай көзі күлген,
Алыстан ат арылтып келгенімде,
Айтқызбай еш адамнан өзі білген.

Қайырмасы:

Ахау, ау, сәулем-ай,
Ах-ха-ау, арман-ай!

Мыс та алтын, жез де алтын, алтын да алтын,
Адамда сөз болмайды айтылмайтын.
Сыртынан жүзін көріп қызыққанмен,
Табылмас нағыз алтын жарқылдайтын!

Қайырмасы:

Ахау, ау, сәулем-ай,
Ах-ха-ау, арман-ай!

32. АҚБЕРЕН

Астымда атым мінген торы жорға-ай,
Келемін жорғалатып жанай қырға.
Өзіңе, кетер шақта-ай, келдім салып,
Көңілім амандасып жолығарға-ай.

Еркеммен алма мойын жолықпаған-ай!
Қиналып мен де кеттім Орынборға,
Алақтап екі көзім, мен жатырмын,
Қапияда қаршығадай түскен торға-ай.

33. АҚБИДАЙ

Барсаң сәлем айта бар асыл тасқа, Ақбидай,
Мақсатым көңілде жоқ сізден басқа, Ақбидай.

Қайырмасы:

Ғашық жар, сәулем-ай!

Он бесінде осы айдың біз барамыз, Ақбидай,
Ден сау болса, салдырап қиғаш қасқа, Ақбидай.

Қайырмасы:

Ғашық жар, сәулем-ай!

Мына беткей қай беткей, құба беткей, Ақбидай,
Ер жігітке мал қайда талап етпей, Ақбидай.

Қайырмасы:

Ғашық жар, сәулем-ай!

Менің, сірә, көңілім басылмайды, Ақбидай,
Кербезімнің тұсынан жанап өтпей, Ақбидай.

Қайырмасы:

Ғашық жар, сәулем-ай!

34. АҚБИРА

Қамқалы-ау, бөрік кидің-ау, қиығынан,
Ақбира-ай,
Біреуге-ей, біреу күлді-ай, миығынан-ай.
Біреуге-ау, біреу жақын-ау, болады екен,
Ақбира-ай,
Өзінің құйқылжыған қылығынан-ай.

Ақ көйлек, қызыл шарқат бұландайсың,
Дүние өтер десе тіл алмайсың-ай.
Басыңа ақ жаулықты салғаннан соң,
Ешкідей жан жүрмеген бұраңдайсың-ай.

Анаңнан айналайын, сені өсірген,
Қос мерген атар бойлап ду-ду ерген-ай.
Өзінді қос атпенен іздесем де,
Таптырмас сендей ерке қасын керген-ай.

35. АҚБОЗАТ

(1-нұсқа)

Сен бе едің ақбозатпен орағытқан,
Мен едім ақ көйлекпен қозы ағытқан.
Есіме сен түскенде, беу, құрбыжан,
Қойныма көзім жасы сорағытқан-ай.

36. АҚБОЗАТ

(2-нұсқа)

Ақбозатпен сен бе едің орағытқан, ау,
Ақ көйлекпен мен едім қозы ағытқан-ау.
Сен түскенде есіме, беу, құрбыжан, ау,
Көзім жасы-ау қойныма сорағытқан-ау.
Ақ көйлекті сен кидің қос етектеп,
Ақбозатты мен келдім бос жетектеп.
Жиырмананың кешегі тентегінде,
Саған, айнама, мен жүрдім кім жетед деп.

37. АҚДАРИҒА

(1-нұсқа)

Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,
Айтайын мен бір сөзді күлдіргелі.
Орнынан әрі отырған, ахау, бермен отыр,
Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі.
Ақдариға, ілдіргелі-ай.

Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,
Бәйгеден екі ат келер ойнақтаған.
Жүрмісің есен-аман, беу, қарағым,
Көзіңнен, айналайын, жайнақтаған.
Ақдариға, ілдіргелі-ай.

38. АҚДАРИҒА

(2-нұсқа)

Базардан базар барып қауын алдым,
Бешпенттің асыл қара бауын алдым.
Әй, үгәй, Ақдариға-ай!

Жасқанып жардан безіп жүргенімде,
Күлім көз, оймақ ауыз тауып алдым.
Әй, үгәй, Ақдариға-ай!

Аспанда ай бірдей ме жұлдызбенен,
Шын қамшат түрі бір мен құндызбенен?
Әй, үгәй, Ақдариға-ай!

Жарамсыз қай кісіні кім мақтайды,
Қоңыр қаз жапалаққа ілгізбеген.
Әй, үгәй, Ақдариға-ай!

39. АҚЕРКЕ

(1-нұсқа)

Ақерке ақ күмістей сенің жүзің,
Кетер ме көкейімнен айтқан сөзің.
Ақылың айдын шалқар көл секілді,
Жанары қара нәркес екі көзің.

Күлкің гүл жас баланың жанарындай,
Ақерке, айтып бітпей құмардым-ай.
Болса да жасың кіші, білімің — дария,
Әнімді арнамаймын саған қалай?

Жас күнің жалындаған ерке тоты,
Асылдың өнер, үлгі есіл-дерті.
Шырқайын Ақеркенің айғайымен,
Өзімдей берік болсын, жігіт серті.

40. АҚЕРКЕ

(2-нұсқа)

Ойыл қайда, Жем қайда, Сағыз қайда? —
Өткір қылыш, жүйрік ат жанға пайда.

Қайырмасы:

Ақерке-ау, енді есен бол!
Шыбыным, шыбыным, ойна да күл,
Шашбаулым, сырғалым, сырғалым.

Ат сабылтып алыстан келгенімде,
Қарсы алатын құрметпен сәулем қайда?

Қайырмасы:

Ақерке-ау, енді есен бол!
Шыбыным, шыбыным, ойна да күл,
Шашбаулым, сырғалым, сырғалым.

Тәтті сөзің көңілімді кетті басып,
Айта алмадым тар жерде сырымды ашып.

Қайырмасы:

Ақерке-ау, енді есен бол!
Шыбыным, шыбыным, ойна да күл,
Шашбаулым, сырғалым, сырғалым.

Сен алтынға балаған құрбым едің,
Қоштасайық, кел бермен, құшақтасып.

Қайырмасы:

Ақерке-ау, енді есен бол!
Шыбыным, шыбыным, ойна да күл,
Шашбаулым, сырғалым, сырғалым.

41. АҒЕРКЕ-АЙ

Қош болғайсың, ей, қалқам, қош болғайсың,
Боз жорғаның шылбырын бос салғайсың.

Қайырмасы:

Іңкәржан,
Ақерке-ай, аман бол.

Ауылың шалғай кеткенде, қарағым-ай,
Мен құрбыңды қалды деп еске алғайсың.

Қайырмасы:

Іңкәржан,
Ақерке-ай, аман бол.

Ойнап-күлген жерінде сұңқар қалды,
Бозбалалар ауылы алыс қалды.
Алыс қалған ауылыңа қараймын деп,
Қаршығадай қайырылып мойным талды.

Қайырмасы:

Іңкәржан,
Ақерке-ай, аман бол.

42. АҒЕРКЕШ

Бір атты сатып алдым елу беске,
Ертеңнен болдырмайды қара кешке.
Аралап неше дуан жүрсем-дағы,
Өзімдей жан салмайды Ақеркешке.

Бәйгіден озып келген атты алайын,
Ер жігіт сынамай ма бақ-талайын.

Жиылып үлкен-кіші отырғанда,
Толқытып Ақеркешке ән салайын.

43. АҚЖАЙ

Қар жауар қарашада қатқақ болып,
Қалады жаңбыр жауса батпақ болып-ай.
Қалқатай отыр ма екен, жатыр ма екен,
Сұңқардай үш түлеген аппақ болып-ай.

Дарияның иірім болар шығанағы,
Келмейді кешке даусым қиядағы.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Талпынам балапандай ұядағы.

44. АҚЖАМАЛ

О, Ақжамал, айналайын, қандай едің,
Құрбының өзің теңдес маңдайы едің.
Өзіңмен күліп-ойнап жүрген шақта,
Қол жеткен, а, мұратыма, а, о, жандай едім-ай.
А-ай, а-ой, а-ей, ау.

Қарағым, айналайын, көз жанарым,
Ғашығым көптен сүйген ынтызарым.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Болыпты туған айдай бет-ажарың.

45. АҚЖОРҒАЖАН

(1-нұсқа)

Қарағым, айналайын, алтыным-ай,
Көргенде ақ жүзінді балқыдым-ай.

Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен жарқыным-ай.

Қайырмасы:

Ақжорғажан, Ақжорғажан,
Басыңды қыз сыйласа,
Қалмайды арман.

46. АҚЖОРҒАЖАН

(2-нұсқа)

Шын ғашық бірін-бірі алдамайды,
Қайғысыз қара жүрек зарламайды.
Қара тас, ұйқың келсе, мамық болар,
Ғашықтық сұлулықты талғамайды.

Қайырмасы:

Ах-ау-ай, Ақжорғажан, Ақжорғажан!
Басыңды құрбың күтсе,
Қалмайды арман,
Сәулем-ай, қалмайды арман-ай!

Қарағым, төмен қарап назданасың,
Кім білсін, қуаныштың азғанасын.
Қосылса екі ғашық бір жерге егер,
Жүректің бітірмей ме сан жарасын?!

Қайырмасы:

Ах-ау-ай, Ақжорғажан, Ақжорғажан!
Басыңды құрбың күтсе,
Қалмайды арман,
Сәулем-ай, қалмайды арман-ай!

47. АҚКЕРБЕЗ

Мінген атым астымда бұқпа қара, ахау,
 Деңгейінен аулыңның ән салайын, ахау.
 Ақ бетіне шаң тисе-ау ыққа қара, а-ой,
Іңкәржан,
 Танымасаң даусымды-ау шық та қара, а-ой,
Іңкәржан.

Қайырмасы:

Бетегелі белден боз,
 Уағдалы еді-ау айтқан сөз.
 Айрылысар күн туды-ау,
 Қош, есен бол, айда-ой Ақкербез,
а, Ақкербез.

Айналайын, қарағым, қиылған қас,
 Сені ойласам, көзіме келеді жас, Іңкәржан.
 Шын жүректен хат жазып жіберейін,
 Сағынғанда оқы да, бауырыңа бас, Іңкәржан.

Қайырмасы:

Бетегелі белден боз,
 Уағдалы еді-ау айтқан сөз.
 Айрылысар күн туды-ау,
 Қош, есен бол, айда-ой Ақкербез,
а, Ақкербез.

48. АҚҚҰБА

Аққұба-ай, Қарашашпен-ау, аулың сыбай,
 Аулыңа келген айдап жағдай солай.
 Көтеріп-ай, дәрежеңді-ау, бір тастайын,
 Жас көңіл болып тұрса бұрынғыдай.

Қайырмасы:

Ей! Аққұба, жан сәулем,
Іздегенім сен едің,
Айдаридай-ай.

Аққұба-ай, айналайын-ау, асыл досым,
Келмейді сенен бөлек көңіл қосым.
Күнелтіп-ай, сайран етіп-ау, жүрер болсам,
Сырымның жасырайын сенен несін.

Қайырмасы:

Ей! Аққұба, жан сәулем,
Іздегенім сен едің,
Айдаридай-ай.

49. АҚМАРАЛ СҰЛУ, ЕРКЕМ-АЙ

Қарағым, айналайын-ай, алтыным-ай,
Көргенде ақжүзіңді-ай балқыдым-ай.

Қайырмасы:

Ақмарал сұлу, еркем-ай.

Көп айдың көрмегелі-ай жүзі-ай болды,
Жүрмісің есен-аман жарқыным-ай.

Қайырмасы:

Ақмарал сұлу, еркем-ай.

50. АҚСАУСАҚ

Толықсыған жарқын жүз, толған айдай,
Сұлу қызды көргем жоқ, сірә, мұндай, ай.

Қайырмасы:

Ғашықпын қалқам,
Сырымды айтам,
Ақсаусақ — арманым жоқ,
Бір болсақ, ай.

Қарақат көз, қыр мұрын, жазық маңдай,
Сүйген жарым болсайшы, Ақсаусақтай, ай.

Қайырмасы:

Ғашықпын қалқам,
Сырымды айтам,
Ақсаусақ — арманым жоқ,
Бір болсақ, ай.

Қабылдашы құрбының жазған хатын,
Әдейі арнап жолдаған аманатын.
Жалындаған жүректің жастық отын,
Сөндірмеші, сүйінтші махаббатын.

51. АҚТЕҢГЕ

(1-нұсқа)

Ақсақалы ауылдың батыр Шоман,
Атаң қазақ болған соң — бөрің туған.

Қайырмасы:

Ақтеңге-ай,
Қыз жеңге-ай.
Тастап кеттің
Жат елге-ай.

Хан баласы жиналып қанат құрған,
Кейінгі бозбалаларға санат қылған.

Қайырмасы:

Ақтеңге-ай,
Қыз жеңге-ай.
Тастап кеттің
Жат елге-ай.

Қаламқас,
Замандас!
Хатқа қарап,
Қағаз жаз.

Қара бұлт жауады оңға барып,
Шіркінді біз айтайық өңдеп алып.
Баласы Көкайылдың — біз қазан ат,
Біз бе едік сөйлейтұғын сонда қалып.

Қайырмасы:

Ақтеңге-ай,
Қыз жеңге-ай.
Тастап кеттің
Жат елге-ай.

Ақ танай,
Жас балай.
Загран бешпент,
Максим-ай.

Қаламқас,
Замандас!
Ақжан еркем,
Қара-ау қас.

52. АҚТЕҢГЕ

(2-нұсқа)

Шаңырақты көтерген маңдай екен-ай,
Адам тілін сөйлеткен таңдай екен.

Қайырмасы:

Ақтеңге, қыз жеңге-ай,
Кеттің тастап жат елге.

Жасың үлкен, жеңешай, өзің едің-ай,
Жалғыз жүрген шет жерде қандай екен?

Қайырмасы:

Ақтеңге, қыз жеңге-ай,
Кеттің тастап жат елге.

Шаңырақты көтерген уық екен-ай,
Жеңге жүзі ызғарлы суық екен.

Қайырмасы:

Ақтеңге, қыз жеңге-ай,
Кеттің тастап жат елге.

Сен қашсаң да, артыңнан мен қалмаймын,
Кетсең дағы өзгеге қуып жетем-ай.

Қайырмасы:

Ақтеңге, қыз жеңге-ай,
Кеттің тастап жат елге.

53. АҚТОТЫМ

Дүние ойлап тұрсаң бір кең сарай,
Жан етіп кетті бұрын /Ақтотым/ неше талай.

Жақсылар жаманменен өтіп жатыр,
Бір күні жөнелерміз /Ақтотым/ солай қарай.

Қайырмасы:

Ахау, жалған,
Бұл жастық екі айналып, дариға-ау,
Келмейді саған.

Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,
Жүйрік ат өрге салсаң /Ақтотым/ өршеленер.
Кезінде қызғалдақтай қимылдап қал,
Шырағың мың күн жанған /Ақтотым/
бір күн сөнер.

54. АҚТҰЙҒЫН

Жақсының лебізінен бал тамшылаған,
Жүйріктің керегі жоқ қамшылаған.
Күнінде алпыс үйрек ілсе-дағы,
Ақтұйғын бағаң артық қаршығадан.

Басында мұнтөханның бар-ды терек,
Адамға сыр ашпайтын жолдас керек.
Ойласам, ғылым түбі — түпсіз дария,
Дарияны сайрандауға кеме керек.

55. АЛ, ШІРКІН!

Ахау! Шіркін-ай!
Кәрі болдық қартайып хал кеткен соң,
Жастық ұшып басыңнан сән кеткен соң.
Міне, бүгін қадірің бір тиындық,
Қайрат ұшып басыңнан жан кеткен соң.

Қайырмасы:

Ал, шіркін! Жалған-ай!
Қайран, сәулем, о, жаным-ау.
Қайран, жастық-ай,
Ал, шіркін-ай.

Келіп қапты, ойласам жас шамаға,
Енді тоқта, қой, көңілім, аспалама.
Өзім басып, өзімді тоқтатпасам,
Бір күн нәпсі қалдырар масқараға.

Қайырмасы:

Ал, шіркін! Жалған-ай!
Қайран, сәулем, о, жаным-ау.
Қайран, жастық-ай,
Ал, шіркін-ай.

56. АЛАЙ КӨК

Дария, ағып жатқан суда мін жоқ,
Хайуан, өлдім дерге малда тіл жоқ.
Құрбылар тіршілікте ойна да күл,
Бұл дәурен екі айналып келмегі жоқ.

Қайырмасы:

Мақпал да мақпал, алай көк,
Үкілі қоңыр үйрек,
Кеткенде жерің шалғай,
Қалдым жүдеп.

57. АЛҚАРАЙ-ГӨК

Дария ағып жатқан суда мін жоқ,
Қайуан өлдім дерге малда тіл жоқ.

Құрбылар тіршілікте ойна да күл,
Бұл дәурен екі айналып келмегі жоқ.

Қайырмасы:

Ахау!
Алқарай-көк, алай-гөк,
Үкілі қоңыр үйрек
Мақпал да, Мақпал-ай,
Кеткенде жерің шалғай-ай,
Қалдым жүдеп-ай, ау.

Салғанда қара өлеңді тілім майда,
Тілімнің майдасынан көрдім пайда.
Әрдайым медет берсе тіл мен жаққа,
Салайын түрлендіріп осылайша.

Қайырмасы:

Ахау!
Алқарай-көк, алай-гөк,
Үкілі қоңыр үйрек
Мақпал да, Мақпал-ай.
Кеткенде жерің шалғай-ай,
Қалдым жүдеп-ай, ау.

58. АЛҚАРАКӨК

Мінген атым астымда Алқаракөк,
Сіз дегенде көңілде бөтен ой жоқ.
Сен есіме түскенде, беу, бұраң бел,
От жанады ішімде түтіні жоқ.

Қайырмасы:

Ұсынғанда қол жетпес,
Шыңдағы өскен шынарсың.

Сіз сықылды-ау құрбыны
Көрмей қайтіп тұрарсың?!

Мінген атым астымда алқара сұр,
Қайыңнан да құрыққа тал жарасар.
Сіз қырмызы болғанда, біз алтын зер,
Қырмызыға алтын зер бек жарасар.

Қайырмасы:

Ұсынғанда қол жетпес,
Шыңдағы өскен шынарсың.
Сіз сықылды-ау құрбыны
Көрмей қайтіп тұрарсың?!

59. АЛҚОҢЫР

Алқоңыр, ән салайын баяулатып,
Ел жігіт мал табады жаяулатып.
Астынан алты қырдың ән шырқасам,
Шыдайды дәтің қалай ояу жатып.

Қайырмасы:

Алқоңырдай,
Ән салсаң,
Ей, жігіттер, тап осындай.

Қаратау бірде қарлы, бірде қарсыз,
Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.
Қара су нәпсі терең бір тұңғиық,
Секірген қырдан қырға көңіл арсыз.

Қайырмасы:

Алқоңырдай,
Ән салсаң,
Ей, жігіттер, тап осындай.

60. АЛҚЫЗЫЛ

Ат көркем көрінеді тұрманменен,
Жеткізбейді дүние қуғанменен.
Ақ көйлек — адал ниет, кір шалған соң,
Су кетіргес не керек жуғанменен.

61. АЛҚЫЗЫЛ ГҮЛ

Алқызыл гүл көрінер қашқан түлкі,
Қайда қалмас жігіттің жиған мүлкі.
Ойда тұрып жоғары қол сермеймін,
Көңіл шіркін болсын деп көтеріңкі.

Сен қайдағы, ей қалқа, мен қайдағы,
Мен де өзіңдей біреудің боз тайлағы.
Сен түскенде есіме, беу, қалқатай,
Менің шерім қайнайды қай-қайдағы.

62. АЛЛАМ ЖАР

Шал да болсам мен өзім, қатқан шалмын,
Меруерт, маржан сақалға таққан шалмын.
Ішің күйсе, бозбала, тұз жалаңдар,
Талай сұлу жанына жатқан шалмын-ай.

Қоя тұршы молдеке иманыңды,
Мал-мүлкімен берейін жиғанымды.
Қыз молдасын қасыма әкеп қойсаң,
Соған тастап кетейін қу жанымды.

63. АЛМА МОЙЫН АҚ БИДАЙ

Таңдаулы көңілім сүйген бір бидайым,
Салайын шырқап әнге келсе ыңғайым.
Анаңнан тудың артық сонша бөлек,
Сен біткен ойпаң жерге бір жас қайың.

Қайырмасы:

Алма мойын ақ бидай,
Ұнай ма-ай, бір бидай,
Ей! Е-ей-ей!
Ойпаң жерге сен біткен,
Жаңа қайың, ақ бидай.

Салғанда мен өлеңге, тыңда қауым,
Айтуға ықыласпен бар ма жайың?
Тыңдасаң көңіл қойып өлеңімді,
Ағызам түрлендіріп әннің майын.

Қайырмасы:

Алма мойын ақ бидай,
Ұнай ма-ай, бір бидай,
Ей! Е-ей-ей!
Ойпаң жерге сен біткен,
Жаңа қайың, ақ бидай.

64. АЛТАЙ-САУЫР, КӨК ЖАЙСАҢ

Ар жағында Ертістің үйілген тас,
Ақ маңдайға жарасар қиылған қас.
Тіршіліктің барында ойна да күл,
Қайта айналып келмейді жиырма жас,
Әкку гәй.

65. АЛТЫ ҚҰЛАШ

Жайықтан ары өтейін, бері өтейін,
Тор бесті ат екі өткенде терлетейін.
Есіме сен түскенде-еу, беу, бауырым,
Көңілді айтып өлең делбетейін.

Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабам ба деп.
Сұраймын келген-кеткен кісілерден,
Бауырым шетте жүрген аман ба деп.

66. АЛТЫ ҚЫЗ

Артына ерткен қоянның көжегімен-уай!
Шылым тарттым жылқының тезегінен.

Қайырмасы:

Бәликә-ау, Балжан-ай,
Мағрипа, Ғафия,
Күнсұлу қыз, Айжан-ай.

67. АЛТЫН ЖАЙ

Ақ түлкідей құлпырған ажарың-ай,
Салма менің жаманға назарымды-ай.

Қайырмасы:

Әрияй сәулем, қызығы-ай,
Алтын жай, арқада өскен балқурай,
Сол қурайдың іші толған бозторғай.

Қыз кеткен соң ауылыңнан қызық кетер,
Жәрмеңкенің тараған базарындай.

Қайырмасы:

Әрият, сәулем, қызығы-ай,
Алтын жай, арқада өскен балқурай,
Сол қурайдың іші толған бозторғай.

Көркіңнен айналайын кекілдім-ай,
Киіктің кер лағы секілдім-ай.

Қайырмасы:

Әрият, сәулем, қызығы-ай,
Алтын жай, арқада өскен балқурай,
Сол қурайдың іші толған бозторғай.

Қор болып бір жаманға кеткенінді,
Кешігіп есіткенде өкіндім-ай.

68. АЛТЫН ТАҚ

Ахау!

Сөйлейін сөйле десең, сөз келгенде-ау,
Сөйлесін деп Жасаған сөз бергенде-ау,
Өлеңді төрттен өріп, бестен салдым,
Сөйлер кісім алдымнан кез келгенде-ау.
Уа, шіркін, Бағдаттың алтын тағы,
Ашылар талаптанса ердің бағы-ай.
Саяттап сайран етер замана-ай жоқ,
Бабамның-ау, көтере гөр, әруағы, ау-ай.

69. АЛУАЙ

Ән салсаң, өзімдей сал баяулатып,
Ер жігіт мал табады жаяулатып.
Астынан алты қырдың ән шырқасам,
Шыдайды дәтің қайтіп, ояу жатып.

Ән салсаң, өзімдей сал, ұшқан қаздай,
Қонады қайтқан аққу құлан сазға-ай, Алуай.
Ұмытып қалқам мені кетті ме екен,
Барады тым болмаса бір хат жазбай, Алуай.

70. АЛШАҢҒЕР

Үйірі қысырақтың құла дөнен,
Қайырып түлкі соқтым құла дөңнен.
Қара өлең оннан салып төңкерейін,
Болып па бұ да бұйым өлең деген.

Қайырмасы:

Алшаңгер,
Қырымпазым-ой.
Дүние-ай өтті-ау күнім,
Сайрай гөр өтпей тұрып,
Қызыл тілім.

Шашағы шашбауымның шал құрықтай,
Оң қолым судан шыққан ақ борықтай.
Итіңді салып бестен мен айтайын,
Қадалған құбыладан ызғырықтай.

Қайырмасы:

Алшаңгер,
Қырымпазым-ой.

Дүние-ай өтті-ау күнім,
Сайрай гөр өтпей тұрып,
Қызыл тілім.

71. АПАЖАН

Жасымнан туып өскен қайран жерім,
Есімнен қайда жүрсем кетпес елім.
Апажан күнім-ай, жан Салиха.

Баласы Атабайдың алып барад,
Қайтейін кеттім жылай іште шерім,
Апажан күнім-ай, жан Салиха.

Қайырмасы:

Сарыарқа жерім,
Сағындым елім.
Қайтейін, жылай-жылай
Өтті-ау, күнім.

Ағайын, туысқандар енді есен бол,
Біздерге нәсіп болғай қайырлы жол.
Сәлем де анам менен атамызға,
Көз жасым болып барад дария көл.

Қайырмасы:

Сарыарқа жерім,
Сағындым елім.
Қайтейін, жылай-жылай
Өтті-ау, күнім.

72. АРҒЫ ЖАҒЫ-АЙ, ЕРТІСТІҢ

Арғы-ай жағы-ай Ертістің үйген боқтық,
Орыс-ноғайға қор қылған, қайран, жоқтық.

Қайырмасы:

Қарағым, қалқам, Әлима-ай,
Қайтіп бір сені-ай, көрем-ай.

73. АРДА ҚОҢЫР

Базардан алып келген айнасын-ай,
Айнадай екі көзің жайнасын-ай.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Құрбыжан, бір көрінбей қайдасың-ай.

Қайырмасы:

А-ай! Ой, құрбыжан,
Бір көрінбей қайдасың, Ардағым.

Базардан алып келген кәрлен аяқ,
Қалқатай, шай құйсайшы бөлденбей-ақ.
Өзіңе жөні келсе айтам ба деп,
Бір сөзді тамағыма жүрмін таяп.

Базардан алып келген шөй тостаған,
Тар жерде қиын екен өн бастаған.
Шешеңнен сені тапқан айналайын,
Бәйгеден келген кердей ойқастаған.

74. АРИАЙДАЙ

Жыртылмайды ақ көйлек кең болған соң,
Екі құрбы ойнайды тең болған соң.
Саған айтпай сырымды кімге айтайын,
Шын ұнаған көңілге сен болған соң.

75. АРИДАЙ

(1-нұсқа)

Етегі қызыл тонның қиылмаған,
Жалғыздық түсті, міне, биыл маған.
Дүниеде нендей мұңдық-қыздар мұңдық,
Топырақ өз еліңнен бұйырмаған.

Етегі көйлегімнің бүрме-бүрме,
Еске алып жүргейсің-ау күнде-күнде.
Арманға жетпеген соң бұл заманда,
Екеуіміз болыппыз ғой тірі пенде.

76. АРИДАЙ

(2-нұсқа)

Қарағым, айналайын, асыл туған,
Жібекпен қызыл шайы белін буған.
Отырса қос перизат жараспай ма,
Секілді ақ балапан-ай, о, ой, түйғын қуған, а-ай.

Қайырмасы:

Арида-дай-дай,
Арида-дай-дай
Уа-па-пай, түйғын қуған, а-ай!

Қарағым, айналайын, алтын басың,
Жарасар ақ маңдайға қиғаш қасың.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Тұрад-ау, о, ой, малға қара, а-ай.

77. АРИДАУ

Тілегін біз тіледік жас ұланның,
Күш-қайрат, үлгі, жігер бас ұланның.
Жүрегім сергісейші, серпіл қабақ.
Бола ма шыныменен ашылар күн-ай.

Қайырмасы:

Әй, ау! Аридау, аридау.

Болғанда біз — ақсұңқар, сен — ала үйрек,
Қосылған екі жақсы болар сирек.
Құрбыжан, сені ойлап сағынғанда.
Соғады тыным таппай қайран жүрек!

Қайырмасы:

Әй, ау! Аридау, аридау.

Көзіңнен, айналайын, алтын қабақ,
Сен бе едің суда ойнаған алтын шабақ.
Салсам да күміс қармақ, ілінбейсің,
Айсұлу алма мойын, ей, ақтамақ.

Қайырмасы:

Әй, ау! Аридау, аридау.

78. АРМАН-АЙ

Жайық бойын жағалай бітер ағаш-ау,
Ұя салар басына көп қарлығаш.

Қайырмасы:

Арман-ай,
Шақырсаң да, барман-ай,
Қалған бір көңіл, қалған-ай.

Көрмегелі көп айдың болды көп күн,
Сәлемет-сау жүр ме екен қиылған қас.

Қайырмасы:

Арман-ай,
Шақырсаң да, барман-ай,
Қалған бір көңіл, қалған-ай.

Айт дегенде өлеңді не дейді екен,
Ақын қыздар рамазан кенейді екен.

Айт дегенде өлеңді қоя берсең,
Жақсылардың о-дағы мерейі екен.

Қайырмасы:

Арман-ай,
Шақырсаң да, барман-ай,
Қалған бір көңіл, қалған-ай.

Домбыраның бір күйі пернесінде,
Іркілейін жел сөздің мен несіне.

Күлелік те ойналық тіршілікте,
Өткен өмір мен кепіл келмесіне.

Қайырмасы:

Арман-ай,
Шақырсаң да, барман-ай,
Қалған бір көңіл, қалған-ай.

79. АРЫҒАН АТЫМ

А-ей! Халәләлә, халәләләләй.
Бұқардың наны төтті, жолы қатты,
Айдадым жолға салып арық атты.
А-ай, а-а-ей, арық атты.
Алыстан ат терлетіп келгенімде-ай,
Ағытшы ілгегіңді, түймең батты-ай.

Жарасар, жапса кілем, тарланыма,
Жетпейді найза бойлап арманыма.
Тимеді төбем көкке екі-ақ елі,
Аулына қалқатайдың барғанымда.

Өлеңді бар да айтады, жоқ та айтады,
Басынан ер жігіттің бақ қайтады.
Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын,
Үшеуі маңғаз ерді қартайтады.

80. АСЫЛ АЙНАМ

Айнам деп өн саламын он екі алуан,
Сөзімде саған айтқан бар ма жалған.
Тілімді-оу, неше айтсам да, тыңдамайсың,
Жан құрбым, сенде нем бар, о, менің жазған, а, о.

Қарағым, айналайын, асыл айым,
Кәнеки, құрбы болып тиген пайдаң.

Бірге өскен кішкентайдан сәулем ғой деп,
Мен едім саған, қалқам, құлаш жайған.

Қарағым, айналайын, асыл жарым,
Қай уақта тыңдалады менің зарым.
Бір ауыз жылы сөзің естір болсам,
Дүниеде болмас еді еш арманым.

81. АСЫЛЗАТ

(1-нұсқа)

Ойламай сағат сені тұра алмаймын, Асылзат.
Мойнымды басқа жанға бұра алмаймын,

Асылзат.

Ойланшы өзің.

Айрылып шыныменен қалғаным ба, Асылзат.
Қалайша ауылыңа бара алмаймын, Асылзат.

Ойланшы өзің.

Деуші едім жастан сені маған серік, Асылзат.
Аққудай аппақ шырай біткен көрік, Асылзат.

Ойланшы өзің.

Керілген кер маралдай кербезім-ай, Асылзат.
Күн бар ма көңлім тынар сені көріп, Асылзат.

Ойланшы өзің.

82. АСЫЛЗАТ

(2-нұсқа)

Базарда бұлы қымбат бас кілемнің,
Өспесін малы, басы қаскүнемнің-ей.

Сағынып жар дауысын жүргенімде,
Шығады даусы қайдан қос күреңнің-ей.

Қайырмасы:

Әй, Асылзат, шаһи зат,
Сағынғаннан, ей, жаздым хат.

Беліме буынғаным бос белбеуім,
Болса да жаман-жақсы өз белбеуім-ей.
Көп айлар көрмегелі, көп күн болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім-ей.

Қайырмасы:

Әй, Асылзат, шаһи зат,
Сағынғаннан, ей, жаздым хат.

83. АУГИГАЙ

(1-нұсқа)

Алыстан көрінесің егіндей боп,
Егіннің жаңа шыққан көгіндей боп.
Алыстан аңсап сәулем келгенімде,
Көзіме кім көрінер өзіндей боп.

Қайырмасы:

Уай, аугигай, қыздар-ай,
Құрбым-ай,
Формың сенің өзгеше-ай.

Қарағым, айналайын, мен де сендей,
Тартасың неге селсоқ көрмегендей.
Әуеде ұшып жүрген ақ сұңқарым,
Қонсайшы тұғырына кел дегендей.

Қайырмасы:

Уай, аугигай, қыздар-ай,
Құрбым-ай,
Формың сенің өзгеше-ай.

84. АУГИГАЙ

(2-нұсқа)

Тасқында, шырқа әнім, серме құлаш,
Серпілте ескектей соқ желмен талас, Аугигай.

Қайырмасы:

Елімнің көкейіне құйылсын күй,
Асыл әнім, Аугигай.

Музыка мың бұралып, жүз толғанып,
Әншілер домбырасын қолына алып, Аугигай.

Қайырмасы:

Елімнің көкейіне құйылсын күй,
Асыл әнім, Аугигай.

Тартсын күй, шырқасын ән, билесін би,
Асыл әнім, Аугигай.

85. АУЫЛЫҢ СЕНІҢ БЕЛДЕ ЕДІ

Жатыр едім көгалда пішен шауып,
Су болды ақ көйлегім жаңбыр жауып.

Қайырмасы:

Аулың сенің белде еді,
Шай көйлегің бүрмелі.

Айтарыңды айтып қал,
Отырмын ғой жүргелі.

Сен есіме түскенде, қимас қалқам,
Ақбоз аттан жығылдым есім ауып.

Қайырмасы:

Аулың сенің белде еді,
Шай көйлегің бүрмелі.
Айтарыңды айтып қал,
Отырмын ғой жүргелі.

86. АХАУ

Ахауға мен саламын он екі алуан,
Сөзінде бұрынғының-ау, болмас жалған.
Жағалап өзен бойын келе жатсам,
Ахауға салып келед-ай, бір-екі адам,
бір-екі адам-а-ай!

Астыма мінген атым құла қасқа,
Құдыққа салдым шеген-ау құламасқа.
Ауылың бірге отырған кетсе басқа,
Беріп кет сақинаңды сағынбасқа,
сағынбасқа-а-ай.

87. АХАУ, АЙДАЙ

Біздің елдің дуаны Қарқаралы,
Бір ай бұрын жауады Арқа қары.

Қайырмасы:

Ахау, айдай,
Өтіп күнім барады,
Уа, Дариға-ай!

Осындайда, жігіттер, ойна да, күл,
Жастық шіркін барады тарқағалы.

Қайырмасы:

Ахау, айдай,
Өтіп күнім барады,
Уа, Дариға-ай!

Өзге таудан Қарқаралы басың биік,
.....

Қайырмасы:

Ахау, айдай,
Өтіп күнім барады,
Уа, Дариға-ай!

Сен есіме түскенде, беу қарағым,
Жата алмаймын төсекте ішім күйіп.

Қайырмасы:

Ахау, айдай,
Өтіп күнім барады,
Уа, Дариға-ай!

88. АХАУ, АЙЫМ

Ей, қалқа, жақындығың жандай еді,
Құрбының өзің теңді маңдайы едің-ай!
«Мырза шоқы жарлығы» тұрар тиіп,

Кетпейді тәтті лебің таңдайымнан,
Беу, шіркін, ләззаты бар балдай еді-ай!

Қайырмасы:

Ахау, Айым, қалқатайым,
Көзіңнен мөлдіреген, ей,
Айналайын-ай!

Мінгенім дәйім менің құла қасқа,
Қаздырдым қырдан құдық құламасқа-ай!
Қосылған қиуадан қимас қалқам,
Беріп кет орамал шыт жыламасқа-ай!

Қайырмасы:

Ахау, Айым, қалқатайым,
Көзіңнен мөлдіреген, ей,
Айналайын-ай!

89. АҚАУ, АРМАН

Арман-ай, ақ сәулештің аулы шалғай,
Жан құрбым, жатыр нағып хабар салмай.
Тұр ма екен ол да өзімдей уағдасында,
Мен жүрмін өзге жанға назар салмай.

Қайырмасы:

Ақау, арман,
Дүние жалған.
Күн туар
Кездесетін есен-аман.

Ақ сәуле, шын сүйгенім, сен — арманым,
Жүректе, сені ойласам, жанар жалын.

Қалқам-ай, хабарыңды бір тигізіші,
Жанымның ынтызары саған мәлім.

Қайырмасы:

Ақау, арман,
Дүние жалған.
Күн туар
Кездесетін есен-аман.

90. АХАУ, ГИГАЙ

Ал, қалқам, маңдайыңнан нұрлы жүзің, ай-ау,
Аямай ажарлы боп туған өзің, ахау-гигай,
туған өзің-ай.

Сүйегің райхан гүлден жаратылған, ай-ау,
Бұлбұлдай тұрған сайрап айтқан сөзің,
ахау-гигай, айтқан сөзің-ай.

Қайырмасы:

Ахау, гигай,
Салдым шимай.
Кеткенде аулың алыс,
Қалдым қимай, қалдым қимай-ай.

Замандас құр қажыма қиял ойлап,
Ой түбі бір терең сай кетсе бойлап.
«Сары алтын сабыр түбі» деген сөз бар,
Сабырың ақырында бәрін жимақ.

Қайырмасы:

Ахау, гигай,
Салдым шимай.
Кеткенде аулың алыс,
Қалдым қимай, қалдым қимай-ай.

91. АХАУ, ИӘ

Замандас, құр қажыма қиял ойлап,
Ой түбі бір терең сай кетсе бойлап.
«Сары алтын сабыр түбі» деген сөз бар,
Сабырлық ақырында бәрін жоймақ.

92. АХАУ, КЕРІМ

Айналайын, қарағым, алтыным-ай,
Ақ жүзінді көргенде балқыдым-ай.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Есен-аман жүрмісің, жарқыным-ай.

Қайырмасы:

Ахау, керім,
Бұраң белім.
Күнде жиын, күндей той
Жүрген жерің.

Ризамын, жан қалқа, сертке жетсең,
Қиын-қыстау жерлерден аман өтсең.
Бір шыбындай жанымды құрбан етем,
Ғашығыңды өзің біл зар еңіретсең.

Қайырмасы:

Ай-ай, сарым,
Сәулежаным,
Сағынғанда қайда едің,
Ғашық жарым.

Сіз асыл зат, қалқатай, сағаттағы,
Көңілімді сүйген жар табад-тағы.

Көңілімді сүйген жар таппай кетсе,
Көңіл шіркін, қайтейін, қалад-тағы.

Қайырмасы:

Ай-ай, керім,
Мөлдір көзің,
Әлі есімнен кетпейді
Айтқан сөзің.

Ахау, керім,
Бұраң белім,
Күнде жиын, тамаша
Жүрген жерің.

93. АХАУ, ҚҰРҒЫР!

А-ха-ха-хау!
Дарияның ортасында борық тұрған,
борық тұрған,
Екі бала борықты сорып тұрған-ау.

А-ха-ха-хау!
Болғанда сен іздеген, мен сұраған,
мен сұраған,
Айналайын өзіңмен жолықтырған, ау.

Қайырмасы:

Ей!
А-хау, құрғыр,
Мойның бұрғыр,
мойның бұрғыр.
Тал шыбықтай бұралып,
Жолда тұрғыр-ау.

Қанаты қарлығаштың — қара қасың,
Суға түскен аққудай таранасың.
Жүзіңе бейне толған ай сияқты,
Қандай жігіт құмартып қарамасын.

94. АХАУ МҮРЛЕН, ТОҒЫЗ БҮРЛЕН

Біздерге бұйым емес өлең-ай боқ,
Қашаннан қара өлеңге мейірім жоқ.
Жақсылар, халық билік айт дегенде,
Бір тілім, екі жағым тақайыр жоқ.

Қайырмасы:

Ахау мүрлен,
Тоғыз түрлен,
Өнімді салып жүрген,
Жазып үйрен.

Қамысқа балапаннан бітер сүйрік,
Алладан, кім өлмейді, жетсе бұйрық.
Несіне айтар сөзге іркілейін,
Атадан болып тұлпар тудым жүйрік.

Қайырмасы:

Ахау мүрлен,
Тоғыз түрлен,
Өнімді салып жүрген,
Жазып үйрен.

95. АХАУ, САРЫ ҚЫЗ

Алыстан ат терлетіп-ай, келдік тойға,
Жақсымен сұхбаттасу, әдәдай, дай-ай,
болып ойда-ай.

Түйілген қыран бүркіт-ой, біз боламыз,
Теңгеріп жүрме құрбым, әдәдай, дай-ай,
тұрымтайға-ай.

Қайырмасы:

Ахау, сары қыз,
Екі-ай дарбыз,
Ойнайды теңін тауып,
Әдәдай, дай-ай, тұрымтайға-ой.

Алыстан ат терлетіп-ой, келдік тойға,
Жақсымен сұхбаттасу, әдәдай, дай-ай,
болып ойда-ой.
Мұндай той күнде қызық-ой, бола бермес,
Құрбылар ойна да, күл әдәдай, дай-ай,
осындайда-ай.

Қайырмасы:

Ахау, сары қыз,
Екі-ай дарбыз,
Ойнайды теңін тауып,
Әдәдай, дай-ай, тұрымтайға-ой.

96. АХАУ, СЕМЕЙ

(1-нұсқа)

Базардан алып келген кәрлен аяқ,
Қалқатай, шәй құйып бер бәлденбей-ақ, ах-уай.
Бір сөзді өзілмен айта салдым,
Қоя ғой, ұнатпасаң, қинамай-ақ, ах-уай.

Қайырмасы:

Ахай, Семей,
Тіл мен көмей,

Басылмас жанған жүрек
Сәулем келмей, ах-уай.

97. АХАУ, СЕМЕЙ

(2-нұсқа)

Аспанда ай болмаса, адасады,
Көңілді көтермесе, кір басады.

Қайырмасы:

Ахау, Семей,
Тіл мен көмей,
Келмейді даусым менің
Құрбым келмей.

Кеудесі жақсылардың алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса кім ашады.

Қайырмасы:

Ахау, Семей,
Тіл мен көмей,
Келмейді даусым менің
Құрбым келмей.

98. АХАУ, СЕМЕЙ

(3-нұсқа)

Көшкенде жылқы айдаймыз ақ табанмен,
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен.

Қайырмасы:

Ахау, Семей,
Тіл мен көмей,

Басылмас жанған жүрек
Сәулем келмей.

Сүймесе несі қызық екі жастың,
Күйеу боп босағаны аттағанмен.

Қайырмасы:

Ахау, Семей,
Тіл мен көмей,
Басылмас жанған жүрек
Сәулем келмей.

99. АХАУ, СЕМЕЙ

(4-нұсқа)

Базардан алып келген темір қақпан,
Қақпанмен түлкі алады ебін тапқан.
Таспадай сыдырып қойған сыршыл сұлу,
Анаңнан айналайын сені тапқан.

Қайырмасы:

Ахау, Семей,
Тіл мен көмей,
Басылмас менің әнім
Сәулем келмей, ах, уай.

Базардан алып келген кәрлен аяқ,
Қалқам-ау, шәй құйып бер бөлденбей-ақ.
Бір сөзді өзіл қылып айта салдым,
Қой-ақ қой, жақтырмасаң, қиналмай-ақ.

Қайырмасы:

Ахау, Семей,
Тіл мен көмей,

Басылмас менің әнім
Сәулем келмей, ах, уай.

100. АХАУ, ҮРИЯ

Аулың сенің белде еді, бел тұрғанда-ай,
Орамалың жалп етер жел тұрғанда-ай,
Ахау, Үрия!

Күн мен айын біреудің не қылайын-ай,
Қарсы алдымда күлімдеп сен тұрғанда-ай,
Ахау, Үрия!

Аулым көшіп барады Көлме-көлге,
Алыс дейді Көлме-көл көрмегенге,
Ахау, Үрия!

Алыс болса Көлме-көл көрмегенге,
Күн күркіреп жаз шығар өлмегенге,
Ахау, Үрия!

Бір ат қашты қорадан құла қасқа,
Тақтай қойдым құдыққа құламасқа,
Ахау, Үрия!

Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Бет орамал беріп кет жыламасқа,
Ахау, Үрия!

101. АХАУ, ҮРИЯЙ

Аулың сенің белде еді, бел тұрғанда,
Орамалың желп етер жел тұрғанда,
Ахау, Үрияй

Көзіме ешкім, қалқатай, көрінбейді,
Қарсы алдымда күлімдеп сен тұрғанда,
Ахау, Үрияй.

102. АХАУ, ҮРИЯ-АЙ

Келдің қайдан, ей, қалқа, келдің қайдан?
Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан.
Ей! Ахау, Үрия-ай!

Мекеніңді, ей, қалқа, айтып қойшы-ей!
Жат болмағы адамның осындайдан.
Ей! Ахау, Үрия-ай!

Ұшып жүрген өуеде көк көбелек-ай,
Дертің болса, жазайын су себелеп.
Ей! Ахау, Үрия-ай!

Сен есіме түскенде, ей, перизат-ей,
Аш бөрідей жортамын тау іргелеп.
Ей! Ахау, Үрия-ай!

103. АХАУ, ХАЛИЛЕМ!

Айналайын, қарағым, келдің қайдан,
Алма мойын ақ үйрек ұшар сайдан, халиләм.
Құдай айдап кез болдық, әріптесім,
Дос болмағы адамның осындайдан, халилем.
Ахау! Халилем,
Дос болмағы адамның осындайдан, халиләм.

Ақыл — дария болғанда, көңіл — көлмек,
Бір көруге өзінді келдім шөлдеп.

Оралыңның барында ойна да күл,
Мың күн тұрып, сынады бір күн шөлмек.

Бірін-бірі дос болмас мақтамаса,
Жамандықтан бір-бірін сақтамаса.
Бір күн тату болатын, бір күн араз,
Дей алмаймыз мінезді тап-тамаша.

104. АХАХАУ, АРМАН

Көзіңнен, айналайын, күлімдеген,
Қадірің бірге өскен соң білінбеген.

Қайырмасы:

Ахахау, арман-ай,
Ей, сәулетай,
Құмармын саған жалған-ай.

Судағы сүңгуір үйрек, қарағым-ай,
Салсам да көлге қармақ, ілінбеген.

Қайырмасы:

Ахахау, арман-ай,
Ей, сәулетай,
Құмармын саған жалған-ай.

Қамысы қызыл көлдің селдіреген,
Жүрегім сен дегенде елжіреген.

Қайырмасы:

Ахахау, арман-ай,
Ей, сәулетай,
Құмармын саған жалған-ай.

Аққудың балапаны секілдім-ай,
Көзіңнен, айналайын, мөлдіреген-ай!

Қайырмасы:

Ахахау, арман-ай,
Ей, сәулетай,
Құмармын саған жалған-ай.

105. АЯЙЫМ, АЙЫМ, АЯЙЫМ!

Жектім шана торыға, шүйгелкелеп-ай,
Шүлжіңдеттің тіліңді кімге еркелеп-ай.
Аяйым, айым, аяйым!

Артық біткен әкеңнің дәулетінде-ай,
Тарттым шарқат күлдері көлеңкелеп-ай.
Аяйым, айым, аяйым!

Алыс жерден мен келдім асып-сасып,
Ақ жүзіңді көруге болып асық.
Талай тойда топ жарған ақын дейді,
Атыңды естіп сыртыңнан болдым ғашық.

106. АЯМАННАН

Басыңдағы мақтанба, а-ей, бағыңызға, ай,
Ешбір пенде жолатпай жаныңызға.
Айнымалы дүние жел емес пе,
Бір күн жоқ, бағың тайған шағыңызда.

Мінгенім дәйім менің, а-ей, сұр киігім,
Аңға шықсам, көремін жер биігін.
Сексен беске келгенде селкілдетпей,
Ей, Алла, тартқызбай ал, қыз күйігін.

107. АЯУЛЫМ

Қара төбел, қарағым, құнандайсың, аяулым,
Бір мінің жоқ ақ бауыр құландайсың, аяулым.
Тарбағатай тауының түлкісіндей, аяулым,
Болып күйік көзіме бұлаңдайсың, аяулым.

Қайырмасы:

Ерке тотым,
Махаббатым,
Күйдірдің,
Жандырдың жүректі.
Ерке тотым,
Махаббатым,
Сағындым,
Сарғайдым өзіңді.

Қара бүркіт келмейді қайыруға, аяулым,
Не демейді көп дұшпан айыруға, аяулым.
Арадағы дұшпанның сөзіне ермей, аяулым,
Кел екеуміз шығайық жайылуға, өй, аяулым.

Қайырмасы:

Ерке тотым,
Махаббатым,
Күйдірдің,
Жандырдың жүректі.
Ерке тотым,
Махаббатым,
Сағындым,
Сарғайдым өзіңді.

108. ӘГИГӘЙ

Қарағым, айналайын, айнама жақсы,
Тигізбес залалыңды пайдаң жақсы,
Әгигәй.

Жаманға өзiл айтсаң, қорс етедi,
Толқыған қорғасындай қайран жақсы,
Әгигәй.

Алқызыл көрiнедi қашқан түлкi,
Жiгiттiң қайда қалмас жиған мүлкi,
Әгигәй.

Барында оралыңның ойна да, күл,
Қызығы бұл араның ойын-күлкi,
Әгигәй.

109. ӘГУГАЙ

Кiм айтпайды бұл әндi жұрт қаласа,
Домбырама сыңғырлап жүр жараса, әгугай-ай.
Толғамалы әнiмнiң түйiнi көп,
Бәйге атындай екпiндi ер таласа, әгугай-ай.

Екеу, екеу мiнейiк жел кемеге,
Кешке жақын қыз шығар әңгiмеге.
Әңгiменiң соңына ере берсең,
Көңiл, шiркiн, кетпей ме әр немеге.

110. ӘДЕМІ ӘУЕН*(Отличный напев)*

А-хау-ей!

Қыз қайда қызыл шырай иіс майлы,
Қиғаш қас, қарақат көз, алма мойын, ай.

А-хау-ей!

Бір айтқан сәлемімді есіне алып,
Жіберсе сабырменен ақыл-ойын, ай.
Ха-лә-лә-ку, ха-лә-лә-ку, ли-ли-ләй,
Жіберсе сабырменен ақыл-ойын, ай.

А-хау-ей!

Қыз қайда айтқан сөзді алатұғын,
Қырандай көзді алысқа салатұғын, ай.

А-хау-ей!

Айтқан серт, уәдеге берік болып,
Бұлтармай бір сөзінде қалатұғын, ай.
Ха-лә-лә-ку, ха-лә-лә-ку, ли-ли-ләй,
Бұлтармай бір сөзінде қалатұғын, ай.

111. ӘДЕМІ-АЙ

Ақ көйлек, қара бешпет, әдемі қыз,
Тиген жоқ әлі ешкімге әлегіміз-ай.
Жеделдес заманы бір құрбы ғой деп,
Біз сенен әлі күнге дәмеліміз-ай.

Ақ көйлек, қара бешпет делегейім,
Болайық екеу жолдас елге дейін-ай.
«Сыйламас танымасын» деген сөз бар,
Құрбыға сыр білмейтін мен не дейін-ай.

112. ӘЙ, ҚАЛҚА

Әй, қалқа, ғашық болдым жамалыңа,
Қызықпас кімдер көрсе ажарыңа.
Құрбым деп нәсілім теңдес сөз айтқанда,
Тигізбе қатты жауап назарыма.

Қайырмасы:

Алалым, міне қызық заманым,
Әй, қалқа, дәнекерсің айнадағы.
Жақындық әр адамға пайда-дағы,
Өксітпей жауабыңды қайыр, сәулем.

113. ӘЙЕКЕШ

Әй!
Әйекеш көркің сұлу — бекзияда,
Даңқыңды жіберейін жер қияға.
Бетің ай, белің қылдай, асыл еркем,
Қалайша тудың екен дүнияға?

Қайырмасы:

О-хоу, о-хоу, дүнияға-ау.

Қара көк қайда бармайды, бос жіберсем,
Тоямын қызығыңа көз жіберсем.
Қалқатай, не деп жауап қайыраарсың,
Қарлығаш қанатынан сөз жіберсем.

Қайырмасы:

О-хоу, о-хоу, дүнияға-ау.

114. ӘЙЕЛ КҮЙІ

Ауылым қу ағаштың қуағында,
Мизамның қой қырқамыз шуағында, ай.
Күніне тоғыз түрлі әнге салып,
Қос күрең болып өстім уағында, ай.

Белгілі атым шыққан Айданамын,
Қызы едім Күней атты Малғараның.
Өзіме қатар құрбым тең келген соң,
Өнерге бойға біткен таң қаламын.

115. ӘКУДАЙ

Ағаға іні келер амандаса,
Дос емес, дос артынан жамандаса.
Аяғың бір нәрседен шалыс болса,
Немен бір қайласын, шіркін, а-ай, табалмаса.

Қайырмасы:

Ә-әкудай, дәкудай, ай, дай-ай-да,
А, шіркін, а-ай, табылмаса а-ау.

Ат жақсы арғымақтан шабыс болса,
Жат жақсы ағайыннан таныс болса.
Артыңнан жоқ сөзді айтып күңкілдейді,
Аяғың бір нәрседен, шіркін, а-ай, шалыс болса.

Қайырмасы:

Ә-әкудай, дәкудай, ай, дай-ай-да,
А, шіркін, а-ай, табылмаса а-ау.

116. ӘКУЛАН

Аспанда ұшып жүрген сұңқар ма екен,
Үстіме қызыл камзол сияр ма екен.
Баласын әлпештеген ата-анасы,
Жылатып жіберуге қияр ма екен.

Қайырмасы:

Пи-пай-пай, Әкулан, керім-ай.

Әкемнің қыз да болса, ұлындаймын.
Ішінде жұмыртқаның жұлындаймын.
Қолына әлдекімнің қаратар деп,
Ұршықтай байыз таппай зырылдаймын.

Қайырмасы:

Пи-пай-пай, Әкулан, керім-ай.

117. ӘЛӘЛІМ

Шын күміс шыны-аяғың, төрелке алтын,
алтын да алтын, әләлім-ай,
Ойнап жүрген құрбымен болма салқын-ай,
әләлім-ай.
Құрбыңмен ойнап жүрген болсаң салқын,
болсаң салқын, әләлім-ай,
Бұрынғыдай болмайды көңіл жарқын-ай,
әләлім-ай.

118. ӘЛӘЛӘУ

Хат жаздым қалам алып Мұстапаға,
Тымағын ұшдаппенен тыстағанға, әләләу.

Қадірлі заманы бір жақсы адам,
Құрбысын кешілдікке ұстата ма, әләләу.

Көзіңнің айналайын қарасынан,
Қасыңның хат жазамын арасынан.
Аулыңнан күні-түні шықпас едім,
Қорқамын дұшпандардың жаласынан.

119. ӘЛЕУЖАН

(Әлеушан)

(1-нұсқа)

Қамысы Атырау көлдің жар болғанда,
Дауыстап атыңды айттым зар болғанда.
Алыста еске түссе, бей уақытта,
Атадым атыңды айтып зар болғанда.

Жылқыма айғыр салдым аққұладан,
Барады бастан дәурен шапқылаған.
Келсе де жас отызға осы-ай күні,
Өлде де дәмеміз бар ақ құладан.

120. ӘЛЕУЖАН

(2-нұсқа)

Ей, қалқа, ғашық болдым жамалыңа,
Қызықпас кімдер көрсе ажарыңа.
Құрбым деп, өз теңдесім сөз айтқанда,
Жаутаңдап қарай берем жанарыңа.

Қайырмасы:

Жаутаңдап-ау, қарай берем-ай,
Әлеужан, жанарыңа-ай.

Ей, қалқа, дәнекерсің айнадағы,
Жақындық әр адамға пайда-дағы.
Өксітпей жауабыңды қайыр, сәулем,
Ақ шәйі орамалға байла-дағы.

Қайырмасы:

Ақ шәйі-ау, орамалға-ай,
Әлеужан-ай байла-дағы.

121. ӘЛЕУША

Дүние қызыл түлкі, ау, бұлаңдайсың,
Бақ тайса бас пен дәулет о-лаулау,
ай, лалалай о-лау, құралмайсың.

Меңзеген асқар таудай, ау, есіл көңілім,
Дүниеде еш нәрседен о-а-лаулау,
ай, лалалай о-лау, құралмайсың.

О, дүние, жетпей қайтпан, ау, сіздің үйге,
Мен түстім сенің үшін о-а-лаулау,
ай, лалалай о-лау, талай күйге.

Шырайлым отырады, оу, жауһар тартып,
Бейне бір шам жаққандай о-лаулау,
ай, лалалай о-лау, қараңғы үйде.

122. ӘЛИМА-АЙ

Өсіп тұрған тоғайда мия ма екен,
Қызыл камзол үстіңе сия ма екен.
Қыз да болса өкеңнің ұлындайсың,
Омыртқаның ішінде жұлындайсың.

Жылқым жатыр жоғары жиылмаған,
Дүрия көйлек етегі қиылмаған.
Сен алысқа кеткенде, беу, қалқашым,
Көзім жасы көл болып тиылмаған.

123. ӘМІР АҚСАҚ

Халық сүйіп атады — Әмір-Темір,
Даңқын естіп бүкіл жұрт, барлық өңір.
Біреулерді тірідей жерге тықты,
Ал, біреуге қызықты, ай, сыйлады өмір.

Қайырмасы:

Ал, біреуге-ай,
Қызықты сыйлады өмір,
Ақсақ Әмір.

Айтқан ісі орнына келген екен,
Құралайды көзге атқан мерген екен.
Ауыр қолмен өлемді игерем деп,
Өзіне емес, досына сенген екен.

Қайырмасы:

Өзіне емес, досына-ай,
Сенген екен, Асқақ Әмір.

124. ӘН САЛСАМ

Жігітпін бұл алқаның еркесіндей,
Қияның қыран түскен түлкісіндей.
Қайырсаң өн аяғын мендей қайыр,
Сылқылдап сұлу қыздың күлкісіндей.

Ән салсам ертеңнен кеш жалықпаймын,
Даусымды тоқсан түрлеп анықтаймын.
Күледі кәрісің деп қыз-келіншек,
Мен оған күлді екен деп жабықпаймын.

Ән қосам аспандағы бозторғайға,
Қойсайшы бір айқайлап «Құрбым қайда?»
Жиылған қыз, бозбала мәжіліс екен,
Өнерді көрсетейін осындайда.

125. ӘПИТӨК

(1-нұсқа)

Қамысы Әупілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше, Әпитөк.
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Бармас па ем, мен қалқама әлденеше, Әпитөк.

Қайырмасы:

Сөйлесуге тіл-хат жоқ,
Өздеріңдей бір зат жоқ.
Келсе қалқам көп кешікпей алыстан,
Туған екен гүлперизат асыл тек.

Басында Әупілдектің мұнары бар,
Мойнында көк бестінің тұмары бар.
Құрбылар, бұл қалай деп сөге көрме,
Ғашықтың тарқамаған құмары бар.

Қайырмасы:

Сөйлесуге тіл-хат жоқ,
Өздеріңдей бір зат жоқ.
Келсе қалқам көп кешікпей алыстан,
Туған екен гүлперизат асыл тек.

Басынан Әуілдектің мұнар кетпес,
Кей адам уәде берген сертке жетпес.
Кебістің жалаң аяқ басын киіп,
Ей, қалқа, «қош» дегенің естен кетпес.

Қайырмасы:

Сөйлесуге тіл-хат жоқ,
Өздеріңдей бір зат жоқ.
Келсе қалқам көп кешікпей алыстан,
Туған екен гүлперизат асыл тек.

126. ӘПИТӨК

(2-нұсқа)

Болдым құмар жасымнан, сәулем, саған,
Дидарласар күн туса есен-аман-ай, есен-аман.
Сенсіз маған жалғанда қызық бар ма,
Жетегұғын тілекке болса заман-ай, болса заман.

Қайырмасы:

Ей!
Ресей елден келген, ау, қалқатай,
Туған екен ұл перзенттен, уақыт жоқ.
Сөйлесерге тіл қат жақ,
Өзіңіздей бекзат жоқ,
Әккигайым, ой, Әпитөк.

Хат жазамын ей, сәулем, сені ойлап,
Бұлықтырған жүректі толқын бойлап.
Жазып, жазбау дертімді өз қолымда,
Тына алмайды ой билеп ерік қоймай.

Қайырмасы:

Ей!

Ресей елден келген, ау, қалқатай,
Туған екен ұл перзенттен, уақыт жоқ.
Сөйлесерге тіл қат жақ,
Өзіңіздей бекзат жоқ,
Әккигайым, ой, Әпитөк.

127. ӘПИТӨК

(3-нұсқа)

Хат жазамын, сәулем, ай, сені ойлап,
Булықтырған жүректі толқын бойлап,
ой, Әпитөк.

Жазып, жазбау дертімді өз қолымда,
Тына алмайды ой билеп ерік қоймай,
ой, Әпитөк.

Қайырмасы:

Әпитөк, дыбыс жоқ, қалқатай,
Сөйлесуге тіл қат жоқ,
Бір өзіңдей бекзат жоқ.
Ең болмаса, сәулешім,
Ашып айтар бір дат жоқ,
Ей, Әпитөк, бір дат жоқ,
Әк-ги-гай, Әпитөк.

Болдым құмар жасымнан, сәулем, саған,
Дидарласар күн туса есен-аман.
Сенсіз маған жалғанда қызық бар ма,
Жететұғын тілекке болса заман.

Қайырмасы:

Әпитөк, дыбыс жоқ, қалқатай,
Сөйлесуге тіл қат жоқ,
Бір өзіңдей бекзат жоқ.
Ең болмаса, сәулешім,
Ашып айтар бір дат жоқ,
Ей, Әпитөк, бір дат жоқ,
Әк-ги-гай, Әпитөк.

128. ӘР ЖЕРДЕ АЙТЫП

Әр жерде айтып жүрген бұл өлеңім,
Айнайды қолдан келсе-ай қай өнерім.
Қайырып қанша баптап салсам-дағы,
Көңілге бір жетпейді-ай көк дөненім.

Қайырмасы:

Ахау лайли, ахау лайлім,
Халилай, халали, ли-ли-ли...
Шіркін-ай! ли-ай.

Қай беткей, мына беткей, дала беткей,
Мал қайда ер жігітке талап етпей.
Жас жақын — арқын-жарқын жарқылдап қал,
Деймісің мың жасармын әлі-ақ өтпей.

Қайырмасы:

Ахау лайли, ахау лайлім,
Халилай, халали, ли-ли-ли...
Шіркін-ай! ли-ай.

Қайыңның қасың қара көміріндей,
Мылтықтың сыртың сұлу теміріндей.

Өзіңнің сүйгеніңмен әзілдесең,
Басқаның өтіп кеткен өміріндей.

Қайырмасы:

Ахау лайли, ахау лайлім,
Халилай, халали, ли-ли-ли...
Шіркін-ай! ли-ай.

129. ӘРИ-АУ

Аспанда Ай бірдей ме жұлдызбенен,
Шын кәмшат түрі бір ме құндызбенен.
Әри-ау, құндызбенен.

Жарамсыз жай кісіні кім мақтайды,
Қоңыр қаз жапалаққа ілгізбеген.
Әри-ау, ілгізбеген.

Салғаным оң қолыма қола жүзік,
Не керек көп жаманды жіпке тізіп.
Кеткенде аулың алыс, ақ сәулешім,
Жүрмеші енді бізден күдер үзіп.

130. ӘРИДӘЙ, ҚАЛҚАШ

Ай қараңғы болғанда, жұлдыз жарық,
Қайда жүрсең бір жарық түспегі анық.
Өліммен ойнама, талапқа ұмтыл,
Кеткен адам қайтқан жоқ түкті тауып.
Әридай, қалқаш.

Қаратаудың басында бір топ арқар,
Аққан су жоғарыдан төмен сарқар.

Кезіккен оңашада қимас қалқам,
Бар шерім бойымдағы сонда тарқар.
Әридай, қалқаш.

131. ӘРИДӘМ

Алдында есігімнің ну қарағай,
Жанбайды отқа салсам қу қарағай.
Әридәм, ә-ри-дәм-ай.

Жылжыған бәйге атындай жиырма бес,
Артыңа кеткенің бе бір қарамай?
Әридәм, ә-ри-дәм-ай.

Жігіттің дәл жиырма бес қаудан күні,
Ақша қар қара жерге жауған күні.
Саныңды күндер-ау деп бір соғарсың,
Басыңнан қызыл шарқат ауған күні.

132. ӘУПІЛДЕК

Қар басты Әупілдектің қамыстарын,
Айтады әркім көрген хасірет, зарын.
Түседі қайғылыға қара тұман,
Кім білер соның қашан ашыларын?

Қайырмасы:

О-ой, и-ги-ги-ги и-ги-гай, и-ги-гай,
Ги-ги-ги-ги, и-ги-гай, а-а-ай.

Қыстайды Әупілдекті қалың қарға,
Жан болып сөз сөйлейді амал бар ма?

Қаз бенен қарға жолдас бола ма екен,
Замандас, бұған табар қайлаң бар ма?

Қайырмасы:

О-ой, и-ги-ги-ги и-ги-гай, и-ги-гай,
Ги-ги-ги-ги, и-ги-гай, а-а-ай.

Хат жаздым қалам алып, Сыздық аға,
Әр жерде көріп жүрсіз қымбат баға.
Шығарған үшлу сөзді кім десеңіз,
Баласы Дарабайдың Дамеш бала.

Қайырмасы:

О-ой, и-ги-ги-ги и-ги-гай, и-ги-гай,
Ги-ги-ги-ги, и-ги-гай, а-а-ай.

133. БАҚСЫ

Айналайын атыңнан, Мұхамметім,
Анасы өліп жасында қалды жетім.

Қайырмасы:

Ей, Аллаһ, жан, Аллаһ!
Жан-ай, пірім, жан-ай, гүлім,
Жан-ай сылқым, жан-ай жан.

134. БАЛҒЫН КӨЛ-ДІ

Есігімнің алдында Балғын көл-ді,
Балғын көлдің балығын алғым келді.
Кішкентайдан бірге өскен қыз Дариға,
Аттандырған жерінде қалғым келді.

Қайырмасы:

Ойпырмай, қарағым,
Күйіп-жанып барамын!

Алтын, күміс жарқырап тағынғаның,
Кәне сенің, Дариға, сағынғаның?
Түн ұйқымды төрт бөліп келгенімде,
Келмей қалып уәдеңе не қылғаның?

Қайырмасы:

Ойпырмай, қарағым,
Күйіп-жанып барамын!

135. БАЛҚУРАЙ

Домбырам екі ішекті қолға алайын,
Қайырып он екі алуан ән салайын.
«Нұр жауар талапты ерге» деген сөз бар,
Мен неге бұл талаптан құр қалайын.

Қайырмасы:

Домбырам басы балқурай,
Басына қонар бозторғай.
Арпа ішінде бір бидай,
Теріп жейді көп торғай.

Домбырам екі ішекті мойны ырғай,
Тартқанда бес саусағым кетер зырлай.
Құрбылар, жастық шақта ойна да күл,
Бұл дәурен кетері анық бір күн тұрмай.

136. БАРАБАН

Су дарияның ортасында қос барабан.
Сол таудан дария тасып су тараған.
Сұлу қыз, әсем жігіт-ей бәрі сонда,
Япырмай, неге келдім-ай сол арадан.
 Лайда дида,
 Ди-дидо.

Дарияның ортасында бала жайын,
Отырар ауырдым деп қыз-қожайын.
Япырмай, қыз ауруын таныр деген,
Алып бер домбырамды бал ашайын.
 Лайда дида
 Ди-дидо.

137. БАШҚҰЛБАЙ

Қара тайдың үстінде қалғып жүрмін-ай, ай,
Байқасаңыз, ағалар, нағып жүрмін.
Башқұлбай, Башқұлбай,
Башқұлбай, Башқұлбай!

Қайырмасы:

Ах-ау, Башқұлбайдан,
Ах-ау, Башқұлбайдан,
Бес қалаш құны қанша.
Қалаш құны — бес қалаш,
Құны қанша — қалаш құны,
Аласы құны.

138. БАЯНАУЛА

Жері кең Баянауыл даңқың асқан,
Жер жоқ қой бұл маңайда сенен асқан.
Өркімнің туған жері өзіне ыстық,
Сондықтан шыдамастан әнге қостық.

Қайырмасы:

Туған менің,
Менің ауылым, ауылым-ай.

139. БАЯНАУЫЛ

Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес.
Ақбоз үйдің артынан аттандырып,
Қош, ағатай, дегенің естен кетпес.

Баянауыл басында балалы құр,
Бір сөз айтсам, қалқатай, мойныңды бұр.
Ауылыңның артынан аттанғанда,
Ақбоз үйге сүйеніп қара да тұр.

Баянауыл басында ойнайды арқар,
Жоғарыдан аққан су төмен сарқар.
Сен есіме түскенде, беу қарағым,
Қатып қалған қайғы-шер қашан тарқар.

140. БӘКЕН

Атым мінген астымда торы жорға,
Жорғалатып келемін, а, жанай қырға.

Кетер шақта ауылыңа-ай келдім салып,
Амандасып сенімен, а, жолыңарға.

Алма мойын еркеммен көрісе алмай,
Мен де кеттім жиналып Орынборға-ай.
Екі көзім алақтап мен жатырмын,
Қаршығадай қапыда түскен торға-ай.

141. БЕЙНЕМ-АУ

(1-нұсқа)

Ел көшеді Арқадан Атырау деп,
Келер күнді ойлаймын-ау, апырау деп,
Бейнем-ау.

Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,
Төсегінде айнамақоз-ау, жатыр-ау, деп,
Бейнем-ау.

Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,
Сыртылдатып уығын жығып жатыр.
Кішкентайдан бірге өскен, беу, қарағым,
Саған айтар арманым толып жатыр.

142. БЕЙНЕМ-АУ

(2-нұсқа)

Үш қиян — біздің елдің қияны-ай-ау,
Даусыңды ести алмадым қиядағы-ай-ау.
Болғанда сіз ақ сұңқар қиядағы-ай-ау,
Талпынған мен балапан ұядағы-ай-ау.
О-о-оу, Бейнем-ау-ай.

Үш қиян — біз қонған жер самалдағы,
Бір көрмеу ақ жүзінді обал дағы
Бейнем-ау, көз жаздырып кеттің қайда,
Гүл меңзес көбелектей көгалдағы?!

Жан едің төрде бұлбұл сайратқандай,
Өткіздік аз қызықты ойнап қанбай.
Ауылдан қыз кеткен соң — қызық кетер,
Қалды елің қара бұлтқа ай батқандай.

143. БЕУ-БЕУ

Аппақ еті қардай боп,
Бет қызылы қандай боп!
Отыр ма екен сол сәулем,
Көлге дүзген хандай боп!

Қайырмасы:

Ау, ей, сәулем,
Дебірім, беу-беу.
Беу-беу, беу,
Қош, аман бол-ау-ай!

144. БИБИЖАМАЛ

А-ей!
Бала едің ақылың бар, ай-ау, аңлағанға-ай,
Бересің жүре жауап арнағанға.

А-ей!
Өзеннің ортасында, ай-ау, сен бір терек-ай,
Бір ұстап бұтағыңнан қармағанда.

Бітеді көл жағалай қалың қамыс,
Мінезі кей адамның шөлкем-шалыс.
Аулында Ерғалидың отырыста,
Сол жерде Жамалжанмен болдым таныс.

145. БИЗАР

Сәлем жаздым, құрбыжан, саған арнап,
Шығарайын шерімді, а-ха-ха,ей,
 бірден талдап.
Шырт ұйқыда жатқанда еске түссең,
Қанша қашсаң ойым бар, а-ха-ха, ей,
 сені алмақ.

Ну орман-су ауылың арасында,
Мөлдір бастау, тұнық су жағасында.
Қай бақтыға, құрбыжан, кез боласың,
Талай жігіт сыртыңнан таласуда.

146. БИНАУ-АЙ

(1-нұсқа)

Айта бар, барсаң, сәлем, есіне алсын,
Ақ кербез есіне алса, қасына алсын.

Қайырмасы:

Бинау-ай.

Жібектің түйініндей бір сөз айттым,
Көрсетпей еш адамға шешіп алсын.

Қайырмасы:

Бинау-ай.

Әуеде ұшқан құстың бауыры күйсін,
Айта бар Аққыланға жалғыз жүрсін.
Егерде жалғыз жүрмей екеу жүрсе,
Болармыз біз де екеу, өзі білсін.

Қайырмасы:

Бинау-ай.

147. БИНАУ-АЙ

(2-нұсқа)

Шақырған таң сәріден, Бинау-ай, ала тауық,
Есігі ақ боз үйдің, Бинау-ай, сықырлауық.
Есіме түскеніңде қайран бауырым,
Құладым ақ боз аттай есім ауып,
Бинау-ай, ауып-ай.

148. БИПЫЛ

Асау кер ат жүрмейді шалдыққан соң,
Еркін даусым келмейді қарлыққан соң.

Қайырмасы:

Ахау, төнім-ай,
Талма менің жаным-ай.
Ей, күлли-күлли, Күлжан-ай,
Күнде қызық үйім-ай.
Бипыл, Бипыл, Бипыл-ай,
Тартшы, құрбым, бір күйді-ай.

Біздің Бипыл жүр ме екен аман-есен,
Бейнетімді ұмытам сені көрсем.

Қайырмасы:

Ахау, төнім-ай,
Талма менің жаным-ай.
Ей, күлли-күлли, Күлжан-ай,
Күнде қызық үйім-ай.
Бипыл, Бипыл, Бипыл-ай,
Тартшы, құрбым, бір күйді-ай.

Жылқы бағып жарың жүр құба жолда,
Жаным Бипыл, ұмытпа, мені десең.

149. БОЗБАЛА

Дүния-ау өте шығар, ай-дай, ебелектеп,
Құрбыжан, сөз айтамын, ой-дай,
саған ептеп-а-ой.
Сыртыңнан талай құрбың, ой-дай,
жүрген шығар,
Сәуірдің боз бұлтындай, ой-дай,
төңіректеп-а-ой.

Қайырмасы:

Сарыарқада сары дала,
Қызды ауылға барғанда.
Қаңқылдайды қаздар-ай,
Қырындайды бозбала-ай.
О-ай! Бозбала-ау, бозбала-ау,
Саған қарап жымияды да-ау,
қыз бала-ау.

Дүние өте шығар құдай парлап,
Кетпейді өтерінде сірә, жарлап.
Замандас қатар өскен құрбым едің,
Көңілді көтерейік күліп-ойнап.

Қайырмасы:

Сарыарқада сары дала,
Қызды ауылға барғанда.
Қаңқылдайды қаздар-ай,
Қырындайды бозбала-ай.
О-ай! Бозбала-ау, бозбала-ау,
Саған қарап жымияды да-ау,
қыз бала-ау.

150. БОЗЖОРҒА

Бозжорға, жорғаңа-ай бас, алдыңда ел жоқ,
Ішетін шөлдегенде айдын көл жоқ.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Ат ұстап қарсы алатын бұраң бел жоқ.

Ауылдан мен де шықтым, күн де батты,
Бозжорға алма мойын ішін тартты.
Боларын бір сұмдықтың білім едім,
Ауылы ғашық жардың қашық тартты.

151. БОЙЫНДА САРЫСУДЫҢ

Сарысудың бойында ін бар ма екен,
Тал мойныңда тарыдай мін бар ма екен,
мін бар ма екен.

Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Жолығатын өзіңмен күн бар ма екен?
Еу!
Өзіңмен жолығатын күн бар ма екен.

Іске аса ма тілегім, әлде, жоқ па,
Сөз сөйлеймін қалқа деп осы шақта.

Билетпейді от жүрек еркі алдымда,
Сізге қонған себеп боп махаббатша.

152. БОЯУБАЙ

Ала бием тай табар,
Мінсем, көңілім жай табар-ау.
Мен қалқамды сағындым,
Сәлемімді айта бар-ау.

Бояубай да, Бояубай,
Сәлемімді айта бар-ау,
айта бар-ау.
Ха-лә, ли-лә, айта бар-ау.

153. БӨБЕК

Ай, Бөбек, кеткенің бе серттен тайып,
Адамды айырады ерлі-зайып.
Ай, Бөбек, танымасаң, танытайын,
Баласы Қарабайдың, аты — Қайып.

Жайлауы біздің елдің сонда емес пе,
Жылқының жейтін шөбі сонда емес пе.
Өзіңнің алғаныңды қоя тұрып,
Біздермен ойнап-күлген олжа емес пе.

154. БӨБЕК-АЙ

Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.
Шалқыған асқар таудай асыл күнім,
Бү дүниеде ешнөрсеге тына алмаған.

155. БӨЛЕМ-АЙ

Айдап салдым жылқымды тақырға деп-ай,
Қарамаушы ем кеш батса жатыр-ау деп-ай!

Қайырмасы:

Бөлем-ай, бөлем-ай,
Күнің барда күнде ойна,
Фәни жалған-ай, өтеді-ай!

Қосылған кішкентайдан, қарағым-ай,
Атамаушы ем атыңды «қатын-ай!» деп-ай!

Қайырмасы:

Бөлем-ай, бөлем-ай,
Күнің барда күнде ойна,
Фәни жалған-ай, өтеді-ай!

Алқызыл көрінеді қашқан түлкі-ай,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі-ай!

Қайырмасы:

Бөлем-ай, бөлем-ай,
Күнің барда күнде ойна,
Фәни жалған-ай, өтеді-ай!

Барында оралыңның ойна да күл-ай,
Қызығы бұ жалғанның ойын-күлкі-ай!

Қайырмасы:

Бөлем-ай, бөлем-ай,
Күнің барда күнде ойна,
Фәни жалған-ай, өтеді-ай!

156. БУРЫЛТАЙ

Таңбасы жоқ, ені жоқ бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың.
Құба жонға шоқытып шыға келсем,
Орны жатыр өзі жоқ қалқатайдың.

Астымдағы мінгенім бурылтайым,
Қайда қайып болды екен қалқатайым.
Ақ көңілді жігітті қайғы басты,
Бір жаманға қор болдың күн мен айым.

Ақау айдай, Жариям айдай,
Жардың көңлін қалдырма, қыз қалқатай.

157. БҰЛҚЫНЫП-АЙ

Ай!
Бұл елде толып жатыр жылқылы бай,
Тұсынан ақ боз үйдің сөйлестім-ай.
Ол үйден шыға келді бір сұлу қыз,
Жамылып жанат ішік құлпырып-ай.

Тағатым қызды көріп тоқтай алмай,
Иығынан ұстай алдым ұмтылып-ай.
Буыным былқ-сылқ етіп жүргенімде,
Қолымнан шығып кетті-ой, қызық-ай,
бұлқынып-ай.

Ай, кімге ар, ғашық болса қолындағы,
Кең жібек сол дүниенің молындағы-ай.
Судағы сұп-сұр үйрек сен, қарағым,
Бекердің мен ақ тұйғын қолындағы-ай.

Сыртыңнан атағыңды көп білемін,
Сөз таныс болып едім бұрындағы-ай.
Лінсең қармағыма желбезектеп,
Жүре бер мекеніңе зырылдағы-ай.

158. БҮЛКІЛДЕК

Жасымнан жүріп өстім талай жерге,
Жамиғат, құлағыңды сал біздей серіге.
Таңдайға түрлі өнер біткеннен соң,
Белшемнен батып жүрмін дария көлге.

Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,
Шын жүйрік өрге шапса, өршеленер.
Құрбылар тіршілікте күл де ойна,
Шамшырақ мың күн емес, бір күн сөнер.

159. БІР АҒАШТА ҚОС ЖИДЕ

Базардан алып келген күміс қасық-ау!
Сындырдым балалықпен сабын басып.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды-ау!
Ән салшы бір азырақ мауқым басып.

Қайырмасы:

Бір ағашта қос жиде,
Мен тимейін, сен тиме.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Басқа жанды сен сүйме.
Әй! Күлім көз,
Басқа жанды сен сүйме.

160. БІР БАЛА

Талдан таяқ жас бала таянбайды,
Бала бүркіт түлкіден аянбайды.
Уғай-ай, ән салшы-ай, бір бала!

Білім — түлкі болғанда, бүркіт — бала,
Талап етпеу жас шақта жарамайды.
Уғай-ай, ән салшы-ай, бір бала!

Қайырмасы:

Қос етек, бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел.

Үлкен құрал білімге талап еткен,
Талап етсе, мақсатқа адам жеткен.
Уғай-ай, ән салшы-ай, бір бала!

Еңбек етіп жастықта білім тапсаң,
Бақ орнайды басыңа нардай шөккен.
Уғай-ай, ән салшы-ай, бір бала!

Қайырмасы:

Қос етек, бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел.

161. БІР БИДАЙ

Көңілім сүйген таңдаулы бір бидайым,
Шырқап өнге салайын келсе ыңғайым-ай.

Қайырмасы:

Бір бидай, ұнай ма-ай,
Әнім-ай, жаным-ай!

Тудың бөлек анаңнан сонша жақсы,
Ойпан жерге сен біткен жаңа қайың.

Қайырмасы:

Бір бидай, ұнай ма-ай,
Әнім-ай, жаным-ай!

Мен өлеңге салғанда тыңдарлықтай,
Ықыласпен бір бидай, бар ма жайың?

Қайырмасы:

Бір бидай, ұнай ма-ай,
Әнім-ай, жаным-ай!

Көңіл қойып тыңдасаң өлеңімді,
Түрлендіріп ағызам әннің майын.

Қайырмасы:

Бір бидай, ұнай ма-ай,
Әнім-ай, жаным-ай!

162. БІР БИДАЙ—АРПА

Ұшады аққу көлден майпаңдаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.
Су құйып сырлы аяққа тұндырғандай,
Көзіңнен, айналайын, жаутаңдаған.

Қайырмасы:

Бір бидай — арпа,
Өзің біл, қалқа.

Ұшады көкала үйрек көлге қарсы,
Ұясы жануардың желге қарсы.

Кеткенде ауылың шалғай, тату қалқам,
Төгілер орамалға көздің жасы.

Қайырмасы:

Бір бидай — өнім,
Жоқ сенсіз сәнім.

163. БІРЛӘН

Қарағым, айналайын, көз көргенім,
Дәм айдап өзіңменен кез келгенім.

Ахау,
Бірлән, Бірлән,
Әнім түрлен.

Сөзің бал, тісің меруерт, беу, қарағым,
Есімде, мен сендік деп, сөз бергенің.

Ахау,
Бірлән, Бірлән,
Әнім түрлен.

Көрінер жорға сұлу жарағанда,
Желбірер жібек шашың тарағанда.
Таңданып жығылуға таянамын.
Мойныңды бұра тастап қарағанда.

164. ГАУҒАР ТАС

(1-нұсқа)

Қарағым, қаракөзім, қайтейін мен,
Дертіме бір күн дауа боларсың сен.
Зейнетің күлөндәнің раушанындай,
Бихабар қалдым, сәулем, қасіретіңнен.

Қайырмасы:

Беу-беу, Гауһар тас,
Хұсни-құрдас, раушан.
Жүзіңді көргенде, сәулем,
Сабырым қалмас.

Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,
Шолпандай аспандағы жалғыз туған.
Жылы су, қолда құман, қарда орамал,
Жібекпен қызыл көріш белін бұған.

165. ГАУҒАР ТАС

(2-нұсқа)

Қарағым, қарай көзім, қайтейін мен,
Дертіме бір күн дауа боларсың сен.
Зіннатың гүлөнданның раушанындай,
Бихабар қалдым, сәулем, қасіретіңнен.

Қайырмасы:

Беу-беу, гауһар тас,
Құсни құрдас, раушан
Жүзіңді көргенде
Сәулем-ай, сабырым қалмас.

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Шылдырап шашпауың мен алтын сырғаң.
Жай басып өсемденіп шаттанасың,
Керіліп жүйрік аттай мойнын бұрған.

Қайырмасы:

Беу-беу, гауһар тас,
Құсни құрдас, раушан
Жүзіңді көргенде
Сәулем-ай, сабырым қалмас.

166. ГАУҒАР ТАС*(3-нұсқа)*

Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,
Шолпандай таң алдында жалғыз туған.
Жылы су, қолда құман, қарда орамал,
Жібекпен қызыл кәріс белін буған.

Қайырмасы:

Беу, беу, Гауһар тас,
Раушан жүзіңді көргенде.
Сәулем-ау, ау-ай,
Сабырым қалмас, ау.

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Сылдырлап шашбауың мен алтын сырғаң.
Жай жүріп шаттанасың әсерленіп,
Әсемсің жүйрік аттай мойнын бұрған.

Қайырмасы:

Беу, беу, Гауһар тас,
Раушан жүзіңді көргенде.
Сәулем-ау, ау-ай,
Сабырым қалмас, ау.

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай.

Қайырмасы:

Беу, беу, Гауһар тас,
Раушан жүзіңді көргенде.
Сәулем-ау, ау-ай,
Сабырым қалмас, ау.

167. ГӘККУ*(1-нұсқа)*

Шүрегей, көлден ұшқан, сіз бір аққу,
Қалқаға арнап жаздым осы хатты.
Сырнай мен домбыраның арасында,
Балқыған қорғасындай, қайран, Гәкку.

Таранған айдын көлде сіз қоңыр қаз,
Қалқаға көңілім сүйген айтамын наз.
Гәккуді қоңыр қаздай қаңқылдатып,
Өзімдей үйреніп ап, бір сал маңғаз.

168. ГӘККУ*(2-нұсқа)*

Таранған дария ішінде сіз бар аққу,
Мұндай сөз естіп пе едің бек ләзәтлу.
Сырнай мен домбыраның арасында,
Толқыған қорғасындай, қайран, Гәк-ку.

Қыздан да қылықтымын жүрген елге,
Құлақ сал сөз сөйлеген біздей ерге.
Ақ тамақ, шұбар бауыр қоңыр қаздай,
Сала алмас Гәккуіме ешбір пенде.

169. ГИГӘГӨ-ГИГӘК

Жұртбайдың қызы едім мәпелеген,
Ажал тағдыр қоймайды төпелеген.
Бес жасымда құдайым көзімді алып,
Сол себепті-ау, атандым жетелеген-ай,
Сол себептен атандым жетелеген.

Қайырмасы:

Гөй-гө-ги-гөк-ка, ги-гө-гө-ги- гөк-ка,
Гө-ги-гөй-ги-гөк-ка, гө-ги-гөй.
Ги-гө-гө-ги-гөк-ка, ги-гө-гө-ги-гөк, гө-ги-гөй.

Қу домбыра қолыма алып жүрмін,
Бір мінезбен халқыма жағып жүрмін.
Мені көр де, әйелдер, ғибрат ал,
Жын соққандай мен өзім не ғып жүрмін.
Жын соққандай не ғып жүрмін.

170. ГЕК-КОЙ

Жақсылық-ау, табылмайтын бір ғанимәт,
Сай тұрған-ау уақытында сыр мен сымбат.
Ғажайып-ау жүрген жерің сайран қылған,
Жігіт сол-ау райхан гүл көңілге шат.

Қайырмасы:

Гек-кой, ге-ге-ге-ге, гек-кой
Ге-ге-ге-гей.

Домбыра екі-ау шекті алдым қолға,
Қайтпаған-ау бетім менің жүрген жолда.
Кетелік-ау жас уақытта күліп-ойнап,
Кәрілік-ау кез боламыз жайған торға.

Қайырмасы:

Гек-кой, ге-ге-ге-ге, гек-кой
Ге-ге-ге-гей.

171. ГЕККУГАЙ

Күн ашық, жым-жырт дала, өуе тынық,
Жымыып күн қарап тұр көктен күліп.
Сүзілген сұр пердедей бұлдыр сағым,
Біресе толқынданад, бірде тынып.

Қайырмасы:

Бір ағашта бүлдірген,
Қыз бен жігіт бір жүрген.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Ішімді оттай күйдірген.

Бау ағаш мынау қалың сыңсып біткен,
Қойнында әнші құстар күй гүлеткен.
Аңқыған исі әдемі түрлі гүлдер,
Иіліп қарсы алдыңа тәжім еткен.

**172. ГҮЛ-ГҮЛ ЖАЙНАП,
КҮЛСЕҢ ОЙНАП**

Қалам алып хат жаздым сізге таман,
Бір хат жібер кешікпей, сірә, маған-ай.

Қайырмасы:

Қыздарда да қыздар бар,
Жарылмаған қауындай.
Жігіттерде жігіт бар
Базар тонның бауындай.
Гүл-гүл жайнап,
Күлсең ойнап,
Қыз, бозбала шағындай.

Қалам алып хат жаздым, меһірбаным,
Сенсіз жерде болмайды менің сәнім-ай.

Қайырмасы:

Қыздарда да қыздар бар,
Жарылмаған қауындай.
Жігіттерде жігіт бар
Базар тонның бауындай.
Гүл-гүл жайнап,
Күлсең ойнап,
Қыз, бозбала шағыңдай.

Отыз тісің аузыңда-ай меруерттей,
Бес жасымнан мен болдым ғашық дертті-ай.
Ғашық болып бес жастан жаңа жеттім,
Дәуітұлы бұрынғы Жүсіпбектей.

Қайырмасы:

Қыздарда да қыздар бар,
Жарылмаған қауындай.
Жігіттерде жігіт бар
Базар тонның бауындай.
Гүл-гүл жайнап,
Күлсең ойнап,
Қыз, бозбала шағыңдай.

Зылиха мен бұрында Жүсіп өткен,
Ғашық отына олар да түсіп өткен-ай.

Қайырмасы:

Қыздарда да қыздар бар,
Жарылмаған қауындай.
Жігіттерде жігіт бар
Базар тонның бауындай.
Гүл-гүл жайнап,

Күлсең ойнап,
Қыз, бозбала шағындай.

«Сабыр түбі сары алтын» деген сөзі бар,
Мақсатына олар да жетіп өткен-ай.

Қайырмасы:

Қыздарда да қыздар бар,
Жарылмаған қауындай.
Жігіттерде жігіт бар
Базар тонның бауындай.
Гүл-гүл жайнап,
Күлсең ойнап,
Қыз, бозбала шағындай.

173. ГҮЛДЕР-АЙ

Шыға келдім Тайсойған қуысынан-ай,
Бөрекелді, жақсы аға туысыңнан-ай, гүлдер-ай.
Салдыраған дүние сары алтыннан-ай,
Қалар түсіп бір күні уысыңнан-ай, гүлдер-ай.

Қайырмасы:

Гүлдер-ай,
Гүлбағышаштан-ай,
Бұлбұл құстан-ай.
Өнері жоқ, не пайда,
Шіркін, жастан, гүлдер-ай.

Мен жасымнан Тайсойған өскен жерім,
Кіндігімді кір жуып кескен жерім.
Ретінде-ау құрбылық айттым талай,
Біле тұрып ішіңіз ескермедің.

Қайырмасы:

Гүлдер-ай,
Гүлбағышаштан-ай,
Бұлбұл құстан-ай.
Өнері жоқ, не пайда,
Шіркін, жастан, гүлдер-ай.

174. ГҮЛДАР-АЙ

(1-нұсқа)

Гүлдараймен қыз белін қынайтұғын,
Малға кетіп қыз сорлы жылайтұғын,
Гүлдарай!

Аузы қисық болса да малым бар деп,
Бай баласы аруды сұрайтұғын,
Гүлдарай!

Мен де бірі жылаған көп әйелдің,
Қашан ғана өзгерер ғұрпы елдің,
Гүлдарай!

Жатқа малша сатылып кетіп барам,
Тек бұйырсын топырағы туған жердің,
Гүлдарай!

175. ГҮЛДАР-АЙ

(2-нұсқа)

Гүлдар-ай гүл бағы шашқан, бұлбұл құстан,
Не пайда өнері-ай жоқ, шіркін, жастан.
Арқада екі торы ат сор жалаған, гүлдар-ай,
Біреуі кекіл қағып жорғалаған, гүлдар-ай.

Есіме сен түскенде, Гүлдар-ай жан,
Қойныма көзім жасы сорғалаған, гүлдар-ай.
Аха-ха ей, гүл бағы шашқан, бұлбұл құстан,
Не пайда өнері-ай жоқ, шіркін, жастан,
гүлдар-ай.

176. ГҮЛЖАНСАРЫ

Қарсы алдымда Гүлжансары-ау,
Гүлжандай бола бермейді-ай-ай қыздың бәрі.
Жігіттің еш арманы болмас еді-ай,
Гүлжандай болса, шіркін-ау-ау, алған жары.

Қайырмасы:

Дөләй, дәләй, дәләй,
Дөләй, дәләй, да-ай.

Отырған қарсы алдымда Гүлжансары,
Жарасқан тал бойына құрған сәні.
Алыстан ат өксітіп келгенімде,
Бал татыр таңдайыма құйған шөйы.

177. ҒАЗИЗА

Алманың қол сермедім ағашына,
Көз жетіп, алтын, гауһар, Ғазиза-ау, қалқа-ай,
бағасына-ай!
Асыл деп арғымаққа қол артып ем,
Қалдырма дұшпандардың, Ғазиза-ау, қалқа-ай,
табасына-ай!

Алқызыл әсем тоты ұшар сайдан,
Ақ түйғын қуып жетер, Ғазиза-ау, қалқа-ай,
әлдеқайдан-ай!

Қосылып екі ғашық біз кетейік,
Тәуекел істің арты, Ғазиза-ау, қалқа-ай,
бір құдайдан-ай!

178. ҒАЙНИ

Есімнен еш кетпейді Ғайни атың,
Өртеген жүрегімді перизатың.
Бұлақтай көгал қуған таудан құлап,
Бересің кімге арнап бал ләззатың.

Қайырмасы:

Ғайни-ай, сәулем,
Жүргенім менің бүйтіп
Сенің өурең.

Қарағым, өзіңнен де сөзің тәтті,
Сөзіңнен өзің артық инабатты.
Қоянның қолға түскен баласындай,
Жаутаң көз сені қандай адам тапты.

Қайырмасы:

Ғайни-ай, сәулем,
Жүргенім менің бүйтіп
Сенің өурең.

Ғайни қыз, дидарыңа болдым ғашық,
Ойнақтап жүрегімді толқын басып.
Сағынып барғанымда тіл қатпадың,
Күйігі құмарымның кетті асып.

Қайырмасы:

Ғайни-ай, сәулем,
Жүргенім менің бүйтіп
Сенің өурең.

Ғайни қыз, еркелеумен өттің алдай,
Ат мініп ауылыңнан бардым шалғай.
Ер жігіт екі айналмас опасызға,
Мен кеттім өкінішім естен қалмай.

Қайырмасы:

Ғайни-ай, сәулем,
Жүргенім менің бүйтіп
Сенің әурең.

179. ҒАШЫҚ ЖАР

Жалғанда қиын екен екі ғашық,
Екеуі сөйлеспесе мауқын басып, ай.
Ағаштай жапырақ жайған, сүйген сәулем,
Тұрса екен топ ішінде бетін басып, ай.

Қайырмасы:

Ғашық, жар, енді аман бол,
 енді аман бол, ай.
Ахау, сәлем-ай, ғашық жар-ай,
Сәулем, ғашық жар, сүйгенім.
Екеуі сөйлеспесе мауқын басып,
 басып-ай, ғашық жар.

Жан сәулем, айға бітсе, сендей көрік,
Дария тасып, тау балқыр тастар еріп.
Тамақтан үлбіреген бір иіскетсең,
Кетпей ме бойдан қуат, ойдан ерік.

Қайырмасы:

Ғашық, жар, енді аман бол,
 енді аман бол, ай.
Ахау, сәлем-ай, ғашық жар-ай,

Сәулем, ғашық жар, сүйгенім.
Екеуі сөйлеспесе мауқын басып,
басып-ай, ғашық жар.

180. ҒАШЫҚ ЖАР-АЙ

Ей, жайлауы-ай, еліміздің теңіз-көлді-ай,
Желқомыз теңіз жайлап семіз келді-ай.
Тарта бер түйең басын, Жияншашеке,
Құрытқан ынтық зарым сегіз келді-ай-ай.

Қайырмасы:

Уай, ғашық жарым,
Уай, ынтық зарым,
Ой, әлә-лем ли-ли-лә-ей!

181. ҒАШЫҚ ЖАР, СӘУЛЕМ, АМАН БОЛ

(Аттари)

Бауырынан Ерейменнің егін ектім,
Бір шелек ақ бидайды жерге септім.
Аттари, угай
Ғашық жар, сәулем, аман бол.

Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Көл қылып көзім жасын жерге төктім.
Аттари, угай
Ғашық жар, сәулем, аман бол.

182. ҒАШЫҚ ЖАРҒА

Уа, шіркін, ғашықтықпен көңілде арман,
Жетем деп мақсатыма көңілге алған.
Жас жүрек көтеріліп қылмас тұрақ,
Келер деп қашан хабар ғашық жардан.

Жан сәулем, бақшадағы сен қызыл гүл,
Сайраған бір сен үшін мен бір бұлбұл.
Жасымнан бірге өскен сұңқар едік,
Сөзің бал болар ма екен сайрашы тіл.

183. ҒАШЫҚ СӘУЛЕМ

Көшкенде жылқы айдаймын-ай, сарыменен,
Қорғасын мылтық аттым, о, шіркін, дәріменен.
Бетіңнің алақандай-ай, қызыл үшін,
Аулыңның араз болдым, о, шіркін, бәріменен.

Қайырмасы:

Ахахау!
Ғашық сәулем-ай!
Аулыңның араз болдым,
О, шіркін, бәріменен.

Көшеді біздің ауыл-ай, белеңменен,
Қаракөк өзі сұлу, о, шіркін, дөненменен.
Болғанда тау салқыны-ай, төтті ұйқы,
Оятам мен қалқаны, о, шіркін, өлеңменен.

Қайырмасы:

Ахахау!
Ғашық сәулем-ай!
Аулыңның араз болдым,
О, шіркін, бәріменен.

184. ҒАШЫҚТЫҚ

Ғашықтық бір ыстық күн, желі тынық,
Басына түскен жанның көңлі сынық.
Айтқан жар бір сағымның мысалындай,
Қара су — қайғы, қасірет жатқан тынып.

Сағынсам хат жазамын қалам алып,
Раушан ақ жүзінді хатқа салып.
Қалқатай, сені ойламай тұра алмаймын,
Көргенше дидарыңды өзім барып.

185. ДАЙДАЙ-АУ

Қатқылға жол салады шұбырған мал,
Құйрығы кер тор аттың он екі тал.
Ауылына жан досымның, әй, барамын деп,
Қалмады кер тор атта өкпедей жал.
Дайдай-ау.

Жайнаған қару болат тастан шығар,
Жұлқынған ерен жүйрік жастан шығар,
Аңдай бас аяғыңды, құрбыларым,
Дұшпаның алыста емес достан шығар.
Дайдай-ау.

186. ДАРАЙЛЫМ ӘНІ

Екеу-екеу қосылып ән салалық,
Жегіп шана тай көкке қолға алалық.

Қайырмасы:
Айлым бекем
Дарайлым.

Жегіп шана тай көкке алған соң,
Біз сұлуға елдегі көз салалық.

Қайырмасы:

Айлым бекем
Дарайлым.

Атым мінген астымда күрең десем,
Еркем екен өзімнің біреу десем.

Қайырмасы:

Айлым бекем
Дарайлым.

Біздің дауыс шыққанда танырмысың,
Елек бойын жағалап жүрем десең.

187. ДАРИҒА

(1-нұсқа)

Алдында есігімнің балғын көл-ді, ай,
Балығын балғын көлдің, алғым, келді, ау.
Бірге өскен кішкентайдан қыз Дариға-ау, ай,
Жеріңде аттандырған, қалғым келді, ау.

Қайырмасы:

Ей! Ойпырмай!
Күйіп-жанып барамын,
Бағы бар маңдайында
Сені тапқан адамның.

Жарқылдап алтын-күміс тағынғаның,
Дариға, көне, сенің сағынғаның.

Төрт бөліп түн ұйқымды келгенімде,
Уәдеңе келмей қалып не қылғаның.

Қайырмасы:

Ей! Ойпырмай!

Күйіп-жанып барамын,

Бағы бар маңдайында

Сені тапқан адамның.

188. ДАРИҒА

(2-нұсқа)

Барады аулым көшіп Балғын көлге,
Балығын балғын көлдің алғым келді.
Ойнаған бес-алты күн қалқатайым,
Жерінде аттандырған қалғым келді.

Қайырмасы:

Жазарма-ай маған-төңір-ай!

189. ДАРИҒА-АЙ

Дариға, сылаң қағып бұраңдайсың,
Дүние өтер десем-ау, тіл алмайсың-ай.
Алтайы құмнан қашқан түлкідейін,
Қалқатай, қолға түспей-ау, бұлаңдайсың-ай.

Нұрысың сен дүниенің, алып тұрған,
Күйігің сенің мені зарықтырған.
Қалқам-ау, сезбедің ғой сенің үшін,
Кеудемде жалын барын, жанып тұрған.

190. ДАРИҚА

Қой айдадым Орынбор базарына,
Кім көнеді жаманның азабына,
О, Дариқай.

Жер соқтырып жаманды кетер едім,
Қарап жүрмін жұртымның ажарына,
О, Дариқай.

Қайырмасы:

Әлди, әлди, бөпем-ау,
Жылама, бөпем, сәулем-ай.

191. ДӘУЛЕТІЯР

Пұл жібердім, у-и-и, базардың ерігіне,
Барсаң, сәлем айта бар серігіме, айта бар серігіме.
Жатсам, тұрсам, құдай-ай, таң қаламын,
Айтқан сертке құрбының берігіне, ай-ау.

Қайырмасы:

Кердерінің жігіті кер болады,
Балағына салғаны зер болады.
Айдап салар алдына бір тайы жоқ,
Іші толған көкірек шер болады.

Жасырынбас жамандық көмгенменен,
Жақсылық жоқ бағасын ел бермеген.
Жаман жақсы болмайды еш уақытта,
Жалған көңіл, бос мақтан бөлгенменен.

Қайырмасы:

Кердерінің жігіті кер болады,
Балағына салғаны зер болады.
Айдап салар алдына бір тайы жоқ,
Іші толған көкірек шер болады.

192. ДИДАКУ ЖАН

Өкшесі етігімнің айнала жез,
Айналайын көзіңнен дөңгелек көз.
Екеуміз екі рудың баласы едік,
Қаңбақтай жел аударған болыппыз кез.

Қайырмасы:

Дидаку жан-ай,
Дидаку жан-ай,
Дидаку жан-ай.

Дауысың қоңыр қаздың дауысындай,
Нәзіктігі беліңнің қауырсындай.
Қиядан түлеп ұшқан қыран едім,
Қонақ қыл мекеніңе ауырсынбай.

Шақырдың «келсең кел» деп, ауылыңа,
Жіберейін бір сипат сауырыңа.
Мойныңа ақ білекті арта салсам,
Тигендей болып жүрме жауырыңа.

193. ДОСТЫМ ЖАН

Есігімнің алдында балғын көлді-ай,
балғын көлді-ай,
Балғын көлдің балғынын алғым келді-ай.

Даланың ерлерінен жортқан аттай,
Салайын құйқылжытып дөң асқанға,
дөң асқанға.
Е-ей, ей, дөң асқанға, е-ей, ау.

Қай дөңгей, мына дөңгей, дөңгей, дөңгей,
Дауысым ашылмайды шыға келмей.
Көзіме елес-елес көрінесің,
Базарда кезі елу сом, алтын зердей.

Ән салсаң өзімдей сал аңқылдатып,
Үніндей самал желдің саңқылдатып.
Толғанып, емірентіп, ескектетіп,
Таңындай ақ бөкеннің жарқылдатып.

195. ДӨҢГЕЛЕК КӨЗ

Өкшесі етігімнің айнала жез,
Көзіңнен айналайын дөңгелек көз.

Қайырмасы:

Ха-ла-ла-ла-лау,
Ха-ла, ла-ла, ләй, әй-ау!

Екеуміз екі рудың баласы едік,
Қаңбақтай жел аударған болыппыз кез.

Қайырмасы:

Ха-ла-ла-ла-лау,
Ха-ла, ла-ла, ләй, әй-ау!

Берейін сақинамды сақтаймысың,
Ауылыңа мені барып мақтаймысың.

Қайырмасы:

Ха-ла-ла-ла-лау,
Ха-ла, ла-ла, ләй, әй-ау!

Сұрасаң біздің ауыл, Талкөдеде,
Іздесең шыныменен, таппаймысың.

Қайырмасы:

Ха-ла-ла-ла-лау,
Ха-ла, ла-ла, ләй, әй-ау!

196. ДУДАР-АЙ

Ащы көл, Тұщы көлмен арасы-ай бір,
Басыңда кәмшат бөркің жарасып жүр.
Дударай, келер болсаң, тезірек кел,
Орныға хахол, орыс таласып жүр.

Қайырмасы:

Дудар-ари дудым,
Қол-аяғын будым.
Шіркін-ай,
Дудар-ари дудым, уай!

197. ДҮНИЕ-АЙ

(1-нұсқа)

Ғашық болдым көрдім де, ей, қалқажан,
Бір сөзім бар көңілімде-ау, айта алмаған-ай.
Сүйсіндіре күлімдеп-ай, қарайтұғын,
Айналайын көзіңнен-ау, жаутаңдаған-ай.

Сағынамын сарғая сүйген сәулем,
Ішкі сырды сан рет түйген сәулем.
Үйде тыныш жадырап жата алмаймын,
Жастық лебің жандыра тиген сәулем.

198. ДҮНИЕ-АЙ

(2-нұсқа)

Жылдар да, жылдар да бар, бағзай, бағзай,
Келеді бір наурызда, дүние, елдің жазы-ай.
Алабын айдын көлдің сулар алса,
Сыңқылдап ұшып-қонар, дүние, үйрек-қазы-ай.

Ат мініп ойнақыдан-ей, құс салғанда,
Сылаңдап жез қарғылы ерсін тазы-ай.
Басында жігіт адам-ей, жігер болса,
Қалқаға айып болмас еткен назы-ай.

199. ДҮНИЕ-АЙ

(3-нұсқа)

Аспанда ұшып жүрген қара шыбын,
Нәрсенің қолдан шыққан, дүние-ай,
бәрі шығын.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, дүние-ай, қарашығым.

200. ЕДІЛ БОЙЫ

Ар жағында Еділдің бір терең сай,
алқарай көк!
Сүйреткен жібек арқан телқоңыр тай.

Жеңеше-ай, осылай
Әнім өзгеше-ай!

Ағаштың бұтағына қонып алып,
алқарай көк!
Сайрайды таң алдында бозша торғай.
Жеңеше-ай, осылай
Әнім өзгеше-ай.

Қайырмасы:

Алқар-ай көк жаз жайлап,
Салы орамал бір байлап.
Сағынып сәулем келгенде,
Қайда кеттің а-ай, той-тойлап.

Ар жағында Еділдің бір асқар бел,
алқарай көк!
Сырын ашқан көңілдің көк самал жел.
Жеңеше-ай, осылай,
Осылай әнім өзгеше-ай!

Бұрыс айдай көңілің менде болса,
алқарай көк!
Аузыңды ашып, қалқатай, тіліңді бер.
Жеңеше-ай, осылай
Әнім өзгеше-ай.

201. ЕЙ, ҚАЛҚА

Ей, қалқа, ғашық болдым жамалыңа,
Қызықпас кімдер көрсе ажарыңа.
Құрбым деп нәсілім теңдес сөз айтқанда,
Тигізбе қатты жауап назарыма.

Қайырмасы:

Алалым,

Міне, қызық заманым.

Ей, қалқа, дөнекерсің айнадағы,
Жақындық әр адамға пайда-дағы.
Өксітпей жауабыңды қайыр, сәулем,
Ақ шөйі орамалға байла-дағы.

Қайырмасы:

Алалым,

Міне, қызық заманым.

202. ЕКІ БІРДЕЙ СҰР ЖОРҒА

Ауылым көшіп барады көк қауланға, әй,
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға, ай-ду-ай!
Екі жастың тілеуін берген күнде, әй,
Қосып-қосып қойсашы көңілі ауғанға, ай-ду-ай.

Қайырмасы:

Екі бірдей сұр жорға,

Амал бар ма қу сорға.

Ебін тауып ойнасаң,

Нең кетеді бір жолға?

Көтеріңкі көрінер көл қабағың, әй!
Болар ма мұндай семіз тел жабағың ай-ду-ай!
Алыстан әдейі іздеп келгенімде,
Иіс майдай аңқиды ақ тамағың.

Қайырмасы:

Екі бірдей сұр жорға,

Амал бар ма қу сорға.

Ебін тауып ойнасаң,
Нең кетеді бір жолға?

203. ЕКІ ҒАШЫҚ, ДАРИҒА

Ойламай сағат сені тұра алмаймын,
Мойнымды басқа жанға бұра алмаймын.
Айрылып шыныменен қалғаным ба,
Қалайша ауылыңа бара алмаймын.

Деуші едім жастан сені маған серік,
Аққудай аппақ шырай біткен көрік.
Керілген кермаралдай кербезім-ай,
Күн бар ма көңілім тынар сені көріп.

204. ЕКІ ЖИРЕН

(1-нұсқа)

Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Аулыңа барушы едім даламенен.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Сағынып, сарғаямын санаменен.

Қайырмасы:

Ахау!
Екі-ау жирен,
Жалын түйген,
Жалғанда ғашығым сен,
Жаным сүйген.

Жан құрбым, сөз сөйлеймін көрген зардан,
Кетпеймін күдер үзіп, ақ сұңқардан.

Көңліме еш дауалық болмаған соң,
Ойымда толып жатыр ару арман.

Қайырмасы:

Ахау!

Екі-ау жирен,

Жалын түйген,

Жалғанда ғашығым сен,

Жаным сүйген.

205. ЕКІ ЖИРЕН

(2-нұсқа)

Ғыззатлу хат жазамын, қалқам саған,
Самарқау осы күнде көңілім шабан.
Мұғаллақ екі дүние бірінде жоқ,
Дариға құр жастықпен өтті заман.

Қайырмасы:

Әй!

Екі жирен,

Жалын түйген,

Жалғанда ғашығымсың, ай,

Жаным сүйген.

Қарағым, айналайын, мейірбаным,
Көрмеді ешбір рахат сенсіз жаным.
Айырылып сенен, сәулем, кетіп қалсам,
Жалғанда екі бірдей болмас мәнім.

Қайырмасы:

Әй!

Екі жирен,

Жалын түйген,
Жалғанда ғашығымсың, ай,
Жаным сүйген.

206. ЕЛІГАЙ

(Илигай)

«Кел» деп едің, Елігай, келіп тұрмын,
Отқа түспей өртеніп еріп тұрмын.
Сертте тұрсаң, мен сендік — жаным құрбан,
Сырым осы — сертімді беріп тұрмын.

Айналайын, қарағым, қара қасым,
Қара мақпал жібектей — қара шашың.
Баласындай еліктің Елігім ең,
Сені ойласам, мөлдіреп көзден жасым.

«Елігай» деп атыңды қойдым арнап,
Сен — ақ шабақ болғандай салдым қармақ.
Еркін таудың еркесі — елік болсаң,
Мен де өзіңдей жалғызбын — ерке саңлақ.

207. ЕЛІМ-АЙ

(1-нұсқа)

Қызды қор ғып жасаған жаратқанның,
Мал бергеннің аузына қаратқаның-ай,
Елім-ай, елім-ай!
Сүйгеніме бара алмай арманда боп-ай,
Торға түскен торғайдай алақтадым-ай,
Елім-ай, елім-ай!

208. ЕЛІМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Қарайғанға қараймын қабан ба деп,
Қамшылаймын атымды шабам ба деп.
Өткеннен де сұраймын кеткеннен де,
Туған жерім Ақбұлым аман ба деп?

209. ЕРКЕ ШАҚ

Айналайын, қарағым, орта бойлым,
Сары майдан айырып торта қойдым,
Еркем-ай.

Қайырмасы:

Таста, қалқам, ойынды,
Көтерсейші бойынды,
Әй, Еркем-ай!

Осы арада жүзіңді көріп тұрып,
Еркежан деп атыңды жорта қойдым,
Еркем-ай.

Қайырмасы:

Таста, қалқам, ойынды,
Көтерсейші бойынды,
Әй, Еркем-ай!

Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым дел-сал тартады керілгенде,
Еркем-ай.

Қайырмасы:

Таста, қалқам, ойынды,
Көтерсейші бойынды,
Әй, Еркем-ай!

Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Жан сәулемнің төбесі көрінгенде,
Еркем-ай.

Қайырмасы:

Таста, қалқам, ойынды,
Көтерсейші бойыңды,
Әй, Еркем-ай!

210. ЕРКЕМ-АЙ

(1-нұсқа)

Адамнан артық ажар, ақыл айлаң,
Ажары ақ бетіңнің асқан айдан.
Адасқан аққу құстай болдым асық,
Айдындай ақ төсіме асылшы, айнам,

Қайырмасы:

Еркем-ай, Еркем-ай,
Би билесіп, өн шырқау —
Қызықтың ай-ай, қызығы-ай.

Аққу құс айдын көлде шомылғандай,
Лашын құс өз бойына қорынғандай.
Өніндей домбыраның дүрілдетіп,
Көк тұйғын қуға түсіп шошынғандай.

Қайырмасы:

Еркем-ай, Еркем-ай,
Би билесіп, өн шырқау —
Қызықтың ай-ай, қызығы-ай.

211. ЕРКЕМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Ер болмас белін жалпақ бұғанменен,
Тазармас нағыз қара жуғанменен.

Беу, еркем-ай!

Байқасаң, ақыл басқа, ажар басқа,
Пайда жоқ құр өдемі туғанменен.

Беу, еркем-ай!

Жылқы сайға тұра алмас қыс келгенде,
Жер шаңдақ тартады ел келгенде.

Беу, еркем-ай!

Ауыздағы жел сөзді аяйым ба,
Бүгежектеп отырмын сөз келгенде.

Беу, еркем-ай!

212. ЕРКЕТАЙ

Мен сағынып хат жаздым, еркем саған,
Не болып жүр ондағы, еркем-ау, сенің бағаң.
Екі көзден жас кетпей мен де жүрмін,
Ашпады ғой көзімді, еркем-ау, мынау ағаң!

213. ЕРТІС

Ертістің ар жағында көрдім сені,
Сырғаңды қайық қылып, ай, сәулем,
өткіз мені-ай!

Сырғаңды қайық қылып өткізбесең,
Болсаң да қордың қызы-ай, сәулем,
көрмен сені-ай!

Қайырмасы:

Сәулетай, ха-лилу, халилу,
Лалалаку-ай, хайлаулалім,
Сәулем көрмен сені, ай!

Ертістің арғы жағы, бергі жағы,
Жайқалған жағасында, ай, сәулем,
жапырағы-ай!
Жігіттің алған жары болса жаман,
Бірге өскен құрбы алдында-ай, сәулем,
сынар сағы-ай!

Қайырмасы:

Сәулетай, ха-лилу, халилу,
Лалалаку-ай, хайлаулалім,
Сәулем көрмен сені, ай!

214. ЕСЕЙ

Бір қамшым бар қолымда бұйра сапты,
Бұйра сапты сол қамшым жұртта қапты-ай.
Арамыздан қыл өтпес тату едік,
Арадағы қызыл тіл алыстатты-ай.

Дәйім менің мінгенім мұз көкала,
Осы әніме сала алмас өзге бала-ай.
Арамыздан қыл өтпес тату едік,
Арадағы айрылдық сөзге бола-ай.

215. ЕСЕНТАЙ

Қолында қыз баланың атын балдақ,
Дарияға түсе қалдым атым жалдап.

Алыстан асаукермен келгеніңде,
Алдыңнан еркең шықсын бипалаңдап.
Сағындым деп көзіңе жас алғанда,
Тұрады жаутаң қағып қыз кербалдақ.

Қайырмасы:

О, қыз кер балдақ,
Қыз кер балдақ.

216. ЕСКЕ АЛУ

Күн де батып барады-ай қайта келмей,
Уа! Жастың-ай жазы-ай өтеді-ей бір ай демей.
Қосылысқан қиядан сәулем едің,
Кеткенің бе шыныңмен сөзге сенбей.

Жаз да қызып келеді көктеп жарып,
Қайбір қулар келеді өнге салып.
Тілден шекер алайын сүйген сәулем,
Қоя ма екен сәулесін есіне алып.

217. ЕСКІ ӘН

(1-нұсқа)

Базар барып, базардан-ау, қауын алдым,
Асыл қара бешпенттің-ау, бауын алдым, ай.
Жардан безіп жасқанып-ау, жүргенімде,
Оймақ ауыз, күлім көз-ау, тауып алдым, ай.

Кемімен дер кей пенде бір малданса,
Жан жуытпас жаман ат бір жалданса.
Ғазиз ердің қадамы ұзамайды,
Бақыт шіркін жігітке сырт айналса.

218. ЕСКІ ӘН*(2-нұсқа)*

Әй!

Келеді қонақ таңдап боз үйлерге,
Келеді ханнан қағаз бек билерге.
Етегі шапанымның-ай, шалғайданып,
Түспедім сенің үшін не күйлерге.

Базарға пұл жібердім асыл тасты,
Қайғылы көкірегім, көзім жасты.
Түскенде сен есіме, жан-ау ерке,
Күйігің, дертің қатты басылмас-ты.

219. ЕСКІ ӘН*(3-нұсқа)*

Пендеге, төңір сүйсе, дәулет берер-ай,
Дұшпаның қызмет қылып, соңына ерер-ай.
Басыңа бақыт, дәулет қонған күні-ай,
Дос болып, кеткен дұшпан соңыңа ерер-ай.

Шын досың көзге емес, сырттан мақтар,
Досыңның сыртын қойып, ішін ақтар.
Сыртыңнан әр ісіңе қамқор болған,
Күндерде қиын-қыстау сенімді ақтар.

Жібекті бос өрсең де, бөз болмайды,
Алтынды боясаң да жез болмайды.
Мысалы әр нәрсенің, міне, осындай,
Өжетті кемітсең де ез болмайды.

220. ЕСКІ ӘН*(4-нұсқа)*

Астымда атым мінген Бозойнақ-ты,

Ахау!

Жиылып бүгін түнде қыз ойнапты.

Ішінде ойнағанның өзім жоқпын,

Ахау!

Орнынан тауып алдым жез оймақты.

Ей! Жез оймақты.

Базардан бір ат алдым елу беске,

Жем бердім семірсін деп ерте-кеш те.

Бір күні ел аралап келе жатсам,

Екі қыз ән салады «Қозыкөшке»,

Ей! «Қозыкөшке».

221. ЕЩАН

Баласы мен Қосақтың Ещан-Қойман,

Туады егіз қозы қоңыр қойдан-ай,

егіз қозы қоңыр қойдан.

Алыстан ат терлетіп келгенімде,

Кеңес те қабырғаңа өзің ойлан-ай,

қабырғаңа өзің ойлан.

Қарағым, айналайын, еркем деймін,

Бастаған қой баласы серкем деймін.

Уағыда бел байлаған өзің бұздың,

Сөзіңе сенің айтқан мен не дейін.

222. ЖАЙДАРМАН

Ауылымның қонғаны қызыл шілік-ай,
Біреуінен біреуі өзге шілік-ай.

Қайырмасы:

Жайдарман қара-ай көз,
Жақсы-ай, құрбым, майда-ай сөз.

223. ЖАЙДАРМАН

Көрінсеңші көзіме егіндей боп,
Жаңа шыққан егіннің көгіндей боп.

Қайырмасы:

Жайдарман, қара көз,
Жақсы, құрбым, майдай сөз.

Аңсап, шаршап алыстан келгенімде,
Жан көрінбес көзіме өзіндей боп.

Қайырмасы:

Жайдарман, қара көз,
Жақсы, құрбым, майдай сөз.

Айналайын көзіңнің қарасынан,
Хат жазамын қасыңның арасынан.

Қайырмасы:

Жайдарман, қара көз,
Жақсы, құрбым, майдай сөз.

Күндіз-түні аулыңнан шықпас едім,
Мен қорқамын дұшпанның табасынан.

Қайырмасы:

Жайдарман, қара көз,
Жақсы, құрбым, майдай сөз.

224. ЖАЙҚАЛДЫ ГҮЛ ЖАПЫРАҒЫ

Жайқалды гүл жапырағы
Жаздың жылы кешінде.
Терең ойлы Мариямның
Сүйген жары есінде.

Сағат жеті болғанда,
Жұмыскер қайтты қалаға.
Мариям улап қалыпты деп,
Әкелді ауруханаға.

225. ЖАЙЛАУ

Бір кезде жігіт болдық бұлғақтаған,
Ат мініп, үкі тағып ырғақтаған.
Жылқының суға айдаған тозаңындай,
Ол дәуір табылмай тұр біздің шақтан.

Қайырмасы:

Ахау, хиләлу, хиләлу,

.....

.....

Немене көрген қызық көрмегендей,
Аспанда жауар бұлт өрлегендей.

226. ЖАЙМА ҚОҢЫР

Ертістің ар жағы — ар қанаты,
Әншінің домбырасы — қолғанаты.
Жағалап Қара Ертісті Естай ақын,
Деп салған-ау, «Жайқоңыр» деп әннің аты.

Әуелі бұл шіркінді бастау қиын,
Екінші көптің сөзін тастау қиын.
Төрт сөзің түгелімен келмеген соң,
Барқырап көп алдында қақсау қиын.

Бұл өнді айту керек жайлап қана,
Өзінің нақысымен сайрап қана.
Дариядай шалқып жатқан болмаса да,
Бұлақтай көзі шыққан қайнап қана.

227. ЖАЙ ТОЛҚЫН

Анадайдан көрінген ой екен ғой,
Ой астында жайылған қой екен ғой.
Қызды ауылдың маңында күнде қызық,
Жүрген жері қыздардың той екен ғой.

Ақ түлкінің ажарың ажарыңдай,
Сала көрме жаманға назарыңды.
Қыз кеткен соң аулыңнан қызық кетер,
Жәрмеңкенің тарқаған базарыңдай.

228. ЖАЛАКЕШ

Өзі жалғыз жақсының ақылы егіз,
Болған күнде дос екеу, ой, дұшпан сегіз-ай.

Қатар құрбым осындай кез келгенде,
Босқа қарап сөйлемей тұрған неміз-ай.

Жиырмада жасым бар, жылым тауық,
Өмір өтіп барады аттай шауып.
Тіршіліктің барында шалқақтайын,
Өлген күні қаларсың жерді тауып-ай.

229. ЖАЛҒАН

(1-нұсқа)

О, жаным, дүние өтеді, дүние өтеді,
Қолынан оймақсыздың ине өтеді.
Күл де ойна тіршілікте деп айтамын,
Түбіне сұм жалғанның кім жетеді,
кім жетеді-ай.

Қайырмасы:

Ей! Ау!

Жалған, кім жетеді-ай.

Дүние жеткізбейді құғанменен,
Ат көркем көрінеді тұрманменен.
Ақ көйлек секілді емес ақ ниетің,
Тазармас, бір кірлесе, жуғанменен.

Қайырмасы:

Ей! Ау!

Жалған, кім жетеді-ай.

Өлеңді мен айтамын екіленіп,
Иіскер қой қозысын мекіреніп.
Сыйласып қызықты өмір өткізейік,
Дүниеге жүрген кім бар екі келіп.

Қайырмасы:

Ей! Ау!

Жалған, кім жетеді-ай.

230. ЖАЛҒАН

(2-нұсқа)

Ей, қалқа, дуанамын бір сені ойлап,
Жалғанда қызығыңа бар ма тоймақ-ау.

Ой, жалған, дүние-ай.

Десем де ойламаймын ойлатарсың,
Ұқсаған ләззат балға аузың оймақ-ау.

Ой, жалған, дүние-ай.

Ей, қалқа сендей болсын жанға серік,
Ішің дос, сыртың суық, дөтің берік.
Ақ иық көктен төніп түйіліп жүр,
Түсірмей не себептен жүрсің көріп.

231. ЖАЛҒАН

(3-нұсқа)

Қарағым, айналайын, айнадағы,
Жақындық екеумізге пайда-дағы.
Тәуекел бір кездерде кездесерміз,
Жүре бер уағыдаңды байла-дағы.

Қайырмасы:

Ал, пай-пай, агәгу жалған.

Ә-ги-ги, Әләлім агигая.

Қарағым, айналайын, қалдым кейін,
Сағынып жолың күтіп көпке дейін.
Келер деп қуанышпен демеу қылам,
Бір сенің тілегіңде зар еңіреймін.

Қайырмасы:

Ал, пай-пай, ағәгу жалған.
Ә-ги-ги, Әләлім агигая.

232. ЖАЛТЫР ҚҰЛА

Үйірі жалтыр құла көк аланың,
Жігітке жоқ пайдасы көп жаланың.
Теріс арқау жиырманың толқынында,
Бір жауы өсек-аяң бозбаланың.

Мақпалдың қызыл күрең түгіндейсің,
Қырмызы алтын зердің жібіндейсің.
Ішімде қатқан мұзым жібимейді,
Сыртымнан айтып сөзді күлімдейсің.

233. ЖАМАЛ

Ортасында дарияның борық тұрған,
Екі бала борықты сорып тұрған.
Сен іздесең теңіңді мен сұраған,
Айналайын жанымнан жолықтырған.

Қайырмасы:

Ойпырмай, Жамал-ай,
Жазбас па екен саған-ай.

Мына белес, қай белес құла белес,
Құба жонға бітеді қуғыл мәмбес.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Сәлемет-сау жүр ме екен уәделес.

Қайырмасы:

Ал, пай-пай, агәгу жалған.
Ә-ги-ги, Әләлім агигая.

234. ЖАМАЛ-АЙ

(1-нұсқа)

Астымда мінген атым-ау,
 мінген атым-ай, ала құнан,
 Жамал-ай,

Тимеді асыл достым-ау,
 асыл достым, маған панаң,
 Жамал-ай.

Шортаңдай шабақ қуған-ау,
 шабақ қуған-ай, шолп еткізіп,
 Жамал-ай,

Сүйер ме еді айналайын-ау,
 айналайын, тамағыңнан,
 Жамал-ай.

Жүгірген қойдан қойға сары серке,
Қайтейін қылығыңды, сұлу ерке.
Кеш болса серуенге шығасың сен,
Қызғыштың айдарындай біткен жеке.

235. ЖАМАЛ-АЙ*(2-нұсқа)*

Ақылың бар бала едің аңлағанға,
Жүре жауап бересің арнағанда,
Жамал-ай.

Қайырмасы:

Уа, шіркін, жан Жамал-ай,
Жан Жамалдың амалы-ай!
Өтеді қайран, заман-ай,
А-хай, ә-гә-гәй!

Ортасында Еділдің сен бір терек,
Бұтағыңнан бір ұстап қармағанға,
Жамал-ай.

Қайырмасы:

Уа, шіркін, жан Жамал-ай,
Жан Жамалдың амалы-ай!
Өтеді қайран, заман-ай,
А-хай, ә-гә-гәй!

Есті тыңдар, жақсы айтсам, қабыл алып,
Ақ жүзіңді көрмесем, сағыналық,
Жамал-ай.

Қайырмасы:

Уа, шіркін, жан Жамал-ай,
Жан Жамалдың амалы-ай!
Өтеді қайран, заман-ай,
А-хай, ә-гә-гәй!

Қызғалдақтай жастықта сыйласалық,
Өкінерміз бір күн бәрі қалып,
Жамал-ай.

Қайырмасы:

Уа, шіркін, жан Жамал-ай,
Жан Жамалдың амалы-ай!
Өтеді қайран, заман-ай,
А-хай, ә-гө-гөй!

236. ЖАМАЛ-АЙ

(3-нұсқа)

Алқызыл басында-ау, ала ноқта,
Айналайын, қарағым, еркем тоқта.
Кезең жерде-ау кез болған едің, Жамал,
Өнеугі айтқан уәдең бар ма, жоқ па?

Қайырмасы:

Жамал-ай, Жамал-ай,
Не жаздым, қалқам, саған-ай?

Ұстағаным қолыма-ау бұйда пышақ,
Жамал, сені көрдім де жайдым құшақ.
Қасіретіңе, Ақжамал, болдым риза,
Айдын көлдің аққуы саған ұқсап.

Қайырмасы:

Жамал-ай, Жамал-ай,
Не жаздым, қалқам, саған-ай?

237. ЖАНЫМ, ЖӘКЕШ

Ұстағаным қолыма алтын қалам,
Еске түссе сөзіңіз, от боп жанам.
Жәкеш-ай, енді есен бол-ай!

Қызыл гүлдің бұлбұлсыз сәні жоғын,
Айырыларда, қалқатай, еске салам.
Жәкеш-ай, енді есен бол-ай!

Қолымда бір қамшым бар шежемейлі,
Барғанда мал өріске не жемейді.
Жәкеш-ай, енді есен бол-ай!

Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Қызыл тіл арадағы не демейді,
Жәкеш-ай, енді есен бол-ай!

238. ЖАҢА ӘН

Ей!
Жастар шырқап, ойнайды, әндетеді,
Жер-өңірге жаңғырып-ай, ән кетеді.
Жаңа ел, жаңа өмір тамаша,
Колхозшы ауылым жаңаша-ай!

Сол қызықтың ішінде отырғанда,
Көтерілер арайлап-ай, таң етегі.
Жаңа ел, жаңаша өмір тамаша,
Колхозшы ауылым жаңаша-ай!
Қандай тамаша, ай!

239. ЖАРҚ ЕТПЕ

Келмейді қайран шашым тарақтауға,
Орадым жібек оқа балақ бауға-ай!
Хабарын жан сәулемнің естіген соң,
Мен бардым күндік жерге қонақтауға-ай!

Байладым қара арғымақ керме ағашқа,
Жан құрбым, сіз дегенде жаным басқа-ай!
Ауылың алыстаса өмір өксіп,
Беріп кет алтын жүзік сағынбасқа-ай!

240. ЖАС ЖҮРЕКТІҢ СҮЙГЕНІ

Жіберем әнге салып қой жаймаменен-ай,
Қалып еді көңілің ғой, айнама, қайда менен,
Айсәулем-ай.

Сен айнамаңның айрылсам ар жағынан-ай,
Сендей талай айрылдым ғой, айнама,
Көлбеңнен, Айсәулем-ай.

Қайырмасы:

Екі-ай ғана жирен-ай,
Жал-құйрығын түйген-ай.
Оймақ ауыз, көмір көз-ай, айнама,
Жас жүректің-ай сүйгені-ай.

241. ЖАС ЖІГІТТІҢ ӘНІ

Ей!
Қосылып екеу-екеу ән салайық,
Тайкөкті жегіп шана қолға алайық.
Тайкөкті жегіп шана қолға алған соң,
Елдегі бір сұлуға көз салайық.

Астымда мінген атым күрең десем,
Өзімнің еркем екен біреу десем.
Шыққанда біздің дауыс танырмысың,
Жағалап Елек бойын жүрем десең.

242. ЖАС ӨТТІ

Он бесте тартып міндім аттың жалын-ау,
Сол кезде айтқан сөзім от пен жалын-ай.
Бүркіттей тасқа түскен талап етіп-ай,
Сонымен біраз жүрдім ұзын сарын-ай.

Құрдым мен он сегізде жігіт салтын-ау,
Байқамай әр нәрсенің алды-артын-ай!
Аяғым дүлдүл болды, басым бұлбұл-ай,
Перзент жоқ, бұзады екен ердің шартын-ай.

243. ЖӘМИЛА

Торыны жаз жайламай күз жайлайды, ай, ау,
Басыңа не күн туды-ай, бізді ойламай, ау,
Жәмила-ай-ау.

Ахау, жалған-ай!
Арманым, ау, Жәмила-ай.

Қапаста өтіп кеткен жиырма бес, ай, ау!
Өткіздің алды-артыңды, ай, абайламай-ау,
Жәмила-ай, ау.

Ахау, жалған-ай!
Арманым, ау, Жәмила-ай.

Ойлашы өткір қандай, жасық қандай,
Барады өтіп өмір асыққандай.
Барыңда оралыңның ойна да күл,
Қара жер бауыры суық басып қалмай.

244. ЖЕЗ ОЙМАҚ

Астымда атым мінген боз ойнақтай,
Жиып бүгін түнде қыз ойнапты-ай.
Ішінде ойнағанның өзім жоқпын,
Орнынан тауып алдым жез оймақты-ай.

Келеді екі құлан оттай-оттай,
Көрмедім жер сауырын оймауыттай.
Есіме сен түскенде, асылым-ай,
Аяғым баса алмаймын шідерлі аттай.

245. ЖЕКЕЙ САЛ

Біздің қыстау берік тас Қызыл биік,
Бауырында ойнаған біз бір биік.
Сен есіме түскенде, Жекей салым,
Екі стакан май іштім, ішім күйіп.

Қайырмасы:

Дүние далың,
Жекей салың.

Тоқтайтұғын алдында қамал бар ма,
Бұрынғыдай ойнайтын заман бар ма.
Қырық жігіттің қыздары өн шырқайды,
Тәңірім әйел қылған соң амал бар ма?

Тоқтатарға келмейді сенің халың,
Жетпейді деп жүрсің бе дүние-малың.
Қайта айналып көргенше кім бар, кім жоқ,
Бәрің де есен болыңдар, өңкей салым!

246. ЖЕҢГЕЙ

Әнімнің, ай-ау, деген аялғысы,
Аттыға жол бермейді жаяу кісі, а-ау,
жаяу кісі-ай.
Ат міндім, айғыр міндім құтаймады,
Жақсы екен тай да болса баяндысы, а-ау,
баяндысы-ай.

Қай дөңге, мына дөңге, құба дөңге,
Белгі етіп шанышам құрық көріп көнге.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүр ме екен аман-есен біздің жеңгей.

247. ЖЕҢЕШЕ-АЙ

(1-нұсқа)

Айдап салдым жылқымды тепсең жерге,
Сіздей адам болар ма ексем жерге.
Намаздыгер намазшам арасында,
Асыққаннан тимейді өкшем жерге.

Қайырмасы:

Ай, жеңеше-ай,
Мінезің қалай өзгеше-ай.

Айдап салдым жылқымды ошағанға,
Салсам құрық тимейді қашағанға.
Сен есіме түскенде, асыл еркем,
Бір көрсет деп жалындым жасағанға.

Қайырмасы:

Ай, жеңеше-ай,
Мінезің қалай өзгеше-ай.

Ата-анамды сағынып әнге салдым-ай,
Бауырымның хабарын алмағалы.

Қайырмасы:

Үкілім-ай, жеңеше-ай,
Сағындым, сәулем, өзгеше-ай!

Ақ қағазға хат жаздым қалам алып-ай,
Жүрек сырын қозғалтып әнге салып.

Қайырмасы:

Үкілім-ай, жеңеше-ай,
Сағындым, сәулем, өзгеше-ай!

Ойнап-күліп жүруші-ек, жеңешетай,
Шалға кетіп қор болдым есім танып.

Қайырмасы:

Үкілім-ай, жеңеше-ай,
Сағындым, сәулем, өзгеше-ай!

250. ЖЕТІ ҚЫЗ

Мінгенім дәйім менің дедің көкше,
Зарауқау,
Көлбеңдеп көзге түсер қыз бой жетсе,
Зарауқау.

Қайырмасы:

Күлзира, Үнзира,
Қабира, Қатира,
Фатима, Жекейжан,
Сағындым-ау, жетеуіңді-ай.

Сарғайып сабағынан үзіледі,
Зарауқау,
Төсіне бұл қыздардың егін ексе,
Зарауқау.

Қайырмасы:

Күлзира, Үнзира,
Қабира, Қатира,
Фатима, Жекейжан,
Сағындым-ау, жетеуіңді-ай.

251. ЖЕТІАРАЛ

(1-нұсқа)

Жетіаралдай жер қайда қыз балаға,
Дария бешпент жарасар бозбалаға.

Қайырмасы:

Жетіарал жерім-ай,
Сағындым елім-ай.

Елім-жұртым көз қырын сала ма екен,
Еңіреп кеткен еріксіз бір балаға.

Қайырмасы:

Жетіарал жерім-ай,
Сағындым елім-ай.

Қыран бүркіт аспанда айналады,
Қиып кисем, тел бойым сайланады.

Қайырмасы:

Жетіарал жерім-ай,
Сағындым елім-ай.

Еркек болсам, басыма бар ма пөле,
Әйелдікпен аяғым байланады.

Қайырмасы:

Жетіарал жерім-ай,
Сағындым елім-ай.

252. ЖЕТІАРАЛ

(2-нұсқа)

Жеті аралдай жер бар ма, елдің көркі,
Құмырсақдай қайнаған қоян, түлкі.
Жетіарал, жердің көркі-ай.

Дұшпан шауып жерімді алғаннан соң,
Қай жерімнен келеді ойын, күлкі.
Жетіарал, жердің көркі-ай.

Жүруші едім Жеті арал саясында,
Ор киіктей ойнақтап даласында.
Шұбырынды ақтабан заман туды,
Дұшпандарға ана боп қаласың ба.

253. ЖЕТІАРАЛ, ЕЛІМ-АЙ, САҒЫНДЫМ ЖЕРІМДІ-АЙ

Жетіаралға салмасам, ән болмайды,
Дүрия шапан кимесем сән болмайды.
Жетіарал, елім-ай,
Сағындым жерімді-ай.

Өзің сүйіп ойнасаң құрбыңменен-ай,
Жаманыңнан мал берген кем болмайды.

Жетіарал, елім-ай,
Сағындым жерімді-ай.

Жалбаң-жалбаң жапалақ ұшар сайдан,
Қуып жетер лашын құс әлде қайдан.
Құдай айдап кез болдың жан құдаша,
Дос болмағы адамның осындайдан.

254. ЖЕТІМНІҢ ӘНІ

Жетімнің күйі құрсын жастай қалған,
Әкесін шешесімен, оу, жалған, құдай алған.
Күтетін баласындай жақын қайда?
Деген сөз осы емес пе, оу, дүние жалған,
дүние жалған.

Бетіңмен іс етуге ақылың кем,
Бой өсіп, жас жетпеген, білмейсің жөн.
Мал-басың ағайынның талауында,
Алдамшы осы емес пе дүние деген.

255. ЖИЫРМА БЕС

(1-нұсқа)

Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.
Меңзеген асқар тауға есіл көңіл,
Дүнияда еш нәрседен тына алмаған.

Қайырмасы:

Ахахау! Ай-ай жалған.

Жиырма бес,

Қайта айналып келмес саған-ай.

256. ЖИЫРМА БЕС*(2-нұсқа)*

Ертістің арғы жағы, бергі жағы,
Жайқалған жағасында жапырағы.
Жігіттің алған жары болса жаман-ай,
Ол кеткен-ай барымтаға малы-дағы.

Қайырмасы:

Ах-ха-ай! Ой, жалған!
Жиырма бес,
Енді айналып келмес саған-ай!

257. ЖИЫРМА БЕС*(3-нұсқа)*

Беріп кет сақинаңды мыс та болса,
Жүрсейші келіп-кетіп қыс та болса.
Таста да етігіңді байпақша кел,
Көрейін өз сорымнан ұстап алса.

Қайырмасы:

А-хау жалған,
Жиырма бес екі айналып
Келмес маған.

258. ЖИЫРМА БЕС*(4-нұсқа)*

Жиырма бес, қош аман бол, қайтып келмес,
Жастықты ойлағанмен қолға бермес.
Қасыңда қатын-балаң құл күзетіп,
Көрілік ауру болды қолдан келмес.

Қайырмасы:

Уа-хоха-ау, ой, жалған,
Жиырма бес,
Екі айналып келмес маған.

Жиырма бес тотыдайын толғайтұғын,
Қызыққа ертеңді-кеш тоймайтұғын.
Өң тозып, су алды ғой бар тамырды,
Үміт жоқ жастық шақты ойлайтұғын.

Қайырмасы:

Уа-хоха-ау, ой, жалған,
Жиырма бес,
Екі айналып келмес маған.

259. ЖИЫРМА БЕС

(5-нұсқа)

Байжеке, мырза көңлі болды қалай,
Қашқаны аралаушы ең талай-талай.
Қондырсам осынау тұрған қызыл гүлге,
Етуге ештеп сайран жайың қалай.

Қайырмасы:

Ау, қыздар — бір гүл,
Жігіт — бұл-бұл,
Өтер жастық, ойнап бір күл.

Қарғаша қалдаң етіп түсіп қалма,
Бұтақтан мұжық тұяқ ұстай алмай.
Болмаса қараң батқыр қашып жоғал,
Құйыға құйрығыңды бекер малмай.

260. ЖҰБАЙ

Айналайын, қарағым, кекілдім-ай,
Балапаны аққудың секілдім-ай,
Ыңғай,
Өзіңде білші, жұбай-ай.

Қолда барда алтынның қадірі-ай жоқ,
Қолдан шығып кеткесін өкіндім-ай.
Ыңғай,
Өзіңде білші, жұбай-ай.

261. ЖҰБАЙ-АУ

Қызды өулие көрмедім-ау, Балғасындай,
Той дегенде балқимын қорғасындай.
О-о-о-о, о-о-о-о-о, жұбай-ау.

Әрі-бері өлеңді-ау, сілкітейін,
Келіншектің керала жорғасындай.
О-о-о-о, о-о-о-о-о, жұбай-ау.

Айналайын, қарағым, келдің қайдан,
Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан.
Ай, ау, десем артыңа қарамайсың,
Қарамастай көңілді кім қалдырған.

262. ЖҰМАГҮЛ

Жылқының мейіз қара төбеліндей,
Аузың бар шынаяқтың-еу кемеріндей.
Шашыңды он екіден талдап өрген,
Базардың кезі алпыс сом жібегіндей.

Сөзіңді берер болсаң, тезірек бер,
Мен жүрмін әлі сізден-еу, күдер үзбей-ау-ай.

263. ЖЫЛҚЫШЫ

Жылқысы біздің елдің ала мойын,
Су ішіп, айдын көлде салады ойын.
Айдын көлде салады ойын.

Сүйеніп тал құрыққа тұрғанымда,
Қалқада әрқашан да болады ойым.
Әрқашанда болады ойым.

Айқайлап жылқы бақтым қысы-жазы,
Қалқамның құлағымда айтқан назы.
Шалқыған дарияда қанат қаққан,
Сен едің ерке жүзген қоңыр қазы.

264. ЖЫЛҚЫШЫ ӘНІ

Озып келген бөйгеден атты алайын,
Сынамай ма ер жігіт, ей, бақ-талайын.
Айтып жүрген бұрыннан әнім еді-ай,
Ақеркешке құйқытып, ей, мен салайын.

Екі ішектен домбырам бала құрай,
Бес саусағым тартқанда кетед зырлай.
Тіршілікте, жігіттер, ойна да күл,
Өтіп шығар бұл дүния, еу,
Дүния-ай бір күн тұрмай, ай.

265. ЖЫЛЫОЙ*(1-нұсқа)*

Кең Жылыой — біздің елдің жайлаған жер,
Белдеуге кербесті атты байлаған жер.
Күлімкөз, оймақ ауыз, қиғаш қаспен
Мезгілсіз таң атқанша ойнаған жер.

Кең Жылыой — біздің елдің тиянағы,
Даусыңды ести алмадым қиядағы.
Даусыңды ести қалсам қиядағы,
Талпындым балапандай ұядағы.

266. ЖЫЛЫОЙ*(2-нұсқа)*

Орынбор-Түзтөбенің тұзын көрсең,
Жылыойдың таң қаларсың қызын көрсең.
Атыңнан түскен қайтып, міне алмайсың,
Әй-әйдің судан қайтқан ізін көрсең.

Торы айғыр тоқпақ жалды Адайда бар,
Қыздардың ең көркемі Ноғайда бар.
Көрінген қыздың бәрі сұлу емес,
Сұлу қыз көзі қара Жылыойда бар.

267. ЖЫЛЫОЙДЫҢ ҚОҢЫР ӘНІ

Ішпедік-ай Жайық суын-ай ылай ма деп-ай,
Толқыны соқса жарға-ау, құлай ма деп.
Жақсымен-ау бас қосуға-ай болдық ынтық,
Іліп, бүгілуге ойдай-ай, оу, шыдай ма деп-ай.

Шай іштік жез самауыр, тарелка алтын,
Құрбыңмен бірге жүрген болма салқын.
Құрбыңмен бірге жүрген болсаң салқын,
Болмайды бұрынғыдай көңіл жарқын.

268. ЖЫЛОЙДЫҢ МӘТӨК ӘНІ

Қарлығаш-ау балапанын-оу, жарға салған,
Жаңылып ат жорғасын-ау қарға салған.
Кешегі жиырманың ғой бар шағында,
Біздерден құтылған жоқ еді, о, жаным,
бар қашаған-оу.
бар қашаған-оу.

Көрінген сондайдан керуенші,
О жаным, құшақтайын бері келші.
Айырған сары майдың тортасындай,
Басар ма еді бауырыма ерігенше.

269. ЖІБЕК

Үкілі көмшат киіндім-ау, киіндім, үкі тағып, ай,
Оң жақтағы күн қайда бұлаң қағып-ай.
Туған елім, ата-ана, ау,
ата-ана қош аман бол, ай,
Қалай өмір сүремін жатқа жағып, ай.

Жез бауырлы қолыма алдым қамшы,
Көзім жасы сорғалып болды тамшы.
Қызды «балам» дегені бекер екен,
Күні жеткен жалданып болдым жалшы.

270. ЖІГІТ ӘНІ

Сөйлейін сөйле десең ырғаңдатып,
 Шоқ тағар кейбір маңғаз сұлғаңдатып,
 Төрт бөліп түн ұйқысын жүрген жігіт,
 Жүрмей ме әрбір елдің дәмін татып, ай-ай.

Қайырмасы:

А-хау! Хай-лө-лі, хай-лө-лі, хай-лө-лі
 Ләй-лім хай ләу-хай, ләу ха-ла-ла-ла,
 Ләй-лім о-ха-хау, а-ри-ләй, ау, о-ха-ха
 А-ей ха-ла-лау, хай-лө-лі лә-лө-й лә-лөй.

Қыз мінген қызыл аттың жорғасындай,
 Басайын келсе даусым ырғаңдатып.
 Ей! Жақсы қыз қырдың қызыл түлкісіндей,
 Ойнасаң ебін тауып құрбылатып, ай-ай.

Қайырмасы:

А-хау! Хай-лө-лі, хай-лө-лі, хай-лө-лі
 Ләй-лім хай ләу-хай, ләу ха-ла-ла-ла,
 Ләй-лім о-ха-хау, а-ри-ләй, ау, о-ха-ха
 А-ей ха-ла-лау, хай-лө-лі лә-лө-й лә-лөй.

А-хау, болғанда қыздар түлкі, жігіт мерген,
 Ер жігіт аңдығанын алмай ма атып.
 Өзіңе анық ерік бермесе де,
 Құрбыңа қадыр білер ақылдасып, а-ай.

Қайырмасы:

А-хау! Хай-лө-лі, хай-лө-лі, хай-лө-лі
 Ләй-лім хай ләу-хай, ләу ха-ла-ла-ла,
 Ләй-лім о-ха-хау, а-ри-ләй, ау, о-ха-ха
 А-ей ха-ла-лау, хай-лө-лі лә-лө-й лә-лөй.

Сұлумен өзің сүйген өмір етіп,
Аузынан сол сұлудың өмір татып.
Жеңгемен қадір білер болсаң тату,
Аларсың сол сұлуды жақындатып, а-ай.

271. ЖІГІТТІК

Ой-ги-ги, дай-ги-ги,
Дай ги-ги-ги-ги-ги-ги.
Әй!
Жігіттікте біз жүрміз сері болып,
Ойын-күлкі сауықтың кені болып.
Әдейі іздеп келгенде құрбыластар,
Үлкен-кіші күтіп жүр елі болып.

Қайырмасы:

Ги-ги-ай, ги-ги-ги-ги-ги
Ги-ги-ги-ги-ги, а-ай

Жігіттікте біз жүрміз өлеңдетіп,
Сайран қылып әр жерде желе өрлетіп.
Ақ көйлек, пұшпақ бөрік қыз секілді —
Басайын мен әніме көлеңдетіп.

Қайырмасы:

Ги-ги-ай, ги-ги-ги-ги-ги
Ги-ги-ги-ги-ги, а-ай

272. ЗАМАН-АЙ

(1-нұсқа)

Еріккенде шығам деп тау басына,
Салып алдым сақина сау басыма,
заман, ай.

Сені қиып кете алмай, қарағым-ай,
Көпшіліктің қалдым ғой табасына,
заман, ай.

Тауға біткен мен бір түп шынар едім,
Өнеріммен еліме ұнап едім.
Бүгін, міне, дәм айдап кезің келді,
Сырласуға өзіңмен құмар едім.

Астымдағы мінгенім күрең дөнен,
Таудан түлкі қашады сүмендеген.
Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің,
Қалқам, сенен айрылып жүрем деген.

273. ЗАМАН-АЙ

(2-нұсқа)

Еріккенде шығам деп тау басына-ай,
Салып алдым сақина сау басыма, заман-ай.
Сені қиып кете алмай, қарағым-ай, заман-ай,
Көпшіліктің қалдым ғой табасына-ау.

Жастық дәурен қайта келмес, заман-ай,
Қырға шықсаң, көрінер қызыл еспе, ай.
Қырғауылдай көрінген біздің көш пе, заман-ай.
Бармақ едім көшіңе жете алмадым, заман-ай,
Аяқ-қолым байланып, мені кеш те-ау.

274. ЗАМАН-АЙ

(3-нұсқа)

Еріккенде шығам деп тау басына,
Салып алдым сақина сау басыма,
заман-ай.

Сені қимай кетуге, қарағым-ай,
Көпшіліктің қалдым ғой табасына,
заман-ай.

Қайырмасы:

Аты семіз арқаның,
Еті тәтті марқаның.
Қор қызындай бұралып,
Отырысы-ай қалқаның.

Қырға шықсаң көрінер қызыл еспе,
Қырғауылдай көрінген біздің көш пе,
заман-ай.

Бармақ едім көшіме жете алмадым,
Кедейшілік, қайтейін, көзіңді ашпа,
заман-ай.

Қайырмасы:

Аты семіз арқаның,
Еті тәтті марқаның.
Қор қызындай бұралып,
Отырысы-ай қалқаның.

275. ЗАУЛАТШЫ-АЙ

Бүгін дала гүлденіп жаңарғандай,
Күлтелі көк құлпырып оңалғандай.
А-хау! Заулатшы-ай, құрбым, заулатшы-ай.

Кешегі құм шөл дала шаңырқаған,
Бүгін қара, тамаша таң қалғандай.
А-хау! Заулатшы-ай, құрбым, заулатшы-ай.

Артель ұйым біріккен ұранды бір,
Жанды қыздан есіткен бір терең сыр.
А-хау! Заулатшы-ай, құрбым, заулатшы-ай.

Жасы жаңа, жас құрбым, жатпа қарап,
Елің үшін еңбек ет, ертемен тұр.
А-хау! Заулатшы-ай, құрбым, заулатшы-ай.

276. ЗӘУРЕШ

О, Зәуреш, сенің үшін елден келдім,
Баяғы туып-өскен жерден келдім.
Сен неге мен келгенде тебіренбейсің,
Иіскеп бір сүйейін деген едім.

Қайыңның жаста көрдім жапырағын.
Құланның жолда көрдім шоқырағын.
Сен қалған отыз ұлдан жалғыз Зәуреш.
Бір уыс бұйырмады-ай топырағың-ай.

Не керек болат пышақ қын болмаса,
Өтірік неге керек шын болмаса.
Төрт бөліп түн ұйқымды келгенімде,
Басыңды бір көтерші тым болмаса.

277. ЗИБАШ

Жанарындай көзімнің сәулем едің,
Қуанышты көңілімнің дәурені едің.

Қайырмасы:

Зибаш-ай,
Қалам қасың қиғаш-ай,
Құрбыңды, қалқам, сыйлашы-ай.

Кетпейсің түнде түстен, күндіз ойдан,
Басымды не сиқырмен өуреледің.

Қайырмасы:

Зибаш-ай,
Қалам қасың қиғаш-ай,
Құрбыңды, қалқам, сыйлашы-ай.

278. КӘЛЛӘМ

Жылқы айдаймын, көшкенде Жалбаспенен,
Ей-ау!
Ортан жілік бітеді жамбаспенен, кәлләм-ау,
Жамбаспенен, кәл-ләм!

Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ей-ау, аман-есен жүрмісің мал, баспенен,
кәлләм-ау,
мал, баспенен, кәл-ләм!

Айналайын көзіңнен күлімдеген,
Басқан ізің жүргенде білінбеген.
Сен есіме түскенде сенсең, қалқам,
Ұзақ таңға бұл көзім ілінбеген.

279. КӘМШАТ БӨРІК

(1-нұсқа)

Алдымнан қарсы келдің, Ханзада қыз,
Көркіңе Құсни-жамал таң қаламыз-ай.
Ғалімдер өулетінен болсаң керек,
Иншалла, фахим етіп аңғарамыз-ай.

Қайырмасы:

Ау, ой, еркем,
Ау, ой, еркем!
Үкілі көмшат бөркің-ай,
Туған айдай көркің-ай,
Былқ-сылқ еткен күлкің-ай.
Ой, білсең біл, білмесең қой,
Мені де өлер деймісің,
Ау, шіркін-ай!

280. КӨМШАТ БӨРІК

(2-нұсқа)

Алдымнан қарсы келдің, Қанзада қыз,
Көркіңе Құсни-Жамал таң қаламыз-ай.
Ғалимлер әуләдинән болсаң керек,
Иншалла фахим етіп аңғарамыз-ай.

Қайырмасы:

Ау, о-й, еркем,
Ау, о-й, еркем!
Үкілі көмшат бөркің-ай,
Туған айдай көркің-ай,
Былқ-сылқ еткен күлкің-ай,
Білсең біл, білмесең қой,
Мені де өлер деймісің.

Қызырды мекеніңнен келдің кезге,
Жоқ еді таныстығым бұрын сізге-ай.
Ғадетпен сыпайшылық көз салмадым,
Сағымдай мұнарлаған жүзіңізге-ай.

Қайырмасы:

Ау, о-й, еркем,
Ау, о-й, еркем!

Үкілі кәмшат бөркің-ай,
Туған айдай көркің-ай,
Былқ-сылқ еткен күлкің-ай,
Білсең біл, білмесең қой,
Мені де өлер деймісің.

Дүниеге түни келдің нағып мұндай,
Жүзіңе ғашық еткен жаббар құдай-ай.
Барады ал дегенде лебің тартып,
О, достым, кетті қарар сабыр қылмай-ай.

Қайырмасы:

Ау, о-й, еркем,
Ау, о-й, еркем!
Үкілі кәмшат бөркің-ай,
Туған айдай көркің-ай,
Былқ-сылқ еткен күлкің-ай,
Білсең біл, білмесең қой,
Мені де өлер деймісің.

281. КӘМШАТ БӨРІК

(3-нұсқа)

Қалам алып хат жаздым мен қиялдап,
Бүркіт салған жүреді тау қиялап.
Жапан түзге сіз біткен бір бөйтерек,
Бұтағына жүрмесін қарға ұялап.

Қайырмасы:

Кәмшат бөрік қыз болды-ай,
Қара жол ма дегенім.
Шұбырынды із болды-ай,
Ала жаздай нәр татпай,
Іздегенім сіз болды-ай.

Алтыным-ай дегенге алтыным-ай,
Ақ дидарын көргенде балқыдым-ай.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Сәу-саламат жүрмісің, жарқыным-ай?

Қайырмасы:

Кәмшат бөрік қыз болды-ай,
Қара жол ма дегенім.
Шұбырынды із болды-ай,
Ала жаздай нәр татпай,
Іздегенім сіз болды-ай.

282. КӘРІНІҢ ӘНІ

Дүние өтіп жатыр құмай құдай,
Ақ бетке ажар кірмес, ой-ой-ой-ой,
сүтпен жумай.

Уа, шіркін, дүние-ай,
Ақ бетке ажар кірмес, ой-ой-ой-ой,
сүтпен жумай.

Бірге өскен құрбы-құрдас жүрсің қайда,
Қанатын қайшылаған, ой-ой-ой-ой,
аппақ құдай.

Уа, шіркін, өмір-ай,
Қанатын қайшылаған, ой-ой-ой-ой,
аппақ құдай.

Кәрілік қара нарға тас артқандай,
Бір жағын бір жағынан баса артқандай.
Аяққа жетпіс батпан кісен түсті,
Жан бар ма сол қорлықтан босатқандай.

Жемдей бер шаппай, желмей кәрі бозды,
Күш-қуат, ақыл-қайрат бәрі тозды.
Төрт бұрышын дүниенің сайрандаған,
Мінеки, екі аяқтан таяқ озды.

283. КЕЛІНШЕК

(1-нұсқа)

Алдында есігімнің қамыс пішен,
Япыр-ау, қыз күніме қашан түсем-ау.
Жаманды жер соқтырып кетер едім-ау,
Сен болдың аяғыма болат кісен.

Алдында есігімнің томар толмас,
Қоспаған өз теңіме әкем оңбас-ау.
Жаманды жер соқтырып кетер едім-ау,
Атамның ақ батасын бұзып болмас.

Ау! Ау-ай!
Қоя ғой, бөпем,
Жылама, бөпем, әлди-ау.

284. КЕЛІНШЕК

(2-нұсқа)

Қан түссе аяғына ат сүріншек,
Келгенде жиырма беске қыз еріншек.
Ой, келіншек, жеңеше-ай,
Атпен желме, ой, ги-гәй.

Осы өнге шаттандырып салады екен,
Түбінде зайымкөнің бір келіншек.

Ой, келіншек, жеңеше-ай,
Атпен желме, ой, ги-гөй.

Ағашы зайымкенің селдіреген,
Қалқаның екі көзі мөлдіреген.
Ән салып кешке таман жүргенімде,
Бүрмесі ақ көйлектің желбіреген.

285. КЕЛІНШЕК

(3-нұсқа)

Келіншек менің атым Нұркүлөнда,
Бармаған өз теңіне қыз арманда.
Ағайын ата-ананың көңілін қимай,
Сырымды паш қылмадым ешбір жанға.

Қайырмасы:

А, ха-ли-ли-лил-ла-ау,
Хай-ли-ли-ли-ли-ли-лай.
Хай-ли-ли-ли-ли-лай,
Ха-ли-ли-ли-ли-ли-ли а-ай!

Сол үйге келін келді қадам басып,
Қатындар май құйып жүр жабырласып.
Ежелден қимаған сол ата-анам ғой,
Екеуі отыр екен бек ұнасып.

Қайырмасы:

А, ха-ли-ли-лил-ла-ау,
Хай-ли-ли-ли-ли-ли-лай.
Хай-ли-ли-ли-ли-лай,
Ха-ли-ли-ли-ли-ли-ли а-ай!

286. КЕНЕМ-АЙ

Түлкі бөркің басыңды түбіттеген, е-ей,
Сенен артық болар ма жігіт деген, е-ей.
Осы тұрған ауылға бір келмейсің, е-ей,
Ақ сандыққа түстің бе кілттелген, е-ей.
Кілттелінген, Кенем-ай.

Біздің ауыл, сұрасаң, зымнан биік,
Қазинадан көйлегім сегіз қиық.
Сен есіме түскенде, беу, Кенем-ай,
Жата алмаймын төсекке ішім күйіп.

287. КЕРБЕЗ СҮЛУ

Алтайдың кербез сұлу — азат қызы,
Шырқатып өнге салған жайнап жүзі.
Қайысқан қара орманда құлақ түріп,
Жымыңдап масайрайды көк жұлдызы.

Алтайдың жерінде — нұр, көгінде — күн,
Тапшайсың ұнамастай өзінен мін.
Нұрлы жүз, құралай көз қарындастың,
Көрдің бе қара шашы төгілгенін?!

288. КЕР ҚАШАҒАН

Міндім де кер қашаған аяңдадым-ау,
аяңдадым-ау,
Шығар деп сәулем үйден-ау, аялдадым,
аялдадым-ау.

Ғашығым жанды өртеген қимасым-ау,
қимасым-ау,
Кетерде қоштасарға-ау, бара алмадым,
бара алмадым-ау.

Кербесті-ай астымдағы-ау, беске келген, ау,
Қызығы-ай, жылқы жайып-ау,
кеште жүрген, ау.
Аулына ғашық жардың бара алмастан,
Сарғайып жүргенімді ескерер ме ең, ай.

289. КЕР ҚҰНАЖЫН

Бастаған сиыр алдын, кер құнажын,
Бетіме биылдан соң-ай түсер өжім.
Тоятын ақ сұңқардың құзғыны ілсе,
Тағдырдың жазғанына-ай бар ма ылажым.

Қайырмасы:

Кәй-ау, кәй-ау, кәй-ау
Я-а-а-ау.

Ұшады көк ала үйрек аспанменен,
Мезгілсіз таң атпайды, ай, сасқанменен.
Кісіге кісі жары жар бола ма,
Қаншама бауырыңа, ой, басқанменен.

290. КЕРБЕЗ ЖАЙ

Боз жорға, жорғаңа бас-ай, ау,
алдыңда ел жоқ-ай,
Ішетін шөлдегенде айдын көл жоқ-ай, а, ау, ай.

Алыстан ат терлетіп-ай, ау, келгенімде-ай,
Ат ұстап қарсы алатын бұраң бел жоқ-ай,
а, ау, ай.

Ауылдан мен де шықтым, күн де батты,
Бозжорға алма мойын ішін тартты.
Боларын бір сұмдықтың біліп едім,
Ауылы ғашық жардың алыс тартты.

291. КИГАЧОК

Домбыра екі ішекті-ай, жұқа қақпақ-ай,
Тар жерде қиын екен өлең таппақ, кигачок.
Қиын екен өлең таппақ, ах-уәй!

Қайырмасы:

Игигай-гөк,
Көкем сені-ай, абайгөк, кигачок.
Ой, көкем-ай, япырмау-ай,
Жастық дәурен өтеді-ай.

Кіші іні, үлкен аға бас қосқанда-ай,
Қызыл тіл баяуламай, жорғалап бақ, ах-уәй!
Баяуламай, жорғалап бақ, ах-уәй!

Қайырмасы:

Игигай-гөк,
Көкем сені-ай, абайгөк, кигачок.
Ой, көкем-ай, япырмау-ай,
Жастық дәурен өтеді-ай.

Домбырам екі ішекті-ай қолға алайын-ай,
Қайырып он екі алуан ән салайын, кигачок.
Он екі алуан ән салайын, ах-уәй!

Қайырмасы:

Игигай-гөк,
Көкем сені-ай, абайгөк, кигачок.
Ой, көкем-ай, япырмау-ай,
Жастық дәурен өтеді-ай.

Жиылып өңшең құрбы отырғанда-ай,
Мен не ғып бұл қызықтан құр қалайын, кигачок.
Бұл қызықтан құр қалайын, ах-уәй!

Қайырмасы:

Игигай-гөк,
Көкем сені-ай, абайгөк, кигачок.
Ой, көкем-ай, япырмау-ай,
Жастық дәурен өтеді-ай.

292. КӨГӨГӨК

Ат байладым ақ үйдің кермесіне,
Көзің салма біреудің бермесіне.
Осындайда, ағалар, күл де ойна,
Өткен өмір мен кепіл келмесіне.

Қайырмасы:

Көгөгөк, көкгөк-гө-көк.

Ат келеді бәйгіден қылаңдаған,
Мін табар олақ істі қыла алмаған.
Ақтаңлақтың астынан келген, сәулем,
Айналайын, беліңнен бұраңдаған!

Қайырмасы:

Көгөгөк, көкгөк-гө-көк.

293. КӨКАЙДАЙ

Қарағым, сен де ақ маңдай, мен де ақ маңдай,
Қосылса екі ақ маңдай, шам жаққандай.
Төбесі сұлу қыздың көрінгенде,
Аяқты баса алмаймын жың қаққандай.

Қайырмасы:

Бір ағашта екі алма,
Мен де алмаймын, сен де алма!
Анық достым сен болсаң,
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Мен кеткенде сен қалма!
Ей, көк-айдай, көк-айдай,
Күткен, сәулем, қыз қайда-ай!

Көзіңнің айналайын жанарынан,
Сөзіңнің қуанамын хабарынан.
Не келіп, нелер кетпес жігіттікте,
Иіскеп жатар ма едім тамағыңнан!

Қайырмасы:

Бір ағашта екі алма,
Мен де алмаймын, сен де алма!
Анық достым сен болсаң,
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Мен кеткенде сен қалма!
Ей, көк-айдай, көк-айдай,
Күткен, сәулем, қыз қайда-ай!

294. КӨКАРШЫН

Ал, көкаршын ән еркесі баппен айтса,
Ер жігіт не болады серттен қайтса.

Ән болмас көкаршындай қайда болсаң,
Ән білем деген адам шынын айтса.

Ал, көкаршын көңілімен қонған әнім,
Сүйеді сұлу әнді менің жаным.
Аспандап айғайлатып жүз құбылтсам,
Кетеді бойым балқып қызып қаным.

295. КӨКЕМ-АЙ

Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,
Бір өзіңе, қалқатай, болдым құмар.

Бұраң бел, көкем-ай,
Қасы, көзі қиылып
Қай жерде отыр екен-ай.

Көрмегелі жүзіңді көп күн болды,
Құмарланған көңілім қашан тынар.

Бұраң бел, көкем-ай,
Қасы, көзі қиылып
Қай жерде отыр екен-ай.

Қайырмасы:

Ел қыдырып іздесем,
Табар ма екем, көкем-ай.

Орта бойлы, қара көз шырайлым-ай,
Бір сөйлеспей өзіңмен тынармын ба-ай!

Бұраң бел, көкем-ай,
Қасы, көзі қиылып
Қай жерде отыр екен-ай.

Сөйлегенде тіліңнен бал тамады-ай,
Сенен көңіл басқаға бұрармын ба-ай!

Бұраң бел, көкем-ай,
Қасы, көзі қиылып
Қай жерде отыр екен-ай.

Қайырмасы:

Ел қыдырып іздесем,
Табар ма екем, көкем-ай.

296. КӨК КӨБЕЛЕК

Әуеде ұшып жүрген көк көбелек,
Жазайын дертің болса, су себелеп.
Кеткенде ауылың шалғай, ей, перизат,
Жортайын аш бөрідей тау жебелеп.

Ауылым көпсе қонар көл-қопаға,
Ғашық ем мен де өзіңдей бір ботаға.
Кебістің жалаңаяқ басын киіп,
Шығарып салушы едің тең ортаға.

297. КӨК КӨЙЛЕК

Көк көйлек көлеңдейді кең болған соң,
Ойнайды екі асыл зат тең болған соң.
Сырымды саған айтпай кімге айтайын,
Көзіме көрінгенім сен болған соң.

Көк көйлек көлеңдейді көз алдымда,
Білемін басқаға емес өз алдымда.
Міндім де атымды ерттеп жүріп кеттім,
Қалқамнан келсін деген сөз алдым да.

298. КӨКЕК

Аты жоқ құс болады — көкек деген,
Алдында терезенің секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып сені, сәулем, кетед деген.

299. КӨКЖАР

Дәм татайық бұйырса-ей, шай қайнаса,
Бойы қызар жүйріктің айғайласа.
Тіршіліктің барында күл де ойна,
Не болады ер жігіт қайғы ойласа.

Дәйім менің мінгенім құла мойын,
Қыз-бозбала сылайды тұла бойын.
Сауық құрып, сайран сап, ән шырқайды,
Жігіт-желең жиылып, салып ойын.

300. КӨКШЕТАУ

Көрінген анадайдан көлдің миқы,
Алысты жақын қылған қайран жылқы.
Қайран, жылқы Көкшетау,
Ей, Көкшетау, жерің салқын,
Ой, Аллау.
Барында дүнияның қудай шалқы,
Жоқ дейді ау, ол дүниеде ойын күлкі.
Көкшетау, жерің салқын,
Ой, Аллау.

Қай беткей мынау беткей, қара беткей,
Жатады саздау жердің қары кетпей.

Уа, бір күнде жігіт болдың ор киіктей,
Тозаңы аспанға ұшқан көзге ілікпей,
Уа, дүниеге зердесі бар келген жандар,
Қалмайды жас уақытта бір желікпей.

303. КҮЛӘЙ

Зарлансам, даусым жетпес Күләйіма,
Әйел теңдес келмейтін ұнамыңа.
Қайықтай төңкерілген қара керім,
Басқаның бермес едім қылаңына, әй, Күләй.

Қайырмасы:

У-ай, дүния-ай,
Күн-ай, Күн-ай,
Гүлі-гүлі-гүлі-гүлі, а-ай,
Зарықтым, тарықтым, ой-ой, Күләй.

Кетпейді Күләй даусың құлағымнан,
Жерімнің бара алмадым жырағымнан.
Жау шығып дос дегенім арадағы
Айырылдым зарығумен шырағымнан.

Қайырмасы:

У-ай, дүния-ай,
Күн-ай, Күн-ай,
Гүлі-гүлі-гүлі-гүлі, а-ай,
Зарықтым, тарықтым, ой-ой, Күләй.

304. КҮЛӘН

Бауырында тасты өзектің ін бар ма екен,
Бойыңда жан әкемнің мін бар ма екен.

Жылаймын күні-түні сағынғаннан,
Көретін сүйгенімді күн бар ма екен?

Жағасы жел соққанның ойдым-ойдым,
Ағатай, ойлаудан мен қашан тойдым.
Бұлғақтап алтын шоқтай жүрген басым,
Қор қылып мына шалға неге қойдың.

305. КҮЛДАРАЙ

(*Гүлдарай*)

Салғаным оң қолыма алтын жүзік, алтын жүзік,
Аққуым көл дария жүрген жүзіп, Күлдарай.
Қолымнан сен қапыда кеттің ұшып, кеттің ұшып,
Алайда кеткенім жоқ күдер үзіп, Күлдарай.

Қайырмасы:

Күлдарай, гүл-гүл шашқан,
Бұлбұл құстан.
Не пайда өнері жоқ,
Шіркін, жастан, Күлдарай.

Тоғайдан кесіп алған тал сойылым,
Ылақтай жарға ойнаған қалды ойыным, Күлдарай.
Сұқсыр үйрек секілді, асыл қалқам,
Жүрмісің аман-есен, қаз мойындым, Күлдарай.

Қайырмасы:

Күлдарай, гүл-гүл шашқан,
Бұлбұл құстан.
Не пайда өнері жоқ,
Шіркін жастан, Күлдарай.

306. КҮЛИЛӘУ

Қонған жері аулымның қоғалы көл-ай,
Қозысы өлсе қоңыр қой болады төл, и-ги-гай,
Ги-ги-ги-ги, гай-гай, Күлиләу-ай.

Ерке қыздың аулынан шыққанымды-ай,
Қоңыр салқын алдымнан соғады жел, и-ги-гай,
Ги-ги-ги-ги, гай-гай, Күлиләу-ай.

Аулым көшіп барады Қызылжарға,
Таң рауаны шығыстан сызылғанда.
Осы әнге қоңырлатып сала бердім,
Көңілім өзінді ойлап бұзылғанда.

Аулым көшіп барады Құмкөшуге,
Түйе жақсы тегінде мінгесуге.
Аулық алыс кеткенде, беу, қарағым,
Көңлім соқпас ешкіммен тілдесуге.

307. КҮНІМ-АЙ

(1-нұсқа)

Көзіме көріндің де кетіп қалдың-ай,
Қадірі болмайды екен қолда бардың-ай,
е, ей, қолда бардың-ай.

Аптадай болмай жатып сағынғаннан-ай,
Өлеңмен атыңды атап әнге салдым-ай,
е, ей, әнге салдым-ай.

Сағындым жаным сені бір күн болмай,
Жолыңа көп қарадым шыдай алмай.
Кетіпшін, жаным, саған қатты үйреніп,
Көңілім басылмады бір жыламай.

308. КҮНІМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Сарғайып сары көлде қамыс қалды, күнім-ай,
Ауылы бауырымның алыс қалды, күнім-ай.

Қайырмасы:

Күнде базар күнім-ай,
Сағындым, сәулем, сені-дай.

Әуелден қыз болғанша, қаз болсамшы, күнім-ай,
Сыңқылдап айдын көлде табысқандай, күнім-ай.

Қайырмасы:

Күнде базар күнім-ай,
Сағындым, сәулем, сені-дай.

Дүниеде не мұңдық, қыздар мұңдық, күнім-ай,
Шешеден болып мұңдық неге тудық, күнім-ай.

Қайырмасы:

Күнде базар күнім-ай,
Сағындым, сәулем, сені-дай.

Шешеден болдым мұңдық тумас едік, күнім-ай.
Бұрынғы үлкендердің жолын қудық, күнім-ай.

Қайырмасы:

Күнде базар күнім-ай,
Сағындым, сәулем, сені-дай.

309. КҮРЕҢ ЖАЛДЫ АТ

Сағынсам мінетінім күрең жалды ат,
Ауыл бар көрген жерде күрең самғат.

Көңілің рас маған берген болсаң, сәулем,
Тіліңнің үшін қойып, түбін жалат, а-ай!

Қадалған қара көзің мөлдіреді,
Даусыңды, жаным, естіп елжіреді.
Кеткенде қырдан асып үй сыртында,
Жолыңда ақ орамал желбіреді.

310. КІДІГАЙ

(1-нұсқа)

Уәй!

Кідігәйға кім салар мен тұрғанда,
Бір-екі ауыз аузымда-ау, жел тұрғанда.
Қызды ауылдың сыртынан кідігәйлап-ай,
Құйысқаным-ай, кідігәй, сарт етер ұмтылғанда.

Жақсы күйді тыңдасаң — құлақ құрышы,
Қалың төсек, төтті ұйқы — жанның тынышы.
Түзу мылтық, жүйрік ат, сұлу қатын,
Мал мен перзент жігітке — дәулет құсы.

311. КІДІГАЙ

(2-нұсқа)

Атымды анам сүйіп қойған Сусар,
Көп жылқы көкалалы көлде жусар.

Қайырмасы:

Угагай-гай, кідігай.

Біреудің әлпештеген баласы едім,
Білмеймін қандай жанға болам душар.

Қайырмасы:

Угагай-гай, кідігай.

Әпсер бар, Әпсер барсаң, Қызылжар бар,
Өзім сал, өзім сылқым мен кімге зар.

Қайырмасы:

Угагай-гай, кідігай.

Біреудің әлпештеген баласымын,
Көлеңкемнен аулақ кет, менде нең бар.

Қайырмасы:

Угагай-гай, кідігай.

312. КІДІГАЙ

(3-нұсқа)

Кідігайға кім салар мен тұрғанда,
Бір-екі ауыз аузымда жел тұрғанда.
Қызды ауылдың сыртынан кідігайлап,
Құйысқаным сарт етер ұмтылғанда.

Қайырмасы:

Ей! Кідігай, кідігай, у-ай, шіркін-ай,
Ахау кідігай, а-хау ләйлім уа.
Шіркін, ай-ай, ау-ай!

Тойлау базар, той базар тойлай келдім,
Алтын сақа қолға алып ойнай келдім.
Жолдасым жоқ бұл тойда, танысым да,
Айтсам ба деп өзіңе ойлай келдім.

Қайырмасы:

Ей! Кідігай, кідігай, у-ай, шіркін-ай,
Ахау кідігай, а-хау ләйлім уа.
Шіркін, ай-ай, ау-ай!

313. КІДІГӘЙ

(4-нұсқа)

Әй!

Тыңдасаң жақсы күйді — құлақ құрышы,
Қалың төсек, төтті ұйқы — жанның тынышы.
Жұйрік ат, түзу мылтық, сұлу қатын,
Мал мен перзент жігітке — дәулет құсы.

Қайырмасы:

Ей, кідігәй, қыздар-ай, шіркін-ай,
О! Уай, кеу, кідігәй.
Тәжікем, ө-ку дәу-ку дә-рі-ді-дім.

Әй! Салам қаршығамды қырғауылға,
Қырғауыл ілдірмейді, күн дауылда.
Аяғым қадам бассам, сөзге ілігем,
Жүремін қайтып бармай қызды ауылға.

Қайырмасы:

Ей, кідігәй, қыздар-ай, шіркін-ай,
О! Уай, кеу, кідігәй.
Тәжікем, ө-ку дәу-ку дә-рі-ді-дім.

314. КІДІГӘЙ

(5-нұсқа)

Дүниеде бір сұлу қыз сыланады,
Артынан еріп пенде қуанады.

Болғанда адам — түлкі, дүние — бүркіт,
Өркімді түзу жолдан шығарады.

Қайырмасы:

Ахау, ахау кідігөй,
Қызығы дүркін дүние-ай.

Дүние кім біледі бекерінді,
Пендеге не қызықты шекерінді.
Секілді түбі терең бір дария,
Жалғанда адам білмес екенінді.

Қайырмасы:

Ахау, ахау кідігөй,
Қызығы дүркін дүние-ай.

315. КІДІК-АЙ

(6-нұсқа)

..... кідік айтам-ай,
Таусылған наурыз айда бидәйім-ай, бидәйім-ай.

Қайырмасы:

Кідік-ай, кідік-ай
Қызық-ай, қызық-ай.

Сыр берген бидәл алмай кідік-ай алып,
Жаратқан есер қылып құдайым-ай, құдайым.

Кідік-ай, кідік-ай,
Өмірқан шірік-ай,
Әбілмәжін жырық-ай.
Халалали лай, лай,
Халалали лай, лай-ай.

316. ҚАЗАҚТЫҢ ӘНІ

. . . бозша торғай Мекке барған,
Адамға он екі иман дөптер салған.
Уағада тіршілікте ойна да күл,
Өлмесе ата-бабаң, қайда қалған.

Шінде әптиектің көми әнсақ,
Көзіңнен айналайын қиылған қас.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Шайқаған жұмыртқадай.

317. ҚАЗАЛЫДА БІР ҚЫЗ ЖҮР

Қазалыда бір қыз жүр сәулеленген,
Көрген жігіт сәулені әуреленген.

Қайырмасы:

Беу-беу Бақилай,
Аха-хау,
Әдемі қыз, Халима-ай.

Сәуле жанның кигені ноғай бешпент,
Желді күні етегі дөңгеленген.

Қайырмасы:

Беу-беу Бақилай,
Аха-хау,
Тез келсейші, Халима-ай.

Қазалыда бір қыз жүр қасын керіп,
Ән салғанда жүрсейші қасыма еріп.
Сататұғын байлардың аты болсаң,
Алар ем қос жорғаның бәсін беріп.

318. ҚАЗИМА

Қазима, Қарашашпен аулың сыбай,
Ауылыңа келген айдап жағдай солай.
Көтеріп дәрежеңді бір тастайын,
Жас көңіл босап тұрса бұрынғыдай.

Қазима, айналайын, асыл досым,
Келмейді сенен бөлек көңіл хошым.
Күнелтіп, сайран етіп жүрер болсам,
Сырымның жасырайын сенен несін?

319. ҚАЙ ДӨҢГЕ

Қай дөңге, құба дөңге, мына дөңге,
Көзден кетсе, көңілге болады өзге.
Дұшпан жалған айтады дос боп жүріп,
Өзің көзің жетпесе, сірә, сенбе.

Қай беткей, ана беткей, мына беткей,
Ер жігітке мал қайда талап етпей.
Күреңді күпшек санды мінгеннен соң,
Аулыңды кеткен емен жанап өтпей.

320. ҚАЙҚАЙМА

Айналайын көзіңнен жалт-жұлт еткен,
Кім бар еді-ау, арада саған жеткен.
Дүниеде не маңғаздар туса-дағы,
Теңгермеймін ізіңді басып кеткен.

Қайырмасы:

Ау-ай, басып кеткен, қайқайма.

Тоқпақ жалды торы айғыр далада тұр,
Шын жібек пен бөт құндыз қалада тұр.
Ауылыңның сыртынан ән шырқасам,
Ақбоз үйге сүйеніп, қара да тұр.

321. ҚАЙРАН ДА, ХАЛҚЫМ, ЖЕРІМ-АЙ

Айналайын, қарағым, кекілдім-ай,
Балапаны аққудың секілдім-ай.
Ай, қайран да, халқым, жерім-ай,

Қолда барда алтынның қадірі жоқ,
Қолдан шығып кеткесін өкіндім-ай, а-а-у
Қайран да, халқым, жерім-ай.

322. ҚАЙЫРМА

Келмейді қара бүркіт қайыруға,
Қас дұшпан не демейді айыруға.
Ақиық айдындағы, алыстағы,
Шық бері кешке жақын жайылуға.

Қайырмасы:
Қайли-лим-ай ет,
Қали-лим-май
А-ри-ра-ра-ау.

Жылқыда ұстатпайды кер қашаған,
Сыртынан не демейді білмес адам.
Жүрсең де біреу ойда, біреу қырда,
Өмірін екі жастың бір жасаған.

Қайырмасы:

Қайли-лим-ай ет,
Қали-лим-май
А-ри-ра-ра-ау.

323. ҚАЛҚА

Бұл әннің кім біледі аты қалқа,
Қалқаны сағындым ғой айта-айта.
Қолға алып домбырамды шырқағанда,
Тырнақтан сау қалған жоқ тарта-тарта.

Қайырмасы:

Әй-а, о-ой, Сау қалған жоқ тарта
Әй, а-а-о-ой.

Қалқаның сағынғанда салған әні,
Үзіліп, елжіретіп толғағаны.
Сүйгенін, сүйінгенін есіне алып,
Жай тапсас, өнге салса, кімнің жаны.

Қайырмасы:

Әй-а, о-ой, Сау қалған жоқ тарта
Әй, а-а-о-ой.

324. ҚАЛҚАТАЙ

Қалқатай, құлағың сал мына сөзге-ау,
Жоқ еді бөтен жұмыс-ай көңілімізде-ай.
Қат-қабат осы сөзбен болып кетті,
Аяғын құп білерсіз өзіңіз де.

Зәм-зәмдай жауабың бар қалған қандай,
Бір батып, бір шығасың күн мен айдай.
Өзіңді көрген адам жабысады,
Асылың тартып тұрған айтшы қандай?!

325. ҚАМАЖАЙ

Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айырылып Қамажайдан болдым күлкі.
Айырылып Қамажайдан отырғанда,
Келеді қай жағынан ойын-күлкі!

Қайырмасы:

Ахау, хай ли-ләй-ім, ли-лә-ләй-ім!
Қамажай, қалдың кейін, сәулетайым.

Қолында Қамажайдың алтын жүзік,
Қамажай отыр ма екен көзін сүзіп?
Көрмесе жарты сағат тұра алмаушы ед,
Апырай, кетті ме екен күдер үзіп!

Қайырмасы:

Ахау, хай ли-ләй-ім, ли-лә-ләй-ім!
Қамажай, қалдың кейін, сәулетайым.

Ертістің жағалауын жағалаймын,
Мүз болса Көк бестіні тағалаймын.
Үш топтан таңдап алған Қамажайым,
Өзіңді тоқсан қызға бағалаймын!

Қайырмасы:

Ахау, хай ли-ләй-ім, ли-лә-ләй-ім!
Қамажай, қалдың кейін, сәулетайым.

Мал жақсы жылқы деген бағып жүрсе,
Мойнына түлкі-тұмар тағып жүрсе.
Ішінен бір жорғаны ұстап мініп,
Үйіне Қамажайдың барып жүрсе!

Қайырмасы:

Ахау, хай ли-ләй-ім, ли-лә-ләй-ім!
Қамажай, қалдың кейін, сәулетайым.

326. ҚАМИДАН

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Ақылсыз, ақымақ достан а-ай, дұшпан артық.
Қолына кей наданның түссе алтын,
Жасытар бабын таппай, а-ай, мыстан артық.

Жігітке берер пайда адал кәсіп,
Жалғанда адал кәсіп а-ау, берер нәсіп.
Арқаның тауы биік, жері дала,
Ән салсам, осы әнге сал, а-ай, ей бозбала.

327. ҚАНАПИЯ

Ауылым жал қарағай, бір шоқ мия,
Мінемін ақкекілді-ау жылқы-ау жия.
Осы әнге түрлендіріп салады екен-ай,
Баласы Қарабастың-ай Қанапия-уай.

Қайырмасы:

О-а-уай, ха-лә-лә-лә-ләу,
Ха-лә-лә-лә-лә-лә-ләу.
Ха-лә-лә-лә-ли-ли-ли-лә,
Ли-ли-ли-лә-ләу, ха-лә-лә-ли-ле-уай.

328. ҚАНЖАН-АЙ

Өлеңді айт дегенде аял болмас,
Жаныңды аяғанмен ажал қоймас.
Бір қиял айтайын деп отыр едім,
Жақсылар күнде мұндай айт деп тұрмас.

Өлеңді білген де айтар, білмес те айтар,
Су ішіп Ақ Жайықтан жылқым қайтар.
Өлеңді біле тұрып айтпай кетсем,
Жақсының мың теңгелік көңлі қайтар.

329. ҚАПИАДА-АЙ

Қаратау басың биік тақиядай,
Көш өтсе көкорайды жапырады-ай.
Білімге әл келгенше таласыңдар,
Кейінде қалып жүрме қапиада-ай.

Дүние ойлап тұрсаң шолақ екен,
Жас күнде ақыл-қайрат мол-ақ екен.
Барында гүл-жазыңның ойна да, күл,
Қызығы бұл жалғанның сол-ақ екен.

330. ҚАРА БАЛЫҚ

(1-нұсқа)

Бір балық, су ішінде қара балық,
Дауысым шыға алмайды, а-әй, қараңғалып.
Азырақ алдарыңда ән салайын,
Қалмасам былтырғымнан, а-әй, биыл танып.

Дүние қарап тұрсам бір ағын су,
Қарасаң құлақ салып, шын уда-шу.

Тайсалмай қарсы келген қиындықтан,
Шыңдалып ерлікпенен қайғыңды жу.

331. ҚАРА БАЛЫҚ (2-нұсқа)

Бір балық, су ішінде, қара балық,
Келемін дүние танып сабақ алып.
Азырақ алдыңызда ән салайын,
Қалмасам былтырғымнан биыл танып.

Қайырмасы:

Би өй-өй-өй, өй-өй, и-и-ау!

А-өй, а-өй, а-өй-а-өй-и

Өй-өй-өй-өй-өй, и-и-ау!

Дүние байқап тұрсаң бір ағын су,
Тыңдасаң құлақ салып, шын у да шу.
Қайыспай қарсы шығып қиындыққа,
Қажымай қайрат жұмсап қайғыңды жу.

Қайырмасы:

Би өй-өй-өй, өй-өй, и-и-ау!

А-өй, а-өй, а-өй-а-өй-и

Өй-өй-өй-өй-өй, и-и-ау!

332. ҚАРА ЖОЛ

Басынан қара қия қарға жүрер,
Шиқылдап қара жолмен арба жүрер-ай.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Кеудеде шықпаған жан зорға жүрер-ай.

Қайырмасы:

Әй, әй-әй-әй!

Әридай-әридай!

Шықпаған жан кеудеде,

Зорға жүрер-ай.

Басынан қара қия құлағаным,

Барды ма құлағыңа жылағаным.

Барғанда құлағыңа жылағаным,

Құлындай қара бауыр сұлағаным.

Қайырмасы:

Әй, әй-әй-әй!

Әридай-әридай!

Шықпаған жан кеудеде,

Зорға жүрер-ай.

333. ҚАРА ЖОРҒА

(1-нұсқа)

Жылқымды айдап салдым теріскейге,

Мал, шіркін, бақпай қойсам, өрістей ме?

Саңлақты жылқы ішінен ұстап мініп,

Ән салсам, осылайша, келіспей ме?

Астымда атым мінген жорғалаған,

Жоқ кісі, бар кісіге қорғалаған.

Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,

Көл болар көзден жасым сорғалаған.

334. ҚАРА ЖОРҒА

(2-нұсқа)

Ей, қалқа, хат жазамын ынта беріп,

Дос болар әркім сөзге тұрса берік-ай!

Жеріңе пәлен деген барар едім,
Аңдушы алты кісі тұрса келіп-ай!

Қайырмасы:

Ой, шіркін, қара жорға тисе қолға,
Салар ем тайраңдатып тақтық жолға.

Ей, қалқа, хат жазамын қаламменен,
Әрқашан адам күні адамменен-ай!
Батпаққа аяғыңды батырады,
Қалқатай, жолдас болма жаманменен-ай!

Қайырмасы:

Ой, шіркін, қара жорға тисе қолға,
Салар ем тайраңдатып тақтық жолға.

335. ҚАРА КӨЛ

Қара көл есік алды түбің ылай,
Бітеді емен ағаш жарға құлай.
Елдерден алған таңдап едің, өгу
Қоспады екеумізді дұшпан сөзі-ай.

Насыбай қара бұйра көрмедім-ай,
Өзімнің еріккенде ермегім-ай.
Аралап әр шаһарды жүрсем дағы,
Әр үйде сіздей сұлу көрмедім-ай.

336. ҚАРА ҚАНШЫҚ

(1930 жылдары айтуға тыйым салынған ән.)

Қоянды шалмай алар қара қаншық,
Сұңқарға жем тілеген болар талшық.

Жігітке нелер кетіп, нелер кетпес,
Сыртым су болып жүрмін, баурым балшық.

Дүние өте шығар Құдай барлап,
Кетпейді өтер күнде, сірә, жарлап.
Кешегі қара қаншық бар шағында,
Уайымсыз жүруші едім аңымды аулап.

Ой-ай, уоу, ей
Аңымды аулап.

337. ҚАРА ҚИЯ

Келемін тау қиялап төмендетіп,
Құйрығын көкшолақтың сүмеңдетіп.
Түскенде сен есіме асыл еркем,
Қоямын атыңды атап өлеңдетіп.

Қайырмасы:

Халәләй, халәләкүләй,
Ләләләлә, ләләләй!
Лиләләләкү, лиләләләкү,
Қоямын атыңды атап өлеңдетіп-ай.

Шырқайын өнге салып, жүз құбылып,
Сөйлейін ишаратпен судай тұнып.
Көңілің шыныменен болса менде,
Ешкімге сөйлемеші мойның бұрып.

Қайырмасы:

Халәләй, халәләкүләй,
Ләләләлә, ләләләй!
Лиләләләкү, лиләләләкү,
Қоямын атыңды атап өлеңдетіп-ай.

338. ҚАРА ҚҰР

Салайын қаршығамды қара құрға,
Түседі жақсы жігіт қалың нұрға.
Көзінде жастық, мастық әуестеніп,
Құрбылар, көрінгенге көңіл бұрма.

Қайырмасы:

Ха-ла-ла-ла,
Ла-ла-ла-ла-ла-лай!

Дүние құдым сені он жасымнан,
Тартады дүние ауыр қорғасыннан.
Үстінен су төгілмес майда қоңыр,
Танады қартайған соң жорғасынан.

Қайырмасы:

Ха-ла-ла-ла,
Ла-ла-ла-ла-ла-лай!

Салайын қаршығамды қара құрға,
Түседі жақсы жігіт қалың нұрға.
Көзінде жастық, мастық әуестеніп,
Құрбылар көрінгенге көңілің бұрма.

Қайырмасы:

Ха-ла-ла-ла,
Ла-ла-ла-ла-ла-лай!

339. ҚАРА НАРША

Деген соң қара нарша, қара нарша,
Қоймайды қара нарша, таудан арша.

Аршаны әкелуші ем таудан сүйреп, ей, ахау-ай,
Аршаны үйіп қойып, жұрт тұрғанша-ай.

Қайырмасы:

Әкелуші ем аршаны-ау, таудан сүйреп,
Үйіп қойып аршаны, жұрт тұрғанша-ау.

340. ҚАРА ӨЛЕҢ

Аулымның қонған жері жусан ба екен?
Белімді тал жібекпен бусам ба екен?
Кешегі өтіп кеткен жиырма бесті
Соңынан қос атпенен қусам ба екен?!

Айқайлап ән саламын «қыздар-ау!» — деп,
Артыңа қарамайсың «кім бар-ау?» — деп.
Басыңнан қызыл шарқат ауған күні,
Саныңды бір соғарсың «күндер-ау!» — деп.

341. ҚАРА СИЫР

Біздің Бипыл жүр ме екен есен-аман, а-хау,
Бейнетімді ұмытам, сені көрсем.
Ахау, төнім,
Талма, менің жаным.

Қайырмасы:

Ей!
Күл-ли, күл-ли, Күлжан-ай,
Күнде базар, Құралай,
Бипыл, Бипыл, Бипыл-ай,
Бес қалампыр, бір қара-ай.

Жылқы бағып жарың жүр құбыла жонда,
а-ахау,
Жаным, Бипыл, ұмытпа мені десең.
Ахау, төнім,
Талма, менің жаным.

Қайырмасы:

Ей!
Күл-ли, күл-ли, Күлжан-ай,
Күнде базар, Құралай,
Бипыл, Бипыл, Бипыл-ай,
Бес қалампыр, бір қара-ай.

Асау кер ат жүрмейді шалдыққаннан,
Еркін даусым келмейді қарлыққаннан.
Сүйген жарды көре алмай арманда боп,
Сағынамын сарғайып, зарыққаннан.

342. ҚАРАЙ ҚАСЫМ

Ей, қалқа, сендей болсын жанға серік,
Ішің дос, сыртың суық, дәтің берік, ә, сәулем-ай!
Ақ иық көктен төніп түйіліп жүр,
Түсірмей не себептен жүрсің көріп, ә, сәулем-ай!

Қайырмасы:

Қарай қасым, қарындасым,
Шығады-ау сені ойласам,
Көзден жасым, сәулем.

Ей, қалқа, қуанамын бір сені ойлап,
Жалғанда қызығыңа бар ма тоймақ.
Десем де ойламаймын, ойлатасың,
Ұқсаған ләззат балы — аузың оймақ.

343. ҚАРАҒЫМ-АЙ*(1-нұсқа)*

Қара тайға жарасқан қара терлік,
Жігітке жараспайды төтен ерлік.
Жабыққан жамандардың ісі дейді,
Көңілді өлең айтып көтерелік.

Қайырмасы:

Қарағым-ай, қырға шығып,
Жолыңа қарадым-ай.

Аузыңды ашсаң көрінер маржан тісің,
Не демейді сыртыңнан дұшпан кісің?!
Десе десін сыртыңнан дұшпан кісі,
Білінбей ме досыңа еткен ісің.

Қайырмасы:

Қарағым-ай, қырға шығып,
Жолыңа қарадым-ай.

344. ҚАРАҒЫМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Айналайын көзіңнің-ау қарасынан,
Нұр көремін жалт еткен шарасынан.
Күндіз-түні қасыңнан кетпес едім,
Мен қорқамын дұшпанның жаласынан.

Қайырмасы:

Ей, қарағым-ай,
Қырға шығып, жолыңа
Қарадым-ай.

Ақсақалы ауылымның ер болады,
Маңдайынан аққаны тер болады.
Қайтсем саған қолымды жеткізем деп,
Қапаланып көңілім шер болады.

Қайырмасы:

Ей, қарағым-ай,
Қырға шығып, жолыңа
Қарадым-ай.

345. ҚАРАКӨЗ

(1-нұсқа)

Қолыма бір қамшым бар алтындаған-ай,
Кей жаман ұстай алмай қалтылдаған-ай.
Өзіңді бір көрмесем тұра алмаймын-ай,
Көзіңнен айналайын жалтылдаған-ау.

Көрдім де бір сұлуды болдым ғашық,
Алашқа білдірмедім аузымды ашып.
Жарасқан балшекерге күміс қасық,
Жүрерміз сүйтіп қашан араласып.

Мінгенім дәйім менің сары болса,
Қолымда жетелеген нарым болса.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Өзіңдей оймақ ауыз жарым болса.

346. ҚАРАКӨЗ

(2-нұсқа)

Құдай-ау құдыретіңе таң қаламын,
Жолыңда бір ғашықтың зарланамын.

Ішімді ғашық оты-ай күйдіреді-ау,
Сыртыма шығаруға арланамын-ай.

Ақ ерке, ақша мойын қалды-ау кейін,
Аллаға арызым жетпес мен не дейін.
Қолымнан жібек баулы ұшты тұйғын,
Берік ұстап, енді қонса, жібермеймін-ай.

Ақ сұңқар жаңа түлеп бізден ұшты,
Қайтейін, жұдалықты тәңірім қосты.
Тәжбір жоқ тағдырына деген ұқсап,
Дүниеде айрылмаған кімнің досты-ау!

Қайырмасы:

Аппақ етің қояндай,
Шошып сәулем оянды-ай.
Ғашық болған қара көз
Қызығыңа тоя алмай,
Ау, сүмбіл шаш!
Сен-ау айым, беу жұбайым,
Жан сәулем, айта беріп
Не қылайын-ай!

347. ҚАРАКӨЗ

(3-нұсқа)

Кез болдың тәтті ұйқыда биыл маған,
Жел көңіл жігіттікте тыйылмаған.
Бір дұшпан арадағы қас ойлар деп,
Қалмады елде құрбым сыйынбаған.

Қайырмасы:

Қардан аппақ етің бар,
Қаннан қызыл бетің бар.

Сонадан сәулем келгенше,
Көкіректе дертім бар.
Ал қаракөз,
Қалдым кейін,
Мен не дейін,
Уа шіркін-ай...

Ей, қалқа, мендей адал сертке жетсең,
Жерлерден қиын-қыстау аман өтсең.
Жанымды өз жолыңнан аямаймын,
Өзің біл ғашығыңды зар еңіретсең.

Қайырмасы:

Қардан аппақ етің бар,
Қаннан қызыл бетің бар.
Сонадан сәулем келгенше,
Көкіректе дертім бар.
Ал қаракөз,
Қалдым кейін,
Мен не дейін,
Уа шіркін-ай...

348. ҚАРАКӨЗ

(4-нұсқа)

Қаракөз қайда сенің ыстық шағың,
Дүниеде ғашықтықтың дерті қиын.
Кешегі жиырма бестің базарында,
Болушы ед қалқам ауылы күнде жиын.

Қайырмасы:

Қара көзің сүзілген,
Қыпша белің үзілген.
Ауыздағы отыз тіс

Ақ маржандай тізілген.
Қаракөз қалды-ау кейін,
О, шіркін, уайым жеймін!

Қарағым сен де ақмандай, мен де ақмандай,
Арасы екі ауылдың шам жаққандай.
Кешегі жиырма бестің отты шағы,
Не керек өтіп барад күн батқандай.

Қайырмасы:

Қара көзің сүзілген,
Қыпша белің үзілген.
Ауыздағы отыс тіс
Ақ маржандай тізілген.
Қаракөз қалды-ау кейін,
О, шіркін, уайым жеймін!

349. ҚАРАКӨЗ

(5-нұсқа)

Қаракөз, ауылың алыс, жерің шалғай,
Мен жүрмін дидарыңа бір қана алмай.
Ой толқып, жүрек лебі құйқылжыды-ау,
Қосылар күн болар ма, ақ дариға-ай.

Қайырмасы:

Қаракөз отыр гүл жайнап,
Қамар белбеу бір байлап.
Шіркін, еске түскенде,
Кетеді ішім зыр қайнап.

Ахау, Қаракөз,
Қалдың кейін,
Мен не дейін,

Құшақтап,
Енді көрсем, жібермеймін.

Қаракөз ұядағы ақ балапан,
Сағынып Қаракөзді ойға батам.
Ауылын Қаракөздің көрген болсаң,
Берейін сүйіншіге ат пен шапан.

Қайырмасы:

Қаракөз, отыр мөлдіреп,
Екі беті үлбіреп.
Жібек шәлі мойнында,
Төңірегі желбіреп.

Ахау, Қаракөз,
Қалдың кейін,
Мен не дейін,
Құшақтап,
Енді көрсем, жібермеймін.

350. ҚАРАКӨЗ

(6-нұсқа)

Қаракөз сөз айтады жылап тұрып,
Көл қылып көздің жасын бұлап тұрып.
Қу кәмшат адыра қалған енді аман бол,
Жібердім жырақ жерге ылақтырып.

Қайырмасы:

Жирен аттың қасқасы,
Сыдырып алған таспасы.
Бірге өлейін деуші едім,
Қу шыбыннан басқасы.
Айдай сәулем, дәурен,
Сәулешім-ай, енді аман бол!

Қу көмшат адыра қалған енді аулақ,
Келе бер зарлағанда өлең саулап.
Айтқан сөз, алысқан қол арамызда,
Кетсеңші тым болмаса көңіл аулап.

Қайырмасы:

Жирен аттың қасқасы,
Сыдырып алған таспасы.
Бірге өлейін деуші едім,
Қу шыбыннан басқасы.
Айдай сәулем, дәурен,
Сәулешім-ай, енді аман бол.

351. ҚАРАКӨЗ

(7-нұсқа)

Арасы екі ауылдың балғын көлді-ау,
Балығын балғын көлдің алғым келді.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Жеріңде ат шалдырып қалғым келді.

Қайырмасы:

Қаракөз,
Қалдың кейін,
Мен не дейін?
Еске түссе ғашық дерт,
Уәйім жеймін.

Ішінде көп асықтың қызыл кеней,
Қыз бала кетсе тігер жол-жәнекей.
Аулыңа алаукермен келгенімде,
Көйлектің бауын шешші, қойшы-ау демей.

Қайырмасы:
Қаракөз,
Қалдың кейін,
Мен не дейін?
Еске түссе ғашық дерт,
Уәйім жеймін.

352. ҚАРАКӨЗ-АУ

Су тұнық, аспан жарық, жым-жырт дала,
Қаракөз,
Желігіп-ау, бой тербедім өнге сала.

Қайырмасы:
Қаңбақтай жел аударған, Қаракөзім, сүйгенім,
Өзіңмен-ау, келді кезім, Қаракөз-ау.

Бейнесі көз алдыма елестейді, Қаракөз,
Жер алыс-ау, көзге жақын, бар ма шара.

Қайырмасы:
Қаңбақтай жел аударған, Қаракөзім, сүйгенім,
Өзіңмен-ау, келді кезім, Қаракөз-ау.

Басылмас қартайғанша жастық серпін,
Жасымнан еркеледім емін-еркін.
Тұрсам күлкім келмейді, жатсам ұйқым,
Ішкен асты сіңірмес сенің дертің.

353. ҚАРАҚ-АЙ

(1-нұсқа)

Қарағым, айналайын, кекілдім-ай,
Аққудың балапаны секілдім-ау, қарақ-ай.

Алтынның қолда барда қадірі жоқ,
Кеткен соң қолдан шығып өкіндім-ау, қарақ-ай.

Ауылың қонған жері боз бетеге,
Бір үйде бес қыз болса, тон жете ме.
Расымен көңіліңді берсең маған,
Жүрерсің мені көрсең қол көтере.

354. ҚАРАҚ-АЙ

(2-нұсқа)

Омырауыңа жарасқан теңге, тана,
Сен де мені өзіңе тең деп сана.
Ахау, тең деп сана-ай.

Уәдеміз байланса осыменен,
Қуантайық, келіссін енді ата-ана.
Ахау, енді ата-ана-ай.

Асып туған алаштан сымбаттым-ай,
Пұлы жетпес базардың қымбаттым-ай.
Бұл жалғанда арманым болмас еді,
Қосатұғын күн болса саған құдай.

355. ҚАРАШАШ

Алтыннан салдым жүзік бармағыма,
Бұл күнде жан тең келмес салмағыма.

Қайырмасы:

Қалды-ау, қалды-ау, Қарашаш, қарағым,
Құрбы-ай! сағындым, сәулем-ай!

Ортасында дәрияның сен аққайраң,
Лінбеген ешкімнің қармағына.

Қайырмасы:

Қалды-ау, қалды-ау, Қарашаш, қарағым,
Құрбы-ай! сағындым, сәулем-ай!

Қалқатай, сен ақ қоян секеңдеген,
Артыңнан мен ақсұңқар жетем деген.

Қайырмасы:

Қалды-ау, қалды-ау, Қарашаш, қарағым,
Құрбы-ай! сағындым, сәулем-ай!

Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып, қалқам, сенен кетем деген.

Қайырмасы:

Қалды-ау, қалды-ау, Қарашаш, қарағым,
Құрбы-ай! сағындым, сәулем-ай!

356. ҚАРҒА

Қарғам-ау, сен қалайсың, мен дегенде,
Құриды ынты-зарым сен дегенде.
Аршын төс, алма мойын, сен қарағым,
Бал татыр әр лебізің шөлдегенде.

Қарғам-ау, ризамын сертке жетсең,
Жерлерден қиын-қыстау аман өтсең.
Сен үшін сан татудан алыстадым,
Өзің біл ғашығыңды зар еңіретсең.

357. ҚАРҒА-АУ

Ей, қарға-ау алтын жүзің айдан аппақ,
Жаныңнан шыға алмадым, ей, қарға-ау,
айналақтап-ай!

Анаңнан сені тапқан айналайын,
Өсірген жұмыртқадай, ей, қарға-ау,
таза сақтап-ай!

Ақбас ер, алтын доға, жүргі жона,
Жел тұрса қайысады, ей, қарға-ау,
жалғыз доға-ай!

Өзіңнің былқ-былқ еткен мінезіңнен,
Бір сорлы жабысады, ей, қарғам-ау,
соған бола-ай!

358. ҚАРҒАЛЫ

Басынан Қарғалының ел айрылған,
Қаршығам қазға салған тез айрылған.
Жалғанда қыздан сорлы жан бар ма екен,
Елінен өлі айрылмай, тірі айрылған.

Есіктің алды тоғайлы, қарағайлы,
Кесуге жас қарағай жарамайды.
Жасынан қыз сорлыны малға сатып,
Қыздарды жұрт балаға санамайды.

359. ҚАРҒАМ-АУ*(1-нұсқа)*

А!

Қарғам-ау, сен қалайсың-ау, мен дегенде-ау,
Еш тағат қыла алмаймын-ой, қарғам-ау,
сен дегенде-ай.

А!

Аршын төс, алма мойын-ау, қарағым-ау,
Құриды ынты зарым-ой, қарғам-ау,
сен дегенде-ай.

А, а, а, а!

Сен дегенде-ай, қарғам-ау.

360. ҚАРҒАМ-АУ*(2-нұсқа)*

Қарғам-ау, ырыйзамын сертке жетсең,
Жерлерден қиын-қыстау, қарға, аман өтсең,
Сен үшін сонау жерден келдім іздеп,
Өзің біл ғашығыңды, қарға, зар еңіретсең.

Қайырмасы:

А-га-га-га-гәй, у-га-га-да, рай-ай.

О-а, ей-у-ай, о-ой-ра-у-ай.

Қарғам-ау, ырыйзамын сертке жетсең,
Құриды ынтызарым, қарға, сен дегенде.
Аршын төс, алма мойын, қарағым-ай,
Бал татыр сілекейің, қарға, шөлдегенде.

Қайырмасы:

А-га-га-га-гәй, у-га-га-да, рай-ай.

О-а, ей-у-ай, о-ой-ра-у-ай.

361. ҚАРҒАМ-АУ

(3-нұсқа)

Қарғам-ау, сен қалайсың, а, мен дегенде-ай!

Құриды ынтық зарым, әй, қарғам-ау,

сен дегенде, әй!

Қайырмасы:

Әй-а-ла-ла-лай

Уа-ла-ла-ла-лай а-ла-а.

Ой-ла-ла ли-лә-ла-ли ли-ли-ләй.

Уа-ли-лә-ку ла-лай-а-ла-ай!

Аршын төс, алма мойын, а, сен қарғам-ай!

Бал татар сілекейің, әй, қарғам-ау,

шөлдегенде, әй!

Қайырмасы:

Әй-а-ла-ла-лай

Уа-ла-ла-ла-лай а-ла-а.

Ой-ла-ла ли-лә-ла-ли ли-ли-ләй.

Уа-ли-лә-ку ла-лай-а-ла-ай!

Қарғам-ау, ыризамын, а, сертке жетсең-ай,

Жерлерден қиын-қыстау, әй, аман өтсең, әй!

Қайырмасы:

Әй-а-ла-ла-лай

Уа-ла-ла-ла-лай а-ла-а.

Ой-ла-ла ли-лә-ла-ли ли-ли-ләй.

Уа-ли-лә-ку ла-лай-а-ла-ай!

Сен үшін сап татудан, а, кеттім алыс-ай,
Өзің біл ғашығыңды, өй, зар еңіретсең, өй!

Қайырмасы:

Өй-а-ла-ла-лай

Уа-ла-ла-ла-лай а-ла-а.

Ой-ла-ла ли-лө-ла-ли ли-ли-лөй.

Уа-ли-лө-қу ла-лай-а-ла-ай!

362. ҚАРЖАС

Сұрасаң руымды, Қаржас едік-ау,
Дос болар өркім, сөзде тұрса берік-ау.
Жеріңе пәлен деген барар едім-ау,
Аңдушы алты кісі-ай тұрса келіп-ау.

Ей, қалқа, хат жазамын, қаламменен,
Өрқашан адам күйі адамменен.
Батпаққа аяғыңды батырады,
Қалқатай, жолдас болма-ай жаманменен.

363. ҚАРҚАРАЛЫ

Ау!

Қарқаралы басында түсер сағым,
Сағынғанда қайда едің, ай,
Сағынғанда қайда едің, сәуле жаным.

Ау!

Кәмшат бөрік басында, кәмар белбеу,
Сенің сылқым болғаның-ай,
Сенің сылқым болғаның менің бағым.

Қайырмасы:

Әсем қала Қарқаралы,
Жаңа өмір көңілге жай,
Жаңа өмір көңілге нұр қалады.

Қарқаралы басынан тал кескенім,
Құлын-тайдай, айқасып, бірге өскенмін.
Қайтсем сені ұмытам, жан қалқатай,
Кәмпит қосып аузыңнан бал жескенмін.

Қайырмасы:

Әсем қала Қарқаралы,
Жаңа өмір көңілге жай,
Жаңа өмір көңілге нұр қалады.

364. ҚАРШЫҒА

Қаршығам қаз ал десем, қаз алмайды,
Ежелден кекті дұшпан тазармайды.
Болғанда қыз саудегер, жігіт базар,
Олар да бірін-бірі базарлайды-ай.

Қараймын қарайғанға бұта ма деп,
Асықты ойнамаймын ұта ма деп.
Бұралған тал шыбықтай тал бойымды,
Қорқамын сұм қара жер жұта ма деп-ай!

365. ҚАРШЫҒА АЛЫП

Жылқы айдаймын көшкенде, ай, қаршыға алып,
Тал құрығын қолыма, ай, аршып алып.
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқатып,

Ей!

Бір тал үкі шекеме шаншып алып, ай.

Ау! А, ай! Ау!

Қаршыға алып, ай.

Жылқы айдаймын көшкенде кер кекілмен,

Ауық-ауық аймалап жел бетімнен.

Шырқата көш-жөнекей өн салғанда,

Қыздың жаны шаттанып тербетілген.

Жылқы айдаймын көшкенде жиренменен,

Жал-құйрығын жаратып түйгенменен.

Кісіге кісі жары жар болмайды,

Құрбысынып, құр ойнап күлгенменен.

366. ҚАУСЫЛДАҚ

Қамыс басы жел болса қаусылдайды,

Өз-өзінен сөйлесіп саусылдайды.

Қайырмасы:

Әй, Қапал, дедім-ай!

Сені ойласам, қалқатай, сағынғанда,

Айтар сөзім ішімнен таусылмайды.

Қайырмасы:

Әй, Қапал, дедім-ай!

Қызыл шарқат қыз бала жамылады,

Жібектен бау шашақтап тағынады.

Қайырмасы:

Әй, Қапал, дедім-ай!

Ата менен ананың дәулетінде,
Үлде менен бұлдеге малынады.

Қайырмасы:

Әй, Қапал, дедім-ай!

367. ҚИЯҚТАУДАҒЫ МАҚПАЛ-АУ

Бір келген он екі айда қауысым-ай,
Шықпайды бұрынғыдай дауысым-ай.

Қайырмасы:

Беу, беу, Мақпал-ау!
Беу, беу, беу, қалқам-ау,
Әдемі-ау, қалқам-ау,
Айнам сал.

Күлейік, ойналық та тіршілікте,
Басымыз қосылған соң, міне, осылай.

Қайырмасы:

Беу, беу, Мақпал-ау!
Беу, беу, беу, қалқам-ау,
Әдемі-ау, қалқам-ау,
Айнам сал.

Жігіттер күліп-ойнап көңіл аула,
Жер көріп, ел танып өс денің сауда.

Қайырмасы:

Беу, беу, Мақпал-ау!
Беу, беу, беу, қалқам-ау,
Әдемі-ау, қалқам-ау,
Айнам сал.

Кетпейтін жанға ұқсама бұл дүниеден,
Кез келсең, айла болмас, ажал-жауға.

368. ҚОҒАЖАЙ

Бозбалаға ылайық ойнап-күлмек-ай,
Үйлесімді заманның жөнін білмек-ау.

Қоғажай,
Осынау әнім жанға жай.

Социалды түрленген дәуірінде-ай,
Ілгері аттап білім ал, құлаш сермеп-ау.

Қоғажай,
Осынау әнім жанға жай.

Айдап жүрмін колхоздың арбасын-ай,
Бригадир қоя ма бармасыңа-ай.
Тастай сал да арбаны бізбен жүргін,
Күн көрейік екеуміз жалғасып-ай.

369. ҚОҒАЛЫ КӨЛ

(1-нұсқа)

Ауылың қонған жері-ау қоғалы көл,
Қоңыр қой, қозысы өлсе, болады тел-ай.
Дөңіне-ау Қоғалының шыға келсем,
Алдымнан қоңыр салқын соғады жел-ай-ау.

Қайырмасы:

Сәулем-ай, қарғам-ай,
Қоңыр салқын соғады жел-ай-ау.

Барады аулым көшіп Қауланкөлге,
Жетемін қашан көшіп таудағы елге.

Көргенше қайта айналып кім бар, кім жоқ,
Қол қысып, қош айтайын бұраң белге.

Қайырмасы:

Сәулем-ай, қарғам-ай,
Қоңыр салқын соғады жел-ай-ау.

370. ҚОҒАЛЫ КӨЛ

(2-нұсқа)

Ауылдың қонған жері-ау Қоғалы көл,
Қоңыр қой, қозысы өлмес-ау, болады төл.
Дөңіне Қоғалының-ау, шыға келсем,
Алдымнан қоңыр-салқын, ай, соғады жел.

Жігітке жиырма бесте шалқып тасқан,
Жар қайда сұлулығы жаннан асқан.
Болғанда жадыра жаз, жайнаған гүл,
Қыз басқа, жігіт бұлбұл өнге қосқан.

Қайырмасы:

Ай-а, ай-а, ай-ай,
Ай-а, ай-а, ай-а-ай.

371. ҚОҚЫШ

Ақ көйлек жыртылмайды кең болған соң,
Ойнайды екі құрбы тең болған соң.
Сырымды саған айтпай кімге айтамын,
Көзіме көрінгенім сен болған соң.

Кеңге сал пейіліңді тар қылғанша,
Құдай-ай, қоспаймысың зар қылғанша.

Біреудің жас өміріне ортақ етіп,
Жаманды неге алмайсың бар қылғанша.

372. ҚОҢЫР

Өн шықты біздің елде «Жаймақоңыр»,
Бешпет кидім қынама жалған өңір,
жалған өңір-ай.
Жігіттер, ойна да күл, ойла да біл,
Жуық дейді алдында қалған өмір,
қалған өмір-ай.

Қайырмасы:

Әй, дәри, дәридәй,
Дәри, дәри, дәридәй.
Дәри, дәри, дәй, дәй,
Дәри, дәри, дәри,
Алдыңда жуық дейді қалған өмір,
қалған өмір-ай.

Жігітке берер пайда қылған кәсіп,
Адалдықпен, жігіттер, етсең нәсіп.
Осындай мәжілісте сөз сөйлесем,
Сол мәжілісте қаламын көңіл өсіп.

373. ҚОҢЫР ӨН

(1-нұсқа)

Өнім бар сатып алған құнан нарға,
Адаспай құдым түлкі тұмандарға.
Бұл өнді сан қайтара сатар едім,
Өзімдей туған еркек қырандарға.
Өзімдей туған еркек-ай, ау,
қырандарға-ай.

Ән салсаң, өзімдей сал, жаным деймін,
Бұл әнім бес болысқа мәлім деймін.
Кешегі ел қыдырған есер шақта,
Өзімнің жүрген салып әнім деймін.
Өзімнің жүрген салып әнім деймін.

374. ҚОҢЫР ӘН

(2-нұсқа)

Бәйгеден озып келген атты айналайын,
Ер жігіт сынамай ма бақ, талайын.
Құрбылар айт деп өзі бұйырған соң,
Құйқытып қоңыр әнге (айнам) мен салайын.

Базарға бұл жібердім көк есекке,
Құрбылар, аманбысың (айнам) көрмесек те.
Құрбылар, айтты екен деп айыптама,
Айтайын мен өлеңді (айнам) білмесек те.

375. ҚОҢЫР ГҮЛІМ

Етің аппақ көрінер жауған қардан,
Жігіттің арманы жоқ сені алған.
Дариясында мұхиттың сіз қоңыр қаз,
Тоятқа шабыт қылған біз бір тарлан.

Қайырмасы:

А-хау! О-о-о, қоңыр гүлім, ай!
Тоятқа шабыт қылған біз бір тарлан.

Сары алтын он саусағың, маржан білек,
Құдайдан саған қос деп қылдым тілек.

Бір хабар сізден, қалқа, келгенінше,
Тағат қып тұра алмайды біздің жүрек.

Қайыrmасы:

А-хау! О-о-о, қоңыр гүлім, ай,
Тағат қып тұра алмайды біздің жүрек.

376. ҚОҢЫР ЖАЙ

(1-нұсқа)

Бозбалаға ат қайда қарагердей,
Көкірегім кең сарай — дала, жердей,
 қоңыр жай.
Жаман жолдас, шабан ат, өтпес пышақ,
Кәрі бүркіт түлкі алмас — бәрі бірдей,
 қоңыр жай.

Лебізінен жақсының тамшылаған,
Керегі жоқ жүйріктің қамшылаған.
Алпыс үйрек күнінде ілсе дағы,
Бағаң артық, ақтұйғын, қаршығадан.

377. ҚОҢЫР ЖАЙ

(2-нұсқа)

Қызды ауылды көрдің бе қиядағы,
Қыздан көңіл қалған жоқ сірә дағы.
Бәрінен де сен сұлу көрінесің,
Баласындай сұңқардың ұядағы.

Өлең шіркін келмейді жылдағыдай,
Мойның сұлу мылтықтың құндағындай.
Бәрінен де сен сұлу көрінесің,
Алтындаған күмістің жұрнағындай.

378. ҚОҢЫР ЖЕЛ

Ей! Жігіт, бол майда болсаң тал жібектей,
Пайда жоқ қатты болсаң тікенектей.
Я батыр, я балуан болсаң дағы,
Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Қайырмасы:

Халила-лай, әгей, ә-а-ай,
Игеге-ай, а-и-и-гей, и де-ай-а-ай.

Өнерге, білім білсең, жеткізеді,
Дариядан кеме-қайық өткізеді.
Жақсымен ғұмыр-ғалам жолдас болсаң,
Бойыңа бір қасиет біткізеді.

379. ҚОҢЫР КӨК

Атым мінген астыма қоңырым-ай,
Қолыңнан жедім секер омырып-ай.
Атпен түлкі түсімде соғып жүрмін-ай,
Тұрдым да сол қоңырға жорыдым-ай.

Шашасына шаң жұқпас саңлақ едің,
Шалдыртпай шаршы топта самғап едің.
Тай күнінде-ақ тұлғаңнан үміт етіп,
Қадірге жетеді-ау деп тандап едім.

380. ҚОҢЫР ҚАЗ-ҮЙРЕК

Өлеңді қиыстырып әнге парлас,
Сөз болса қанағатсыз, құлақ салмас, ах-уай.

Өлеңді өрнегімен қиыстырып,
Сөзінде айтушының жылу болмас, ах-уай.

Қайырмасы:

Қоңыр қаз-үйрек,
Қанатын сүйреп.
Ей, қалқа, өлең айтсаң,
«Өй», — деп, «бүй», — деп, ах-уай.

Білмесе, өлең деген сөзден қиын,
Шығады қиыстырған сөзден түйін.
Қара сөз қанаты жоқ сылдырласа,
Есепке алынбаса, о-да қиын.

Қайырмасы:

Қоңыр қаз-үйрек,
Қанатын сүйреп.
Ей, қалқа, өлең айтсаң,
«Өй», — деп, «бүй», — деп, ах-уай.

381. ҚОС БАЛАПАН

Ей!
Шұбартаудың басында қос балапан,
Сол таудан дария тасып су тараған.
Көркем жігіт, әсем қыз — бәрі сонда,
Япыр-ау, неге келдім сол арадан.

Қайырмасы:

Ахахау-ай, ей, е-е-ей!
Халилөләу, халилөләу,
Лилиләй, халәлөләй,
Лиләли, лиләли, ай!

Шұбартаудың басында қара қойын,
Сағындым жан сәулемнің думан тойын.
Айрылғаным бір минут ауыр еді,
Алыстан жайлап кеттім Сырдың бойын.

Қайырмасы:

Ахахау-ай, ей, е-е-ей!
Халилөләу, халилөләу,
Лилиләй, халәлөләй,
Лиләли, лиләли, ай!

382. ҚОС ӨРІК

Қайғысыз ғазиз жүрек зарламайды,
Шын достар бірін-бірі алдамайды.
Тас төсек, ұйқың келсе, болар мамық,
Ғашықтық сұлулықты талғамайды.

Қайырмасы:

Жан қалтамда қос өрік,
Сәулем, саған мен серік.
Сәулем еске түскенде,
Жүре алмаймын теңселіп.
Ахай, сәулем, жүр үйге-ай,
Иги, сәулем-ай, жүр үйге-ай!

383. ҚОШ, АМАН БОЛ

Жасымнан болдым құмар, сәлем саған,
Күн бар ма дидарласар есен-аман!
Жалғанда сенсіз маған қызық бар ма,
Тілекке жететұғын туды заман.

Қайырмасы:

Әппақ етің қардай бар,
Қызыл бетің қандай бар.
Сен сәулемә ғашықтығым
Кеудемдегі жандай бар.
Ә-әй, сәулем, дәруен беу-беу,
Беу-беу-беу, қош, аман бол-ай!

Сағынып хат жазамын, алтын айым,
Бір минут сені ойламай тұра алмаймын.
Бота көз, үлбіреген ақша тамақ,
Киіктің ұқсатамын құралайын.

Қайырмасы:

Әппақ етің қардай бар,
Қызыл бетің қандай бар.
Сен сәулемә ғашықтығым
Кеудемдегі жандай бар.
Ә-әй, сәулем, дәруен беу-беу,
Беу-беу-беу, қош, аман бол-ай.

384. ҚОЯН

А, ей, а, ей-ай.
Көкше қоян келесің құмды жанап,
Сүйел аяқ келеді сені қалап, көкше қоян.

Қайырмасы:

А, ей, а, ей-ай.
Шеңгеліңе бар да кір, байғұс қоян,
Көп шоңқая бермеші бойың балап,
көкше қоян.

Көкше қоян секектеп жүрсің саяқ,
Жүрсең саяқ, асықпай, жерсің таяқ.

Қайырмасы:

А, ей, а, ей-ай.

Шеңгеліңе бар да кір, байғұс қоян,

Көп шоңқая бермеші бойың балап,

көкше қоян.

Барып едім сөйлесіп сені аяп,

Аласың ба теріңді қанға бояп.

Қайырмасы:

А, ей, а, ей-ай.

Шеңгеліңе бар да кір, байғұс қоян,

Көп шоңқая бермеші бойың балап,

көкше қоян.

385. ҚУАТЖАН

Жақсының өзі жалғыз, ақылы егіз,

Дос екеу болған күнде, дұшпан сегіз,

Қуатжан!

Осындай қатар құрбым кез келгенде,

Сөйлемей босқа қарап тұрған неміз,

Қуатжан.

Жасым бар жиырмада, жылым — тауық,

Барады өмір өтіп, аттай шауып-ай.

Барында тіршіліктің шалқақтайық,

Қаларсың өлген күні жерді қауып.

386. ҚҰБАЖАЙ

(1-нұсқа)

Бозбалаға лайық ойнап-күлмек,

Үйлесімді заманның жөнін білмек.

Қайырмасы:

А-ай! Құбажай,

Осынау өнім, ө, жанға жай.

Социалдық түрленген дәуірінде,

Ілгері аттап, білім ал, құлаш сермеп.

Қайырмасы:

А-ай! Құбажай,

Осынау өнім, ө, жанға жай.

387. ҚҰБАЖАЙ

(2-нұсқа)

Ар жағында Ертістің нұр жайлаған,

Біздің қалқа көрдің бе жылқы айдаған?

Қайырмасы:

Құбажай,

Қоңыр да салқын жанға жай.

Біздің қалқа көрсеңіз таныр едің,

Орамал бар белінде бір байлаған.

Қайырмасы:

Құбажай,

Қоңыр да салқын жанға жай.

Осылайша құрбыға сәлем жаздым,

Атағына алыстан ынтызармын.

Қайырмасы:

Құбажай,

Қоңыр да салқын жанға жай.

Мен жүрейін сыртынан медет қылып,
Үні жақсы көлдегі қоңыр қаздың.

Қайырмасы:

Құбажай,
Қоңыр да салқын жанға жай.

388. ҚҰДАША

Толқынындай дарияның қара шашың, ей, ахау,
Жаңа туған айдай ғой, қиғаш қасың-ау!
Жаңа туған айдай ғой, а, ай, қиғаш қасың,
құдаша-ай.
Алқызыл гүл жанады екі бетің, ей, ахау,

Қайырмасы:

Нұрдан пайда болғандай аппақ етің-ау!
Нұрдан пайда болғандай, а, ау, аппақ егің,
құдаша-ай.

Отыз тісің тізілген інжу-маржан,
Күздікүнгі етің ақ жауған қардан.
Шыққан сөзің аузыңнан дертке дәрмен,
Сізді құшқан жігітте болар ма арман!

Қайырмасы:

Нұрдан пайда болғандай аппақ етің-ау!
Нұрдан пайда болғандай, а, ау, аппақ етің,
құдаша-ай.

Екі бетің жанады алқызыл гүл,
Қасың қара һәм және, шашың сүмбіл.
Көкіректен кетпейді айтқан сөзің,
Бақ ішінде сайраған бейне бұлбұл.

389. ҚҰЛАЖЕКЕЙ

Қайда едің шақырғанда Құлажекей,
Айрылмас домбырадан тіл, көмекей.
Алдымда құрбы-құрдас кез болғанда,
Салайын басып-басып, некей, некей.

Қайырмасы:

Алқаракөк, ай!
Кетті сәулем қыр жайлап,
Тәуекелге бел байлап,
Санаменен сарғайдым-ай,
Сәулем, сені көп ойлап.

Су алсаң, Ертістен ал, кемерленген,
Сұрасаң тілек етіп, не бермеген.
Ақ құйрық қара шайдың нұсқасындай,
Көзіңнен айналайын дөңгеленген.

Қайырмасы:

Алқаракөк-ай!
Кетті сәулем қыр жайлап,
Тәуекелге бел байлап,
Санаменен сарғайдым-ай,
Сәулем, сені көп ойлап.

390. ҚҰРБЫЛАР

Ашылып бұлақ көзі, ақты қайнап,
Жерімнің түрі кілем жатыр жайнап.

Қайырмасы:

Күн туады күлімдеп,
Өнге басар құрбылар.

392. ҚҰРБЫМ-АЙ*(1-нұсқа)*

Атым мінген астымда ақ кіндікті,
Сенің үйің белгілі боз түндікті.
Угай-ай, угай-ай, құрбым, ай-ау.

Ат өксітіп алыстан келгенімде,
Жылтылдатпай шамыңды, жап түндікті,
Угай-ай, угай-ай, құрбым, ай-ау.

Айналайын, қарағым, асыл айнам,
Құрбы болып, қанекей, тиген пайдаң?
Бұдан артық күтуге еш жайым жоқ,
Ендігісін, жан құрбым, өзің ойлан.

393. ҚҰРБЫМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Біздің ауыл, мінекей, колхоз аулы,
Өсуіне колхоздың еткен қаулы.

Қайырмасы:
Құрбым-ай,
Замандасым, құрбым-ай,
Өседі көңіл күн-күн-ай.

Екпінді топ бригада ұштасқандар,
Қырына алса, қиратқан қара тауды.

Қайырмасы:
Құрбым-ай,
Замандасым, құрбым-ай,
Өседі көңіл күн-күн-ай.

Жайқалтып сайды егінім салаларын,
Елімнің ұлан-байтақ далаларын.

Қайырмасы:

Құрбым-ай,
Замандасым, құрбым-ай,
Өседі көңіл күн-күн-ай.

Қара жердің қыртысын қарсы айырып,
Астықпенен толтырып далаларын.

Қайырмасы:

Құрбым-ай,
Замандасым, құрбым-ай,
Өседі көңіл күн-күн-ай.

394. ҚҰРБЫМ-АЙ

(3-нұсқа)

Есік алды қара су ылай-ай деп, ай!
Сермей салдым қолымды, ал құрбым-ай,
былай-ай деп, ай!

Сен сәулемнің кетерін ойлағанда-ай,
Жата қалып жыладым, ал құрбым-ай,
солай-ай деп-ай.

Есік алды қара су бойламадым-ай!
Сен сәулемді кетер деп, ал құрбым-ай,
ойламадым.

395. ҚҰРБЫМ-ЖАЙ

Дүниенің ойнап-күл жарығында,
Жан қартайр көңілдің жарымында-ай.
Толғаннан соң туған ай, о да қайтар,
Ешбір нәрсе тұрмақ жоқ қалыбында-ай.

Қайырмасы:

Ахау, құрбым-жай, ахау, құрбым-жай,
Ешбір нәрсе тұрмақ жоқ қалыбында-ай.

Бұл дүние білгенге кезек екен,
Жаман, оны қанша айтсаң, сезе ме екен?
Әлденеге жаманның қолы жетсе,
Туыстан да, достан да безеді екен.

Қайырмасы:

Ахау, құрбым-жай, ахау, құрбым-жай,
Ешбір нәрсе тұрмақ жоқ қалыбында-ай.

Ойлап тұрсам дүние терең теңіз,
Жамандық пен жақсылық болады егіз.
Аяғыңды басқайсың аңдап-аңдап,
Досың екеу болғанда, дұшпан сегіз.

396. ҚҰСНИ-ҚҰРДАС

Ажарың ашық екен атқан таңдай-ау,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай-ау.
Анаңнан сені тапқан айналайын-ау,
Күлім көз, оймақ ауыз-ай, жазық маңдай.

Қайырмасы:

Беу, беу, Гауһартас,
Құсни-құрдас,

Раушан жүзіңді көргенде,
Сәулем-ау, ау-ай,
Сабырым қалмас.

397. ҚЫЗ

Міндім де кербестіні-ай, сауырладым,
Ау! Біздерге қараса жүр бауырларым.
Бұл қалай, апеке-ау, жеңеше.

Біреудің он қарасын-ай алды әкем,
Ау! Халімнің содан білдім ауырларын.
Бұл қалай, апеке-ау, жеңеше.

Ақ жібек, қызыл жібек иірейін,
Астына алтын тақтың жүгірейін.
Кеткенде аулың алыс, қалқатайым,
Хат жазып қарлығаштан, жіберейін.

398. ҚЫЗ БАЛА

Құдайым қызды жан деп-ай, жаратады,
Қайырып қара шашын таратады,
таратады қыз бала.
Біреудің әлпештеген-ай баласы едім,
Қолына қандай жанның қаратады,
қаратады қыз бала.

Қайырмасы:

Ау!
Дүниеде қыздан сорлы жан бар ма екен,
Кетеді тірі айрылып руынан қыз бала.

Сыртынан ауылымның аса алмадым,
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.
Түскенде сен есіме, қайран анам,
Мен жылап өксігімді баса алмадым.

Қайырмасы:

Ау!

Дүниеде қыздан сорлы жан бар ма екен,
Кетеді тірі айрылып руынан қыз бала.

399. ҚЫЗ БИКЕШ

Мінейік Ақжекейдей күрең атқа,
Қимайды бізді халық жаманатқа.
Қайтейін, қиса, қисын жаманатқа,
Берерміз бара жауап ақиретке.

Қайырмасы:

А-ха-ха, Қыз бикеш!

Салайық әсем жырға-ай

Маң-маң кереге-ай.

400. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

(1-нұсқа)

А-ай!

Міндім де кер бестіні-ау, сауырладым-ай,
Біздерге қараса жүр-ау, бауырларым-ай.
Не жаздым, япыр-ай, жалған-ай,
Біреудің оң қарасын-ау алды өкем-ай.

Қайырмасы:

Халімнің содан білдім-ой ауырларын-ай!

Не жаздым, япыр-ай, жалған-ай.

Жоғары жылқым жатыр жиылмаған,
Етегі дүрия көйлек қиылмаған.
Кеткенде сен алысқа, беу, қалқажан,
Көл болып көзім жасы тиылмаған.

Қайырмасы:

Халімнің содан білдім-ой, ауырларын-ай!
Не жаздым, япыр-ай, жалған-ай.

401. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

(2-нұсқа)

Өлең білсем, ей, қалқа, өлең білсем-ау,
Не көрмейсің жалғаннан өлмей жүрсең-ау.
Дүниеден армансыз өтер едім-ау,
Өзім сүйген қалқамен бірге жүрсем-ау.

Неге өсті екен қыз байғұс сылауменен,
Тал шыбықтай тал бойын қынауменен.
Анасынан одан да тумасайшы,
Өксігенше өмірі жылауменен.

402. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

(3-нұсқа)

Қалам алып хат жаздым-ай, қалқам, саған,
Дидарласар күн қайда есен-аман.
Күндіз естен кетпейсің-ай, түнде түстен,
Бекер екен дүние сенсіз маған.

Қайырмасы:

Астымдағы атым — Торым-ай,
Семипалатинский порым-ай.
Маңдайға біткен сорым, жалған-ай.

Қарала атым, ей, жаным, қарала атым,
Мен танымын қалқамның жазған хатын.
Көрмегелі өзіңді көп күн болды,
Аман-есен жүрмісің қолқанатым.

403. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

(4-нұсқа)

Дегенде қызыл уық-ей, қызыл уық,
Бір табан қыз байғұсқа шеше жуық-ай.
Кетеміз жер түбіне-ей, біздер байғұс,
Әкеге соның үшін болдым суық-ай.

Уа, жаным ала қағаз, ала қағаз,
Елімде жүрер ме едім бір-екі-ай жаз.
Елімде жүрер едім бір-екі ай жаз,
Жұлдыздай ағып кеткен өмірім аз.

404. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

(5-нұсқа)

Қызды жан деп, құдайым-ау, жаратады,
Қара шашын қайырып-ау, таратады.
Әлпештеген біреудің-ау баласы едім,
Қандай жанның қолына-ау қаратады.

Біздің елге не болған ерте көшіп,
Айырмола жатырмыз суын ішіп.
Қарлығаштың қанаты маған бітсе,
Мен еліме барар ем құстай ұшып.

405. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ*(6-нұсқа)*

Жүгіре шықтым боз үйден жалаң аяқ-ау,
Молдалардың қолында аса таяқ.

Жеті-ай су жерім-ау,
Сағындым ауылымд(ы) -ау.

Асаутайдай бұлқынған қайран басым-ау.
Енді қайтып ұстаймын қазан-аяқ.

Оу, Жетісу, жерім-ау,
Сағындым ауылымд(ы)-ау.

Алып келген базардан шеңгем тозбас,
Өз теңіме бермеген әкем оңбас-оу.

Жетісу жерім-ау,
Сағындым ауылымд(ы)-ау.

Жер соқтырып жаманды кетер едім-ау,
Бұрынғыдан қалыпты бата бұзбас-оу.

Жетісу жерім-ау,
Сағындым ауылымд(ы)-ау.

Жүгіре шықтым боз үйден жылдам басып,
Боз биенің сүтімен жуған шашым-ау.

Жетісу жерім-ау,
Сағындым ауылымд(ы)-ау.

Екі жеңгем таласып өрген шашым.

406. ҚЫЗЫЛ АЛМА

Дегенде қызыл алма, қызыл алма,
Бұл күнде қыздар бізге қызығар ма?

Жігіттер, жолдас болсаң, жақсымен бол,
Жақсы алтын қайда жүрсе бұзылар ма.

Арыса қара арғымақ желер ме екен,
Ғашығым айтқан жерге келер ме екен.
Бота көз, құлын мүсін, асыл сәулем,
Қолыма құдай сені берер ме екен?!

407. ҚЫЗЫЛ ГҮЛ

(1-нұсқа)

Салғаным оң қолыма алтын жүзік,
Сүйгенім кете алмайды күдер үзіп.
Қолымнан қапияда кеттің шығып,
Аққудай көл-дарияда жүрген жүзіп.

Қайырмасы:

Гүлдер-ай,
Гүл-гүл шашқан,
Бұлбұл құстан қызыл гүл.
Бұлбұл құстан-ай,
Шіркін, жастан, қызыл гүл.

Өuede ұшып жүрген көгілдірік,
Жарасар көк дөненге өмілдірік.
Ауылым жақындағы алыс кетті-ау,
Бір жағын қабырғамның сөгілдіріп.

Қайырмасы:

Гүлдер-ай,
Гүл-гүл шашқан,
Бұлбұл құстан қызыл гүл.
Бұлбұл құстан-ай,
Шіркін, жастан, қызыл гүл.

408. ҚЫЗЫЛ ГҮЛ*(2-нұсқа)*

Қолыма бір қамшым бар алтындаған,
Кейбіреу ұстай алмай қалтылдаған.
Сексен қыз серуенге шықса да,
Ішінде сен қоңыр қаз (ой, сәулем) қаңқылдаған.

Қайырмасы:

Ой, нәзік қалқа, бұраң бел,
Есімнен шықса терең көл,
Бақшада жайнар қызыл гүл.

Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Япырай, сол қамшыны кім істеген.
Аулыңа көптен бері бара алмадым,
Қол тимей анау-мынау жұмыспенен.

Қайырмасы:

Ой, нәзік қалқа, бұраң бел,
Есімнен шықса терең көл,
Бақшада жайнар қызыл гүл.

409. ҚЫЗЫЛДЫҢ ӘНІ

Өркім ерер жақсыға-ей, үмітпенен,
Жамандарға қарайды ел күдікпен-ай, е, е,ей.
Қызмет етіп, қол созған-ей арманына,
Ел сенімін ақтайды-ай жігіт деген, ай, е,е,ей.

Екі сөзді жігітті «ер» деменіз,
Екі талай кеселді емдеменіз.
Ата дауың болса да, келсе алдыңа,
Жаман сөзбен жекіріп жерлеменіз.

410. ҚЫЙЛАШ

Қарағым, айналайын, өкпем деймін,
Естілсе жаман атың, өкпелеймін.
Лебізің өзің берген өзің жұтсаң,
Зөбірің басылмайды көпке дейін.

Хат жаздым қалам алып, шырағым-ай,
Лебізің таудың таза бұлағындай.
Көзіме көрінесің жарқ-жұрқ етіп,
Киіктің тауда ойнаған ылағындай.

411. ҚЫЙЫЛЫМ

Түйгенім орамалға қара мейіз,
Арманы әркімнің де бір сұлу қыз.
Әуре етпей, бозбалалар, сендерге айтам,
Осы әнді Қыйылым қыздан үйреніңіз.

Болмаса өте арық, өте семіз,
Ақылы Қыйлым қыздың ұшан-теңіз.
Құбылған тоты құстай мінез болса,
Дер едің сол бір кезде тіліндеміз.

412. ҚЫПШАҚ

Сұрасаң, ел біледі, атым — Қыпшақ,
Көрдім де ақ еркені жайдым құшақ.
Ақ ерке отыр ма екен, жатыр ма екен,
Жарқылдап көлге қонған аққу құсап.

Төкаппар неге керек менмен кісі,
Өлеңді неге айтпасын білген кісі.

Шайнаған ақсұр аттай ауыздығын,
Қасыңнан қалай кетсін келген кісі.

413. ҚЫРАН БҮРКІТ

Қыран бүркіт келмейді қайыруға,
Не демейді қос дұшпан айыруға.

Қайырмасы:

Қаламқас,
Қалдау кейін қайран жас.

Көлде жүзген сіз аққу сахаттап,
Кешке таман шық бері жайылуға.

Қайырмасы:

Қаламқас,
Қалдау кейін қайран жас.

Қыран бүркіт қиядан құр алмайды,
Бас қосылмай дүние құралмайды.

Қайырмасы:

Қаламқас,
Қалдау кейін қайран жас.

Жастайынан бірге өскен екі ғашық
Бірін-бірі көрмесе тұра алмайды.

Қайырмасы:

Қаламқас,
Қалдау кейін қайран жас.

414. ҚЫРЫҚ САҚИНА

Аспанда бір жұлдыз бар Темірқазық,
Жүремін-ау, сені ойлап күнде азып.
Тіліңнен бір сүйгізсең аузыңды ашып,
Алты айға-ау болар еді маған азық.

Ау! Ей!

Алты айға-ау болар еді маған азық.

Мінгенім дәйім менің құла болса,
Сүйегің, етің арық бұла болса.
Өмірден мен армансыз өтер едім,
Сіздің үй біздің үймен құда болса.

Ау! Ей!

Сіздің үй біздің үймен құда болса.

415. ЛАШЫН КӨЗ

Қыран бүркіт келмейді-ай қайыруға,
Не демейді дос-дұшпан-ай айыруға.
Өмір бойы жұп жазбай жүрейікші,
Тел қозыдай бір шыққан-ай жайылуға.
Әй-әй-әй-әй-әй, әй-әй-әй-әй-әй,
Бір шыққан жайылуға.

Замандас боп, ей, қалқа, тудың нағып,
Кәмшат бөрік кигенің үкі тағып.
Айдын көлге шомылған сен бір аққу,
Төңкеріліп лашындай ілсем қағып.
Әй-әй-әй-әй-әй, әй-әй-әй-әй-әй,
Лашындай ілсем қағып.

416. ЛӘЙЛІМ*(1-нұсқа)*

Есен-аман жүрмісің, Ләйлім шырақ?
Жаңа таптым аулыңды көптен сұрап.
Жел тимесе, жан тимес деп жүргенде,
Қол ұстасып жатпенен кеттің жырақ.

Аққу едің таранған айдындағы,
Ұштың ұзап қанатың жайдың дағы.
Көлеңкеңді көрсетпей кете бардың,
Қол алысқан сертіңнен тайдың дағы.

Осылай ма еді, ей, қалқа, айтқан сертің,
Жүрегімді жандырды ғашық дертің!
Мұнша неге сен мені әуреледің,
Болмаған соң әуелде баста еркің?!

417. ЛӘЙЛІМ*(2-нұсқа)*

Ақша бетің, Ләйлім қыз, айдан да аппақ, а-ей,
Таба алмадым аулыңды айналақтап.

Қарындасым,
Шығады көзден жасым-ай.

Әзірленген айтуға сөзім бар еді, а-ей,
Душар болмай кез келіп жүрген сақтап.

Қарындасым,
Шығады көзден жасым-ай.

Сарбұлақтың ауылым етегінде,
Жүгендеулі салторы жетегімде.
Өз теңіме қор болып бара алмастан,
Дүниеден арманда өтемін бе?

418. ЛӘТИПА

Айналайын, қарағым, қара қастым,
Алдым теріп таулардың уақ тасын.
Аулың алыс кеткенде, Ләтипажан,
Көзім жасы қойныма бұлақтасын.

Құрбылас пен құрбылас тең екен деп,
Жігітшілік біз жүрміз ем екен деп.
Балға малған қыз деген қаздың еті,
Өркімдер-ақ ойлайды жем екен деп.

419. ЛЕЛ-ЛАШ-АУ

Мақпалдың шығар бешпент он бір көзі,
Кем көрмен алғанымнан деген өзі.
Леллә, ләллә, Ләллаш-ау.

Ауылың бірге жүрген кетсе басқа,
Асылдың естен кетпейді айтқан сөзі.
Леллә, леллә, Леллаш-ау!

Ақылың жақұт сенің, гауһар көзің,
Шекердей шырынға ұқсас айтқан сөзің.
Күмістей тартқан сымға бейнең раушан,
Көргенім жалғанымда жалғыз өзің.

420. ЛИЛӘЙ-ЛӘЙ

Ауылым көше-көше құм өрлесін,
құм өрлесін, ли-ләй, ләй,
Торыны арқандамай шідерлесін,
шідерлесін, ли-ләй, ләй.

Құрбыдан бірге жүрген босқа айырған,
 босқа айырған, ли-лэй, лэй,
 Обалым сол дұшпанды жібермесін,
 жібермесін, ли-лэй, лэй.

421. МАЙДАҚОҢЫР

(1-нұсқа)

Жігіттің падишасы-ай, Әмір-Темір,
 Әмір-Темір, а-уай,
 Бозбала әнге салсаң, шіркін-ай,
 қайғың кемір, а, уай-ай.
 Кешегі бес болыстың-ай съезінде,
 съезінде, а-уай,
 Жайқалып Ақан салған, шіркін-ай,
 «Майдақоңыр», а-уай-ай.

Қайырмасы:

Ха-лө-лө, лө-лө-лө, лө-лэй, ха-лө-лө-лө-лэй,
 Ха-лө-лө-лө, лө-лө, лө-лө-лэй.
 Ха-лө-лө-лө, лө-лө-лө, лө-лө-лө-лэй,
 Ха-лө-лө, лө-лэй, ха-лө-лө, лө-лэй, лө-лэй-ау.

Жүйрік ат, жақсы қатын — ел қайрағы,
 Жігіттің болып өстім сер бойдағы.
 Қағаз шай, төтті қымыз — ер азығы,
 Күйіңе түсіреді қай-қайдағы.

Қайырмасы:

Ха-лө-лө, лө-лө-лө, лө-лэй, ха-лө-лө-лө-лэй,
 Ха-лө-лө-лө, лө-лө, лө-лө-лэй.
 Ха-лө-лө-лө, лө-лө-лө, лө-лө-лө-лэй,
 Ха-лө-лө, лө-лэй, ха-лө-лө, лө-лэй, лө-лэй-ау.

422. МАЙДАҚОҢЫР*(2-нұсқа)*

Қарағым, айналайын, алтыным-ай,
Көргенде ақ жүзіңді балқыдым-ай.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің есен-аман, жарқыным-ай.

Ей, қалқа, ақ дидарың айдан аппақ,
Көрген жан кете алмайды айналақтап.
Аршын төс, алма мойын, қарағым-ай,
Қоямын көзің түгіл жайда мақтап.

423. МАҚПАЛ

Атым жоқ-ай, Сұрқызылмен жарысатын,
Балуанменен күшім жоқ алысатын.
Барғанда-ай, ел жайлауға қойлар қоздап,
Маңырап, шулап — күн қайда табысатын.

Қайырмасы:

Мақпал-ай, Мақпал!
Алай көк, үри-ау, ай, көк,
Үкілі-ай қоңыр үйрек,
Болғанда-ай, аулың шалғай,
Па, шіркін, уа, дариға-ай.
Ха-лө-лөй, ха-лө-лөй, ха-лө-лө,
Ха-лө-лөй, лө-ли-лө-иа, ай.

424. МАРҚАКӨЛ

Салғаным дарияға желкен қайық,
Болғанда сіз бір лашын, біз бидайық.

Іздеген сұрағанға тура келді,
Құлын-тайдай айқасып бір ойнайық.

Қайырмасы:

Ей!

Алқакөл, қайран Алтай,
Марқакөл, Марқакөлім-ау, дариға-ай!

Қарағым, сен дегенде қан жұтамын,
Қайбірін қылығыңның ұмытамын.
Түскенде сен есіме, асыл еркем,
Бауырды сазға басып суытамын.

Қайырмасы:

Ей!

Алқакөл, қайран Алтай,
Марқакөл, Марқакөлім-ау, дариға-ай!

425. МАУСЫМЖАН

(1-нұсқа)

Аулың қалқаш, алыстан бұлдырайды,
Қоңыраудай даусың сылдырайды.
Еркем-ай, сәулем-ай,

Сен есіме түскенде, ой, қарағым-ай,
Іші, баурым жібектей ылбырайды.

Қайырмасы:

Маусымжан, маусымжан,
Танимын, қалқа, даусыңнан.

426. МАУСЫМЖАН*(2-нұсқа)*

Көгілдірік, ендеше, көгілдірік, Маусымжан,
Көк дөненге жарасар өмілдірік, Маусымжан.
Танимын, еркем, даусыңнан.

Айт дегенде, ағалар, мен айтайын, еркем-ай!
Бар өлеңді алдыңда төгілдіріп, дарқан-ай.
Хош, есен бол, қалқам-ай.

Түрлентемін ән шырқап заманымда,
Әннен басқа әсер жоқ қабағымда.
Достарымның ішінде жүргеннен соң,
Өлеңдетіп шаттанбай қаламын ба?

Ән шырқасам, күй түсер жүрегіме,
Сол сәтінде жеткендей тілегіме.
Әсері бар тәтті әнді естігенде,
Айырбасқа миллион сол керегіне.

427. МАУСЫМЖАН*(3-нұсқа)*

Түрлентемін ән шырқап заманымда,
Әннен басқа әсер жоқ қабағымда.

Қайырмасы:

Маусымжан, Маусымжан,
Танимын, қалқам, даусыңнан.

Достарымның ішінде жүргеннен соң,
Өлеңдетіп шаттанбай қаламын ба.

428. МАУСЫМЖАН*(4-нұсқа)*

Біреу күлсе жалғанда Маусым күлсін,
Күн нұрындай күлімдеп Маусым жүрсін.

Қайырмасы:

Маусымжан, Маусымжан,
Танимын, қалқам, даусыңнан.

Еркетайы аулымның Маусым атын,
Тең құрбысы сағынып айтып жүрсін!

Қайырмасы:

Маусымжан, Маусымжан,
Танимын, қалқам, даусыңнан.

Қыз қосылса теңімен, жыламасын,
Көздің жасын көл қылып бұламасын.

Қайырмасы:

Маусымжан, Маусымжан,
Танимын, қалқам, даусыңнан.

«Екі жасты бақытты қыла көр» деп,
Біздер бата берелік сұрағасын.

Қайырмасы:

Маусымжан, Маусымжан,
Танимын, қалқам, даусыңнан.

429. МӘЗ

Баста десең, өлеңнің басы менде,
Тал шыбықтай бұралған жасы менде.

Қара бұлттан қайтарып қар жаудырған,
Шұбарала жайшының тасы менде.

Айт дегенде өлеңді іркілмеймін,
Ақ үкінің жүніндей үлпілдеймін.
Айтар жерім осындай кез келгенде,
Желмей, шаппай азырақ бүлкілдеймін.

Өлең басы болады бірден сабақ,
Үлкендердің алдында жезден табақ.
Ала қаптың ауызын ашқандай ғып,
Жіберемін өлеңді жүндей сабап.

430. МӘТӨК ӘН

(1-нұсқа)

Ауылым көшіп қонады-ау Бағылына-ай,
Жаз болса қоян қашады-ау шағылына-ай.
Көп айдың көрмегелі-ау күні болды-ау,
Келемін ақ еркемді-ау сағынып-ау.

Ақ бетің Астарханның қаласындай,
Ақ етің Сыңғырлаудың даласындай.
Көшкенде көш алдында келесің сен,
Қос сырға құлағыңда жарасып-ай.

Сыртыңнан жол таба алмай жанасуға-ай,
Өзіңе әркімдер жүр таласулы-ай.
Екеуіміз бір төсектен тұрар ма едік,
Кісінің ағайынды баласындай.

431. МӘТӨК ӘН*(2-нұсқа)*

Қолымда бір қамшым бар-ау күмістеген,
Япырм-ау, сол қамшыны кім істеген.
Аулына сол қалқамның-ай барар едім,
Қолымды босатпай жүр, бай, бай, бай,
а, жұмыс деген-ау.

Көрсетші сұлу қыздың үйін маған,
Келтірген домбыраның күйін маған.
Он бес пен жиырманың арасында
Талайдың дәмін таттық бұйырмаған.

Бар екен Атырауда қарбыз сатқан,
Қандай жан сол қарбыздың дәмін татқан.
Ол дағы шарифатта күнә дейді,
Бір үйде бір бойжеткен жалғыз жатқан.

432. МӘУЛЕН

Жылқының еті төтті, сүті балдай,
Дүние өте шығар керім салдай.
Аман-сау өзіңізді көргеннен соң,
Қуанды көңіліміз әлде қандай.

Көшкенде еркем мінер серке санға,
Қараймын ерте тұрып атқан таңға.
Дүниеде тірі жүрген қандай жақсы,
Қадірлер ағайыны сіздей жанға.

433. МӘДИНЕ, БӨЛЕМ-АЙ

Ақ түлкісі Жайықтың аралдағы,
Сен бір шыққан алдымнан марал дағы.

Қайырмасы:

Ой, Мәдине, бөлем-ай,
Алма мойын, аршын төс,
Тауық тамақ екен-ай.

Ажарыңды көрдім де, қақтым қанат,
Ақиықша шарықтап Оралдағы.

Қайырмасы:

Ой, Мәдине, бөлем-ай,
Алма мойын, аршын төс,
Тауық тамақ екен-ай.

Мен ақиық Оралдың шыңындағы,
Қызыл түлкі сен, сәулем, қырындағы.

Қайырмасы:

Ой, Мәдине, бөлем-ай,
Алма мойын, аршын төс,
Тауық тамақ екен-ай.

Ал қызыл гүл асыл зат сылаң етіп,
Алдымнан шық майысып бұралдағы.

Қайырмасы:

Ой, Мәдине, бөлем-ай,
Алма мойын, аршын төс,
Тауық тамақ екен-ай.

434. МЕНІҢ КӨҢІЛІМ

Сөз табасың, құрбыжан, не керектен,
Дәл тиеді қай сөзің зеңбіректен.
Шыныменен көңілің болса менде,
Жаным құрбым, жан сәулем, шын жүректен.

Қайырмасы:

Уаридай, еккай, уаридай, еккай,
Жаным құрбым, жан сәулем, менің көңілім.

Ай бірдей ме аспанда жұлдызбенен,
Тері бір ме шын көмшат құндызбенен.
Жаман менен жақсыны айыра біл,
Жапалаққа қоңыр қаз ілгізбеген.

435. МЕРЕКЕ

Көрінер қора сұлу қойы болса,
Көрінер қыздар сұлу бойы болса.
Өлеңді мұнда айтпаған қайда айтамыз,
Мереке күнде осындай тойы болса.

Қайырмасы:

А-ха-хау-ей, жалған,
Көңілдің айтса тарқар
Қайғы арманы.

Аспанда ай болмаса, адасады,
Көңілді күлмей жүрсе, кір басады.
Кеудесі жақсылардың алтын сандық,
Сандықты, кілт болмаса, кім ашады?

Қайырмасы:

А-ха-хау-ей, жалған,
Көңілдің айтса тарқар
Қайғы арманы.

436. МҰХИЛИЛӘ-ШӘЙБАН

Айналайын, қарағым, шырағым-ай-ау,
Осынау даусым бара ма құлағыңа-ай-ау.
Мұхилилә-Шәйбан,
Ха-ли-лә-лей-ләу, ой, қалқам.

Осынау даусым барғанда құлағыңа-ай-ау,
Өзің түгіл зар болдым тырнағыңа-ай-ау.
Мұхилилә-Шәйбан,
Ха-ли-лә-лей-ләу, ой, қалқам!

437. НАҒИМА

Бұлдыр-бұлдыр көрінер қашқан тазы,
Күні қараң бұлбұлдың қапастағы.

Қайырмасы:

Әридай, әридай,
Ақша жүзің Нағима-ай!

Қаз ойнаған қарға мен ар емес пе,
Бұрынғыдан ғашықтық қалса дағы.

Қайырмасы:

Әридай, әридай,
Ақша жүзің Нағима-ай!

Шауып шықтым басына жеті қырдың,
Жоны жақсы, жалы жоқ бөкен сұрдың.

Қайырмасы:

Әридай, әридай,
Ақша жүзің Нағима-ай!

Тауда да бар, талабы таста да бар,
Ақ жүзіңді, Нағима, неге бұрдың?

Қайырмасы:

Әридай, әридай,
Ақша жүзің Нағима-ай!

438. НАЗҚОҢЫР

(1-нұсқа)

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

Базардан алып келген күміс құман,
Жігітті адастырған қалың тұман.
Арадан қыл өтпейтін тату едік,
Біздерге қастық қылған қай антұрған.

439. НАЗҚОҢЫР

(2-нұсқа)

Көзімнің жанарындай сәулем едің,
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.

Кетпейсің күндіз естен, түнде түстен,
Басымды не сыйқырмен әуреледің.

Қайырмасы:

Ахахахау-лем, улайлем...

Ей, сәулем, сіз бір алтын сағаттағы,
Жақсы адам көңіліңді табат дағы.
Жаманға бір сөз айтсаң, шалқалайды,
Сондықтан көңіл шіркін қалад дағы.

Қайырмасы:

Ахахахау-лем, улайлем...

440. НАРЫНБАЙ ҚОСПАҚ

(1-нұсқа)

Біздің ел жүруші еді Нарын жайлап,
Көкорай-ау, шалғынына бие байлап,
бие байлап.

Қайырмасы:

Ей, ей, е-ей, е-ей, бие байлап, ей-уай!

Кешегі жиырманың тентегінде,
Біз жүрдік-ау құрбылармен күліп ойнап,
күліп ойнап.

Ауылым Толыбайдың қуысында,
Қалампыр-ау, талшынменен уысында.
Өзіңмен айтқан сертті орындауға,
Барамын-ау, келер айдың туысында.

Қайырмасы:

Ей, ей, е-ей, е-ей, бие байлап, ей-уай!

Кешегі жиырманың тентегінде,
Біз жүрдік-ау құрбылармен күліп ойнап,
күліп ойнап.

Ені жоқ, таңбасы жоқ қарала аттың,
Базарда-ау бәсі қымбат асыл заттың.
«Тек жүрсең, тоқ жүрерсің» деген сөз бар,
Жігітке-ау пайдасы жоқ жаман аттың.

Қайырмасы:

Ей, ей, е-ей, е-ей, бие байлап, ей-уай!

Кешегі жиырманың тентегінде,
Біз жүрдік-ау құрбылармен күліп ойнап,
күліп ойнап.

441. НАРЫНБАЙ ҚОСПАҚ (2-нұсқа)

Алдына ат салмайды құла құнан,
Нарынның ат суардым бұлағынан.
Алдында асқақтатып ән шырқайын,
Қалмасын-ей, көпке дейін-ей,
құлағыңнан-ау-ей.

Бөйгеден талай келген ақ табаным,
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаным.
Аулыңа мен келгенде теріс қарап,
Білмедім не себептен жақпағаным.

Сұлу қыз мұнша неге бұлаңдадың,
Бос тастап екі қолды сылаңдадың.
Қолыңа қона қалған қаршыға едім,
Қайтейін, қадырымды біле алмадың.

Бәйгеден талай келген сұр құнаным,
Шықпай жүр осы күні құрғыр өнім.
Сендерді көз көргеннен мақтамаймын,
Біріңнен бірің артық, құрбыларым.

442. НӘЗІК БЕЛ

Ауылым көшіп барады ылай көлге-ай!
Шағи бешпет жарасар қынай белге, нәзік бел.
Кеткенде жерің шалғай-ей, жан сәулем-ай!
Көздің жасын көл қылып жылай көрме-ай!

Қайырмасы:

Талым-ай, нәзік бел жарым-ай.

Біздің ауыл, сұрасаң, ту көрінер,
Ақ тамақтың астынан күн көрінер.
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,
Сендей болып көзіме кім көрінер.

Қайырмасы:

Талым-ай, нәзік бел жарым-ай.

443. НҮРСҮЛУ

(1-нұсқа)

Білем анық жанға жайлы-ау май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен майда найзағай сұлу.

Әдемі аспан — төбедегі көк шатыр,
Көкте жүзген алтын табақ — ай сұлу.

444. НҮРСҰЛУ

(2-нұсқа)

Білемін жанға жайлы май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен майданда найза ғой сұлу.
Әдемі өскен төбеде-ай көк шатыр,
Көкте жүзген алтын табақ ай сұлу.

Білем анық жанға жайлы май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен май айында жай сұлу.
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Қош иісті түрлі-түрлі гүл сұлу.
Әдемі аспан, төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқылдаған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын күн сұлу,
Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу.
Толып жатыр түрлі сұлу дүние,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу.

445. ОБАҒАН

Суың тәтті, Обаған, жарың биік-ай,
Ғашық болған Арқада бір бала едің-ай.
Қасіретіңді-ай мен тарттым жаным күйіп-ай,
Кете алмадым жолыңа жаным қиып, уай.

Қайырмасы:

А, жаным қиып, уай.

А, жаным қиып, уай.

446. ОЙ, ДАЛАМ

Әй!

Жақсы адам жасырмайды адал сырын,

а-хау, ой-далам!

Жаманда-ай жақсылық жоқ-ей ешбір ырым.

Атар таң, шығар күн жоқ сол жаманға,

Келгенде-ай, сөйлер сөзге кетер қырын-ау,

кетер қырын, ой-далам-ай.

Қайырмасы:

Бір күйі домбыраның пернесінде,

Жел сөздің іркілемін мен несіне.

Жігіттер, тіршілікте ойна да күл,

Мен кепіл өткен жастық келмесіне.

447. ОЙ, ДЕШ

Қасың қара, ей, қалқа, бетің айдай,

Ойнақтайсың, еркелеп телі тайдай.

Қайда барсам қалмайсың бір есімнен,

Көлеңкеңді көрсетіп қызыл байлай.

Қайырмасы:

Ой, қыздар-ай, дертке қуат,
Сәнге зият,
Ботпай, Шымыр,
Сиқым, Жаныс,
Жанбай, Қапал,
Ойық, Тілік,
Мүйіз-Суан,
Киіз-Суан,
Торы төбел атым бар толықсыған.

Сыры кетсе, сырлы аяқ сыны қалған,
Алтын сапты кездіктің қыны қалған.
Аяғыңды керігіп баса алмайсың,
Сұр жорғадай, сұлуым, болдым арман.

Қайырмасы:

Ой, қыздар-ай, дертке қуат,
Сәнге зият,
Ботпай, Шымыр,
Сиқым, Жаныс,
Жанбай, Қапал,
Ойық, Тілік,
Мүйіз-Суан,
Киіз-Суан,
Торы төбел атым бар толықсыған.

448. ОЙ, КҮНІМ-АУ, ОЙ, ДАЙ-АУ

Келеді жаз мысалы жыл құсымен,
Көктемде мал балалар тұңғышымен.
Ой, күнім-ау,
Ой, дай-ау.

Серіліп ұйқысынан жайраңдап жас,
Кемпір, шал — о да ойнайды құрбысымен.
Ой, күнім-ау,
Ой, дай-ау.

Жемдей бер шаппай, желмей кәрі бозды,
Күш-қуат, ақыл-қайрат бәрі тозды.
Төрт бұрышын дүниенің сайрандаған,
Мінеки, екі аяқтан таяқ озды.

449. ОЙ, ҚАЛҚА

Ой, қалқа, әуел алып, әуел алып,
Әркімге көзің сүзіп болма тәліп.
Түскенде сен есіме, беу қарағым,
Сарғайған зағпырандай мен бір ғарып.

Ой, қалқа, сен бір түлкі бұлаңдаған,
Байыздап бір орында тұра алмаған.
Алыстап ғайып болып бара жатсың,
Асқардай басын көкте мұнарланған.

450. ОЙ, ҚАРҒАМ

Қарасу есік алды лай ма екен,
Көргеннен мені анам сұрай ма екен?
Қайысып қабырғасы тапқан анам,
Мені ойлап осы күні жылай ма екен?

Аспанда бір жұлдыз бар Шолпан қаққан,
Бетіне ақ айнаның күмбез жаққан.
Жат елге шырылдатып бергенінше,
Қиналып анам байғұс несін тапқан.

Ай қарақ суға салса, тоңбайды екен,
Айрылған анасынан оңбайды екен.
Бір ана онда да бар, мұнда да бар,
Сонда да сүт емгендей болмайды екен.

451. ОЙ, СӘУЛЕМ

Айналайын, қарағым, құлыным-ай, ау,
Бауырыңда көп жаттым тығылып-ай,
ой, сәулем.
Хош аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен!

Шыныменен шын көңіл маған берсең, ей,
Берсей шекер қолыңнан омырып-ай, ой, сәулем.
Хош аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен!

Бешпентім бар үстімде, ей тайға алғандай,
Кәдірім бар сәулеме ойға алғандай, ой сәулем.
Хош аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен!

Өз елімде мен жақсы болып жүрсем, ай,
Менің сәулем болады бөйге алғандай, ой сәулем.
Хош аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен!

452. ОЙДАЙ, БАЛЫМ

Тартайын деп домбыра алдым қолға,
Он саусағым шағалап салдым жолға.

Білгенімше барымды мен сөйлейін,
Тіл байланып қалмаса сіздің сорға-ай.

Қайырмасы:

Ойдай, Балым-ай.

453. ОН АЛТЫ ҚЫЗ

Астыма мінген атым Генадушка,
Шабамын көңіл ашып немношка.
Не стоит на свете жить етуге,
Азырақ ойнап, күлмей молодушка.

Қайырмасы:

Зұлқия-ай, Ұрқия-ай,
Қагира-ай, Сағира-ай,
Күлзира-ай, Назира-ай,
Нағима-ай, Бәтима-ай.

Әшекей қыз Айжан-ай, бөлекей қыз Балжан-ай,
Шашбаулы қыз Сәлима-ай, еркелеген Таиса-ай.
Толықсыған Маруса-ай,
тыңдаушы еді-ау Сәулем-ай,
Қайда кетті Раиса-ай, я люблю аяй Рая-ай.

Қайырмасы:

Зұлқия-ай, Ұрқия-ай,
Қагира-ай, Сағира-ай,
Күлзира-ай, Назира-ай,
Нағима-ай, Бәтима-ай.

454. ОРАМАЛ

Орамалдың шетіне түйдім бидай,
Ақ қағаздың бетіне салдым шимай.

Қайырмасы:

Ел жайлауға шыққанда
Біз қайтамыз сауықтап.
Өлең-жырды төгілтіп,
Қыздар сәулем,
Күнде айтамыз.

Алыс аулың кеткенде, қарағым-ай,
Дөңбекшимін түнімен сені қыймай.

Қайырмасы:

Ел жайлауға шыққанда
Біз қайтамыз сауықтап.
Өлең-жырды төгілтіп,
Қыздар сәулем,
Күнде айтамыз.

455. ОРТА БОЙЛЫМ

Айналайын, қарағым, орта бойлым,
Сары майдан айырып торта қойдым.
Жанның бәрі атыңды білмесін деп,
«Күлімкөз» деп әдейі жорта қойдым.

Қайырмасы:

Ой, сәулем!
«Күлімкөз» деп әдейі,
Жорта қойдым,
Орта бойлым.

Қаңбақ ұшар даланың желіменен,
Мүз көшеді өзеннің сеңіменен.
Торғай жолдас тотыға бола алмайды,
Ойнағаны жарасар өз теңімен.

Қайырмасы:

Ой, сәулем!
«Күлімкөз» деп әдейі,
Жорта қойдым,
Орта бойлым.

Мойыныңа жарасқан ақ меруерт,
Ойнамасаң, күлмесең, тарқай ма дерт.
Өзің теңдес ұнатсаң бір құрбыңды,
Алысқан қол, айтқан сөз — сертіңе жет.

Қайырмасы:

Ой, сәулем!
«Күлімкөз» деп әдейі,
Жорта қойдым,
Орта бойлым.

456. ӨТЕҒАЛИ

(1-нұсқа)

Ішпедім Жайық суын ылай ма деп,
Баспадым жардың шетін құлай ма деп.
Жаманмен дос болуға мен қорқамын,
Бір күні ердің құнын сұрай ма деп.

Дүние малың құрсын, жолдас емес,
Алыстан сағым тартар көзіңе елес.
Бар байлық — ден сау болса екі қолға,
Ер жігіт дүние үшін уайым жемес.

457. ӨТЕФАЛИ*(2-нұсқа)*

Жиырма не пиғылға түсірмедің,
Ерте тый бұл нәпсіні түсінгенің.
Шалқыған асқар таудай көңіл, шіркін,
Ұлғайса көріп жүрміз көсілгенін, а-ау.

Болады ұяң жолдас сақалдыға,
Жолымнан енді теріс шаталдырма.
Тентектік жас шағымда еткем талай,
Ерсі қарт еліме енді атандырма, а-ау.

458. ПӘНИ ЖАЛҒАН*(1-нұсқа)*

Қарағым, айналайын, алтыным-ай,
Көргенде ақ дидарың балқыдым-ай.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің есен-аман, жарқыным-ай.

Қайырмасы:

Аха-хау, пәни жалған,
Бұл пәни екі айналып
Келмес арман.

Қарағым, айналайын, келдің қайдан?
Ала үйрек, алма мойын ұшар сайдан.
Ой, қалқа, мекеніңді айтып қойшы,
Адамның жат болмағы осындайдан.

Қайырмасы:

Аха-хау, пәни жалған,
Бұл пәни екі айналып
Келмес арман.

459. ПӘНИ ЖАЛҒАН*(2-нұсқа)*

Қолыма сөз сөйлейін домбыра алып,
Құрбылар, тыңдасаңдар зейін салып.
Тайпалған талай жорға өткен бұрын,
Қонатын қайда барса жалын шалып.

Қайырмасы:

Ла-ла-а-ай пәни, жалған
Ли-ла-ла-а-ай
Ли-ла-ла-а-ай
Ли-ла-ла-ку-лай
Дау-а-ау-а-ей!
Атыры айдай
Өттің шіркін, жалған, а-ей.

Дүние, ойлап тұрсам, қыс пен жаздай,
Келетін бір күн тойлап қоңыр қаздай.
Алтындай жарқылдаған алдауы көп,
Ер болсаң, ерікті бол дүниеге азбай.

Қайырмасы:

Ла-ла-а-ай пәни, жалған
Ли-ла-ла-а-ай
Ли-ла-ла-а-ай
Ли-ла-ла-ку-лай
Дау-а-ау-а-ей!
Атыры айдай
Өттің шіркін, жалған, а-ей.

460. РАХИМАШ

Басында қара таудың қарай жаттым,
 Беліме қара шашым, дариғау, орай жаттым.
 Түскенде сен есіме, қарағым-ай,
 Аулыңды өткен кезде, дариғау, сұрай жаттым.

Басынан қара таудың мұнар кетпес,
 Түлкіге қиядағы құсым жетпес.
 Сыртынан аулыңның аттандырып,
 Дегенің «хош қалқатай», дариға-ау,
 естен кетпес!

461. САҒЫНДЫМ, АЙНАМ

Айттым сәлем, сәулеме, сен зерек деп,
 Топтан орның өзіңнің бір бөлек деп.
 Ақ атылас көйлектің жеңін тістеп,
 Шықсын сәулем алдымнан көлбелектеп.

Топтан бөлек-ай, жаным, орыныңыз,
 Хорлығайын жаралған порымыңыз.
 Махаббаттың жол берсе тілегіне,
 Сізбен бірге бізге шарт болуымыз.

462. САҒЫНДЫМ, ЖАЙЫҚ

Базарға қой айдаттым пұл ме екен деп,
 Қояды қыздың атын ей-ей-еу
 Ұлмекен деп.

Бойыма түскен асым тарамайды,
 Көңілі сол құрбымның ай-ау-ей
 кімде екен деп.

Қайырмасы:

Сағындым, Жайық елдерім,
Туып, өскен жерлерім.
Сағындым, Жайық,
Сағындым, Жайық,
Қош, аман бол, Ақ Жайық.

463. САЙРА

Маңдайың біткен жазық бақ тамғандай,
Көзіңіз қараңғы үйде шам жанғандай.
Әзілмен бір-екі ауыз сөз сөйлесең,
Естіген жан жамағат таң қалғандай-ай,

Қайырмасы:

Жан сәулем, қайдасың,
Сен есіме түскенде,
Қызыл тілім сайрасын.

Тіліңіз шекер менен балдан тәтті,
Ажарың, ой жіберсем, нұр сыйпатты.
Отыз тіс аузыңызда меруерттей,
Анадан тумас адам дәл сіз затты.

Қайырмасы:

Жан сәулем, қайдасың,
Сен есіме түскенде,
Қызыл тілім сайрасын.

464. САҚИНА

Ау!

Сақина аузыңдағы қалайы ма,
Деген соң бәрі күміс алайын да.

466. САҢЛАҚ

Екі құлан келеді оттай, оттай,
Жер сауырын көрмедім Аймауыттай, ау.
Сен түскенде-ай, есіме асылым-ай,
Баса алмаймын аяғым шідерлі аттай, ау.

Сөңкіл көлдей көл қайда жайлағанға,
Жас құлынын шыңғыртып байлағанға.
Жатсам ұйқым-ай келмейді, тұрсам күлкім,
Кейін қалған қалқаны ойлағанда-ау, ау.

467. САРЫАРҚА

Шалқыған біздің жақтың көлі қандай,
Суы сүт, топырағы нәр, шөбі балдай.
Аңсаған туған жерін ел ұлының,
Құлаттың бір көргенде шөлі қанбай.

Қайырмасы:

Еркін бейбіт ауылың-ай,
Жас өсімтал, сәулем-ай.
Қырдың ерке сұлуы-ай,
Сағындым сені, бауырым-ай,
Ахау, уай! Жан сәулем,
Өрім талдай, жарық маңдай,
Аузыңнан шыққан лебің
Секер-балдай-ай!

Сарыарқа шөбің шүйгін, суың балдай,
Сай-сала асқар асқан тауың қандай.
Керілген кербез сұлу уәде берсе,
Жар бар ма ер жігітке барар шалғай.

Қайырмасы:

Еркін бейбіт ауылың-ай,
Жас өсімтал, сәулем-ай.
Қырдың ерке сұлуы-ай,
Сағындым сені, бауырым-ай,
Ахау, уай! Жан сәулем,
Өрім талдай, жарық маңдай,
Аузыңнан шыққан лебің
Секер-балдай-ай!

468. СӨЛЕМ

Ғизлату құрбым, сізге бізден сәлем,
Арада жетер ме екен тартқан кәләм.
Бағыңа біз бір туған бала бұлбұл,
Таранып жан-жағыңа енді қаран.

Қайырмасы:

Бір түнгі мәжілісінде бірде болмай,
Қапалы көңіл шіркін, уа, шіркін,
болады алаң.

Мұхтарым аман ба екен, жан мейірбан,
Тістерің, ернің ләгүн інжу-маржан.
Садаптың жаңа порым жауһазындай,
Аузыңнан шыққан сөзің дертке дәрмен.

Қайырмасы:

Бір түнгі мәжілісінде бірде болмай,
Қапалы көңіл шіркін, уа, шіркін,
болады алаң.

469. СӘЛИМА САЛҒАН СӘУЛЕМ-АЙ

Бір қамшым бар қолымда бүлдіргелі,
Бір сөзімді айтайын күлдіргелі.
Ағажай, Сәлима салған сәулем-ай.

Әрі отырған орыннан бермен отыр,
Қармағым жоқ қолымда ілдіргелі.
Ағатай, Сәлима салған сәулем-ай.

470. СӘУЛЕМ

Сәулеме айттым сәлем сен зерек деп,
Өзіңнің топтан орның бір бөлек деп.
Көйлектің ақ атлас жиегін тістеп,
Алдымнан шықсаң, сәулем, көлбелектеп.

Қайырмасы:

Сәулем, сәулем, айтайын,
Қағаз жазып хатпенен.
Айтқан сөзің тіректі
Тең бе жасық затпенен.
Жандырма жүректі,
Етсең қабыл тілекті.

Ай, сәулем, өзіңнен де сөзің керек,
Ақылға жас күніңнен болдың зерек.
Құнанның қара жорға төбеліндей,
Көзіңнен айналайын дөп-дөңгелек.

Қайырмасы:

Сәулем, сәулем, айтайын,
Қағаз жазып хатпенен.
Айтқан сөзің тіректі

Тең бе жасық затпенен.
Жандырма жүректі,
Етсең қабыл тілекті.

471. СӘУЛЕМ-АЙ

(1-нұсқа)

Сарғайдым жолыңа мен қарай-қарай,
Хабарсыз кеттің, сәулем, неге бұлай.
Жастықтың ауытпалы толқынында,
Жүрмісің ойға қалып, әлде қалай.

Ерітіп жүрегіме түсірдің шоқ,
Жан сәулем, сенен басқа сүйерім жоқ.
Ұмытсаң алысқан қол, айтқан сертті,
Амал не, махаббатқа атқаның оқ.

Қандай іс жолыңдағы тұрған бөгеп?
Білемін табылады саған жар көп.
Сонда да үмітімді үзгенім жоқ,
Аңсаған арманыма жетемін деп.

472. СӘУЛЕМ-АЙ

(2-нұсқа)

Айдап салдым жылқымды ақ қауланға,
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.
Қуанғаннан жүрегім алып ұшар,
Ақ білекті сыбанып қой сауғанда.

Қайырмасы:

Екі ғана жирен-ай,
Өңшең манат киген-ай.

Оймақ ауыз, күлім көз,
Жас жігіттің сүйгені-ай.

Сары белден сарғайып таң атады,
Аққұбаша, бидай өң ұнатады.
Ұзақ таңға ер жігіт қайтып шыдар,
Сары майдай толықсып қыз жатады.

Қайырмасы:

Екі ғана жирен-ай,
Өңшең манат киген-ай.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Жас жігіттің сүйгені-ай.

473. СӘУЛЕМ-АЙ

(3-нұсқа)

Ауылымның алдында қоғалы көл,
Жаз болғанда айнала, қонады ел, сәулем-ай.
Сүйген жардың аулынан қайтқан күні
Қоңыр салқын алдымнан соғады жел,
сәулем-ай.

Қайырмасы:

Екі ғана жирен-ай,
Жал-құйрығын түйген-ай.
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Ғашық жардың сүйгені-ай.

Өзіл сөзді айтамын айламенен,
Қалып еді көңілің қайда менен, сәулем-ай.
Өлгенімше өкініш болмас еді,
Өмірімді өткізсем сеніменен, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Екі ғана жирен-ай,
Жал-құйрығын түйген-ай.
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Ғашық жардың сүйгені-ай.

474. СӘУЛЕМ-АЙ

(4-нұсқа)

Балға табы кетпейді темірдегі,
Сенің бейнең өшпейді көңілдегі, ғашық жар,
сәулем-ай.
Қырғауылдың мойнындай мың құбылған,
қалқам-ай,
Қылығыңды қайтейін, іңірдегі ғашық жар,
сәулем-ай.

Су жағалай бітеді жалбыз деймін,
Су жағалап сырласар жанды іздеймін.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқам,
Жүре алмадым елеңдеп жалғыз деймін.

Айналайын бейнеңнен айнадағы,
Екеумізге жақындық пайда-дағы.
Тағы бірде, бұйырса, кездесерміз,
Уағдаңды жүре бер байла-дағы.

475. СӘУЛЕМ-АЙ, СӘУЛЕМ

Шырқап салса келісер әннің басы-ей!
Сыбызғышы, сырнайшы, домбырашы-ей!
Сәулем-ай, сәулем-ай.

Той-думанды мереке болған жерде-ей!
Қыз-бозбала жиылып ән шырқашы-ей!
Сәулем-ай, сәулем-ай.

Сәуле беріп түндегі туған айдай,
Асыр салған өрісте құлын-тайдай.
Сызылтып жүз құбылтып ән шырқаса,
Сәулем-айдай ән болмас, қоңыр майда.

476. СӘУЛЕМ-АУ

Аулымның қонған жері Талдыбұлақ,
Көрікті суы тәтті сәнді бұлақ.
Кеткенде аулың алыс, беу, қарағым,
Халіңді хабар салып, білдім сұрап.

Қайырмасы:

Ә-лә-лу, ә-лә-лу, халіңді білдім сұрап.

Барады аулым көшіп Ошағанға,
Үйіріп құрық салдым қашағанға.
Орнымнан жатсам-тұрсам сені тілеп,
Мың мәрте жалбарынам жасағанға.

Қайырмасы:

Ә-лә-лу, ә-лә-лу, халіңді білдім сұрап.

Ауылым көшіп барады кең жайлауға,
Жүре гөр келіп-кетіп сайраңдауға.
Көрген жерден ұнаған, беу, қарағым,
Асығам өзіңменен сөз байлауға.

Қайырмасы:

Ә-лә-лу, ә-лә-лу, халіңді білдім сұрап.

477. СӘУЛЕТАЙ

Сәулетай, шын сүйікті ғашығымсың,
Тең туған дидар сертің, о-хо-хоу, нәсілімсің.
Талабым сізге деген таудан үлкен,
Айтылмай іске неге, о-хо, хоу, жасырынсын.

Қайырмасы:

Халилім, ай-ау,
Халилім ай-ау,
Халилім-ау, о-о,
Халилім ләй, о-хой.

Көп уайым қылдым қалқа жүзін көрмей,
Мақсатқа қол жетпейді, о-хо-хоу, тілек бермей.
Тамамдап сипатыңды термек едім,
Тоқталды жарып тілім, о-хо-хоу, сөзге келмей.

Қайырмасы:

Халилім, ай-ау,
Халилім ай-ау,
Халилім-ау, о-о,
Халилім ләй, о-хой.

478. СЕКІРТПЕ

Әуеде ұшып жүрген ақсар ме екен,
Баласын атып алсам, қақсар ма екен.
Әніме түрлі-түрлі мен салайын,
Әніне әншілердің ұқсар ма екен.

Қайырмасы:

Ахау, жалған, жалған,
Қол жетпеген арман-ай, арман.

Өлеңді айтқан қандай, қойған қандай,
Сұлу өн тоқтатпайды қызықтырмай.
Жанымнан топырлаған жан кетпейді,
Түрленіп тоқсан бунақ өн салғандай.

Қайырмасы:

Ахау, жалған, жалған,
Қол жетпеген арман-ай, арман.

479. СЕКІРТПЕЛІ СЕМ-СЕМ

(1-нұсқа)

Өуелде ұшып жүрген асқары ма екен,
Баласын атып алсам, қақсар ма екен.
Әніме түрлі-түрлі мен салайын,
Әншілердің әніне ұқсар ма екен!

Қайырмасы:

Ахау, жалған-ай, жалған-ай,
Қол жетпеген арман-ай!
Ағажай-ағажай, жанада-жанада,
Әшекей парым, секіртпелі сем-сем,
Асылзада еркем,
Жамалыңды көрсем,
Қызығында жүрсем!

Жақсы болар жылқы мал күзеткенге,
Қайың құрық сынбайды түзеткенге.
Дәтің қайтып шыдайды ояу жатып,
Үй сыртынан өн салып біз өткенде.

Қайырмасы:

Ахау, жалған-ай, жалған-ай,
Қол жетпеген арман-ай!

Ағажай-ағажай, жанада-жанада,
Әшекей парым, секіртпелі сем-сем,
Асылзада еркем,
Жамалыңды көрсем,
Қызығында жүрсем!

480. СЕКІРТПЕЛІ СЕМ-СЕМ

(2-нұсқа)

Ауылым көшіп барады қия белге,
Өтірік мақтап ежелден сыя ма ерге,
агигай, агига-ай.
Жігіт болсаң, бір сырлы тұрақты бол,
Есерлікпен әркімнің тіліне ерме,
агигәй, агига-ай.

Қайырмасы:

Әшекей-әшекей форм,
Міне, менің жолым.
Онда сенің сорың,
Секіртпелі сем-сем.
Жамалыңды керсем,
Ай-ай-ай-ай, ай...

Алданышпын басынан жоққа сеніп,
Асығайын несіне өсекке еріп.
Ақыл дария деуші еді мысал сөзде,
Қолыма ұстап бермей ме ақыл жеңіп.

Қайырмасы:

Әшекей-әшекей форм,
Міне, менің жолым.
Онда сенің сорың,

Секіртпелі сем-сем.
Жамалыңды керсем,
Ай-ай-ай-ай, ай...

481. СМЕТ

А!

Алтайдың кен шығардым саласынан,
Биік құз терең жартас арасынан.
Көк балға жарқылдаған-ай, болат сүймен,
Соққанда от шығады көк тасынан.

Қайырмасы:

Игигөй, игигөй, игигигөй,
Көк балға жарқылдаған-ай, болат сүймен,
Соққанда от шығады көк тасынан,
Игигиги-ги-ги, ги-ги-ги, и-ги-ги-гөй.

Алтайдың айналасы шөккен алтын,
Көркейткен іргесіне қонған халқым.
Бір кезде қоңсы қонған жарлы-жалпы,
Міне, бүгін еркіндеп басты қарқын.

Қайырмасы:

Игигөй, игигөй, игигигөй,
Көк балға жарқылдаған-ай, болат сүймен,
Соққанда от шығады көк тасынан,
Игигиги-ги-ги, ги-ги-ги, и-ги-ги-гөй.

482. СОҚЫРДЫҢ ӘНІ

Жолаушы, атың семіз желетұғын,
Көз бар ма мен байғұста көретұғын.

Шам-шырақ екі көзден айрылған соң,
Құрбы жоқ, шақырсам да, келетұғын.

Қайырмасы:

Дүние-ау! Ги-гә-ги, гөк-ка, ги-гә-ги, гөк-ка,
Ги-гә-ги, гөк-ка, ги-гә-ги, гөк-ка.
Ги-гә-гә-ги, гөк-ка-гәй, ги-ги-гәй.
Ги-гә-гә-ги, ги-гә-гә-ги-гәй, ги-ги-гәй.

Ішінде көп жылқының аласы едім,
Әкемнің қоңыр қаздай баласы едім.
Шам-шырақ екі көздің бар кезінде,
Қызы мен үш ананың таласы едім.

Қайырмасы:

Дүние-ау! Ги-гә-ги, гөк-ка, ги-гә-ги, гөк-ка,
Ги-гә-ги, гөк-ка, ги-гә-ги, гөк-ка.
Ги-гә-гә-ги, гөк-ка-гәй, ги-ги-гәй.
Ги-гә-гә-ги, ги-гә-гә-ги-гәй, ги-ги-гәй.

483. СУСАР-АЙ

(1-нұсқа)

Ашылады-ау ақ көйлек сабындаса,
Несі құрбы құрбының сағынбаса.
Аңсап, әдейі шаршай іздеп келгенде,
Уәделі ол жерінен табылмаса.

Қайырмасы:

Сусар-ай,
Сусын берші қыздар-ай.

Атым мінген астыма күрең қасқа,
Шеген салдым құдыққа құламасқа.

Кішкентайдан бірге өскен құрбым едің,
Сақинаңды беріп кет сағынбасқа.

Қайырмасы:

Сусар-ай,
Сусын берші қыздар-ай.

484. СУСАР-АЙ

(2-нұсқа)

Көрінесің, жан сәулем, тоты құстай-еу,
Бәрі бірдей адамзат бірдей емес-еу.
Сені көріп көңілім алып ұшты-ай, еу,
Бірі алтын болса да, бірі мыстай-еу.

Қайырмасы:

Қос етекте жұбай-ай,
Осылай шығар ыңғай-ай.
Не қыл дейсің ыйбай-ай,
Шәй құй депті, шырақ-ай,
Сен де тыңда, жеңгей-ай.
А-ей, сусар-ай, сусар-ай,
Сусын әкел, қыздар-ай.
Кәмпит берші, Әбилә-ай,
Алып келші, Нағима-ай,
Мақұл дейді-ау Жәмилә-ай.

Бидай өңді, аққұба, ақша маңдай,
Қызыл құмнан шұбалтып қашқан аңдай.
Күндіз естен кетпейсің, түнде түстен,
Көңілің, еркем, болып жүр әлдеқандай.

Қайырмасы:

Қос етекте жұбай-ай,
Осылай шығар ыңғай-ай.

Не қыл дейсің ыйбай-ай,
Шәй құй депті, шырақ-ай,
Сен де тыңда, жеңгей-ай.
А-ей, сусар-ай, сусар-ай,
Сусын әкел, қыздар-ай.
Кәмпит берші, Әбилә-ай,
Алып келші, Нағима-ай,
Мақұл дейді-ау Жәмилә-ай.

485. СҰҢҚАРЫМ-АЙ

Маңдайында, ал қалқам, ахау, нұрлы жүзің,
Аямай ажарлы боп туған өзің-ай.
Ай, угәй, әй, угәй, ай,
Аямай ажарлы боп туған өзің.

Райханнан-ау, сүйегің, ахау, жаратылған,
Бұлбұлдай тұрған сайрап айтқан сөзің-ай.
Ай, угәй, әй, угәй, әй,
Бұлбұлдай тұрған сайрап айтқан сөзің.

Жиырма бестің он беспен арасында,
Ақсұңқар жайылымға шығар кезің-ай.
Арты қандай ғашықтың болады деп,
Зарлаумен тия алмадым өзімді-өзім.

Қызыққаным саған мен екі көзің,
Кетпейді көкейімнен айқан сөзің.
Қарағанмен көз құмар тарамайды,
Табыңыз өзің ойлап істің тезін-ай!

486. СҰР ЖАҒАЛТАЙ

Көлде үйрек, көкте түйғын,
жерде қарға-ай, сұр жағалтай,
Сауысқан шықылықтап, ой,
жалған, қонар талға-ау.
Сандуғаш, сары шымшық,
сұр жағалтай-ау, сұр жағалтай,
Ұшқан соң, бәрі де құс, ой,
жалған, шара бар ма.

Бозторғай, бозша торғай, боз бұлдырық,
Барады заман өтіп зыр жүгіріп.
Тілегін қыз-бозбала берген болса, берген болса,
Замана тұра-тұрса, аз кідіріп.

487. СҰРЖЕКЕЙ

Мінгенім дайым менің Сұржекейім,
Бүлкілдер өнге салсам көмекейім.
Кіші — іні, үлкен — аға бас қосқанда,
Алдында сұржекеймен мен жетейін.

Етікті әуел бастан нәл сақтайды,
Бәйгеден еркін жүйрік алшақтайды.
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Несіне әнші жігіт жалтақтайды.

488. СҰРЖЕЛГЕНШЕ

(1-нұсқа)

Барады аулым көшіп Балқаш көлге,
Қалқажан, сен қалайсың мен дегенде.

Жарасар не кесе де қына белге,
Менде жоқ ұшар қанат сендегенде!

Қайырмасы:

Ай, қалқатай, ахау, сұр желгенше,
Ахау, сұржелгенше! Ахау, сұржелгенше!
Қош боп тұр, қош есен бол-ай
Мен келгенше-ай!

489. СҰРЖЕЛГЕНШЕ

(2-нұсқа)

Сағындым алыс кеткен, қайран елім,
Ойнаған асық атып, ой-дай, туған жерім.
Бір көрсем сол елімді есен-аман,
Мүддесіз тарқар еді, ой-дай, қайғы-шерім!

Қайырмасы:

Аха-хау, Сұржелгенше,
Аман бол, құрбы-құрдас, ай-да,
Біз келгенше!

Туған жер көзден ұшып кетер ме екен,
Қара жер хан-қараға, ой-дай, болған мекен.
Деуменен «әттеген-ай!» қайран жасым,
Қор болып дүниеден, ой-дай, өтер ме екен!

Қайырмасы:

Аха-хау, Сұржелгенше,
Аман бол, құрбы-құрдас, ай-да,
Біз келгенше!

490. СҮМБІЛ ШАШ

Бұралған нәзік белің ақмаралдай,
Аққұба бидай өңді ақша маңдай.
Алшақтап сылаңдаған өсем едің,
Шұбалып қызыл құмнан қашқан аңдай.

Қайырмасы:

Сұлулықтың белгісі —
Жазық қабақ, ақ маңдай.
Жылысып келер қасына,
Майдан қылшық тартқандай.
Ахау, сүмбіл шаш,
Тәтті сөзің, екі көзің,
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.

Кетпейсің күндіз естен, түнде түстен,
Болып жүр көңілің еркем енді қандай.
Еркелер жас баладай майысасың,
Қолы мен зергерлердің тартқан сымдай.

Қайырмасы:

Сұлулықтың белгісі —
Жазық қабақ, ақ маңдай.
Жылысып келер қасына,
Майдан қылшық тартқандай.
Ахау, сүмбіл шаш,
Тәтті сөзің, екі көзің,
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.

491. СЫМ САУСАҚ

Қарақат көзді сым саусақ,
Лебізің сенің бал-қаймақ.

Жолыңа сенің сарп етпей,
Неге керек малды айдап.

Қайырмасы:

Уа, шіркін, сәулем,
Уа, шіркін, сәулем.
Еркелейсің, жан сәулем,
Қысырдың қызыл тайындай.
Лебізің сусын қандырған
Қытайдың қағаз шайындай.

Қарақат көзді, ернің бал,
Сен кеткен соң не-дүр хал,
Борандай борап күн өтер,
Жан-жағыңа көзің сал...

Қайырмасы:

Уа, шіркін, сәулем,
Уа, шіркін, сәулем.
Еркелейсің, жан сәулем,
Қысырдың қызыл тайындай.
Лебізің сусын қандырған
Қытайдың қағаз шайындай.

492. СЫР-ДУАН

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Ел қайда Сыр-дуаннан бір кеткен соң.
Бірге өскен кішкентайдан қарағым-ай,
Кіммен ойнап күлермін сен кеткен соң.

Еу, Диллэт, беу, Диллэт-ай,
А-хау, ахау, Диллэт-ай.

Басынан Қаратаудың көш келеді,
Бір тайлақ көшкен сайын бос келеді,
Қабары Сыр-дуанның естілгенде,
Мөлдір-мөлдір көзімнен жас келеді.
Еу, Диллэт, беу, Диллэт-ай,
А-хау, ахау, Диллэт-ай.

493. СЫРҒЫМА

Қайың ағаш жел соқса-ай, ырғалады-ай,
Бозша торғай суықтан қорғалады.
Демеу қылған көңіліме-ай, ғашық жарым-ай,
Тиянақсыз жарай ма сырғанағың.

Көшіп барады ауылым көлме-көлге,
Қашық дейді көлме көл көрмегенге.
Жақын көрген жанымнан жарым едің,
Өкпелеймін азырақ сенбегенге.

494. СЫРЛАСЫМ

Шығамын еріккеннен қыр басына,
Өзімсіп сөз сөйлеймін сырласыма.
Ха-ли-ләу, ха-ли-лей-лау!
Дос болып қастасқаннан жаман түк жоқ,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.

Қайырмасы:

Ой, ха-ли-ли-ли-лил,
Ай, ли-ли-ли-ли-лау!

Жігіттер, түрлене бер тоты құстай,
Болмайды жігіт жарлы төңірім қыспай.
Ха-ли-ләу, ха-ли-лей-лау!

Басында әр төбенің өлген жатыр,
Тіріге жазы-қысы қосылыспай.
Ха-ли-ләу, ха-ли-лей-лау!

Қайырмасы:

Ой, ха-ли-ли-ли-лил,
Ай, ли-ли-ли-ли-ау!

495. СЫРЫМБЕТ

Аулым қонған Сырымбет саласына,
Болдым ғашық ақсұңқар баласына.
Бидайыққа ылайық қарағым-ай,
Бөктергіге қор болып барасың да.

Қайырмасы:

Ай, еркем,
Қарындасым,
Қош, есен бол-ай.

Шын ғашық бірін-бірі алдамайды,
Қайғысыз ғашық жүрек зарламайды.
Қара тас, ұйқың келсе, болар мамық,
Ғашықтық сұлулықты таңдамайды.

496. ТАЙКҮРЕН

Жылқы ішінде мінгенім күрең дөнен,
Жайық бойын жағалай жүрем,
жүрем төмен-ай!
Жайық бойын жүрем төмен, ай-ау.

Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің,
Сенен, қалқам, айырылып жүрем,
жүрем деген-ай!
Айрылып-ау, жүрем деген, ай-ау.

Келмес едім бұл тойға, жылқым келді,
Айдап жүріп жылқыны ұйқым келді-ай!
Танымасаң, құрбыжан, танытайын,
Той іздеген белгілі сылқым келді-ай!

497. ТАЛ ҚҰРЫҚ

Әй! Көшкенде жылқы айдаймын қаршыға алып,
Қолыма тал құрығым-ай, аршып алып.
Тұсынан қызды ауылдың өн шырқайын,
Шекеме бір тал үкі шаншып алып-ай.

Қайырмасы:

Ой!
Шаншып алып-әй, ай!

Жеткен жылқым жүзге қуанамын,
Еңкейіп сырлы аяқпен су аламын.
Есіме сен түскенде, сүйген сәулем,
Қолында асасы жоқ дуанамын-ай.

Қайырмасы:

Ой!
Шаншып алып-әй, ай!

498. ТАЛМА БЕЛ

Ауылым көшіп барады Ылай көлге,
Шағын бешпент жарасар қынай белге.

Қайырмасы:

Талда ойнар, талым-ай,
Талма бел, жарым-ай.

Жерің шалғай кеткенде, ей жан сәулем,
Көзің жасын көл қылып жылай көрме.

Қайырмасы:

Талда ойнар, талым-ай,
Талма бел, жарым-ай.

Біздің ауыл, сұрасаң, ту көрінер,
Ақ тамақтың астынан күн көрінер.

Қайырмасы:

Талда ойнар, талым-ай,
Талма бел, жарым-ай.

499. ТӘҢІРІ-АЙ

Су аспас биік таудан тасқандағы,
Жігіттің жары төңірі, е-ей,
сасқандағы.

Бағаңа жан жетпейтін, асыл еркем,
Дөрежең жұлдызбен тең, төңірі-ай,
аспандағы-ай.

Жоғары біздің ауыл майда құмда,
Көрінер бота сұлу тайлағында.
Бір келсе оралыңа, екі ойнап қал,
Қыз — күміс, жігіт — алтын бойдағында.

500. ТЕКЕ ҚАЛА

Қай қала, мына қала-ау, Теке қала,
Ауылың бірге отырған көшсе алысқа.
Түр салдым текеметке-ау, ау, теңбіл ала-ай,
Беріп кет сақинаңды-ау, ау, сағынбасқа-ай.

Қай қала, мына қала, Теке қала,
Түр салдым текеметке теңбіл ала.
Талықсып талға асылып тұрған шақта,
Толықсып келмейсің бе жеке-дара.

Қай қала, мына қала, Теке қала,
Түр салдым текеметке теңбіл ала.
Самалмен кешке қарай аттандырдым,
Өнімді елші қылып екі араға.

501. ТЕЛІМ

Жүгірген қойдан қойға-ау, сары серке,
Қайтейін қылығыңды-ай, балым ерке.
Кеш болса серуенге-ау, шығасың сен,
Өрімнің айдарындай біткен жеке-ай!

Қайырмасы:

Жантелім,
Біткен жеке-ай,
Ай, дүние-ау.

Келмейді өлең айтқым ерінгеннен,
Тартады бойым байсал керілгеннен.
Аяқты өлтек-телтек баса алмаймын,
Төбесі тақияңның көрінгеннен.

502. ТОҒЫЗ ҚЫЗ

Басында Бақалының қара тұз бар,
Бетінде дария судың қатқан мұз бар.
Дейтұғын Зейне, Күлән, Күлсім, Кенже,
Дариға, Мариям атты, Райхангүл бар.

Қайырмасы:

Айби, асыранды бұлбұл-ай,
Кәриманың пиғылы-ай.
Ағай іздеп келгенде,
Күтіп алмай құрғыр-ай.

Ахау, сәулетай, білегің,
Қабылдансын тілегің.
Бұрынғыдай емес қой
Мен келгенде жүрегің.

503. ТОПАЙ КӨК

(1-нұсқа)

Жігіттер шәк келтірме құдіретке-ай,
Тілеймін медет бер деп барша үмметке-ай.
Баурында Көкшетаудың екі қыз-ау,
Ән салған осылай деп «Топай көкке», ей!
Е, е, ей.

504. ТОПАЙ КӨК

(2-нұсқа)

Е-ей!
Көкшетау, Баянаула-ай, жер нояны,
Елінен көктей гүлдеп-ай, шығады әні.

Бауырында Көкшетаудың көкке шалқып,
Толғанып Жарылғаптың-ай, уай,
 «Топай көкке» салған әні.
Әй, и, әй, әй,әй, әй, әй, ай.

Е-ей!
Жарылғап ескі әншінің-ай маңғазы еді,
Әнді ерттеп, күйді мінген-ай ардагері.
Осы әнді Көкшетаудан әкелдім деп,
Баянға алып келіп-ай, уай,
 «Топайкөкке» жайған еді.
Әй, и, әй, әй,әй, әй, әй, ай.

505. ТОРҒАЙ

Қызы едім Өмірбайдың, атым — Торғай,
Жайдым қанат қияға жанға болмай.
Армансыз дүниеден өтер едім,
Қосылсам сүйгеніммен, уа, дариға-ай!
 Уа, о, дариға-ай, а-ай!

Жел соқса, ағаш басы ырғалады,
Қаршығаң қыран болса, тырна алады.
Барады өтіп жалған бір күнгідей,
Күлмеген, ойнамаған құр қалады,
 Уа, о, дариға-ай, а-ай!

506. ТӨГІЛМЕЛІ КӨКЕМ-АЙ

Ойласаң, өтер-кетер өмір шолақ,
Біздерге неге сонша сыйы сол-ақ!

Қайырмасы:

Су түбінде сүйек бар,
Салсам, қолым жетер ме-ай.
Биікке шығып қол созсам,
Ұмтылсам, қолым жетер ме-ай?

Ойнап-күл осындайда құрбы-құрдас,
Жалғаннан әлі-ақ өтер біз бір қонақ.

Қайырмасы:

Су түбінде сүйек бар,
Салсам, қолым жетер ме-ай.
Биікке шығып қол созсам,
Ұмтылсам, қолым жетер ме-ай?

Дегенде ән баяулы, ән баяулы,
Жігіттің жарлы болар жаны аяулы.

Қайырмасы:

Су түбінде сүйек бар,
Салсам, қолым жетер ме-ай.
Биікке шығып қол созсам,
Ұмтылсам, қолым жетер ме-ай?

Қалайық ойнап-күліп осындайда,
Барады өтіп заман күн санаулы.

Қайырмасы:

Су түбінде сүйек бар,
Салсам, қолым жетер ме-ай.
Биікке шығып қол созсам,
Ұмтылсам, қолым жетер ме-ай?

Жігіттер, тату-тәтті өмір сүргің-ай!
Жоқ дейді бір тусақ та бірге тұрмақ,
бірге тұрмақ-ай!

Дүние өтерінде сынаптайсың,
Таулардан жылжып аққан бұлақтайсың.
Басына талай ердің аттай теуіп,
Сұм ажалға қайда барып тұрақтайсың.

Дүние жеткізбейді қуғанменен,
Өтеді күндер, шіркін, думанменен.
Жатасың жалғыз өзің жапан түзде,
Атадан алтау болып туғанменен.

510. ТІЛЕУҚАБАҚ

Айқайлап ән саламын Тілеуқабак,
Керілер, өлең айтсам, қас пен қабақ.
Көңілдің қуанышын жырға қосып,
Келді ғой бар дауыспен шырқайтын шақ.

Әніме мен салайын Тілеуқабак,
Керілер, өлең айтсам, қас пен қабақ.
Көңілдің жатсам, тұрсам тілегі сол
Бергей деп маңдайыма бармақтай бақ.

511. УА, ДАРИҒА, ҚАЛҚАШ

Уа, дәриға,
Қалқаш, а-ау, сылаң қағып бұрандайсың,
Дүние-ау, өтер десем, тіл алмайсың.

Қадірің, міне, бүгін, уа, шіркін,
 бір тиындық-ай,
 Басыңнан қайрат ұшып, уа, шіркін,
 жан кеткен соң-ай.

Бір кезек, міне, айналып бізге келді,
 Басына не түспейді ғазиз ердің.
 Тәңірге төуекел ет, сабыр ойла,
 Іс өнбес уайымнан ғаріп көңілің.

513. УӘРИДАЙ-ӘККАЙ

Күреңді талға байлап-ай мінген қандай,
 Қалқамен күліп-ойнап-ай жүрген қандай?
 күліп-ойнап жүрген қандай.
 Аулыңа осы жолы-ай бармақ едім,
 Қайтейін бара алмадым-ай, жерің шалғай,
 бара алмадым, жерің шалғай.

Қайырмасы:

Уә-ри-дай, әк-кай!
 Уә-ри-дай, әк-кай!
 Уә-ри-дай. Уә-ри-дай,
 Уә-ри-дай, уә-ри-дай.

Жаттық жоқ жақсы адамда деуші едіңіз,
 Жаманды жақсы десе болар семіз.
 Аулыңа бізден бұрын бара қалсаң,
 Қалқаға үш қайтара сәлем деңіз.

Қайырмасы:

Уә-ри-дай, әк-кай!
 Уә-ри-дай, әк-кай!
 Уә-ри-дай. Уә-ри-дай,
 Уә-ри-дай, уә-ри-дай.

514. УГӘЙ-АЙ

Қалың шыңнан қаршығам, әй, қаз алмайды,
Ескі дұшпан ел болып тазармайды.
Угәй-ай, ән салшы, қыз-бала-ай.

Іші пұшпақ ішіктің, әй, сырты сәтен,
Етек-жеңін мәшине ажарлайды.
Угәй-ай, ән салшы, қыз-бала-ай.

Керегенің көзінде оймақ тұрар,
Кедейшілік кісіге қой бақтырар.
Угәй-ай, ән салшы, қыз-бала-ай.

Алған жары жігіттің болса жақсы,
Ойдағыдай алдында ойнап тұрар.
Угәй-ай, ән салшы, қыз-бала-ай.

515. ҮКІЛІ ҚОҢЫР ҮЙРЕК

Ақ көйлектің етегін алтындаған,
Ақ жамбыдай ажарың жарқылдаған.
 Қарғам-ау, жарқылдаған.
Сексен үйрек шықса да серуенге,
Сен қоңыр қаз ішінде саңқылдаған.
 Қарғам-ау, саңқылдаған.

Қайырмасы:

Үкілі үйрек, қоңыр қаз-ай,
Ғашық едім, жан еркем-ау,
Былтырғы күз, биыл жаз.

Бәйге құмар қара кер құнанындай,
Өрге жүзер талапты ер ұланындай.

Өнерімен ел сүйген, беу, замандас,
Түз бүркіттің туыпсың қыранынан.

Қайырмасы:

Үкілі үйрек, қоңыр қаз-ай,
Ғашық едім, жан еркем-ау,
Былырғы күз, биыл жаз.

516. ҮКІЛІМ-АЙ

Бір сай шығар бір сайдың тарауынан,
Қоссам келер бөйгеден қара құнан.
Сүтпен жу да шашыңды, балмен тара,
Түсер алтын домалап тарағыңнан.

Қайырмасы:

Ой-хой, үкілім-ай!

517. ҮРИ-АЙ

(1-нұсқа)

Белде еді-ау, аулың сенің бел тұрғанда,
Желп етер орамалың жел тұрғанда-ай, үри-ай.
Біреудің-ау, күн мен айын не қылайын,
Күлімдеп қарсы алдымда сен тұрғанда-ай, үри-ай.

Бұлбұлдың даусы жақсы сайрағанда,
Тарантас қозғалады майлағанда.
Өтпейді ішкен асым тамағымнан,
Қалқатай не болар деп ойлағанда.

Ақ маңдай, нұрың қызыл, қара қасың,
Ақ саусақ ұзын біткен қолаң шашың.

Серт берген ауызынан, жан серігім,
Дерт болды сен жоқ жерде ішкен асым.

518. ҮРИ-АЙ

(2-нұсқа)

Мынау айлар, қай айлар, туған айлар,
Жомарт елдің жоқшылық қолын байлар.
Ә-ә-ха-у, ү-ри-ай.

Жақсысы бар өлеңнің, жаманы бар,
Қандай өлең айт дейсіз, ағатайлар.
Ә-ә-ха-у, ү-ри-ай.

Жастар өлең айтқанда сәнімізбен,
Бастап ақыл сұрайық кәрімізбен.
Ә-ә-ха-у, ү-ри-ай.

Оралыңның барында ойна да, күл,
Дүние шіркін өтеді бәрімізден.
Ә-ә-ха-у, ү-ри-ай.

519. ҮРИДАЙ

Күреңді талға байлап мінген қандай,
Қалқамен күліп-ойнап жүрген қандай,
Үридай, үридай!

Ауылыңа осы жолы бармақ едім,
Қайтейін, бара алмадым, жерің шалғай,
Үридай, үридай!

Қайырмасы:

Үридай, сәулем, үридай әй-хай,
 Үридай, үридай, сәулем,
 Үридай, үридай!

Жаттық жоқ жақсы адамда деуші едіңіз,
 Жаманды жақсы десе, болар семіз.

Үридай, үридай!

Ауылына бізден бұрын бара қалсаң,
 Қалқаға үш қайтара сәлем деңіз.

Үридай, үридай!

Қайырмасы:

Үридай, сәулем, үридай әй-хай,
 Үридай, үридай, сәулем,
 Үридай, үридай!

520. ҮШ ДОС

Мыс та алтын, жез де алтын-ай,

алтын да алтын,

Бұл күнде алтын бар ма жарқылдайтын, уай!
 Құрбылар, осындайда-ай, ойна да күл,
 Кім қалар таразыға тартылмайтын-ай.

Қайырмасы:

Уари-дай, ори-дай,
 Е-рида-дай, уа-риди-дай.

521. ҮШ ҚЫЗЫЛ ГҮЛ

Жаныңа жанды қосып болып ек дос,
 Сол сезім не себептен қалды екен бос.

Айтқаны бұрынғының рас екен,
Далада қалады деген итке артқан қос.

Қайырмасы:

Уай, қарағым, енді есен бол,
Енді есен бол.

Қолыма ақ тұйғын деп қондырғаным,
Бір сөзді есіткен соң болдырғаным.
Ішіне бір сарайдың қамап кетіп,
Жарай ма мені сонша тоңдырғаның.

522. ҮШ ТАС

(«Үш дас» немесе

«Дегенде перуайым, перуайым»)

Дегенде перуайым, перуайым,
Түседі, сені ойласам, сары уайым.
Өзімнің тұсымдағы жұлдызымсың,
Қазақтың не қылайын күн мен айын?!

Мыс та алтын, жез де алтын, алтын да алтын,
Бұл күнде алтын бар ма жарқылдайтын.
Құрбылар, осындайда ойна да күл,
Кім қалар таразыға тартылмайтын?

523. ХАЙЛӘЙЛІМ

(1-нұсқа)

Күн батар кешке жақын таудан асып,
Шапақтап қызыл алтын нұрын шашып.
Ымырт пен күн батардың арасында,

Қосылар екі ғашық амандасып,
Хайлөйлім, хайлалай, лөлөйлім.

Өткен соң көрген қызық көрмегендей,
Жас дәурен жанған жалын өрлегендей.
Хайлөйлім, хайлалай, лөлөйлім.

Жігіттік көк семсердің жүзі емес пе,
Қайрап-ап қалың жауға сермегендей.
Хайлөйлім, хайлалай, лөлөйлім.

524. ХАЙЛӨЙЛІМ

(2-нұсқа)

Түйенің шудасы ақ айға батқан,
Шешесі қыз сорлыны неге тапқан.
Шешесі қыз сорлыны тапқаннан соң,
Әкесі шырылдатып малға сатқан.

Ақбастан бұзау қудым құлдыратып,
Шашыма шашбау тақтым сылдыратып.
Ағайын мал алдық деп қуанады,
Барады іші-баурым ылбыратып.

Домбыра тым қолайлы көсілуге,
Жылайды жас балалар бесігінде.
Ардақтап әлпештеген қайран басым,
Жүремін әлдекімнің есігінде.

525. ХАЙЛІМ

Айт дегенде өлеңді бастаушы едім, хайлім,
Серік болса қасымда, саспаушы едім,
хайлім, саспаушы едім.

Бір-екі ауыз өлеңді айтқаннан соң, хайлім,
Құрбыларым айтсын деп тастаушы едім,
хайлім, тастаушы едім.

Айт дегенде өлеңді аян болмас,
Аялаған жаныңды алмай қоймас.
Үлкен де отыр, осы үйде кіші де отыр,
Айт дегенде көпшілік, айтпай болмас.

526. ХАЛАЛА

Ой қалқа, талпынушы ең бала құстай.
Аулыңа неше келдім ала қыстай.
Бір жаман мал бердім деп алар, кетер,
Тұйғыннан жем айырған қара құстай.

Деген соң қара бедеу, қара бедеу,
Шығады күз болғанда ақша селеу.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Болғайсың ым қаққанда өзін медеу.

527. ХАЛӘЛӘ-КҮЛӘЙЛІМ

Хат жаздым қалам алып-ай, шырағым-ау-ай.
Лебізің таудың таза-ай, бұлағындай,
Халәлә, Күләйлім.

Көзіме көрінесің-ай, жарқ-жүрқ етіп-ай,
Киіктің тауда ойнаған-ай, ылағындай,
Халәлә, Күләйлім.

Хат жаздым қалам алып ақ қағазға,
Түсінер есті құрбы айтқан назға.

Қалқашым, көздер жоқта көңілдесім,
Аулыңа мен барамын келер жазда.

528. ХАЛИЛЕМ-АУ

Тартады тау жадағай обасы жоқ,
Көрінер көл жадағай қоғасы жоқ.
Жігітке қайыры жоқ адам ермес,
Мал тұрмас құба жонға панасы жоқ.

Қайырмасы:

Халилем-ау!

Халиләли-ау!

Халилем-ау!

Құба жонға панасы жоқ-ай.

Әр таудың өзіне тән қиясы бар,
Қияның шөбін шаппа миясы бар.
Өлеңді айт дегенде бөгелмеймін,
Жел сөздің көмейімде ұясы бар.

529. ХАЛЫҚ ӘНІ

(1-нұсқа)

Ат баста шылбырыңды жимаған соң,
Жігіттік терең қалды симаған соң.
Жасымда ойнап-күлген, жан қалқатай,
Жылайсың қолымды ұстап қимаған соң.

Қайырмасы:

А, шіркін, қимаған соң

Лияля лиля

А, хат жаздым қалам алып қара сия,
Ғашық жар, тұра алмаймын көңіл зия.
Бағдаттың шаһәрында ғашық болсаң,
Не болған көз жіберсең өннәзия.

530. ХАЛЫҚ ӨНІ

(2-нұсқа)

Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Кей пәнде не демейді болған сайын.
Болғанда ашу — пышақ, ақыл — таяқ,
Таяғың таусылмай ма жонған сайын.

Жапанға бітер сайда бір бәйтерек,
Жігітке бітсе дәулет, ақыл керек.
Өнерді үйрен-дағы жирен деген,
Жамиғат, қор болмайсың, болсаң зерек.

531. ХАЛЫҚ ӨНІ

(3-нұсқа)

Келіп ем ақ түйғын боп ілейін деп,
Жақсыңды, жаманыңды білейін деп.
Дәрияның ортасында сен бәйтерек,
Мен келдім бұтағыңа түнейін деп.

Дәрияның ортасында бір топ мия,
Ертегі көйлегіңнің бәтәрия.
Болғанда сексен сия, тоқсан пия,
Кетесің қайтып тастап көзің қия.

Сен-дағы қаракөктің тұқымы едің,
Өзіңмен ойнар ма еді, о, дариға!

532. ХАЛЫҚ ӘНІ*(4-нұсқа)*

Бір қылаң шыға келді құлпырып-ай,
Білектен ұстай алдым ұмтылып-ай.
Япырай, мынау неткен әдепсіз деп,
Қолымнан шығып кетті жұлқынып-ай.

Боз бие саудырмайды бөгелектеп,
Бұған да шандоз шашып жебелектеп.
Кешқұрым ақ білектен ұстай алсаң,
Тұрады күлімсіреп не керек деп.

Барады аулым көшіп таулы құмға,
Кербездің кір жұқпайды жаулығына.
Біреулер бай болдым деп қуанып жүр,
Мен өзім қуанамын саулығыма.

533. ХАНШАЙЫМ

Сүйікті Ханшайым жарым едің,
Сені іздеп ақ боз үйге барып едім.
Көңілдің ғашық отын сөндіре алмай,
Тотыдай жүз құбылып қалып едің.

Қайырмасы:

Ей, Ханша задам,
Жазда келем.
Нұрыңа ғашық болған
Мен бір адам.

Ханша сізге кетті көңілім ауып,
Бекерге кемітпеңіз жала жауып.
Сыры бір, қыры сегіз құрбым деп біл,
Жігіт деп әлдеқалай қылма қауып.

Қайырмасы:

Ей, Ханша задам,
Жазда келем.
Нұрыңа ғашық болған
Мен бір адам.

534. ХАРАРАКУРА-РАЙ

Көп болды көрмегелі, қалқам, сені,
Ғашық от сарғайтады асқан шегі.
Соңғы хат жазғаныңа көп күн өтті,
Бір ауыз хабарың жоқ содан бері.

Қайырмасы:

Хараракура-рай, арара-рай
Лилаләку, лиләли, ләлилди.

Сарғайдым санаменен сені ойлай,
Көрген күн өтті, кетті, болған тойдай.
Көлеңкең көкейіме түссе, қалқам,
Басады қалың уайым, қашсам, қоймай.

535. ШАЙЗА

Қырмен келмей замандас саймен келдің,
Екі аяғың салаңдап таймен келдің, ой, жаным.
Жамандарға отыр ем қарамастан, қарамастан,
Екі көзің жаудырап қайдан келдің, ой, жаным.

Ойлай жүргің, есіңе ап ұмытпастан,
Қамыққанда сен едің көңілді ашқан.
Қосыла алмай өзіңмен армандамын,
Өзің едің құмарым бала жастан.

536. ШАНДОЗ

Қайыңдыдан ән салдым құлап тұрып-ай,
Қызыл шарқат ойнаймыз-ай, ылақтырып,
Шандоз-ай.
Айтқан сөзі еркемнің естен кетпес-ай,
Үзеңгіге сүйеніп-ай, жылап тұрып,
Шандоз-ай.

Кең Жылойдың ішінде үйдім пішен,
Үйдемісің, аққұба аттан түсем.
Дүниенің қызығы күлген ойнап,
Күреңдеткен қолыңнан бір шәй ішем.

537. ШАНШУЛАҒАН ЖІГІТТІҢ ӨЛЕҢІ

Ішім аурып барады шеміршегім
Жамал қыздай болсайшы келіншегім-ай.

Қайырмасы:
Тәнім-ау,
Талма бел,
Жаным-ау.

Күнім-ай,
Күнде базар, ей, күнім-ай.
Шіркін-ай,
Қалампір бір күл-ай.
Өй
.

538. ШӘМСИ

Шәмси-Қамар секілді Дұхтар-Бану,
Кісі қайда көңілді сіздей табу.

Жігіттіктің бұл-дағы нысанасы,
Айтқан сөзің құрбыңа жетпей қалу.

Қайырмасы:

Ахау!

Сен-дағы Бағдатта Шәмсиядай, Дахида, ай,
Шәмси-ау, шіркін, көңіл-ау, таусылама-ай.

Осы тойда бұл хатым өтпейді деп,
Айтқан сөзім құрбыға жетпейді деп.
Сабыр сақтап азғантай біз отырмыз,
Бұйырған дәм ешқайда кетпейді деп.

Қайырмасы:

Ахау!

Сен-дағы Бағдатта Шәмсиядай, Дахида, ай,
Шәмси-ау, шіркін, көңіл-ау, таусылама-ай.

539. ШӘМШІ ҚАМАР

(1-нұсқа)

Шамшы қамар секілді духтар Бану,
Кісі қайда Зарлықтай сөзді тану.
Ұғымтал зерекпенен бәрі бірдей,
Сөзіңе айтып тұрған құлақ қану.

Қайырмасы:

Тағында Бағидатта, Шамсияда,
Дахида көңіл шіркін таусыла ма.
Әритай-әритай-әритай, әритай-ай!

Қан қайнап, жүрек тербеп көңілім мас,
Болғанда сізде сұхбат, бізде ықылас.
Ақ иық лашынға тап бергендей,
Көңілдің өз басыңа соғуы рас.

Қайырмасы:

Тағында Бағдатта, Шамсияда,
Дахида көңіл шіркін таусыла ма.
Әритай-әритай-әритай, әритай-ай!

540. ШӘМШІ ҚАМАР

(2-нұсқа)

Шәмші Қамар секілді туар ма жан,
Тәрбие алып өсті екен қай анадан.
Ғашықтықтың сүйіскен шын белгісі,
Алдақашан берілген ынтам саған.

Қайырмасы:

Пау, шіркін, Бағдатта, Шамсиада,
Дахида көңіл шіркін таусып алма.

Құмар болдым жасымнан, жаным, сүйіп,
Жігіттікке жеткен соң есім жиып.
Жазғы гүлдей майыздан, сүйген сөулем,
Кетесің бе шыныңмен мені қиып?

Қайырмасы:

Пау, шіркін, Бағдатта, Шамсиада,
Дахида көңіл шіркін таусып алма.

541. ШӘПИБАЛУ

Қалықтап қанат қағып сұлу үнің,
Жібектей жайнатады жанның гүлін.
Ақынның толқындаған қиялында,
Түрлентер шабыт айдап, ойдың түрін.

Қайырмасы:

А, Шәпибалу, ай,

Уа-ра-рай-рай!

Уа-ра-рай-рай! Уа-ра-рай-рай.

Тамағың шағылысқан күн нұрына,
Шамдайын көзің жанған жан сырына.
Жұп-жұқа қызғылт ернің қыбырласа,
Әлемнің ән ереді ой-қырына.

542. ШӘРИЗАДА

Ән салсаң, өзімдей сал ырғақтатып,
Кей маңғаз шоқ тағады бұлғақтатып.
Қыз мінез қызылша аттың жорғасындай,
Салайын, келсе даусым, сырғақтатып.

Қайырмасы:

Ей! Қарағым-ай, Шәризада, ай!

Айта көр әдемілеп әнге салсаң,
Тіпті қой, осы әніме сала алмасаң.
Бәйгеден келген кердей тұра алмаймын,
Домбыра екі ішекті қолыма алсам.

543. ШӘУКЕН

Қарындас, қолға ал десең, қолға алайын,
Сіздермен достасуға ыңғайлайын.
Кіші іні, үлкен аға бас қосқанда,
Алдында шаппай, желмей жорғалайын.
Алдында шаппай, желмей, Шәукен-жан,
жорғалайын.

Шетіне орамалдың түйдік тасты,
Ғашығым келетұғын қиғаш қасты.
Салғанда осы әнге қоңырлатып,
Алдыма алып келер қолаң шашты.

544. ШЕРУБАЙ

Астыма атым мінген көкшесін-ай,
Көкшенің мен мінемін-ей-ай-ау, бөксесіне-ай.
Үйінде Қаусыбайдың бір қызы бар,
Бір қарайды, екі басып өкшесіне-ай-ай-ай.

Қайырмасы:

Ей, охо-ай,
Өкшесіне, ох-ай, өкшесіне-ай-ау.

545. ШИЛІ ӨЗЕН

Айналайын атыңнан, алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.
Шилі өзен қамыс-ай,
Бізді ойлай жүр таныс-ай.

Сіз дария болғанда мен қоңыр қаз,
Бауырым төсеп бетінде қалқыдым-ай.
Шилі өзен қамыс-ай,
Бізді ойлай жүр таныс-ай.

Айналайын қарағым, кекілдім-ай,
Балапаны аққудың секілдім-ай.
Шилі өзен қамыс-ай,
Бізді ойлай жүр таныс-ай.

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ»,
Қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай.

Шили өзен қамыс-ай,
Бізді ойлай жүр таныс-ай.

546. ШҰБАРТАУ

Кигенім үстімдегі-ай, тиін бе екен,
Көтерген тиін ішік иін бе екен-ай!
Домбырам бес саусақпен-ай, ақылдасса,
Күй шертіп, өлең айту қиын бе екен-ай!
Шұбартау басың биік,
Баурың шалғай, а-а-а-ай!

Аспанда қос балапан-әй, қалықтаған,
Ұшуға ұзақ күйге жалықпаған, әй!
Қанатын қағып ұшып-ай, жоғары өрлеп,
Көз салып айналаға шарықтаған-ай!
Шұбартау басың биік,
Баурың шалғай, а-а-а-ай!

547. ШЫҒЫРШЫҚ

Қарындаш қолға ал десен қолға алайын,
Сіздермен достасуға оңғалайын.
Кіші іні, үлкен аға бас қосқанда,
Алдыңда шаппай, желмей, жорғалайын.

Шетіне орамалдың түйіп тасты,
Ғашығың келетұғын қиғаш қасты.
Салғанда «Шығыршыққа» қоңырлатып,
Алдыма алып келер қолаң шашты.

548. ШЫМЫР*(1-нұсқа)*

Қара ойдың қалды қамшым қабағында,
Бояудың бір белгісі сабағында.
Еркемді, өзім барсам, таныр едім,
Ақша ілгек жарқылдаған тамағында.

Көшкенде жылқы айдаймын кер кекілмен,
Аймалап ауыт-ауыт жел бетімнен.
Жаңғыртып көш-жөнекей ән салғанда,
Шаттанып қыздың жаны тербетілген.

549. ШЫМЫР*(2-нұсқа)*

Есімде, сен, қыпша бел, досым да сен,
Берші жеміс қолыңнан жесін десең.

Қайырмасы:

Шымыр-ай, ғұмыр-ай,
Әркім сізге құмар-ай.

Қырға шық та қолыңды бір бұлғашы,
Жемқор аттай айналып келсін десең.

Қайырмасы:

Шымыр-ай, ғұмыр-ай,
Әркім сізге құмар-ай.

Мал озбай «шу» дегенде көк дөненнен,
Дұшпандар не демейді көлденеңнен.

Қайырмасы:

Шымыр-ай, ғұмыр-ай,
Әркім сізге құмар-ай.

Сыртыңнан өзімсініп жүргенімде,
Тап болды бір антұрған көлденеңнен.

Қайырмасы:

Шымыр-ай, ғұмыр-ай,
Өркім сізге құмар-ай.

550. ШЫНАР-АЙ

Қара таудың басынан-ау, арша ап жүрмін,
Көтере алмай аршамды шаршап жүрмін.

Қайырмасы:

Шынар-ай, өркім бір сізге құмар-ай,
Қайткенде көңілім тынар-ай.

Кішкентайдан бірге өскен-ау сәулем едің,
Көре алмастан жүзіңді аңсап жүрмін.

Қайырмасы:

Шынар-ай, өркім бір сізге құмар-ай,
Қайткенде көңілім тынар-ай.

Айналайын, қарағым-ау, орта бойлым,
Сары майдан айырып торта қойдым.

Қайырмасы:

Шынар-ай, өркім бір сізге құмар-ай,
Қайткенде көңілім тынар-ай.

Жаңа ғана жүзіңді-ау, көрсем-дағы,
Күлімкөз деп атыңды жорта қойдым.

Қайырмасы:

Шынар-ай, өркім бір сізге құмар-ай,
Қайткенде көңілім тынар-ай.

551. ШЫРАЙЛЫМ

Теріп, теріп таулардан тас алғаным,
Көк сауырдан етікке бас алғаным.

Қайырмасы:

Ай, ахау, сен шырайлым,
Ұмытпа, мен сұраймын-ай!

Сен дегенде, шырайлым, шыдай алмай,
Ішім күйіп, көзіме жас алғаным.

Қайырмасы:

Ай, ахау, сен шырайлым,
Ұмытпа, мен сұраймын-ай!

Шырайлым, сен ар жақта, мен бер жақта,
Қосылар күн болар ма екі жасқа?

Қайырмасы:

Ай, ахау, сен шырайлым,
Ұмытпа, мен сұраймын-ай!

Ойымнан жатсам, тұрсам бір кетпейсің,
Өзгеге көңілім толмас сенен басқа.

Қайырмасы:

Ай, ахау, сен шырайлым,
Ұмытпа, мен сұраймын-ай!

552. ШЫРҚАСЫН

Шырқап-шырқап салайын шырқасынға,
Кейде жаңбыр, кейде қар бұрқасында.

Қолым тиіп жылқыдан бара алмадым,
Жан сәулем, кешіктің деп ұрсасың ба.

Қайырмасы:

Алмадай бетің албырап,
Ақ бұғағың салбырап.
Меруерттей күлкің төгілген,
Қиылып бейне көк құрақ.

553. ШІРКІН-АЙ

Ұшады көкала үйрек көл дегенде,
Сілекей сірне татыр шөлдегенде.

Қайырмасы:

А, шіркін-ай, қайран сәулем!

Бір естіп хабарыңды жай таппадым,
Менде жоқ ұшар қанат сен дегенде.

Қайырмасы:

А, шіркін-ай, қайран сәулем!

Белгілі сұлу жылқы сырғалықтан,
Көруші ем сөзді тәуір бір қылықтан.

Қайырмасы:

А, шіркін-ай, қайран сәулем!

Ала алмай сізден хабар қапа болдым,
Жетер ме сәлем айтсам бұлдырықтан.

Қайырмасы:

А, шіркін-ай, қайран сәулем!

554. ЫРҒАҚТЫ

Ей!

Ақ түйғын құс қолымда зыр қақты ма,
Басып-басып алайын ырғақтыма, а-ай.
Бозбала, саған айтар өсиетім,
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға,
ардақтыға-ай.

Қайырмасы:

Ха-лө-лө-ли, лө-ли, лө-лім,
Ха-лө-лө-ли, лө-ли, лө-ли, лө-лім,
Әлпештеген ардақтыға-ай.

Жас өмір жанып тұрған ал қызыл гүл,
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл, а-ай.
Жауқазын желбіреген жастық шағым,
Өмірдің мағынасын түсіне біл.

Қайырмасы:

Ха-лө-лө-ли, лө-ли, лө-лім,
Ха-лө-лө-ли, лө-ли, лө-ли, лө-лім,
Әлпештеген ардақтыға-ай.

555. ІҢГӘЙ-АУ

Айналайын жүзіңнен, қарағым-ай,
Жазғы түскен сағымның ажарындай.
Күндіз-түні үйіңнен ат кетпейді,
Орынбор мен Текенің базарындай.

Мен шыққанда ауылдан бесін еді,
Алма мойын ақсұр ат есінеді.
Сен түскенде есіме белімдегі
Бес ораған белбеуім шешіледі.

556. ІҢКӨР

Шыңғыстың бір қызы-ай, бар Іңкөр атты-ай,
Сөйлесе-ау, сөзі шекер, балдан тәтті-ай.

Үрияй, Үрияй.

Қайырмасы:

А-лө-лө, лө-лө-лө-ли, лө-лө,

Лө-лө-лө-ли-лөй, лө-лө-лөй.

Лө-лө-лө-ли, лөй-лөй.

Лө-лө-лөй, лө-лө-лөй.

557. ІҢКӨРЖАН

Ер-тоқымнан кетпейді аттың қағы-ай,
Талаптанбай ашылмас ердің бағы-ай.

Қайырмасы:

Іңкөржан, Жәнипа-ай,

Жарамайсың, Әнипа-ай!

Ақылың абзал, қалқам-ай!

Тәуекелге беліңді бек байласаң,
Ер жігіттің арымас арғымағы-ай.

Қайырмасы:

Іңкөржан, Жәнипа-ай,

Жарамайсың, Әнипа-ай!

Ақылың абзал, қалқам-ай!

Ұшады кеш болғанда,
Сөндірейін дертімді су себелеп.

Қайырмасы:

Іңкөржан, Жәнипа-ай,

Жарамайсың, Әнипа-ай!

Ақылың абзал, қалқам-ай!

Түскенде сен есіме, айналайын,
Аш бөрідей жортамын тау көбелеп.

Қайырмасы:

Іңкәржан, Жәнипа-ай,
Жарамайсың Әнипа-ай!
Ақылың абзал, қалқам-ай!

558. ІҢКӘШ

Ауылым көшіп барады Анқатыға-ай,
Зер салдырсам жарасар шарқатыма-ай.

Қайырмасы:

Сәулем-ай, аман бол.

Бес-алты ауыз жел сөзді мен сөйлейін,
Іштің шерін азырақ тарқатуға.

Қайырмасы:

Сәулем-ай, аман бол.

Жатпайды екен иті үріп таудағының,
Болмайды екен қадірі саудашының.

Қайырмасы:

Сәулем-ай, аман бол.

Теріс арқау жиырмада тентек жаста,
Ұстараның жүзіндей аума, күнім.

Қайырмасы:

Сәулем-ай, аман бол.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

1. Қазақ халқының 1000 әні.

А.В.Затаевичтің тұңғыш жинағына (*Александр Затаевич. 1000 песен киргизского народа (напевы и мелодии). Со вступлением проф. А.Д.Кастальского, предисловием и примечаниями автора. — Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1925 г.*) сол кездегі Қазақстанның ел басшылары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері: С.Меңдешев, А.Байтұрсынов, Ә.Н.Бөкейханов, А.Л.Мелков, Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов, М.Жолдыбаев т.б. тікелей басшылық жасап, музыкалық-фольклорлық шығармалардың жазылуына қазақтың Ә.Жангелдин, М.Саматов, Е.Алдоңғаров, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Ғ.-Х.Бөкейханов, Б.Майлин, Қ.Медетов, А.Оразбаева, А.Қостанов, Б.Жұмабаев, А.Мұқашев сынды көрнекті зиялы қауымы өкілдері, қызметкерлер, жұмысшылар, оқушылар, мектеп-коммуналар тәрбиеленушілері т.б. — барлығы 145 жаздырушы-корреспонденттер (*көмекшілер*) атсалысты.

Жинаққа енген шығармалар, негізінен Орынборда және оның айналасында, Мәскеуде 1920 жылдар басында Қазақстанның әр түпкірінен, Түркістаннан, Орта Азиядан келген адамдардан жазып алынып, нотаға түсірілген.

Жинақтың құрылымы: профессор А.Кастальский жазған кіріспе сөзі, автордың алғы сөзі мен оның Қазақ республикасының губерниялары мен жеке уездері (*Түркістан бөлімін қоса алғанда*) бойынша жазылған әндердің тізімінен және негізгі бөлімі — I. Адай уезі» (*№1-39*), II. Ақмола губерниясы

(№40-237), III. Ақтөбе губерниясы (№238-292), IV. Бөкей губерниясы (№293-403), V. Қостанай губерниясы (№404-533), VI. Орынбор губерниясы (№534-623), VII. Семей губерниясы (№624-787), VIII. Торғай уезі (№788-850), IX. Түркістан (№851-908), X. Орал губерниясы (№909-1000) сияқты аумақтардан жиналған халық туындыларынан, сонымен бірге «Автордың ескертпелері» (№1-618)», «Корреспонденттердің әліпбилік көрсеткіші», «Біркелкі тақырыптары мен авторлары бойынша әндер көрсеткіші», «Әндер мен шығармалардың сипаты, маңызы мен мазмұны бойынша көрсеткіші», «Әндер мен күйлердің әліпбилік көрсеткіші», «Әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші» деген орысша бөлімдерден құралған.

Олардың арасында халықтың жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі жанрларды қамтитын батырлық, тарихи, тұрмыстық, революциялық т.б. жырлар, термелер, толғаулар, ғұрыптың өлеңдер (бесік жыры, сыңсу, жар-жар, қоштасу, айтыс, жоқтау, арнау) т.б. лирикалық әндер мен күйлері — барлығы 977 ән мен 23 күйдің нотасы қамтылған.

Ән мәтіндері негізінен ноталық жазбасының арасына терілген. 41 әннің кейде төрт жолы, болмаса бір-екі немесе үш жолы, ал көпшілігінің тек 2-4 жолдық қайырмасы ғана берілген. Мәтіндері толық түсірілген әндердің ішінде: «Адасқан», «Нұржан әні», «Мына заман», «Сайраса бір», «Сағындым, сәулем», «Үкілімай-ай», «Ай-хай, Ғазиза», «Тәбенбай», «Тезек әні», «Сұрша қыз», «Аман да бол», «Іңкәу жан», «Медет хан» (*Мұхиттыкі*), Нұржанның (*Наушабайұлы*), Абайдың («*Үкілімай-ай*» әні Абайдың «*Өлсем орным қара жер*» өлеңімен айтылған), Мұхиттың (*Мерәліұлы*), Тезектің (*Тезек Абылайханов*) шығармалары бар. Басылымның ұстанымына байланысты ол шығармалар томға алынбады.

«Жиырмабес», «Абайкөк» (II) (*Ж.Аймауытовтан*), «Ғашық жар-ай» (*Б.Әлиннен*), «Кәмшат бөрік» (*А.Байтұрсынұлынан*) әндері аталған жинақтың 1963 жылғы 2-басылымына енген болса, «Харидай-ау», «Уәли», «Қамажан-ай», «Қалтылдақ», «Сегіз қыз», «Қос жар», «Қарындасым, Сырымбет», «Дүрбейбай», «Боз жорға», «Агагугай», «Ахау, миат», «Бұдабай», «Кідіғай»,

«Той-той-ай», «Агой-көгай», «Алдамжар», «Ақбозат», «Жиырма бес», «Абай көк», «Ғашық жар-ай», «Кәмшат бөрік», «Халилөлөлем», «Қараторғай», «Халилөл-лэй-лей», «Әліп бе», «Бір бай», «Кей-аку», «Көкек», «Маңмаңгер», «Асық-жар», «Беу-беу», «Гүлзейнеп» сияқты туындылар бір ғасырға жуық мезгілден соң осы томға алғаш жарияланып отыр.

Өндердің ескі кирилл әліпбиінде, қазақ тілінде хатқа түсірілген түпнұсқа жазбалары қазір Орталық мемлекеттік мұрағатта (*ҚР ОМА.А.Затаевичтің жеке қоры: № 847 қор, №1 тізбе, № 7 іс*) сақтаулы тұр. Олар 1920 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының, Қазақстанды зерттеу қоғамының материалдарымен бірге мұрағатқа өткізіліп, құжатталған. Материалдардың арасында мәтіндердің тарихы, авторлары, айтушылары, жинаушылары, корреспонденттер т.б. туралы мәліметтер кездеседі. Мұрағаттағы жазба нұсқалар мен «1000 ән» жинағына (1925) енген мәтіндері бір-біріне сәйкес келеді.

Томға мәтіндер жинақтың 1-басылымы бойынша дайындалды.

2. Қазақ халқының 1000 әні.

Жинақтың екінші қайта басылымына (*А.В. Затаевич. 1000 песен казахского народа (песни и кюи) // Издание второе. Государственное музыкальное издательство, Москва, 1963. Подготовлено к печати Отделом музыкального искусства Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова Академии наук Казахской ССР. Ответственный редактор А.К. Жубанов*): «А.В.Затаевичтің ескертпелеріне және жинаққа енбеген ән нұсқаларына ред-алқаның толықтырулары» түсініктемесі; В.Дернованың «А.В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағының жазылу тарихынан» орысша зерттеуі, қазақша мәтіні мен оның орыс тіліндегі аудармасы берілген «Ән мәтіндері» бөлімі (*М.М.Ахметова дайындаған*), «А.Затаевичтің қазақтың халық музыкасы бойынша библиографиялық көрсеткішіне ред-алқаның толықтыруы» деген жаңа бөлімдер қосылған.

Жинақты баспаға дайындау жұмысына А.Қ.Жұбанов, В.П.Дернова, М.М.Ахметова, Б.Г.Ерзакович қатысқан.

«Ән мәтіндері» бөлімінде 1-басылымдағы төрт әннің мәтіні (№612, 638, 639, 752) мен Мәскеудің орталық музыкалық мұражайынан табылған (ГЦММА. МОМММА.Затаевич қоры: №6 қор, №157, 159, 175 инв.), А.Затаевич жазып алған жаңа 31 әннің мәтіні, олардың орыс тіліндегі жолма-жол және мағыналық аудармасымен берілген.

Томға мәтіндер осы жинақтың негізінде дайындалды.

3. Қазақ халқының 500 әні мен күйі.

А.Затаевичтің екінші жинағының (А.Затаевич. 500 казахских песен и кюев Адаевских, Букеевских, Семипалатинских и Уральских с предисловием и 403 примечаниями автора (Продолжение «1000 песен казахского народа» того же автора).—Алма-Ата, Наркомпрос Казахской АССР, 1931) құрылымы: А.Затаевичтің алғы сөзінен, негізгі бөлімі — қазақтың 500 әндері мен күйлердің ноталық жазбаларынан, ал қосымша бөлімі — ән-күйге қатысты ескертпелерден (түсініктерден), аталуы, авторы, айтушысы, мазмұны бойынша әліпбилік, әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіштерінен тұрады.

Бұл жинақта да зерттеушінің 1924-29 жылдары аралығында (1929 жылы тамызда баспаға тапсырылған) Адай уезі (№1-10); Бөкей уезі (№11-78); Семей облысы (№79-428) және Орал облысы (№429-500) секілді өңірлерден жазып алған 500 халық шығармасы енгізілген.

Шығармалар негізгі айтушылары: Қ.Оспанов, М.Бөкейханов, Н.Бөкейханов, М.Әбсалықов, З.Айдаров, Ғ.Айтбаев, С.Аманжолов, Қ.Байжанов, Б.Балабеков, Қ.Бабкин, М.Бөжеев, С.Иманбаев, Ә.Қашаубаев, С.Кемелбаев, Г.Қалыбаева, Ж.Лекерев, А.Медеубаев, М.Меңаяқов, М.Молдабаев, Қ.Сәтбаев, Х.Табин, Т.Тілеубеков, Т.Хасенов, М.Шамшудинова, Ж.Шанин, З.Айшуақова, Ғ.Ақмамбетов, Ғ.Мұхитов т.б. барлығы — 124 көмекші-корреспонденттен жазылды.

Жинақта халық әуенімен орындалатын эпостық туындылардың үзінділері, термелер, толғаулар, ғұрыптық өлеңдер (бесік жыры, сыңсу, жар-жар, қоштасу, айтыс, қара өлең, жоқтау т.б.), сондай-ақ негізінен домбыра, қобыз және сыбызғы аспаптарында орындалатын күй әуендері қамтылған.

Жинаққа топтастырылған 402 әннің 66 мәтіні ноталық жазбаларының арасына орналастырылған және зерттеуші олардың мәтіндерін толық хатқа түсіруге талпынбаған. Кей шығармалардың біреуі жолы ғана көрсетілген және көпшілігі халық композиторларының шығармашылығына тән. Олар Ғ.Айтбаев, І.Жансүгіров, Ғ.Жантеміров, Ә.Қашаубаев, Ж.Лекеров, Ә.Марғұланов, Қ.Сәтбаев, Х.Табин, Ғ.Ақманбетов т.б. әнші-орындаушылардың айтуынан жазылған.

Томға мәтіндер осы жинақ негізінде (1931) негізінде дайындалды.

4. Қазақтың 500 әні мен күйі.

Жинақтың 2-басылымында (А.В.Затаевич. *500 песен и кюйев казахского народа / Пр. и вст. ст. И.К. Кожобекова. — Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — 378 с.*) редактор тарапынан жазылған алғы сөзден өзге өзгерістер болмағандықтан, оған ерекше тоқталуды жөн санамадық.

Жинақтың М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты музыка бөлімі қызметкерлерінің дайындауымен (А.Затаевич. *Қазақтың 500 ән, күйі / 500 казахских песен и кюйев (Толықтырылған академиялық басылым) / Жауапты редакторы—С.Күзембаева; Арнайы редакторы—З.Жанұзақова. Реставраторлар—З.Жанұзақова, Қ.Жүзбасов, З.Қоспақов, Т.Сарыбаев.—Алматы: М.О.Әуезов атындағы ӘӘИ, 2007.—1136 б.*) жарық көрген 3-академиялық басылымының құрылымы: кіріспе бөлімінен (авторы—З.Жанұзақова), жинақтың құрылымында алдыңғы басылымының факсимилесі, толықтырулар, агогикалық терминдердің, А.Затаевичтің ре-соль бұрауында жазып алған әндер мен күйлерінің, туындылар үлгілері ладының, зерттеушінің «Қазақтың 500 ән, күйі» және «Қазақ халқының 1000 әні» жинақтарын-

дағы шығармаларды жеткізушілердің, қазақтың халық музыкасы туралы музыкалық-этнографиялық жинақтарының библиографиялық көрсеткіштері, А.Затаевичтің мәтіндерін жазған (*подтекстовкасы*) ән аттарының, домбыраның сүйемелдеуімен (*тұрақты немесе ұзінді түрінде*) айтылатын ән аттарының, зерттеушінің орыс тілінде жазған ән, күйлер аттарының тізімдері, автордың ескертпелеріне реставратордың толықтырулары; қосымша әдебиет аттарының, музыкалық және әдебиет деректемелерінің шартты қысқартулары т.б. бөлімдер қамтылған. Яғни академиялық басылымға тән ғылыми қосымшалармен толықтырылған. «Ән мәтіндері» бөлімінде түпнұсқада нотасы берілген 402 әннің мәтіндеріне қайта жаңғырту (*подтекстовка*) жұмысы жасалған.

Қазақ өнертану ғылымында «подтекстовка» туралы ұғым өткен ғасырдың ортасында осы А.Затаевичтің жинақтарына қатысты қолданыла бастаған. Біз оны «қайта жаңғырту» деп көрсеттік. Ол туралы А.Жұбанов, В.Дернова, М.Ахметова, Б.Ерзакович, Т.Бекхожина т.б. еңбектерінде көрсетілген. Жинақтағы ән-өлеңдердің әуені мен мәтіні: К.Оспанов, Ғ.Абдулханов, Х.Алағөзов, Н.Бөкейханов, Ғ.Ниязова, Ғ.Сұлтанғалиев, И.Сұлтанов, М.Әбсадықов, З.Айдаров, Қ. Айманов; Ғ.Айтбаев, Қ.Айтбаев, Ұ.Айтбаев, Қ.Ақбаев, С.Аманжолов, Н.Аримпендин, Қ.Әукенов, О.Байдалинов, Қ.Байжанов, Б.Балабеков, С.Балаханов, Ф.Бейсембаев, М.Бекбосынов, Қ.Бабкин, М.Бөжеев, Х.Ғабдуллин, А.Жандеркин, Ф.Жантеміров, Б.Жантемірова, Н.Жүнісов, С.Иманбаев, Р.Исин, М.Ысқақов, А.Ешмұхамметов, А.Қадылбеков, М.Қадылбеков, Ғ.Қарпықов, Ә.Қашаубаев, С.Кемелбаев, Б.Кенжекеев, М.Қалыбаев, Ғ.Қарпықов, К.Қалыбаева, Ш.Қожыров, А.Қопашев, Қ.Қуанышбаев, Қ.Құбияров, Ж.Лекеров, А.Медеуов, М.Меңаяқов, Т.Меңаяқов, М.Молдабаев, Қ.Мұстафин, Б.Нұрмақова, З.Нұрмақова, Д.Оңғарбаева, Ғ.Сәрсенбаев, Қ.Сәтбаев, С.Смағұлова, Х.Табин, Қ.Танашевтен т.б. орындаушы-көмекшілерден жазылып алынған.

Томға мәтіндер аталған жинақтағы лирикалық әндер, әсіресе ғашықтық, тұрмыстық, табиғат, заман-дүние туралы шығармалар іріктеліп дайындалды.

5. Песни разных народов.

Жинақ А.В.Затаевичтің туғанына 100 жыл толуына байланысты Мәскеудегі М.И.Глинка атындағы Мемлекеттік орталық музыка мәдениеті мұрағаты бойынша (*ГЦММК*), А.В. Затаевичтің жеке қоры. Ф. 6, инв.1, ед. 1) дайындалып (*Затаевич А.В. Песни разных народов (Из архива собирателя) // Составитель В.П. Дернова. — Алматы: «Жазушы», 1971*) жарық көрді. Оған бұрын жарыққа шыққан екі жинағына енген және белгілі себептермен оларға енбей қалған қордағы материалдары, атап айтқанда, *«Киргизские (казахские) народные песни (мелодии и напевы), собранные и записанные с голосов Александром Затаевичем»* деген қолжазбасы пайдаланылған.

Басылымда мұрағат қорындағы қазақ халқының әндерімен бірге, Қазақстанды мекендейтін орыс, украин, татар, ұйғыр, өзбек, дүңған, көріс т.б. халықтарының музыкалық шығармалары топтастырылған. Жинақты құрастырып, баспаға дайындаған — өнертану докторы В.П.Дернова.

Жинаққа енген мәтіндердің негізгі бөлігін халық әндері құрағанмен, авторлық әндерге де біршама орын берілген. «Қазақ әндері» (*«Казахские записи»*) бөлімінде бұрын басылым көрмеген, жарияланғанның өзінде түрлі өзгерістерге ұшыраған «Алдам жар», «Халилә, сәулем», «Жантілеу», «Ахау, Семей», «Маусымжан», «Ах-ах-ах», «Елім-ай», «Жиырма бес», «Қара торғай», «Қарғам», «Ой, қарғам», «Ақ бөтес», «Еркем», «Жалаң аяқ», «Қарағым, қарындасым», «Сәуке», «Ай-аяу», «Жетім қыз», «Кер заман», «Анама хат», «Қара жорға», «Халилөлім», «Ақілгек», «Айдай-ай», «Уа, еркем-ай», «Дүние-ай», «Кәмшат бөрік», «Қара өлең», «Паң көйлек», «Қалқам, шырақ», «Қаракөз», «Абай көк», «Бес итай», «Үрия-ай», «Қызыл бидай», «Әйел әні», «Жадау көк», «Ох-хой», «Айдай-ау», «Ескі ән», «Би уалай», «Үш дос», «Қарға», «Қос қаракөз»

т.б. 142 әннің түрлі нұсқалары (*автоварианты*) салыстырылып, арнайы түсініктер берілген.

Томға «Ахау, Семей», «Елім-ай» (*1-нұсқа*), «Елім-ай» (*2-нұсқа*), «Жиырма бес», «Кәмілә Кәйкем», «Ой, қарғам», «Қаракөз», «Үш тас», «Ахау, Үрия» сияқты ән мәтіндері іріктеліп алынды.

6. Жиырма бес қазақ әні.

1926 жылы Ленинградта (қазіргі С.-Петербург) шығатын «Музыкальная этнография» журналында (*Орыс географиялық қоғамының Этнографиялық бөлімі жанындағы Халық музыкасын зерттеу комиссиясының басылымы*) зерттеуші Альвин Бимбоэстің «Жиырма бес қазақ әні» атты мақаласы басылды. («Двадцать пять киргизских песни»)

Біз А.Бимбоэстің мақаласымен Қазақстанда басылған З.Визельдің зерттеуі (*З.Визель. Альвин Бимбоэс—собираетель казахской народной песни // «Народная музыка в Казахстане». Составитель В.П. Дернова. —Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1967*) арқылы таныстық. Бұл еңбекте З.Визель А.Бимбоэстің қазақ әндерінің жинаушысы әрі насихаттаушысы ретіндегі қызметін жан-жақты талдап, оған аталған мақаланы қосымша ретінде ұсынған.

А.Бимбоэстің зерттеуінде Ақмола, Көкшетау, Семей өңірлерінде айтылатын «Жиырма бес», «Сырымбет», «Торы», «Любовная песня», «Елім-ай», «Қарға», «Қошан сері», «Ұмсын», «Ләйлім», «Сегіз аяқ», «Сазны», «Көктөбе», «Шәкәрім», «Бұлбұл», «Ақбет», «Жерім-ай», «Еділ бойы», «Терме», «Құлым жар», «Песня из Кокчетавского уезда», «Қызбикеш», «Шәкәрім», «Әліп би», «Көкем-ай», «Мақтамақ», «Ләйлім», «Письмо Татьяны» сияқты 27 әннің қысқаша нотасы жазылған. Ән тақырыптары қазақша, кейде орысша жазылып, халық туындылары мен авторлық шығармалар аралас берілген. Ән әуендері нотаға түсірілген.

Томға «Қарға», «Ұмсын», «Ақбет», «Қыз бикеш» секілді ән мәтіндері осы еңбектің негізінде өзгеріссіз дайындалды.

7. Өлең-әндер.

С.Қашқынов жинастырған әндер кітабына (*Өлең-әндер. Жинастырған: С. Қашқынов. — Алматы: Қазақстан ЛКЖС Орталық комитетінің комсомол баспасы, 1939. —111-б.*) ХХ ғасырдың I жартысында айтылып жүрген 50-ден астам халық әндерінің мәтіндері алғаш рет берілген.

Латын әліпбиінде басылған жинақта әдебиетші Е.Ысмайыловтың «Өлең-әндер туралы» атты қысқаша кіріспе сөзі, «Бүгінгі революциялық өлең-әндер» бөлімінде: Ленин, Сталин, Ворошилов, Конституция, Отан қорғау, қызыл әскер, полк маршы, паровоз, лагерь, жастық өмір, пионер маршы т.б. кеңестік өмір, социалистік салт-сана тақырыбындағы орыс және қазақ ақын, жырауларының сөздеріне жазылған кеңестік композиторлардың шығармалары, «Халықтың өлең-әндері» аталған екінші бөлімінде: Абайдың, Ақан серінің, Балуан Шолақтың, Мариям Жагорқызының, Майраның, Жаяу Мұсаның т.б., барлығы—51 ән мәтіні қамтылған. Қ.Бекхожинның, Е.Өмірзақовтың аты-жөні болмаса, өзге жинаушы орындаушылар туралы мәліметтер көрсетілмеген.

Томға осы жинақтың негізінде «Алтыбасар», «Ырғақты», «Қош, аман бол», «Қарға», «Көкаршын», «Бурыл тай», «Сәулем», «Қызыл бидай», «Жеңеше-ай», «Қара торғай» (*Сырдың «Қара торғайы»*), «Әудем жер», «Наз қоңыр», «Алғак» т.б. ән мәтіндері өзгеріссіз ұсынылды.

8. Батыс Қазақстан облысының қырық халық әні.

Орталық мұрағаттың жеке қорында көк түсті 20 беттік оқушы дәптеріне әнші Ғ.Құрманғалиевтің айтуынан жазылған (*ҚР ОМА, Ғарифолла Құрманғалиевтің жеке қоры: №1700, №1 тізбе, №6 іс, 10 парақ. Сборник 40 народных песен Западно-Казахстанской области / Сборник нот казахских народных песен. Рукопись на казахском языке. Сообщил: Заслуженный артист Казахской ССР Гарифулла Курманғалиев. г.Алма-Ата. 3 октября 1947 г.*) қолжазба жинағы сақталған. Онда әншінің жеке орындауындағы, әсіресе Батыс Қазақстан аймағына тән «Өзен бойы», «Сағындым, ... жер», «Ал, Айнама», «Үміт сазы»,

«Білек», «Жұбай», «Шынар», «Қарға», «Бала жұбату», «Салауат», «Қайран да, халқым, жерім-ай», «Қайлаулай», «Әдемі-ай», «Ромтай», «Уғай», «Қоныспай», «Әлібек», «Аралбай», «Көкжар», «Қожай», «Қоштасу», «Алпамыс», «Қалилау» сынды қырық жыр-термелердің, халық әндерінің нотасы мен мәтіндері жазылған.

Мәтіндер қазіргі қазақ әрпінде көк қалам сиямен жазылып, бәріне тақырып қойылып, жеке-жеке нөмірленген. Алайда жазып алушы, жинаушы-орындаушылар туралы мәліметтер көрсетілмеген.

Томға мәтіндер осы жинақтың негізінде дайындалды.

9. Қазақстанның халық әндері.

Б.Ерзакович жинаған материалдар бойынша дайындалған бұл жинаққа (*Қазақстанның халық әндері // Жинаған және музыкалық редакциясын жүргізген Қазақстанның өнеріне еңбек сіңірген қайраткері Б. Ерзакович. Баспаға дайындаған Қазақ КСР ҒА-ының Өнер зерттеу секторы. — Алматы: Қазақстан мемлекеттік әдебиет баспасы, 1955*) халық әндерімен бірге халық және кеңестік қазақ композиторларының әндері де енген. Қазақ КСР ҒА-ның өнертану секторының атынан жазылған кіріспе сөзден кейінгі «Қазақстанның ескілікті әндері» бөлімінде халық әндерінің, бесік жыры, жар-жар, беташар, жоқтау т.б. фольклорлық жанрлардың, халық композиторларының туындылары, ал «Советтік халық әндері» бөлімінде кеңестік кезеңнің ән үлгілері жинақталған. Ғылыми қосымшаларда «Әндердің алфавиттік көрсеткіші», «Әндер жазылып алынған адамдардың тізімі», мәтіндер мен ән ноталары қамтылып, жинаушы-орындаушылар туралы мол деректер көрсетілген. Жинаққа енген кейбір әндердің түпнұсқасы қазір Қазақстанның Орталық мұрағатында (*ҚР ОМА // Б.Г.Ерзаковичтің жеке қоры: №1699 қор, №1 тізбе, №1-17 істер*) сақтаулы.

Ғалымның жеке қорындағы материалдарды №1-17 істерде жинақталып, онда 1930 жылдардан бастап 1950 жылдардың соңына дейін араб, латын, кирилл әліпбиінде жазылған ән-

өлеңдер мәтіндері мен ән-күй ноталары құрайды. Қордың №11-17 істері «Басылымға дайындалған әндер» деген орысша атаумен №1-6 томдарда жинақталған. Көптеген мәтіндердің соңында Б.Ерзаковичтің қолы қойылып, «Разрешается к исполнению» деген жазулар кездеседі. 1937, 1938, 1939 жылдардың мерзімі көрсетілген төрт бұрышты көк түсті «Репертком КССР» (*Репертуарлық комиссия*) деген мөртабан басылған. Әндердің мөр басылмаған беттеріне жинаушының қолы қойылып, нөмірленген (*нөмірленбеген беттер де кездеседі*).

Қордағы серияға қажетті материалдар негізінен тоғыз істе (*№1, 5, 6, 11, 12, 13, 14, 15, 16*) шоғырланған. Бұндағы ән мәтіндерінің көбі — қайталау, ұқсас үлгілері, бұрын жарияланған мәтіндердің қолжазбалары. Барлығы — 588 ән мәтін. Томды баспаға дайындау барысында «Қазақстанның халық әндері» жинағына енген ән мәтіндері оның мұрағатындағы қолжазба нұсқаларымен салыстырылып, кей өзгерістер қалпына келтірілді.

Томға «Ән салсам», «Қара балық», «Жиырма бес» (1-нұсқа), «Жиырма бес» (2-нұсқа), «Ақ жәмилә», «Алай көк», «Көкаршын», «Қаракөз», «Алтыбасар», «Алқызыл гүл», «Ари-айдай», «Ахау, Үрия-ай», «Ақ серкеш», «Ақ жалмаш», «Геккугай», «Дариға», «Еркетай», «Назқоңыр», «Орамал», «Сым саусақ», «Шырқасын», «Қарға», «Балқурай», «Ай, көке», «Асылзат», «Дүние-ай», «Келіншек», «Майда қоңыр», «Угай», «Хайләйлім», «Қай дөңге», «Қарғалы», «Аугигай», «Халала», «Қыйлаш», «Ғашықтық», «Әудем жер», «Ағажан, Ләтифа», «Гүлдерайым», «Сұржекей», «Маусымжан», «Заулатшы-ай», «Аугигай», «Құбажай», «Құрбылар», «Құрбым-ай» т.б. ән мәтіндері аталған жинақ негізінде дайындалды.

10. Қазақтың лирикалық халық әндері.

Б.Г.Ерзаковичтің екінші жинағына (*Борис Ерзакович. Қазақтың лирикалық халық әндері. Фортепианоға қосылып айту үшін. — Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1955*) «Хорлан» (*Е.Беркімбаевтан*), «Нүркей» (*М.Тырбиевтан*), «Ағашаяқ», «Айнамкөз» (*Ә.Үмбет-*

баевтан), «Баянауыл», «Зәуреш» (Р.Абдуллиннен), «Бір бала» (Е.Әмірзақовтан), «Шапибаяу», Ақжорғажан» (Қ.Леке-ровтен), «Майра» (Ү.Тұрдықұловадан), «Ақбақай», «Япу-рай», «Қараторғай», «Тілеу-қабақ», «Дайдидау» (Т.Ибра-гимовадан), «Кербез сұлу» (Ш.Жақыповтан), «Ғашығым» (С.Әбдрахмановтан), «Юран», «Көгегөк» (Т.Арғынбаевтан), «Қамажай» (Қ.Әбугалиевадан) сияқты 20 лирикалық шығар-ма енген. Жинақта әндердің нотасы мен мәтіндері қатар беріліп, «Редакциядан» деген қысқаша түсініктемеде «Хорлан» (Е.Беркімбаевтікі), «Кербез сұлу» (Ақанның әні), «Ғашы-ғым» (Біржанның әні) әндерінің авторлары көрсетілген. Өзге әндердің авторлығы туралы мәліметтер кездеспейді.

Томға ән мәтіндері аталған жинақтың негізінде дайындал-ды.

11. Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясы.

Б.Ерзаковичтің үшінші, көлемді антологиялық жинағын-да («Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясы // Ан-тология казахских народных любовных песен // Құрастырған—Б.Г.Ерзакович. Жауапты редакторы—өнертану ғылымының кандидаты Қ.Т.Жұзбасов. —Алматы: Ғылым, 1994.—280 бет) зерттеушінің «О стиле мелодии казахских народных любовных песен» атты зерттеуі, негізгі бөлімінде ғалымның 1930-жылдар-дан бастап хатқа түсірген қазақтың ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыбына арналған 206 әнінің нотасы мен олардың мәтіндері, ғылыми қосымшаларда жинаушы-орындаушылар туралы деректер, туындылардың әліпбилік көрсеткіші қамтылған. Антологияның атауы ғашықтық әндерді көрсеткенмен, кейде халық әдебиетінің қоштасу, сыңсу, бесік жыры, жоқтау, толғау, жыр, айтыс т.б. жанрлары, ақындардың, әнші-жыршылардың (Абай, Шашубай, Нартай, т.б.) шығармалары да кірігіп кеткені байқалады. Б.Ерзаковичке әндерді орындап, олардың тарихы-нан мәліметтер бергендердің қатарында С.Әбжанов, Н.Әбілова, Т.Арғынбаев, Б.Артықова, И.Байзақов, Ш.Байқуатов, Н.Би-ханов, Ғ.Дүйсеков, Г.Жәркешева, Ж.Елебеков, Б.Ержанов, Ш.Жақыпов, Т.Ибрагимова, Ж.Қаламбаев, Е.Қаратаев, Ә.Қа-

шаубаев, Р.Қойшыбаева, Ә.Құрманов, Қ.Лекеров, Ж.Омарова, М.Темірғалиев, Е.Өмірзақов, Ғ.-Ж.Хайруллина, Т.Шынтеміров сияқты өнер иелері бар.

Томға «Абайкөк» (1, 2-нұсқалар), «Ақдариға», «Әкулан», «Әгигай», «Құрбым-ай», «Мәдине, бөлем-ай», «Талма бел», «Шіркін-ай», «Айман-ай», «Ақбидай», «Алқоңыр», «Ақтеңге», «Алмас», «Кер құнажын», «Пәни, жалған», «Сырласым», «Сәлем», «Шәмші қамар», «Ақбақай», «Аридай», «Асыл зат», «Ахау, Үрия-ай», «Дайдидау», «Еділ бойы», «Уғай-ай», «Заман-ай», «Қазима», «Қарғам-ау», «Шымыр», «Екі бірдей сұр жорға», «Қара жорға», «Қарай қасым», «Үш қызыл гүл» т.б. өн мәтіндері осы жинақтың негізінде дайындалды.

12. Қазақтың халық әндері.

Бұл жинаққа (*Латиф Хамиди. Қазақтың халық әндері // Казахские народные песни. Фортепианоға қосылып айту үшін // Для голоса с фортепиано. Құрастырған және музыкалық редакциясын қараған Бисенғали Физатов. — Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958*) композитор Л.Хамидидің ел ішінен жинап, оларды капеллаға, хорға, жеке дауысқа арнап өңдеген 35 халық әнінің нотасы және мәтіні кіргізілген. Құрылымы өн ноталары мен мәтіндерінің тақырыптары бойынша топтастырылған негізгі үш бөлімнен және жинақтың құрастырушысы Б.Ғизатов жазған «Соңғы сөз» деген қысқа түсініктерден тұрады. Шығармалар халық әндері деп аталғанмен, олардың кейбірінің авторлары көрсетілгені байқалады. Мысалы, «Майра» (1, 2-түрлері. Сөзі мен әні Майранікі), «Қайран, шешем» ән-күйі (музыкасы Құрманғазынікі), «Сырымбет» (Ақан серінің өлеңі), «Уғай-ай» (сөзі Х.Ерғалиевтікі), «Уғай-ай» (2-нұсқа) («Жамбыл мен Айкүміс» пьесасынан (сөзі Қ.Бекхожиндікі) т.б.

Соңғы сөзде өн мәтіндері 1930-1950 жылдар аралығында К.Байсейітова, Е.Өмірзақов, Л.Мұхитов, Ж.Елебеков, Р.Қойшыбаева, Б.Досымжанов, Ж.Омарова, Р.Есімжанова, Қ.Лекеров, Н.Бөкейханов, М.Әуезов, Т.Жароков, Т.Ибрагимова, Б.Тастыбаев т.б. әнші-күйшілерден, ақын-жазушылардан

алынғандығы, ал кейбір шығармалардың көркемдік деңгейі төмен болғандықтан, Ғ.Қайырбеков (*Ахау, арман*), М.Әлімбаев (*Айкен-ай*), І.Есенберлин (*Ағағи, қалқаш*) т.б. қайта жазылғандығы көрсетілген.

Томға мәтіндер осы жинақтың негізінде іріктеліп дайындалды.

13. Қазақтың халық әндері.

Аталған жинаққа (*Қазақтың халық әндері // Казахские народные песни // Құрастырған Бисенғали Ғизатов. — Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960*) Б.Ерзакович, Б.Байқадамов, А.Саксонский және М.Иванов-Сокольский сынды Қазақстанның белгілі композиторлары нотаға түсіріп, өңдеген, бұрыннан халыққа танымал: «Сұрша қыз», «Наз қоңыр», «Япурай», «Көк көбелек», «Шилі өзен», «Шымыр», «Көк-айдай», «Сандуғаш», «Көкем-ай», «Қараторғай», «Аулың сенің белде еді», «Біржан сал», «Қызыл қайнар», «Қарағым-ай», «Шолпан», «Жеңеше-ай», «Үридай», «Әпитөк», «Қарағым-ай», «Ақ түйғын», «Бір бидай арпа», «Көкек», «Ей, қалқа», «Бір бала» т.б. 33 халық әні кіргізілген. Аталған шығармалардың нотасы мен мәтіні жеке-жеке беріліп, олардың арасында Жаяу Мұса («Ақ суса»), Біржан («Ләйлім шырақ», «Көкек»), Майра («Майра») және Кенен Әзірбаев («Қызыл қайнар») сияқты халық композиторларының шығармалары да орын алған.

Томға мәтіндер осы жинақтың негізінде іріктеліп ұсынылды.

14. Орынбор экспедициясының материалдары.

Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты музыка бөлімінің 1963 жылы маусым-тамыз айларында Ресейдің Орынбор облысына арнайы ұйымдастырған ғылыми экспедициясы барысында жиналған ұнтаспа, қолжазба материалдар (*ӘӨИ: № 262-бума, № № 1-10 дәптер. «1963 жылғы Орынбор экспедициясының материалдары». Жинаған—*

Т.Бекхожина) институттың сирек қорында сақталған. Олардың арасында халық әндері, музыкалық фольклор үлгілері, Ұлы Отан соғысы жылдары туындаған шығармалардың нотаға түсірілген әуендері мен мәтіндері кездеседі. Атап айтқанда, №2, 5, 6 дәптерде Х.Қазиева, М.Алманованың айтуынан («17 казахских народных песен Оренбургской области»): «Қанжан-ай», «Арман-ай», «Ойдай, балым», «Арыз өлең», «Сыңсу», «Жоқтау», «Елім-ай», «Бала уату», «Ахау, мүрлен, тоғыз түрлен», «Ақ теңге», «Әлди-әлди», «Жоқтау», «Ахау мүрлен», «Алшаңгер», «Ақ теңге», «Бинау-ай», «Алтын құлаш» секілді ән мәтіндері мен олардың нотаға түсірілген әуендері жинақталған. Бұл материалдар алдымен магнитофонға жазылып, кейін ұнтаспа негізінде қағазға көшірілген.

Алынған мәтіндер қолжазбалар негізінде іріктеліп ұсынылды.

15. Қостанай-Орынбор экспедициясының материалдары.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты музыка бөлімі қызметкерлерінің 1965 жылы қазанда Қостанай-Орынбор аймағына жасаған ғылыми экспедициясының барысында жиналған ұнтаспа, қолжазба материалдар (ӘӨИ, №625 бума, №1-14 дәптер. 1965 жылғы Қостанай-Орынбор экспедициясының материалдары. Жинаған—Т.Бекхожина) институттың сирек қорында сақталған. Бұл материалдар экспедиция барысында ұнтаспаға жазылып, кейін қағазға көшірілген. Осы ретте жиналған халық мұрасының көпшілігі зерттеуші Т.Бекхожина құрастырған «Қазақтың 200 әні» жинағына (Алматы: Қазақ КСР-ының «Ғылым» баспасы, 1972) енген. Олардың ішінде Әбіш Ахметжанов пен Ахмет Күйікұлынан жазылған: «Қыздың әні», «Қазақтың әні», «Сақина», «Шаншулаған жігіттің өлеңі» (№2 дәптер); Тұңғышбай Кенжебаев, Ханшайым Сейілханова, Ағибаш Мыңбаева сияқты орындаушылардан алынған: «Қалия», «Гүл-гүл жайнап, күлсең ойнап», «Қоңыр», «Ой, сәулем», «Көкшетау», «Ақжелең ән», «Жылқышы әні», «Бинау-ай» (№3 дәптер); Ормаш

Есмұхамедов пен Байғаныс (Байқоныс) Мұхаметжановтан түсірілген: «Қызыл гүл», «Сәлима салған сәулем-ай», «Кідік-ай», «Барабан», «Ақ тотым», «Жиырма бес», «Қара торғай», «Көтерме», «Жайлау», «Халық әні», «Ақ қайың» (*№5 дәптер*) т.б. әндер ұшырасады.

Томға мәтіндер аталған қолжазба мен ұнтаспалардың негізінде іріктеліп дайындалды.

16. Шығыс Қазақстан экспедициясының материалдары.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің 1971 жылы Шығыс Қазақстан аймағына (*бұрынғы Семей, Өскемен облыстары*) жасаған ғылыми экспедициясының ұнтаспа, қолжазба материалдары (*ӘӨИ, №849 бума, №1-11 тізім (дәптер). Шығыс Қазақстан экспедициясы материалдары. Жинаған — Т. Бекхожина*) институттың сирек қорында сақталған. Олардың арасында фольклорлық мұралар мен авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінен бөлек ән-өлеңдер де көптеп кездеседі. Мәтіндер оқушы дәптеріне, кеңсе қағаздарына қолмен, кейде машинкада терілген. Мысалы, №10 тізімдегі «Қазалыда бір қыз жүр», «Таңжарбайдың әні» (*Қарақалпақстан қазақтарынан*), «Халық әні» (*Семей қаласынан*), «Дариқа», «Ақмарал сұлу, еркем-ай», «Жайқалды гүл жапырағы», «Бинау-ай», «Алтай-Сауыр — көк жайсаң», «Үкілім-ай» секілді ән мәтіндері бұрын-соңғы жинақтарда кездесе бермейді. Өкінішке орай, олардың кімнен, қайда, қашан жазып алынғаны туралы мәліметтер көрсетілмеген.

Томға ән мәтіндері аталған ұнтаспалар мен қолжазба бойынша дайындалды.

17. Маңғыстау экспедициясының материалдары.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің Маңғыстау өңіріне жасаған ғылыми экспедициясы барысында жиналған қолжазба материалдар (*ӘӨИ, 897-бума, 1-кітап. 1-77-бб. Әдеби, музыкалық мұраларды жинау жөніндегі «Маңғыстау экспедициясының материалдары. 1987 жыл, қыркүйек-қазан. Экспедиция жетекшісі—*

фил. ғыл. кандидаты Қ.Сыдиықұлы. Жинап, тапсырған: Қ.Сыдиықұлы, Ш.Керімов) институттың сирек қорында сақталған. Жиналған материалдардың дені фольклорлық мұралар болғанымен, аракідік ән мәтіндері де хатқа түсірілген. Олар экспедиция барысында ұнтаспаға жазылып, кейін қағазға түсірілген және жеткізуші-орындаушылар туралы мәліметтер көрсетілген.

Томға «Сусар-ай», «Жамал-ай», «Қаракөз», «Әлеужан», «Қара қаншық» сияқты ән-өлеңдері сол ұнтаспалар мен қолжазбаның негізінде дайындалды.

18. «Қазақстанның батыс аймағының ән мәдениеті» зерттеуінің қосымшасы.

Бұл зерттеудің ғылыми қосымшасында (*Турмағамбетова Б.Ж. Қазақстанның Батыс аймағының ән мәдениеті. — Алматы: «Тау-Самал», 2009. — 320 б. — Қосымшалар: А.; Ә.; Б. 174-316-бб.*) Қазақстанның батыс өлкесінде (*Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары қамтылған*) айтылатын халықтық әндер мен халық композиторлары шығармаларының үлгілері (*ноталары мен мәтіндері*) берілген.

Олар, негізінен, сол аймақта ертеден орындалып, XX ғасырда басылым көрген музыкалық жинақтарда жарияланып келгенмен, жалпы тыңдарманға кеңінен танымал емес. Олардың арасында жыр, терме, толғау, беташар, тойбастар, хат өлең, сыңсу, жоқтау, қара өлең, ән-өлең сияқты фольклорлық үлгілермен қатар, кейінгі композиторлардың төл шығармалары да бар.

Томға аталған зерттеудің қосымшасында берілген: «Асыл айна», «Сусар-ай», «Теке қала», «Жылыойдың мөтөк әні», «Жылыойдың қоңыр әні», «Мөтөк ән» (*1, 2-нұсқалар*), «Ақкербез», «Ақжамал», «Бозбала», «Қара өлең», «Ақерке», «Гүлжансары», «Жантелім», «Шымыр» сынды ән мәтіндері ұсынылды.

Серияның 99-томына енген барлық ән-өлеңдердің атауы мына нөмірлік кесте бойынша көрсетілді:

1. Қазақ халқының 1000 әні: 1, 35, 143, 180, 255, 279.

2. Қазақ халқының 1000 әні: 25, 91, 154, 156, 164, 181, 204, 247, 276, 280, 298, 411, 425, 492, 495.

3. Қазақтың 500 әні мен күйі: 66, 68, 72, 133, 137, 196, 222, 327, 423, 443, 445, 503, 520, 556.

4. Қазақтың 500 әні мен күйі: 8, 11, 12, 15, 17, 18, 22, 28, 32, 34, 36, 43, 48, 50, 55, 57, 60, 62, 63, 73, 79, 90, 93, 103, 105, 106, 109, 110, 111, 114, 117, 118, 120, 122, 123, 126, 127, 129, 131, 138, 141, 144, 145, 151, 152, 159, 163, 166, 169, 173, 179, 183, 187, 189, 191, 192, 194, 197, 198, 203, 214, 217, 218, 219, 220, 221, 226, 227, 229, 230, 234, 238, 241, 242, 243, 246, 250, 252, 253, 254, 261, 263, 269, 272, 273, 278, 282, 283, 284, 286, 288, 290, 291, 299, 301, 304, 306, 307, 310, 320, 332, 333, 337, 339, 341, 345, 352, 353, 354, 359, 362, 363, 364, 365, 367, 368, 369, 372, 373, 375, 376, 377, 379, 380, 381, 384, 385, 388, 389, 391, 392, 395, 396, 397, 398, 400, 401, 402, 403, 404, 407, 409, 414, 415, 417, 418, 419, 420, 421, 424, 426, 429, 434, 436, 440, 441, 442, 444, 446, 448, 455, 461, 465, 466, 474, 475, 476, 478, 481, 482, 485, 486, 493, 496, 499, 501, 504, 507, 509, 511, 512, 513, 515, 517, 525, 527, 528, 535, 536, 538, 541, 542, 543, 546.

5. Песни разных народов: 96, 100, 207, 208, 256, 346, 450, 522.

6. Жиырма бес қазақ әні: 399.

7. Өлең-әндер: 139, 168, 204, 276, 294, 356, 383, 438, 470, 487, 554.

8. Батыс Қазақстанның қырық халық әні: 20, 24, 142, 240, 260, 262, 321, 462, 544.

9. Қазақстанның халық әндері: 10, 16, 27, 42, 59, 61, 74, 81, 83, 84, 97, 98, 101, 124, 135, 167, 171, 174, 182, 184, 188, 199, 212, 245, 257, 258, 275, 277, 319, 330, 347, 358, 382, 386, 390, 393, 410, 412, 422, 427, 454, 487, 491, 524, 526, 552.

10. Қазақтың лирикалық халық әндері: 160, 287.

11. Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясы: 2, 3, 9, 13, 19, 21, 30, 33, 38, 39, 41, 45, 46, 52, 54, 59, 67, 69, 71, 75, 76, 77, 82, 86, 87, 88, 95, 102, 104, 107, 108, 112, 113, 115, 116, 121, 128, 130, 132, 134, 140, 148, 153, 155, 157, 158, 161, 165, 170, 175, 177, 185, 186, 193, 195, 200, 202, 205, 209, 210, 211, 213, 215, 216, 228, 231, 232, 233, 235, 237, 239, 244, 248, 249, 251, 270, 271, 274, 281, 285, 289, 292, 297, 303, 305, 308, 309, 311, 312, 313, 314, 318, 322, 323, 324, 325, 326, 329, 331, 334, 335, 348, 342, 348, 349, 350, 355, 357, 360, 361, 366, 370, 371, 378, 387, 394, 406, 413, 432, 433, 435, 437, 439, 447, 449, 453, 456, 457, 458, 459, 460, 463, 467, 468, 477, 479, 480, 489, 490, 494, 497, 498, 502, 505, 506, 510, 514, 518, 519, 521, 523, 533, 534, 539, 540, 547, 549, 550, 551, 553, 557, 558.

12. Қазақтың халық әндері: 4, 14, 23, 31, 37, 89, 92, 206, 223, 416, 428, 471, 472, 488, 508.

13. Қазақтың халық әндері: 85, 99, 125, 162, 178, 201, 293, 295, 296, 343, 344, 473, 545.

14. Орынбор экспедициясының материалдары: 51, 65, 70, 78, 94, 146, 150, 328, 452.

15. Қостанай-Орынбор экспедициясының материалдары: 26, 29, 53, 136, 147, 172, 225, 259, 264, 300, 302, 315, 316, 374, 405, 408, 451, 464, 469, 529, 537.

16. Шығыс Қазақстан экспедициясының материалдары: 5, 6, 7, 49, 64, 190, 224, 317, 516, 530, 531.

17. Маңғыстау экспедициясының материалдары: 58, 119, 236, 336, 351, 483, 532.

18. «Қазақстанның батыс аймағының ән мәдениеті» зерттеуінің қосымшасы: 40, 44, 47, 80, 149, 176, 265, 266, 267, 268, 340, 430, 431, 500, 548, 555.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ, ДІНИ ЕСІМДЕР ЖӘНЕ РУ АТАУЛАРЫ

Алла (Аллаһ)—бүкіл ғарыш әлемін, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»¹.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.ә.с.)² — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен 23 жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі

¹ Құран Кәрім. 112- «Ихлас» сүресі.

² с.ә.с. — салла Аллаһу әләйһи уа-с-салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі — «Аллаһу акбар» деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилләһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тасбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адай — Кіші жүздің он екі ата Байұлының басты рулардың бірі. Қыдырғожа әулетінен тарайтын Байұлыда: Есентемір, Адай, Беріш — үш ру бөлек аталып, өзінше бір топ құрайды. Адай руы Байұлы ішінде халқының саны жағынан да алдыңғы орындардың бірін алады. XIX ғасырдың орта шеніндегі есеп бойынша, Адайлар қырық мың түтін болған. Олар негізінен үлкен екі атадан — Құдайке мен Келімбердіден тарайды.

Айдабол — Орта жүз Арғын тайпасынан тарайтын ру.

Атығай — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі Арғын тайпасынан таратылады. Он екі Дәуіт ата Атығай, Атығай-Қарауыл деп те аталады. «Ақтабан Шұбырындыда» Сыр бойынан ығысып, Көкшетау, Қызылжар, Омбы өңіріне келіп орын тепкен.

Әмір Темір (*Темір бин-Тарағай Барлас, Ақсақ Темір, Темірлан*) (1336-1405 жж.) — Орталық Азиядағы ортағасырлық ұлы билеуші, қолбасшы. Әмір Темір (*Тимурид, Темір билігі*) империясының негізін қалаушы, түркілердің Барлас руынан шыққан тарихи тұлға. Ол Кеш (*қазіргі Шахрисабыз қаласы*) қаласында туған. Ол өзінің қайратымен, ақылымен бектер бегі дәрежесіне жеткен соң Шағатай ұлысы — Моғолстанның билеушілеріне қарсы көтеріліс бастап, Орта Азия түркілерінің тәуелсіз мемлекетін құрды. Ата-тегі бойынша моңғол Шыңғысхан ұрпағы болмағандықтан, өзінің лауазымы «хан» деп аталмай, «әмір» деп аталған. Ол Шыңғыс ұрпағы

Тоқтамыс ханмен ұзақ жылдар бойы соғыс жүргізіп, Алтын Орданың құлауына ықпал етіп, оның мемлекеттік жүйесі мен мәдениетін қиратушы ретінде тарихта қалды. Ол Орта Азия аймағында ортағасырлық араб-парсы және түркі мәдениеті мен ғылымының дамуын қолдап, өркендеуіне жағдай жасады. Әмір Темір Қазақстандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесін салдырды.

Жанқозы — Орта жүз найман тайпасынан тарайтын ру.

Кердері — Кіші жүздің Жетіру тайпасының құрамына кіретін ру. Кердерінің шығу тегі тарихи әдебиетте Хорезмнің солтүстігінде Кердері деген өз мемлекеті болған ғұн-кидариттардың тағдырымен байланысты қаралады. Кердері мемлекет кезінде күшті болған. Соның атымен 10-ғасырда Арал теңізі Кердері теңізі деп те аталған. Осы мемлекеттердің ескерткіштерінің бірі — Жанкент қаласы. Оның қалдықтары қазіргі Қазалы стансасының төңірегінде. Қазақтар мен қарақалпақтардың халық болып құрылу барысында Кердерілердің бір бөлігі қарақалпақтардың Мүйтен тайпасының құрамына, ал екінші бөлігі Кіші жүз қазақтарының құрамына енген. «Ақтабан шұбырынды-алқакөл сұлама» кезінде Кердерілер Арал бойынан Қобданың жоғарғы жағына, Електің сол жағы мен Орал қаласы маңына үдере көшуге мәжбүр болған. Кердері Құлтай, Жабағы, Смайыл, Бердімбет, Жанбас т.б. аталарға бөлінеді. Кердерінің ұраны — Қожақмет.

Қанжығалы — Орта жүз арғын тайпасынан тарайтын ру.

Қаржас — Орта жүз арғын тайпасынан тарайтын ру.

Момын — Орта Жүз арғын тайпасы құрамындағы рулар бірлестігі. Момын ұрпақтары атығай, қарауыл, қанжығалы, бәсентиін, тобықты, саржігіт, шақшақ, бұлар «жеті Момын» деп те аталады. Момын рулары Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан аймақтарын мекендеген. Таңбасы көз — (оо), ұраны — Ақжол.

Найман—қазақ халқын құрған ежелгі түркі түркі тайпаларының бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген мағынаны білдіреді. Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілдес болды. Олар XIII ғасырдан бастап «Сегіз оғыз», кейінірек «Цзубу» одағын құрды. XII ғасырдың 2-жартысында күшті мемлекет болғандығын тарихшылар жоққа шығармайды. Найман батысында қаңлы, қыпшақ; шығысында керей, меркіт; теріскейінде қырғыз; оңтүстігінде ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоныстас болған. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Найман хандығы құлап, ыдырағаннан кейін өздерінің байырғы ата қонысына таяу Ертіс, Алтай алабына қоныс аударып, Үгедей ханның ұлысына қарады. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша, Найман ұлысы Орта жүзге кіреді. Найманнан: Терістаңбалы (кейде — елата), Сарыжомарт (Ергенекті найман), Төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды.

Ноғай — Алтын Орда мемлекетінен бөлшектенген кіші хандықтардың бірінің және қазіргі түркі тілес ноғай халқының тарихи мемлекетінің атауы. XV-XVII ғасырларда Ноғай, Ноғайлы, Ноғай Ордасы деген атаулармен белгілі.

Сүйіндік — Арғынның Мейрам деген баласынан тарайды. Сүйіндік өз ішінде: Қаржас, Орманшы, Құлболды, Жанболды, Мәжік секілді аталарға бөлінеді.

СӨЗДІК

Адекалон (одеколон) /о./ — иіс су, өтір

Ақсары — бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс

Алаша — асыл тұқымды түйе мен жабы түйе арасынан шыққан будан

Атлас — бір беті жалтыр, сусымалы жібек мата

Әудем жер — жай көзге көрінетін жер, жақын арақашықтық

Әуілдек — су, өзен бойындағы қамысты жерлерді мекендейтін құс

Бағидат /а/ — мәңгілік

Балақбау — аңшылық құстарының аяқтарын байлайтын қайыс бау

Батпан — төрттен бастап он алты пұтқа дейін тартылатын салмақ өлшемі

Бәлдену (бәлсіну) — қыңыраю, қиястану, тұмсығын көкке көтеру, кекірею

Бәт құндыз /к.с./ — жоғары сапалы, қымбат бағалы құндыз терісі

Бөз — матадан тоқылатын, жұқа арзанқолды ақ мата

Бұла /к.с./ — ақ көбігін ағызу, қатты терлету

Ғазиз (әзіз) — құрметті, мәртебелі деген мағынада

Ғизатлу /а/ — ерлік, батырлық

Дуан /к.с./ — жер аумағының атауы, бұрынғыша бір аудан (қисым, уез) көлемдегі аумақ және оның орталығы

Дұхтар-бану /п/ — қыз-келіншек

Дүрия көйлек — жалтырауық жібек матадан тігілген көйлек

Жағалтай — лашын тектес кішкене жағал құс

Жадағай — жалаң, құрғақ, дәйесіз, жұтаң

Жайшы /к.с./ — Құдайға жалбарынып, дұға оқу арқылы ауа райын өзгертетін, жауын, қар жаудырып, найзағай ойната алатын сиқырлы күші бар адам

Жамбы /арх.) — әр түрлі пішінде (тай, тайынша, қой тұяғындай) құйылған, салмағы әрқалай ақша орнына жүретін таза, сом күміс

Жанат ішік — қымбат бағалы аңның терісінен тігілген, жұмсақ жүнді сыртқа киім

Жаппар /а/ — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жасаған — Құдай, Алла, жаратушы

Жұдалық — ештеңесіз, құр алақан, жұрдай

Зыннат /п/ — қымбат бағалы, асыл

Кәмшат — терісі бағалы аң және оның терісінен жасалған киімнің түрі

Кәмар белбеу (*Кемер*) — жағалы киімдердің сыртынан буынатын, өрнек-нақышпен бедерленген жалпақ былғары белбеу

Кәрлен — кесенің түрі, әдемі ою-өрнек салынған сырлы ыдыс

Кердері — үлек пен маяның шағылысуынан туған жүнсіз, жіңішке денелі түйенің ұрғашысы; біртума мая мен үлектің екінші ұрпағы, жөнмая мен үлектің үшінші ұрпағы.

Кеней — асық ойынында ұпайға тігілетін кішігірім асық

Күлше — нанның түрі, шоқтың қоламтасына көміп пісірілген нан

Қарасор — құрғақ, сортаң, құнарсыз жер

Қауыс /к.с./ — күздің ең соңғы айы; қараша айына сәйкес келеді

Қиуа — қазақ елінің оңтүстігіндегі көршілес мемлекет, мәтін бойынша алыс жер, қиян, шалғай аймақ.

Қияқтау — құлақтап жапырақ шығара бастау

Қона — құрақ өсетін жер

Құлжа — арқардың еркегі, қошқары

Қызғыш — желкесінде қара қауырсынды айдары бар, кішкентай қоңыр ала құс.

Кәріс — жұқалау тоқылған жібек мата

Қылаң — табиғаттың, бояудың түсі, бозғылт түсі басым, ақшыл түсі айтады.

Қынау — киімнің белін қынама етіп тігу

Лағыл — қызыл түсті асыл тас; рубин; қызыл жақұт

Манат — сырт киімдік қымбат мата

Мизам — тамыз айының ескіше аты

Мия — дәні ащы, ақшыл-қызыл түсті өсімдік

Нәл (нал) /п./ — таға, аяқ киімнің табанына тігілетін, малдың табанына орнатылатын зат.

Намаздыгер — күннің еңкейіп, батуға таяған кезі

Намазшам — кешкі намаз оқылатын кез, ақшам намазының уақыты

Оба — тастан, топырақтан үйіліп жасалатын көлемі мен биіктігі әр түрлі төбе, биік жер, қорым.

Өмілдірік — аттың омырауына салынып, ерді артқа сырғытпай тұратын ат жабдығы.

Өңір — киімнің екі алдыңғы бойы деген мағынада

Порым /о/ — орыс тіліндегі «форма» деген сөздің қазақ тілі заңдылығымен енген түрі, пішін, келбет.

Пүшпақ — малдың, аңның сирақ терісі

Рауан — таң ата бастаған кездегі алғашқы жарық сәуле, нұр

Сиез (*сьезд*) /о/ — құрылтай жиналыс, белгілі бір өзекті мәселеге байланысты шақырылатын жиын.

Сұқсыр — сары түсті кішкене үйрек

Сыргалық — құлақ қалқанының сырға тағылатын төменгі ұшы, қаумет

Такбир /а/ — айла, амал-тәсіл

Тепсең — мал жайылатын ойлы-қырлы, текше-текше немесе жазық алап, аумағы әр түрлі жер.

Тұйғын — қаз, үйрек т.б. аулап қоректенетін лашын тұқым-дас жыртқыш құс.

Түни — сұлу, сымбатты, көрікті

Үммет — мұсылман дінін мойындайтын, соған берілген адам немесе қауым.

Үшдап /ж.с./ — екі түсті жуантық жіппен тығыз тоқылған бедерлі жібек матаның бір түрі.

Хорлығайым, Хорлы-Ғайын (*Қорлығайым, Қорлығайын,*) — түбі шығыс елдерінен енген, бұрынғы қисса-дастандарда айтылатын сұлу қыздардың есімі.

Шағи — жұқа, жұмсақ, таза тінді жібек мата

Шалғайлану — шалғайына жармасу, иектеп алу

Шамси-қамар /а/ — күн мен ай

Шәмсия /а/ — күн

Шаңырқау — шаңдату, шаң шығару

Шарқат — әйелдердің басына тартатын тоқыма киімі, түбіт шәлі орамал.

Шәй орамал — әйелдердің бас киімінің түрі, өте жұқа жібек орамал

Шілік — сулы жерде өсетін жіңішке, солқылдақ бұта.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақкөл — жер атауы, орындаушының немесе ән-өлең кейіпкері қонысының атауы болуы мүмкін. Осы аттас жер-су атаулары Қазақстанның әр жерінде ұшырасады.

Аққұм — жер атауы, орындаушының немесе ән-өлең кейіпкері қонысының атауы болуы мүмкін. Осы аттас жер-су атаулары Қазақстанның әр жерінде ұшырасады.

Ақмола — жер атауы, орындаушының немесе ән-өлең кейіпкері қонысының атауы болуы мүмкін. Осындай жер-су атаулары Қазақстанның әр жерінде ұшырасады. XIX-XX ғасырлар басында Қазақстанның солтүстігінде Есіл өзені бойында орналасқан ірі елді мекеннің бірі Ақмола аталған. Ол қазіргі Қазақстанның орталығы — Астананың ескі атауы.

Алатау — тау атауы. Қазақстан, Қырғызстан, Қытай мемлекеттерінің аумағында орналасқан ірі тау жоталарының жалпы атауы. Олар: Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы т.б. бөлінеді.

Алтай — Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік

шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады.

Арал — сумен қоршалған құрлықтың бір бөлігі. Осы аттас Қызылорда облысында қала және аудан орталығы бар.

Арқа — Қазақстандағы аса ірі географиялық нысан. Бұл Сарыарқа деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақстанды білдіреді. Шындығында, Арқа — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстанды қамтитын үлкен аймақ. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Таварих-и Хамса-йи шархи» атты еңбегінде көп деректер бар. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа-Дешті-Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

Арқалық қаласы — Орталық Қазақстандағы қала. Ол бұрындық Торғай облысының орталығы болған. Қазіргі кезде ол Қостанай облысы Арқалық ауданының орталығы. Қаланың негізі 1956 жылы салынды, қала статусына 1965 жылы ие болды.

Ащыкөл — көл атауы, ән-өлеңді айтушының немесе ән-өлең кейіпкері қонысының атауы болуы керек. Осы аттас жер-су атаулары Қазақстанның әр жерінде ұшырасады.

Бағдат — қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағын бойлай Дияла өзенінің сағасына жақын салынған. Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халиф Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары оқып, білім алған. Ертедегі Шығыс елдерінің шығармалары арқылы қазақтар арасына жайылған Бағдат қаласы туралы мәлімет көптеген халық әдебиеті шығармаларында орын алған.

Баянауыл — Қазақстанның солтүстігіндегі тау жотасы, аудан орталығы және аудан аты. Жергілікті тілде «Баянаула» деп, ал оның шығыс биік жотасы «Жаманаула» деп аталған. Атаудың мағынасы «тау қыры көп, таулы жер» дегенді білдіреді.

Бұқар — Орталық Азиядағы бұрынғы мемлекеттің, қазіргі Өзбекстандағы облыстың атауы, орталығы — Бұқара қаласы. Шаһар XVIII-XIX ғасырларда өркендеп, исламның ықпалды тірегіне әрі діни-ғылыми орталықтарының біріне айнала бастады. Бірқатар мұсылман халықтары, оның ішінде қазақтар да оны «Бұқара-и Шәриф», яғни «қасиетті қала» деп санайды.

Гурьев — Атырау қаласының бұрынғы атауы.

Доссор — Атырау облысының Мақат ауданындағы кент.

Еділ — Еуропадағы ең үлкен өзен (*ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил*) Бастауын Валдай қыратынан (*абсолюттік биіктігі 343 м*) алып, Каспий теңізіне құяды. Еділге екі жүзден астам салалар құяды. Орта ағысында Ока, Кама, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады.

Едігей — Едіге атының өзгертілген түрі.

Ереймен — Сарыарқаның солтүстігіндегі таулы алқап. Ақмола және Қарағанды облыстары аумағында орналасқан.

Ертіс — Солтүстік Мұзды мұхит алабында жатқан өзен, Об өзенінің сол жақ саласы.

Жайық — өзен. Орал, Башқұртстан, Челябинск, Орынбор аумағымен ағып өтеді. Оңтүстік Оралдан басталып, Атырау қаласы тұсынан Каспий теңізіне құяды.

Жем — Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе және Атырау облыстары аумағымен ағып өтеді.

Жетіарал — жер атауы, ән-өлеңді айтушының немесе ән-өлең кейіпкері қонысының атауы болуы керек. Осы аттас жерсу атаулары Қазақстанның әр жерінде ұшырасады. Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы.

Жетісу — Қазақстанның ең ірі өлкелердің бірі. Жетісу туралы ғалымдар пікірі әр түрлі, кейбір деректерде Жетісу құрамына Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендері жатқызылса, танымал зерттеуші Ә. Тұрлыбаев Бүйен, Басқан, Сарқант өзендерінің орнына Аякөзді, Талас пен Шуды кіргізеді. Жетісудың аумағында 1867 жылы Семиреченская облысы құрылып, ол 1922 жылы — Жетісу облысы, 1924 жылы — Жетісу губерниясы аталып, ал 1932 жылдан бері қазірге дейін «Алматы облысы» деген атаумен бөлініп шықты.

Жылыой — Атырау облысына қарасты аудан.

Көкшетау — жақпартасты, орманды-көлді таулар жүйесі. Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан.

Қаратау — тау атауы. Жаз айларында қар жамылғысы болмағандықтан осылай аталады. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Кавказ, Қырым т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқара) жотасында бар.

Қарғалы — Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл. Қазақстан аумағында Қарғалы деген өзен, жайлау, қыстау атаулары да кездеседі.

Қарқаралы — Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының әкімшілік орталығы.

Қараой — Іле өзенінің сол жағалауындағы, Күрті және Қаскелең өзені аралығындағы үстіртті тау.

Қияқтау — жер атауы, ән-өлеңді айтушының немесе кейіпкер қонысының атауы болуы мүмкін.

Қызылжар — жер атауы, ән-өлеңді айтушының немесе кейіпкер қонысының атауы болуы мүмкін. Осы аттас жер-су атаулары Қазақстанның әр жерінде ұшырасады.

Марқакөл — Шығыс Қазақстан облысындағы көл. Халық аузындағы бір аңызда көл орнындағы бір аңғарға қап-қара марқа қозы түсіп кетіп, соны шығарып алғаннан кейін орнында аяқ астынан үлкен көл пайда болыпты деседі. Сондай-ақ көл атының осылай аталуын жалайыр тайпасының марқа руымен байланыстыру да бар. Тарихи деректерде XIII-XV ғасырларда Алтай тауының Күршім ауданында жалайырлардың тұруы бұған дәлел. Ғылыми этимология бойынша Алтай тауында қар суынан жиналатын көптеген көлдердің «үлкені, марқасы» деген мағына береді. Марқакөл — «үлкен көл» деген атау.

Обаган — Тобыл алабындағы өзен. Көктал көлінен басталып, Ресей Федерациясы аумағында Тобылға құяды. Ірі саласы — Құндызды. Аңғарында Құсмұрын, Талды, Алакөл, Теңіз, Қарақамыс т.б. көлдер бар. Қостанай облысының Әуликөл, Қарасу, Алтынсарин, Ұзынкөл аудандарының жерімен ағады.

Ойыл — Жайық алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жерімен ағады.

Омбы (Омск) — Батыс Сібір өлкесіндегі өзен мен оның Ертіске құйылатын тұсында орналасқан қаланың атауы. Ресейдің Омбы облысының орталығы. Омбы облысы Қазақстан

солтүстігінің көп жерімен шектеседі. Омбы қаласы мен өзенін қазақтар ертеден қоныстанған.

Орал — қала, өзен атауы. Қазіргі Батыс Қазақстан облысының орталығы. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр тұсында орналасқан.

Орынбор — Ресей Федерациясындағы қала, облыс орталығы. 1735 жылы іргесі бекініс ретінде қаланып, аты Ор өзенінің атына байланысты қойылған.

Ресей — қазіргі Россия Федерациясы. Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан, жер аумағы жағынан дүние жүзіндегі үлкен мемлекет. Ресей мен Қазақстан арасындағы шекара — әлемдегі ең ұзын мемлекеттік шекара болып табылады.

Сағыз — Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау облыстары жерімен ағады.

Семипалатинский (Семей) — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы — Доржынкент.

Сыр — Орта Азиядағы ірі өзеннің атауы. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

Теке — қазіргі Орал қаласының ескі атауы. Қазақстандағы ірі мәдени-экономикалық орталықтардың бірі. Орал қаласының жергілікті қазақтар арасында ерте заманнан қазірге дейін «Теке» аталуының себебі — Алтын Орда хандары жанында уағыз тарататын Алшын Хасан софы (Асан қайғы болуы да мүмкін) Әбдірахман, Әбдіразақ шайқылардың ұйымдық сипат белгісі — тәкие немесе мүридтер және ел кезген дәруіштер аял-

дайтын кәделі орын (*резиденция*), яғни тәкие үйлерінің болуына байланысты.

Тәшкен (тас қала) /т.п./ — қала атауы. Қазіргі Ташкент қаласының қазақша қарапайым сөйлеу түрі. Орта Азиядағы көне тарихи қала. Қазіргі Өзбекстан Республикасының астанасы. Қазақ халқы ерте кезден Ташкент өңірін, қаласын мекендеген, оны өзінің тарихи әдебиеттерінде, халық әдебиетінде бейнелеген.

Тұзтөбе — жер атауы, ән-өлеңді айтушының немесе кейіпкер қонысының атауы болуы мүмкін. Осы аттас жер-су атаулары Қазақстанның әр жерінде ұшырасады.

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРДІ ЖИНАУШЫЛАР МЕН ЖАРИЯЛАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ахметова Мәриям Мұқатайқызы (1921) — белгілі мәдениет қайраткері, музыка зерттеушісі. Өнертану ғылымдарының кандидаты. Қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданы, Көкбастау ауылында дүниеге келген. 1951 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын, Мәскеу мемлекеттік консерваториясының аспирантурасын аяқтаған. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарған жылдары қазақтың халық музыкасындағы дәстүр және жаңашылдық, Қазақстан композиторларының ән және хор шығармашылығы мәселелерін зерттеумен айналысты. Оның қаламынан «Қазақстан композиторларының әндері мен романстары» (1964), «Песня и современность» (1968), «Казахские народные песни о Ленине» (1969), «Қазақ әндері» (1970), «Казахская советская музыка» (1975. А.Қ.Жұбанов, Б.Г.Ерзаковичпен бірге), «Традиции казахской культуры» (1983), «Ән өнері және уақыт» (1993) сияқты ғылыми-зерттеу еңбектер туындады. «Қазақстанның советтік халық әндері» (1959. Ноталар мен текстер), А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинағын (1963; 2-басылымы) т.б. ғылыми басылымдарды құрастыруға араласып, «Қазақ совет музыкасы» атты іргелі зерттеу (А.Жұбанов, Б.Ерзаковичпен бірге) еңбегі үшін Қазақ КСР-і ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды.

Бекхожина Талиға (1919-1995) — белгілі музыка зерттеушісі, халық мұраларын жинаушы, әнші. Алматы мемлекет-

тік консерваториясын (қазіргі Құрманғазы атындағы Ұлттық консерватория) бітірген соң Қазақ филармониясында әнші (1941-1958), Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде ғылыми қызметкер (1962-1980) болып жұмыс істеген. Зерттеулерінің негізгі бағыты халық мұралары болғандықтан, оларды халық арасынан жинау жұмыстарына белсене араласты. Институттың Семей, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Алматы облыстарына, Өзбекстан, РСФСР-дың Орынбор, Астрахан облыстарына ұйымдастырылған ғылыми экспедициялары жұмысына қатысып, музыкалық фольклордың 1000-ға тарта үлгілерінің ноталары мен мәтіндерін хатқа түсірген. Олар «Қазақтың 200 әні» (1972), «Қазына» (1979), «Шәкәрім» (1989), «Даланың назды саздары» (1996) т.б. музыкалық-этнографиялық жинақтарында жарияланды. ӘӨИ-дің қолжазба қорында зерттеушінің 1960-70 жылдары А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні», «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтарына жасаған подтекстовкаларының нобайлары, қаралай нұсқалары, алғашқы тәжірибелік үлгілері кездеседі.

Бимбоэс Альвин Эрнестович (1878-1942) — әскери қызметкер, қазақ әндерін жинаушы. Ол 1878 жылы Германияның Кабург қаласында дүниеге келген. 1917-1919 жылдардағы Қазан төңкерісі, азамат соғысы кезінде Қазақстанға қоныс аударып, 1919-1922 жылдары Ақмолада (қазіргі Астана қаласы) тұрып, Көкшетау бекінісі саяси бөлімінің нұсқаушысы болып қызмет істейді. Сол кезеңде әскери қызметкерлер мен жергілікті тұрғындарға музыка әліппесін үйретіп, қазақ және башқұрт халықтарының әндерін жинап нотаға түсірген. Қызмет бабымен 1923 жылы Ленинградқа (қазіргі С.-Петербург) ауысып, жинаған материалдарын Орыс географиялық қоғамы Халық музыкасын зерттеу комиссиясының «Музыкальная этнография» атты басылымында (Ленинград, 1926 жыл. Н.Ф.Финдейзеннің редакторлығымен) «25 қазақ әні» («25 киргизских песен») де-

ген атпен жариялайды. Олардың арасында Абайдың («Сегіз аяқ», «Татьянаның әні»), Шәкәрімнің («Шәкәрім», «Частушка») т.б. музыкалық шығармалары орын алған.

Ғизатов Бисенғали (1925-1996) — музыка зерттеушісі, педагог, халық мұраларын жинаушы. Өнертану ғылымының кандидаты. 1953 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының музыка теориясы мен тарихы факультетін бітірген соң Қазақ КСР-і Мәдениет министрлігі кеңесі жанындағы Көркемөнер басқармасында және Алматы музыка училищесінде (1953-1957) музыка сарапшысы, музыка пәні оқытушысы, «Жазушы» баспасында (1957-1963) музыкалық редактор, Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты музыка бөлімінде (1966-1991) кіші, аға ғылыми қызметкер болып қызмет істеген. Ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты — ұлттық аспапта ойнауды оқыту, қазақтың ұлттық музыкалық оқу орындары мен музыкалық мекемелерінің қалыптасу тарихын, Абай, А.Жұбанов, Л.Хамиди т.б. халық және кеңес композиторларының өмірі, шығармашылық қызметі және өзіндік ерекшеліктері мәселелеріне арналған. Осы салада «Казахский Государственный оркестр народных инструментов имени Курмангазы» (1957), «Латыф Хамиди» (1966), «Академик Ахмет Жубанов» (1972), «Музыкальное образование в Казахстане» (1975), «От кюя до симфоний» (1976), «Казахский оркестр имени Курмангазы» (1994) және «Абай и музыка» атты (1995) зерттеулері, монографиялары, музыкалық очерктері және «Мектеп әндері: қазақ мектептерінің 1-6 кл. үшін» (1959), «Домбыра үйрену мектебі» (Л.А.Хамидимен бірге. 1983); «Мектепте ән-музыка сабағы» (1994) т.б. оқулықтары, оқу құралдары мен мақалалары жарық көрген. Ол композитор Л.Хамиди өңдеген «Қазақтың халық әндері» (1958) және өзі «Қазақтың халық әндері» (1960) атты музыкалық жинақтарын шығарды. Қазақ тілінде алғаш «Музыкалық терминдер сөздігі» оқу құралын жазды.

Дернова Варвара Павловна (1906-1989) — белгілі музыка зерттеушісі әрі педагог. А.Затаевичтің шығармашылық, фольклортанушылық мұраларын зерттеуші әрі оны насихаттаушы, өнертану докторы, профессор. 1930 жылы Ленинград (қазіргі С.-Петербург) мемлекеттік консерваториясының нұсқаушы-педагог факультетін, ал 1948 осы консерваторияның аспирантурасын (ғылыми жетекшісі — проф. Ю.Н.Тюлин) бітірген соң, 1948 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы консерваториясында орыс, қазақ музыкасының байланысы, Абайдың ән шығармашылығы мен А.Затаевичтің өмірі мен ғылыми шығармашылығы мәселелері бойынша педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметімен айналысты. Оның «Скрябин гармониясы» (1968), А.Затаевич туралы «Исследования и материалы» (1963) атты зерттеу еңбектері жарық көрді. А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» (2-басылымы, 1963; А.Жұбанов, М.Ахметовамен бірге), «Песни разных народов» (Из архива собирателя. 1971) жинақтарын дайындау жұмысын атқарды.

Ерзакович Борис Гиршевич (1908-1997) — музыка зерттеушісі, композитор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі, өнертану ғылымдарының докторы, профессор. 1931 жылдан қазақтың бұрынғы және жаңа замандағы музыкалық фольклорын жинау, зерттеу ісімен айналысып, жалпы көлемі 2000-нан астам халық әндері мен күйлерін, оның ішінде Біржан, Мұхит, Абай, Жаяу Мұса, Естай, Кенен т.б. халық композиторларының, әнші-ақындардың туындыларын жазып алып, нотаға түсірген. Әр жылдары «Творческие связи казахской и русской музыки» (1962), «Музыкальное искусство Казахстана» (1962), «Песенная культура казахского народа» (1966), «В созвездии музыкальных культур» (1978), «Музыкальное наследие казахского народа» (1979), «У истоков казахского музыкознания» (1987) атты ғылыми еңбектер жазды. Ол «Қазақтың халық әндері» (1955), «Қазақтың лирикалық халық әндері» (1955), «Қазақстанның советтік

халық әндері» (1955) және «Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясы» (1994) және Мұхиттың «Мұхит әндері» (1960), Біржанның «Ләйлім шырақ» (1983, Ә.Дербісәлин, З.Қоспақовпен бірге), Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас» т.б. жинақтарын жарыққа шығарды.

Жанұзақова (Кереева) Зәуре Бейсенқызы (1932) — қазақ музыка зерттеушісі, халық ән-күй мұраларын жинаушы. 1957 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік консерваториясын бітірісімен жолдамамен Қазақстанға жіберіліп, Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер (1958-1995) лауазымында еңбек еткен. Қазақ музыкасының теориялық мәселелері бойынша жазған еңбектері «Қазақтың аспаптық музыкасы» (1964), «Туған өлке» (Ғали Дүйсековтың әндері, 1975), «Казахский музыкальный фольклор» (1982) атты т.б. іргелі зерттеулер және қолданбалы ғылыми жинақтарда басылған. Ол халық мұраларын жинау және оларды зерттеу мәселелерімен де шұғылданып, әнші Мұқаш Байбатырдың айтуынан «Жетісудің 54 әні» (1957) т.б. фольклорлық материалдар жазып алған. 2007 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған А.Затаевичтің «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинағының академиялық басылымының арнайы редакторы және оның жаңғыртылған мәтіндерін, ғылыми қосымшаларын дайындаушы ретінде жұмыс істеген.

Жұбанов Ахмет Қуанұлы (1906-1968) — Қазақстанның аса көрнекті мәдениет қайраткері, ұлттық өнертану ғылымының негізін қалаушы, музыкалық мұраларды жинаушы, жариялаушы. Ол 1906 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданында дүниеге келген. 1932 жылы Ленинград университеті Өнертану академиясының аспирантурасын бітіріп, 1933 жылдан бастап Алматы музыкалық драма техникумын ұйымдастырды. Кейін тұңғыш қазақ ұлт аспаптар ансамблін, Қазақ филар-

мониясын, Алматы мемлекеттік консерваториясын басқарды. Ол 1961-1968 жылдары Қазақстан ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөліміне жетекшілік жасады. Өмір бойы халық музыкасының тарихын, халық әншілері мен күйші композиторлардың өмірі мен шығармашылықтарын зерттеп, «Құрманғазы» (1936), «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942), «Ғасырлар пернесі» (1958), «Замана бұлбұлдары» (1963) атты ғылыми еңбектер, «Абай» (1944), «Төлеген Тоқтаров» (1947; Л.Хамидимен бірге) операларын, ондаған әндер мен хорға арналған әндер, сахна қойылымдарының музыкаларын жазды. «Қазақ совет музыкасы» атты зерттеуінің (Б.Ерзакович, М.Ахметовамен бірге) негізінде Қазақ КСР-і ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыққа, 1978 жылы «Абай» опералық шығармасы (1944; Л.Хамидимен бірге) үшін Қазақ КСР-інің Мемлекеттік сыйлығына (екеуі де қайтыс болғаннан кейін берілді) иегер болды.

Жұзбасов Қайролла Түсіпұлы (1941-1995)— музыка зерттеушісі, халық ән мұраларын жинаушы, өнертану кандидаты. 1970 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының тарих-теориялық факультетін (1977 жылы осы оқу орнының аспирантурасында проф. Б.Г.Ерзаковичтің класында оқыған) бітірген соң Павлодардағы қалалық мектепте ән сабағының мұғалімі, Алматы консерваториясында аға лаборант (1968-1970), кіші ғылыми қызметкер (1970-1979), фольклорлық кабинет меңгерушісі (1979-1982), Қазақ Кеңес энциклопедиясында Өнер және сәулет редакциясының аға ғылыми редакторы (1983-1984), Қазақ КСР-і ҒА-ның Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде (1984-1995) аға ғылыми қызметкер болып қызмет істеген. Ол зерттеуші ретінде қазақ музыкалық фольклорының тарихы мен теориясы, қазақ мәдениетіне өзге халықтар музыкасының ықпалы (Таулы Алтай қазақтары жергілікті музыкасының жанры мен түрі жөнінде) туралы теориялық мәселелермен, ХІХ-ХХ ғасырлардағы әнші-ақындардың музы-

калық мұраларын зерттеу жұмысымен шұғылданған. Ғылыми зерттеу еңбектері ғылыми, энциклопедиялық басылымдарда жарық көрген. Ол Ақан серінің «Маңмаңгер» (2-бас., 1988), Әсеттің «Инжу-маржан» (1992) жинақтарын және А.Затаевичтің «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинағының академиялық басылымын дайындаушы, басылымдағы қайта жариялаған мәтіндердің және ғылыми қосымшасын түзушілердің бірі ретінде еңбек еткен.

